

Б 74.58

Ш21

Шалғынбаева Қ.Қ. Албытова Н.П.
Сламбекова Т.С.

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ




87458

ш 21

**Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П.,
Сламбекова Т.С.**

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

Оқу құралы



ССК

Алматы, 2017

54.58 Я 93

УДК 618.09

ББК 56.12

Ш 10

Шікір жазғандар:

Кертаева Г.М. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті

Ибраева К.Ж. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор,

С.Сейфуллин атындағы Агротехникалық университеті

Тұрғынбаева Б.А. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті

Ш 10 Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С.

Жоғары мектеп педагогикасы: Магистранттарға арналған оқу құралы: Алматы: ССК, 2017. - 272 бет.


ISBN 987-601-202-147-9

Оқу құралында жоғары мектеп педагогикасының жалпытеориялық-әдіснамалық негіздері, жоғары мектептегі оқыту теориясы және тәрбие жұмысы қарастырылады. Еңбекте отандық және шет елдік педагогикалық білімдер көзі кеңінен пайдаланылған, педагогика саласында тарихи тұрғыдан қалыптасқан зерттеушілік позициялар бүгінгі күнгі көзқарастар тұрғысынан қарастырылған.

Оқу құралы мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жазылған. Оқу құралы педагогикалық және педагогикалық емес мамандықтар бойынша білім алатын магистранттарға және кәсіби оқу орындарының оқытушыларына арналады.

Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған Хаттама №7, 27.03.2014.

ISBN 987-601-202-147-9



© Шалғынбаева Қ.Қ.,
© Албытова Н.П.,
© Сламбекова Т.С., 2017
© ССК, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Іс жүзінде тұтас педагогикалық процесті меңгеру, оны ұйымдастыру, студенттерді әлеуметтендіру өзекті мәселенің бірі. «Жоғары мектеп педагогикасы» пәнін магистратура бөлімінде оқытудың мақсаты болашақ мамандарды жоғары мектептегі тұтас педагогикалық процес және оның ұйымдастырылуымен таныстыру. Түрлі ғылым саласы бойынша ғылыми бағытта білім алатын магистратура түлектері педагогикалық қызметтің кәсіби ерекшеліктеріне сәйкес теориялық және практикалық білімдер жүйесін меңгеруге міндетті. Өйткені педагогикалық іс-әрекеттің әр уақытта да экономиканың алға басып, саяси өзгерістердің оң шешімін табуда өзіндік орны бар, қоғамдық мәні зор екендігі белгілі.

Жоғары мектеп педагогикасын меңгере отырып магистрант білім беру жүйесіндегі, соның ішінде педагогика ғылымының негізгі өзекті мәселелері мен жоғарғы оқу орны оқытушысының педагогикалық іс-әрекетінің мәнін меңгереді.

Пәнді меңгеру барысында болашақ жоғары оқу орны оқытушысында қоршаған ортадағы педагогикалық фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды бөліп алу, оларды педагогика ғылымының тілінде сипаттау, педагогикалық теория заңдылықтарына сүйене отырып олардың дамуын болжау іскерлігі мен оқытудың жаңа концепцияларына сүйене отырып оқу-тәрбие процесін құру және іс-әрекет нәтижесін болжау және өзін-өзі жетілдіру процесін жоспарлай алу, сондай-ақ кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас іскерліктері қалыптаспақ..

Ұсынылып отырған оқу құралы 3 бөлімнен тұрады: жоғары мектеп педагогикасының жалпытеориялық-әдіснамалық негіздері, жоғары мектептегі оқыту теориясы және жоғары мектептегі тәрбие жұмысы. Сонымен қатар алғы сөз, глоссарий, негізгі мәтін, пысықтау сұрақтары, тесттік тапсырмалар, мазмұн мен пайдаланған әдебиеттер тізімі.

Еңбекте отандық және шет елдік педагогикалық білімдер көзі кеңінен қолданылады (А.В.Петровский, А.Г.Асмолов, Б.Г.Ананьев, В.С.Безрукова И.П.Подласый В.А.Сластенин және т.б.), педагогика саласында тарихи тұрғыдан қалыптасқан зерттеушілік позициялар бүгінгі күнгі көзқарастар тұрғысынан қарастырылған.

Оқу құралында бүгінгі күнге дейін жарық көрген жоғары мектеп педагогикасы оқулықтары мен оқу құралдарының жазу реті үлгі

ретінде алынды. Оқу құралы мазмұны типтік оқу бағдарламасына сәйкес.

«Жоғары мектеп педагогикасы» пәнін оқу барысында магистранттарда төмендегідей білім мен біліктілік жүйесі қалыптасуы қажет:

- жоғары мектептегі педагогикалық процесті жобалау және жүзеге асыру;
- студенттерді әлеуметтендіру мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- студенттердің ойлау іс-әрекетін белсендіретін инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеру;
- жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие процесінде пайдалану;
- меңгерген білімдерін тәжірибеде өз бетімен қолдану.

«Жоғары мектеп педагогикасы» атты магистранттарға арналған оқу құралы жоғары оқу орны оқытушысына қажетті педагогика ғылымының теориялық негіздері мен кәсіби-педагогикалық мәдениетін шыңдауға және кәсіби міндеттерді шығармашылықпен шешу іскерлігін қалыптастыруға бағытталған.

Оқу құралы магистранттардың «Жоғары мектеп педагогикасы» бойынша базалық білім жүйесінің қалыптасуына септігін тигізеді деген ойдамыз.

Авторлар

I БӨЛІМ. ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Тақырыбы: Жоғары мектеп педагогикасының пәні,
міндеттері мен әдістері**

Жоспар

1. Жоғары мектеп педагогикасы – кәсіби мамандарды тәрбиелеу туралы ғылым
2. Жоғары мектеп педагогикасының қызметтері
3. Жоғары мектеп педагогикасының қазіргі заманғы мәселелері

Жоғары мектеп педагогикасы – кәсіби мамандарды тәрбиелеу туралы ғылым. Ғылым – 1) білім негіздері, әсіресе ғылыми әдісті жүйелі түрде қолдану нәтижесінде алынған негіздер; 2) негізгі принциптер мен жалпы заңдылықтарды қорытып шығаруға жұмылдырылған зерттеулер не пәндер саласы; 3) табиғи құбылыстарды зерттеуге арналған әдістер мен амалдардың ғылыми принциптерге негізделген жүйесі.

Ғылым – табиғат қоғам және ой жүйесі туралы жаңа білім жасауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдістерін және категориялық аппаратын, ғылыми ақпарат жүйесін, түгел қамтитын зерттеу қызметінің саласы. Ол шынайы ақиқатқа жетуге, заңдылықтарды бейнелеуге және алдын ала болжауға арналған, жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы нысаны. Ғылым – қоғамдық сананың ерекше формасы (күрделі, жан-жақты). Ғылым – білім негіздері, әсіресе ғылыми әдісті жүйелі түрде қолдану нәтижесінде алынған негіздер. Ғылым - тек білімнің, фактілердің және т.б. жиынтығы ғана емес ол сондай ақ, қоғамның мәдени-әлеуметтік маңызды құбылыстарының бірі. Яғни ғылым дегеніміз бұл:

- 1) мәдениеттің бір саласы;
- 2) дүниетанымдық әдістің бірі;
- 3) адамды және табиғатты қайта өңдеуші өндіргіш күш;
- 4) арнаулы институт (институт түсінігіне тек жоғары оқу орны емес, сонымен қатар ғылыми қауымдастықтар, академиялар, лабораториялар, журналдар және т.б. кіргізіледі) (Жаратылыстану концепциялары, Р.А. Мирзадинов. Алматы, 2004).

Ф.Энгельс «Табиғат диалектикасы» атты еңбегінде бүкіл ғылым саласын үш топқа бөледі. Бірінші бөлімге: математика, астрономия, механика, физика, химия пәндерін; екінші бөлімге тірі организмді

зерттейтін ғылым салалары – ботаника, зоология, анатомия, физиология пәндерін; үшінші бөлімге – тарих, әдебиет, тіл, заң, философия пәндерін енгізеді.

Адам және қоғам туралы ғылымдар – (білім беру психологиясы, әлеуметтану, т.б.) адамның жүріс-тұрыс және даму заңдылықтары туралы, сонымен бірге адамдар арасындағы өзара және олардың қоғам мен қарым-қатынастары туралы осы заманғы ғылыми түсініктерді қамасыздандыруға мүмкіндік береді.

Адамзат тарапынан жасалғандардың барлығы әлемнің құрылысы мен жердегі тіршіліктің пайда болуынан бастап қоғамдық өмір мен жеке ғылымның проблемаларына дейінгінің бәрі - ғылым объектісі. Ғылым мақсаты – жаңа білім алу мен оны әлемді меңгеру практикасында қолдану болса, ғылымның ерекшелігі – ғылыми білімнің ақиқаттылығын дәлелдеуде.

Ғылым екі маңызды элементтерден тұрады: ғылыми білім жүйесі мен ғылыми әрекет және олардың өз ерекшеліктері, мақсаттары бар. Ғылыми білім жүйесі мынадай басты элементтерден тұрады: теория, заң, гипотеза (болжам), ұғым, ғылыми әдістер. Ғылым спецификасы, олардың әлемді ұғым, заң, теория күйінде бейнелеуде. Ғылыми теория – белгілі теорияның объектісіне байланысты ақиқаттың белгілі аймағындағы заңдылықты беретін ғылыми білімді ұйымдастыру формасы. Ғылыми заң – адам санасында бұрыннан жинақталған тәжірибелердің объективті моделін беру, жинақтау.

Гипотеза – (гипотеза – грек. hypothesis – основание, предположение) – тәжірибеде әзірге белгісіз құбылыстар туралы немесе келешекте белгілі бір жағдайда пайда болатындай мүмкіндігі бар оқиғалар мен құбылыстар туралы ғылыми болжам, білім. Ұғым – заттың құбылыстың объектісінің аталуы, зат пен құбылыстар туралы ой. Ғылыми әдістер – ғылыми мәселелерді шешу мақсатына жету жолы, амал-тәсілдері.

Сонымен, ғылым нәтижесі – білім. Білім - адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректерімен пайымдарының, т.б. жиынтығы.

Жоғары мектеп педагогикасы – кәсіби мамандарды тәрбиелеу туралы ғылым. Жоғарғы мектеп педагогикасы – тәрбие, білім беру және оқыту мәселелерімен айналысады. Жоғары мектеп педагогикасы – ғылыми потенциал факторымен түсіндіріледі.

Болашақ мамандарды жоғары біліктілігі бар мамандар даярлап шығарады. ЖОО жағдайында маманды дайындау туралы ғылым.

Жоғары мектеп педагогикасы ғылым ретінде ХХ ғ. ортасында анықталды.

Жоғары мектеп педагогикасының бөлімдері: ЖОО дидактика, ЖОО тәрбие, Жоғары мектептегі ғылыми іс-әрекет теориясы, Жоғары мектептегі педагогикалық технологиялар, ЖОО кіріспе және ЖОО менеджмент.

Жоғары мектеп педагогикасының пәні – жоғары мектептегі педагогикалық процесс болып табылады.

Ғылым ретінде жоғары мектеп педагогикасының міндеттері:

- Жоғары білімнің қазіргі жағдайын саралау мен дамуын болжау;
- Жоғары білімнің даму тарихын зерттеу;
- Жоғары кәсіби білім берудің теориялық-методологиялық негізін жасау;
- Жоғары білімнің заңдылығын айқындау;
- Жоғары білімнің мазмұнын анықтау;
- Білім беру стандартын, оқытудың жаңа әдістері мен формаларын жасау;
- Педагогикалық тәжірибені зерттеу және жалпылау, педагогикалық инновацияларды ғылыми саралау;
- Ғылыми-зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу.

Жоғары мектеп педагогикасының қызметтері: теориялық және технологиялық. Теориялық қызметтер: Жаңашыл тәжірибелерді зерттеу (сипаттамалық деңгей); Педагогикалық құбылыстардың жағдайын анықтау (диагностикалық деңгей); Тәжірибелік зерттеуді жүргізу (болжамдық деңгей); Технологиялық қызметтер: Оқу іс-әрекетінің нормативті жоспарын айқындайтын әдістемелік материалдарды жасау (жоспарлар, бағдарламалар, стандарттар, құралдары) (жобалау деңгейі); ғылым жетістігін тәжірибеге енгізу (қайта құрылған, өзгертілген деңгей); Ғылыми зерттеу нәтижелерін саралау (рефлексивті деңгей).

Жоғары мектеп педагогикасының қазіргі заманғы мәселелері. ЮНЕСКО-ның құжаттарында жоғары білім мамандарды даярлау және қайта даярлау оқу курстарының жиынтығы болып қарастырылады. Аталған курстар мемлекеттік мекемелер ретінде танылған оқу орнындарында, университет және институттарда ұйымдастырылады. Бұл анықтама ЮНЕСКО-ның 27 сессиясында (1993 ж. қараша) қарастырылып, жоғары білім туралы куәлік және

оқу курстарын мойындау туралы ұсыныстар бекітілген. Бұл білімді жүзеге асыратын оқу орындары міндетті түрде жоғары білім жүйесінің жиынтығын құрайтын жоғарғы оқу орындары болып аталатын болды.

ЮНЕСКО декларациясы бойынша жоғары білім *міндеттері*:

1) Жоғары деңгейдегі әдет пен білімді біріктіретін біліктілікті алу мүмкіндігі бар адамның іс-әрекетіндегі барлық салалардағы әлеуметтік және өзінің жеке мұқтаждықтарын қанағаттандыра алатын жауапкершілікті азаматтар мен жоғары білікті мамандар даярлығын қамсыздандыру, осындай даярлықтар үшін қоғамның қазіргі және болашақ мұқтаждықтарына ылғи бейімделетін оқу бағдарламалары мен курстар;

2) Бүкіл өмір бойында жоғары білім және одан кейінгі білім алу мүмкіндігін туғызу; жүйе көлеміндегі оқушыларға жоғары білім алуды тоқтатуға бір көрініс беріп және таңдаудың оңтайлы мүмкіндігін қамтамасыз ету;

3) Өнер саласында шығармашылық әрекеттерді дамытумен қатар, гуманитарлы және әлеуметтік ғылымдарды, технологияларды, жаратылыстану ғылымдар саласындағы зерттеулерді дамыта отырып, оларды қолдау, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік дамуда керекті білімдермен қоғамды қамтамасыз ету, қоғамға берілетін бірден бір мүмкіндіктерді пайдалану ретінде зерттеу әрекеттер жолымен білімдерді тарату және дамыту;

4) Мәдениет саласында көпжақтылық пен плюрализмді шарттарындағы аудандық, ұлттық, халықаралық және тарихи мәдениетті таратуда, дамытуда, кеңейтуде, сақтауда, түсінуде көмек көрсету;

5) Ізгілікті дамытудағы стратегиялық перспектива мен бағыттарын талдай отырып, демократиялық қоғамның негізін құрайтын құндылықтарға жастарды тәрбиелеп, қоғамдағы құндылықтарды бекіту мен қорғау;

6) Оқытушыларды дайындап, білімнің барлық деңгейлерін жаңашылдандыру және дамыту.

Пысықтау сұрақтары мен тапсырмалар

1. «Ғылым», «пән» ұғымдарының өзара байланысын ажыратыңыз.
2. «Ғылым» мен «білім» ұғымдарының өзара байланысын ажыратыңыз.
3. Педагогика мен жоғары мектеп педагогикасының ғылым екендігін дәлелдеңіз.
4. Бүгінгі жоғарғы мектеп педагогикасының өзекті мәселелері тізбегін жасаңыз.

Негізгі әдебиеттер

1. «Ғылым туралы» Заң. 18 ақпан, 2011 ж.
2. Новиков А.М. Методология образования. М.: Эгвес, 2006.- 488 с.
3. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Академия, 2005, - 400 с.
4. Тілеуова С. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. Шымкент, 2004.

Қосымша әдебиеттер

1. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. - СПб: Питер, 2000.- 304с.
2. Педагогика и психология высшей школы /Под.ред. М.В.Булановой-Топорковой.-: Учебное пособие. - Ростов-н/Д:Феникс, 2002-545с.
3. <http://kzdocs.docdat.com>

Тақырыбы: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Жоспар

1. «Білім беру» мен «білім беру жүйесі» түсініктері
2. Қазақстанда жоғары білімді дамытудың заңнамалық базасы
3. Жоғары оқу орындарының түрлері
4. Жоғары білімді мамандандыру. Университеттегі көп деңгейлі білім

«Білім беру» мен «білім беру жүйесі» түсініктері. Б.М.Бим-Бад, А.В.Петровский бойынша: «білім беру - жеке тұлға мен қоғам мүддесі бойынша жүзеге асырылатын педагогикалық ұйымдасқан әлеуметтену процесі» болса, А.Г.Асмолов бойынша: «білім беру – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға және өмірлік жолын құзырлы тандауға мүмкіншіліктерін кеңейтуге бағытталған процесс» болып табылады. В.С.Безрукова бойынша: «білім беру - қоғамда арнайы ұйымдастырылған адамның дамуына қажетті жағдай жасау жүйесі» болса, ЮНЕСКО (1997ж.) бойынша: «білім беру дегеніміз жеке тұлғаның әлеуметтік жетілуі мен жеке өсуі қамтылатын оның қабілеттіліктері мен мінез-құлқын жетілдіру процесі және нәтижесі» - ретінде қабылданған.

Үлкен энциклопедиялық сөздікте «Білім беру - адамзаттың әлеуметтік маңызды тәжірибесін меңгерумен байланысты білім, іскерлік, шығармашылық әрекеттерде жүзеге асырылатын жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамыту процесі» берілсе, педагогикалық энциклопедияда (1999ж.): «білім беру – жеке тұлға мен қоғам мүддесі үшін жүргізілетін педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған әлеуметтендіру процесі» ретінде тұжырымдалған. А.В.Петровский, А.Г.Асмолов, В.С.Безрукова, И.П.Подласый білім беруді - білімнің, іскерліктің, дағдының, ойлау тәсілдерінің оқыту процесіндегі жетістігі жүйесі ретінде қарастырған. Академик В.А.Сластенин: білім беруді – адам, қоғам, мемлекет мүддесіне, мақсатына бағытталған тәрбие және оқыту процесі ретінде түсіндірген.

Білім беру білім беру жүйесінде жүзеге асырылады. Білім беру жүйесі – басқару органдарынан, түрлі типтегі және деңгейдегі білім беру мекемелерінен, жүйенің жұмыс істеуі және дамуын қамтамасыз ететін қаржы қорлары мен материалдық объектілерден, ғылыми орталықтардан тұратын күрделі құрылым.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 3-тарауының 10-бабында білім беру жүйесі ұғымы:

«Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі өзара іс-қимыл жасайтын:

1) білім беру деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және білім беретін оқу бағдарламаларының;

2) меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының;

3) білім беруді басқару органдары мен тиісті инфрақұрылымдардың, оның ішінде білім беру мониторингін жүзеге асыратын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарының;

4) білім беру қызметінің субъектілері бірлестіктерінің жиынтығын білдіреді – делінсе,

ҚР Білім туралы заңында (11-бап) білім беру жүйесінің міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;

14) мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

Аталған заңда (13-бап) білім беру мазмұнының ұғымы былайша берілген:

«Білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені)».

Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады.

Мемлекетіміздің білім беру жүйесі мынадай екі түрлі маңызды процесті жүзеге асыруға бағытталған:

- ұлттық білім беруді жаңа арнаға салу;
- әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасу.

Қазақстан білім кеңістігінде қалыптасып жатқан осы заман білімін реформалау бағыттары жалпы әлемдік бағдар мен үндес келіп, іске асырылуда.

Қазақстандағы білім беру жүйесін дамытуда шешілуге тиіс міндеттер:

- ЖОО-дағы білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру;
- білімге қол жетімділіктің теңдігін қамтамасыз ететін шараларды енгізу;
- білім беру жүйесінде әріптестілікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің бірлігін қамтамасыз ету;
- білім мен ғылымның іс жүзінде интеграциялануын қамтамасыз ету;
- ресурстарды жұмылдыру және білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруда қамтамасыз ету;
- білім беру ісін басқару жүйесін жетілдіру;
- студенттерге білім берумен қоса, тәртіптік, құқықтық тәрбие беруді

ұйымдастыруды жоғарлату мен дамыту болса, осы міндеттерге сәйкес бүгінгі білім жүйесін реформалаудың басты бағыттары:

- білімді гуманизациялау;
- оқуды үздіксіз жүргізу бағыт-бағдары;
- білім технологиясындағы пәнаралық байланыстарды (интеграция) іске асыру;
- оқу процесін компьютерлендіру және технологияландыру;
- білім берудің ақпараттандыру формасынан проблемалық, ғылыми ізденіс, оқушылардың өзіндік жұмыстарын кең қамтитын оқудың белсенді әдістері мен формаларына өту;
- оқу желісінде оқытушының оқыту жұмыстарынан гөрі білім алушылардың танымдық іс-әрекеттеріне көбірек мән беру;
- оқу-танымдық процесін ұйымдастыру мен сол процесті басқаруда жоспарлы қадағалау, қатаң бағдарластыру тәсілдері орнына оқудың дамытушылық, белсенділік көтеру, жеделдестіру мүмкіндіктерін мейлінше тиімді пайдалану;
- білімнің дамытушылық және азаматтық баулу қызметтерін назарда ұстау.

Қазақстанда жоғары білімді дамытудың заңнамалық базасы. Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру процесі халқымыздың салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады. ҚР тәуелсіздігіне орай білім беру мәселелері жаңаша бағытта дамуға көшті. Осыған сәйкес ҚР білім беру бағытын, мақсатын, мазмұнын айқындайтын нормативтік құжаттар қабылданып, онда білім берудегі мақсат пен жаңа міндеттер

айқындалып көрсетілді, елімізде білім беру жүйесінің дамуы үшін Заңнамалық база негізі қалыптасты:

- «Білім туралы» Заң 1999 ж., 7 маусым; 2007 жылғы 27 шілде (№ 319-III ЗРК, Астана, Акорда), 2012 жыл 09 қаңтардағы толықтырулармен;
- «Ғылым туралы» Заң. 18 ақпан, 2011 ж.;
- ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. 16.11.2009ж.;
- ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581-II ҚР Заңы;
- ҚР баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II ҚР Заңы;
- ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 7.12.2010 ж.

Аталған заңнамалық құжаттардың барлығында дерлік қарастырылған өзекті мәселе мемлекет экономикасының орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы *адами капиталды* дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру мен бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған жаңа білімді үйренуге қабілетті, шығармашыл, ғылыми зерттеулерге белсене қатысуға ынталы маман дайындау; мамандардың беделін арттыру; жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттер мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру.

Білім беру жүйесінің даму басымдығы, барлық азаматтар үшін сапалы білім алудың жариялылығы мен қолжетімділігі білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі білім беретін оқу бағдарламаларының *үздіксіздігі мен сабақтастығы принципі* негізінде мынандай білім беру деңгейлерін қамтиды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.
2. Бастауыш білім беру.
3. Негізгі орта білім беру.
4. Орта білім беру (жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру).
5. Орта білімнен кейінгі білім беру.

6. Жоғары білім беру (бакалавриат, университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище).

7. Жоғары оқу орнынан кейін білім беру (магистратура, аспирантура, докторантура). Кредиттік технологияға негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейлі моделі (бакалавриат-магистратура-докторантура Ph.D) заңнамамен бекітіліп отыр. Бұл Болон декларациясының ережелері мен халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

ҚР Білім туралы заңында (47-бап) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қабылдау талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарын және білім алу нысандарын тандауға құқығы бар.

2.-Білім алатын адамдар білім алушылар немесе тәрбиеленушілер болып табылады. Білім алушыларға оқушылар, кадеттер, студенттер, магистранттар, адъюнкттар, интерндер, курсанттар, тыңдаушылар және докторанттар жатады.

Тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі, интернаттық ұйымдарда білім алушы және тәрбиеленуші адамдар жатады.

3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды тандауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;

5) білім беру ұйымдарын басқаруға қатысуға;

6) қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға немесе оқудың бір нысанынан басқасына ауысуға;

7) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

8) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;

10) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

11) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

12) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

ҚР «Білім туралы» заңға сәйкес (35-бап):

1. Жоғары білімді жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтар алады. Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

2. Жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарында іске асырылады.

3. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша қорытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыға біліктілік және (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесі беріледі.

4. Білім беру бағдарламаларын іске асыру және ғылыми-қолданбалы зерттеулерді жүргізу үшін жоғары оқу орындары инновациялық-білім беру консорциумын құруға және (немесе) оған кіруге құқылы.

Жоғары оқу орындарының түрлері. Жоғары оқу орны – ең алдымен, жоғары білікті қызметкерлерді даярлаумен байланысты, әр түрлі қызметтерді көрсете алатын білім беру мекемесі.

Жоғары оқу орындарының негізгі түрлері: университеттер, академиялар және институттар. Ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары оқу орны, зерттеу университеті, университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) жоғары оқу орындарының негізгі түрлері болып табылады. Бұл мекемелердің бәрі бірінші кезекте ғылыми зерттеулерді орындаумен қоса білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Ұлттық зерттеу университеті – ұлттық зерттеу университеті - ерекше мәртебесі және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, бес жылға арналған даму бағдарламасы бар, мамандықтардың үш және одан да көп тобы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің өз бетінше әзірленген білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, жаңа білімді жинақтау мен

трансферттеу үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу нәтижелерін пайдаланатын жоғары оқу орны;


Ұлттық жоғары оқу орны – ұлттық жоғары оқу орны - елдің жетекші ғылыми және әдістемелік орталығы болып табылатын, ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орны;

Зерттеу университеті – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен,

бес жылға арналған даму бағдарламасын және мамандықтардың үш және одан да көп тобы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің өз бетінше әзірленген білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, жаңа білімді жинақтау мен трансферттеу үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу нәтижелерін пайдаланатын жоғары оқу орны Зерттеу университеті Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен университетті дамыту бағдарламасын іске асыратын әрі іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді және өзге де ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысатын жоғары оқу орны болып табылады. Зерттеу университетінің негізгі міндеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейінде ғылыми қызмет пен білім беру процесінің интеграциясы болып табылады. Зерттеу университеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының стандарттарын өз бетінше әзірлейді және іске асырады. Білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарына және меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттармен белгіленетін тиісті бағдарламаларынан төмен бола алмайды. Зерттеу университеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау кезінде бейіндік бағыттың қосымша талаптарын белгілеуге құқылы.

Университет – мамандықтардың үш және одан да көп тобы бойынша жоғары білім берудің, магистратураның және докторантураның білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыратын, ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын жоғары оқу орны.

Академия – мамандықтардың бір-екі тобы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орны.



Институт – жоғары білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орны. Институт 1) ғылыми-зерттеу мекемесінің, жоғары оқу орнының, сондай-ақ, кейбір әлеуметтік қатынастарды реттейтін органдардың атауы; 2) қоғамдық қатынастардың қайсыбір саласын реттеуші құқықтық ережелер жиынтығы.

Жоғары техникалық мектеп - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

Университет академияға және институттарға қарағанда студенттерді даярлау бағыттары мен ғылымның кең тараған көріністерде мамандандырылуымен қамсыздандырылады.

Ал, институт академия мен университетке қарағанда айырмашылығы өз әрекет саласындағы алғы ғылыми және әдістемелік орталық болып табылмайды. Институттар өзіндік мекеме болумен қатар басқа жоғары оқу орындарының құрылымдық бөлімдері болуы мүмкін. Жоғары оқу орындарының мемлекеттік аккредитациясы қоғамдық, яғни, қоғамдық ғылыми және өндірістік, кәсіби білім беру ұйымдарымен өткізіледі. Жоғары оқу орны 5 жыл мерзімге аккредитацияланады.

Жоғары оқу орнын білім беру әрекетіндегі аталған типтік қаулы мемлекеттік стандарттардағы барлық білім бағдарламаларына міндетті сәйкестілікті негіздеу керек. Жоғары оқу орынындағы білім басқармасы мекемесі бекіткен бағдарламалар мен оқу жоспарлары, білім беру бағдарламалары мемлекеттік стандартқа негізделген жоғары оқу орындарымен бекітіліп және құрастырылып, оқытудың әр түрі үшін сабақ кестелері және дайындалу бағыты бойынша жұмыс оқу жоспарымен реттеледі. Сонымен қатар, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын ұсынуға болады.

Ал, жоғары оқу орнының ғылыми әрекетіне жоғары оқу орнының негізгі міндеті болып табылатын ғылыми-педагогикалық даярлаудағы мамандардың жоғарғы біліктілігін, студенттер мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің және ғылыми зерттеу әрекеттері арқылы мәдениет және ғылым дамуын қарастыратын құжаттар да қарастырылады.

Жоғары оқу орнының білім ортасының негізгі субъектілері - оқытушылар мен студенттер. Олардың өзара әрекетінің міндеттері мен құқықтары жоғары оқу орнындағы білім процесіндегі көрінісін анықтайды.

Жоғары білімді мамандандыру. Университеттегі көп деңгейлі білім. Жоғары ұлттық білім беру жүйесінің қызметі Қазақстанның жедел қарқынды және демократиялық жолмен дамуын, оның өркендеуіне және әлемдік қауымдастық биіктігінен көріне білетін, ХХІ ғасырдың жаңа талаптарын нәтижелі шешетін азамат тәрбиелеу болып табылады.

Жоғары білім алатын азаматтар туралы ҚР «Білім туралы» заңының 35-бабында былай делінген:

1. Жоғары білімді жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтар алады. Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

2. Жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарында іске асырылады.

3. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша қорытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыға біліктілік және (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесі беріледі.

4. Білім беру бағдарламаларын іске асыру және ғылыми-қолданбалы зерттеулерді жүргізу үшін жоғары оқу орындары инновациялық-білім беру консорциумын құруға және (немесе) оған кіруге құқылы.

Мамандарды дайындау мазмұнына қойылатын талаптарды қайта қарау, ең алдымен ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында пайда болған жаңаша тенденциялармен: жоғары оқу орындарында оқу мерзімін қысқарту және жоғары білімнің еңбек рыногы сұранысына жауап беруі қажеттілігінен туындаған көпдеңгейлі оқыту бағдарламасын енгізумен байланысты.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында техникалық және кәсіптік білім мақсаты: Қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу. Ал, қазіргі күні жоғары кәсіптік білім беру саласын модернизациялау кредиттік жүйені енгізумен тікелей байланысты. Қазақстанда бұл жүйені енгізу ұлттық білім беру жүйелерін реформалаудағы дүниежүзілік тенденциялармен, сондай-ақ ҚР жоғары оқу орындары дипломдарының әлемдік білім беру кеңістігінде еркін қабылдануына деген жағдайлар, алғышарттар жасау қажеттіліктерімен түсіндіріледі.

Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде: Кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады. Еліміз жоғары оқу орындарының еуропалық білім кеңістігіне енуінің дәлелі ретінде Болон декларациясына қосылу аясында біздің оқу орындарында білім беру үдерісіне түбегейлі өзгерістер еніп, мамандар даярлау ісінде біршама жаңалықтар болды. Оның ішіндегі ең маңыздысы – ЖОО-дағы білім берудің Болон үдерісі стандарттарына сай құрылуы, яғни оқытудың кредиттік жүйесіне көшірілуі, соған сәйкес жоғары білікті мамандар даярлаудың *бакалавриат – магистратура – PhD докторантура* бағдарламалары бойынша үш сатылы моделін қалыптастыруға ұмтылу.

Мамандарды үш деңгейлі даярлау енгізілді: бакалавр – магистр – Ph.D докторы.

Жоғары білімді жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтар алады. Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарында іске асырылады. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша қорытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыға біліктілік және (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесі беріледі. Халықаралық ұлттық білім беру жүйесінің бағдарламасына сәйкес жоғары және жоғары кәсіптік білімнен кейінгі білім берудің кредиттік технологиясы негізінде үш деңгейлі (бакалавр, магистр және доктор) академиялық дәрежелер енгізілген.

Жоғары педагогикалық білім алғандығын куәландыратын белгілі үлгідегі бакалавр дипломы бітіруші түлекке білім беру магистры дәрежесі алу үшін бір жылдық магистратураға түсуге мүмкіндік береді. Үздік диплом алған бакалавр студент магистратурада оқуын жалғастыруға құқығы бар. Жоғары педагогикалық білімі барлар кәсіби іс-әрекеттің жаңа түрін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өндіріс жағдайымен байланысты қосымша мамандық бойынша білім алуға, сонымен қатар ерекше білім алуды қажет ететін балалармен жұмыс жасауға құқылы.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үздіксіз педагогикалық білім берудің жоғары деңгейі болып табылады және оған магистратура мен докторантура кіреді. Магистратурада мамандарды дайындау екі бағытта әзірленеді:

1. Мамандарды даярлауда орта және жоғары мектептің педагогикасының кәсіби шеберлігін тереңдету, сонымен қатар білім менеджменті мен әлеуметтік педагогика (білім беру менеджерін дайындау) оқу мерзімі 1 жыл.

2. Осы бағыттағы ғылыми-педагогикалық дайындау оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттарын тереңдетумен байланысты, оқу мерзімі 2 жыл.

Сонымен қатар, магистратура жоғары оқу орнындағы 2 жылдық практикамен үзіліссіз өткізілуі қарастырылады. Магистратураны бітірушілерге академиялық дәреже беріледі: білім магистры – бір жылдық кәсіби дайындықтан кейін; ғылым магистрі – екі жылдық ғылыми-педагогикалық дайындықтан кейін педагогикалық мамандыққа магистрлерді дайындау тек жоғары оқу орнына тәуелді. Магистратураны, докторантураны бітірушілерге, жоғары оқу орындарында педагогикалық іс-әрекетін жалғастыруға құқық беріледі. Білім магистрі мен ғылым магистрі ғылыми дәрежесі барларға жұмысқа орналасу барысында бакалаврдан ерекшелігі оларға сараланған жоғары еңбекақы төлеуі қарастырылады.

Магистратурадан кейін докторантураға түсу үшін білім саласында ең кемі 2 жыл педагогикалық стаж болуы қажет (мектепте немесе жоғары оқу орнында). Екіжылдық ғылыми-педагогикалық магистратураны үздік бітірушілер ғана институттың Ғылыми кеңесінің ұсынысымен докторантураға түсуге болады.

Докторантура – педагогикалық білім жүйесін бітіргеннен кейінгі берілетін соңғы білім дәрежесі. Докторантураның мақсаты – жоғары маман иесі педагогика, педагогика мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау.

Докторанттардың оқу мерзімі профильдік бағыттағы магистратураны бітірушілер үшін – 4 жыл, ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураны бітірушілер үшін – 3 жыл. Докторантураның бағдарламасын педагогикадан меңгергендер және докторлық диссертация қорғағандарға философияның докторы дәрежесі докторлық бағдарламаны меңгеріп, өзінің профильдік мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған жағдайда ғана беріледі.

ЖОО бітірушісінің жалпы құзыреттері: бакалавриат, магистратура, докторантура. ҚР Білім туралы заңында ЖОО бітірушісінің жалпы құзыреттері нақтыланған. ЖОО бітірушісінің жалпы құзыреттері жалпы білімділікке, әлеуметтік-этикалық құзыреттерге, экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне, арнаулы құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде қалыптасады.

Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:

1) ойлау мәдениеті жоғары және дүниетанымы кең жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін жаратылыстану ғылымдары (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) пәндері саласында базалық білімінің болуы;

2) заманауи техниканы қолдану дағдысының болуы, кәсіптік қызметте ақпараттық технологияларды қолдана білуі;

3) күнделікті кәсіптік қызметке және магистратурада білім алуды жалғастыруға қажетті жаңа білімді меңгеру дағдысының болуы.

Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар:

1) қоғамдық пікірге, дәстүрге, салтқа, қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу және өзінің кәсіптік қызметінде оларға сүйену;

2) іскерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын игеру;

3) Қазақстан халықтарының дәстүрі мен мәдениетін білу;

4) әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне толерантты болу;

5) Қазақстанның құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін білу;

6) қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу;

7) түрлі әлеуметтік жағдайларда саналы түрде дұрыс бағыт ұстана білу;

8) командада жұмыс істеуге қабілетті болу, өзінің көзқарасын дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу;

9) ортақ келісімге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен ұштастыра білу;

10) кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылу.

Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар:

1) экономикалық білім негіздерін меңгеру, менеджмент,

маркетинг, қаржы және т.с.с. жөнінде ғылыми түсінігінің болуы;

2) экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну.

Ғылыми және педагогикалық магистратура жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі және ғылым саласы үшін ғылыми-педагогикалық даярлығы терең ғылыми және педагогикалық мамандарды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырады.

Ғылыми және педагогикалық магистратура бітірушілерінің негізгі құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар:

1) қоғамдық өмірдегі ғылым және білімнің рөлі туралы; ғылыми танымның дамуындағы қазіргі процестер туралы; жаратылыстану (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) ғылымдарының әдіснамалық және философиялық өзекті проблемалары туралы; жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі туралы; жаһандану процестерінің қарама-қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық салдары туралы түсінігі болуы керек;

2) ғылыми танымның әдіснамасын; ғылыми қызметті ұйымдастырудың қағидаттары мен құрылымын; оқыту процесінде студенттердің танымдық қызметінің психологиясын; білім берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың психологиялық әдістері мен құралдарын білуі тиіс;

3) алған білімін ғылыми зерттеулер контекстінде идеяларды қолдану немесе өзіндік дамыту үшін қолдана білуі; процестер мен құбылыстарды зерттеудің қолданыстағы тұжырымдамаларын, теориясы мен әдістерін сын-көзбен талдай алуы; әртүрлі пәндер аясында алған білімін жаңа таныс емес жағдайларда зерттеу мәселелерін шешуде интеграциялауы; білімді интеграциялау жолымен, толық емес немесе шектеулі ақпараттар негізінде тұжырымдама жасап, шешім қабылдай алуы; жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясынан алған білімін өз педагогикалық қызметінде қолдана білуі; оқытудың интерактивті әдістерін қолдана білуі; ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмысты қазіргі ақпараттық технологияларды қолданып жүргізуі; жаңа проблемалар мен жағдайларды шешуде креативті ойлауы және шығармашылықпен қарауы; ғылыми зерттеулер жүргізуге және ЖОО-да арнайы пәндер бойынша сабақ жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей кәсіптік деңгейде шет тілін еркін меңгеруі; диссертация, ғылыми мақала, есеп, аналитикалық жазбалар және т.б.

түрінде ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыс нәтижелерін жалпылай білуі тиіс.

4) ғылыми-зерттеу әрекеттері, қалыпты ғылыми мәселерді шешу; кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асыру; кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі; білім беру процесінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану; кәсіптік қарым-қатынас және мәдениетаралық байланыс; шешендік өнер, өз ойын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және логикалық тұрғыдан ресімдеу; күнделікті кәсіптік қызметте және докторантурада білімін жалғастыру үшін білімін кеңейту және тереңдету дағдысының болуы қажет.

5) ғылыми зерттеулердің әдіснамасы саласында; жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; қазіргі білім беру технологияларына қатысты мәселелерде; кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындауда; білімді үнемі жаңартуды, кәсіптік дағды мен білікті кеңейтуді қамтамасыз ету әдістерінде құзыретті болуы тиіс.

Докторантураның жалпы құзыреттіліктері:

1) ғылым эволюциясындағы парадигмалардың ауысуы мен дамуының негізгі кезеңдері туралы; жаратылыстану (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) ғылымдарының пәндік, дүниетанымдық және әдіснамалық ерекшеліктері туралы; білімнің белгілі бір саласындағы ғылыми мектептер мен олардың теориялық және практикалық жаңалықтары туралы; белгілі бір саладағы әлемдік және қазақстандық ғылымның ғылыми тұжырымдамалары туралы; ғылыми жаңалықтарды практикалық қызметке ендіру тетіктері туралы; ғылыми қоғамдағы қарым-қатынас нормалары туралы; ғылым-зерттеушінің педагогикалық және ғылыми этикасы туралы түсінігінің болуы;

2) жаһандану мен интернациялизацияландыру жағдайында отандық ғылымның дамуының заманауи үрдістерін, бағыттары мен заңдылықтарын; ғылыми танымның әдіснамасын; белгілі бір саладағы әлемдік және қазақстандық ғылымның жетістіктерін; ғылым мен білімнің әлеуметтік жауапкершілігін (сезінуі және қабылдауы); халықаралық ынтымақтастық пен ғылыми байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кемінде бір шет тілін кәсіптік деңгейде білуі қажет;

3) ғылыми зерттеулер үдерісін ұйымдастыруды, жоспарлауды және іске асыруды; зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық

тұжырымдамаларды талдауды, бағалауды, салыстыруды және қорытынды жасауды; әртүрлі деректерден алынған ақпараттарды талдауды және өңдеуді; заманауи теориялар мен талдау әдістері негізінде академиялық тұтастықпен сипатталатын ғылыми зерттеулерді өз бетімен орындауды; ғылыми танымның шекарасын кеңейте отырып, өзінің жаңа ғылыми ойларын айтуды, өзінің білімі мен ойларын ғылыми қоғамдастыққа жеткізуді; зерттеудің заманауи әдіснамасын таңдап, оны тиімді қолдануды; өзінің кәсіби дамуын жоспарлауды және болжауды білуі тиіс;

4) әртүрлі ғылыми ойлар мен теорияларды сыни тұрғыда талдау, бағалау және салыстыру; ғылыми қызметте талдау және эксперимент жүргізу; зерттеулер нәтижелерін жоспарлау және болжау; халықаралық ғылыми форумдарда, конференциялар мен семинарларда шешендік өнер және көпшілік алдында сөйлеу; ғылыми хат пен ғылыми байланыс; ғылыми зерттеулер процестерін жоспарлау, үйлестіру және іске асыру; зерттеу саласында жүйелі түсінік пен таңдап алынған ғылыми әдістердің сапалылығы мен нәтижелілігін көрсете білу; ғылыми іс-шараларда, іргелі ғылыми отандық және халықаралық жобаларға қатысу; басқарудағы көшбасшылық және ұжымды басқару; ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметке жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарау; заманауи ақпараттық және инновациялық технологияларды қолдана отырып, патенттік ізденіс жүргізу мен ғылыми ақпаратты беру тәжірибесі; ғылыми жаңалықтар мен туындыларға зияткерлік меншік құқығын қорғау; шет тілінде еркін сөйлесу дағдысының болуы тиіс;

5) ақпараттар ағымының жедел жаңару және жедел өсу жағдайындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; теориялық және эксперименттік ғылыми зерттеулер жүргізуде; ғылыми зерттеуде теориялық және қолданбалы міндеттерді қою мен оларды шешуде; белгілі бір саладағы мәселелерге кәсіби және жан-жақты талдау жүргізуде; тұлғааралық қарым-қатынас және адам ресурстарын басқару мәселелерінде; мамандарды жоғары оқу орнында даярлау мәселелерінде; ғылыми жобалар мен зерттеулерге сараптама жүргізуде; үнемі кәсіби өсуді қамтамасыз етуде құзыретті болуы қажет.

Жоғары оқу орнынан кейінгі үздіксіз білім беру педагогикалық кадрлардың білімін жетілдіру және қайта дайындау жүйесінде жүзеге асады. Білім жетілдіру – қосымша кәсіби білімнің түрі, бұрынғы

алған кәсіби білімнің дәрежесін жаңарту және тереңдету, жұмыскердің іскерлік сапасын жетілдіру, мамандықтың шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыру оның білімінің қажеттілігіне сай.

Қазіргі кәсіптік білімді жетілдіру – оқу орындарының бірлігі, бөлімдері, басқару жүйесі ғылыми-зерттеу орындарының ұйымдастырушылық құқықтық, ақпараттық қызмет, қосымша кәсіби-білімдік бағдарламасы арқылы жүргізіледі. Бұл жүйе мынадай ұйымдастырылған формада жүргізіледі: мұғалімдердің өздігінен білім алуы, әдістемелік бірлестік, кафедра, білім беру мекемелерінің орталығы, бір реттік, циклдың формалары (курстар, семинар, конференция); институт жүйесінде білімді жетілдіру және қайта дайындау, университеттегі жоғары мектептің мұғалімдерінің білімін жетілдіру орталықтарында.

Пысықтау сұрақтары мен тапсырмалар

1. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі іс-әрекетті ұйымдастырудың типтік ережелерімен» (№ 499, 17 мамыр 2013 ж.) танысып, тұжырым жасаңыз.
2. Жоғары оқу орны түрлері «консерватория», «жоғары мектеп», «жоғары училищенің» өзіндік ерекшеліктерін салыстырыңыз.
3. Қазақстандық және шетелдік (таңдау бойынша) білім беру жүйесін сызба түрінде көрсетіңіз.

Әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Заң 1999ж.,7 маусым; 2007 жылғы 27 шілде (№ 319-III ЗРК, Астана, Акорда) 2012 жыл 09 қаңтардағы толықтырулармен.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 7.12.2010.
3. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі іс-әрекетті ұйымдастырудың типтік ережелері» (№ 499, 17 мамыр 2013 ж.)

Тақырыбы: ҚАЗАҚСТАНДА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Формасы: проблемалық лекция

Талқылануға берілетін сұрақтар:

1. Әлемдік тәжірибеде педагогикалық ой пікірлердің өзектілігі
2. Қазақстанда жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуына әсер етуші факторлар.
3. Қазақстандағы ғылыми мектептердің қалыптасуы (Қосымша Ә)
4. Ғасырлар тоғысында жоғары кәсіптік білім беру және әлеуметтік-гуманитарлық білім беру мәселелері

Әлемдік тәжірибеде білім беру институттарының қалыптасу тарихына шолу. Мектептер мен университеттер барлық әлемде бірдей білімдік-тәрбиелік жүйе ретінде көп ғасырлық тарихи дамуды өткерді. Олар ғылымдағы, мәдениеттегі, әлеуметаралық өзгерістер нәтижесіндегі көзқарастарға сәйкес күрделі қайта құруларға ұшырап отырды.

Мектеп пен жоғары оқу орындарының, сондай-ақ, басқа да білім беру институттарының дамуы ұлы өркениет дәуірінен бастау алады. Ерте дәуір өркениеті бір-бірінен дара болғанына қарамастан, адамды белгілі бір біліммен қаруландыруда ортақ қағидаларды ұстанған.

Жазудың пайда болуы мектептердің қалыптасу факторларының генезисі бола алады. Жазба түрде ақпаратты жеткізу арнайы оқытудың болуын қажет етті. Екінші фактор - адам еңбегінің ақыл-ой және дене еңбегі болып даралануы, осыдан әр түрлі мамандықтар қалыптасты, олардың алғашқылары қатарында оқытушылық пен тәрбиешілік болды.

Отбасын, шіркеуді және мемлекетті ерте өркениет дәуіріндегі білім беру ошақтары дей аламыз. Сондықтан мектептің – отбасылық, шіркеулік, жеке және мемлекеттік түрлері болды.

Университет – жиынтық, жинақ – жаратылыстану, қоғамдық, техникалық, әлеуметтік ғылымдар саласынан кең көлемде жоғары білімді мамандар даярлайтын, көп салалы жоғары оқу орны. Университетте студенттер жан-жақты терең теориялық даярлықтан өтеді. Университетке тән ерекшелік – оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының сабақтас жүргізілуі. Алғашқы университет XII ғасырда Батыс Еуропада пайда болды. Ресейдегі тұңғыш университет Мәскеу университеті (1755 жылы құрылған), байырғы

университеттерге Львов (1661 жылы алғашқы академия ретінде), Тарту (1802), Вильнюс (1803), Қазақ (1804), Харьков (1805), Санкт-Петербург (1819), Киев (1834) университеттері жатады. Орта Азияда 1920 жылы Түркістан мемлекеттік университеті, 1928 жылы Қазақ педагогикалық институты (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті), 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті), 1972 жылы Қарағанды мемлекеттік университеті ашылды.

Қазақстанда жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы. Қазақстанның Ресейге қосылуы жалпы қазақ халқының білім жүйесінің дамып, мектептер ашылуынан бастап әрі қарай ілгерілеуіне ықпал етті. Бұл - Қазақстанға Ресейдің экономикасы мен алдыңғы қатарлы мәдениетінің ықпал етуіне қолайлы жағдайлар туғызды, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына әсер етті.

1744 жылы Орынборда татар мектебі ашылып, мұнда әскери шендегілердің балалары оқыды. Бұл мектепті бітіргендер өкімет кеңселерінде, сауда-саттық орындарында жұмыс істеп, тілмаштық қызмет атқарды. 1786 жылы Омскіде ашылған «Азия мектебі» де осындай мақсатты көздеді. Олардың ішінде қазақ балалары да болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Бөкей хандылығында мектептегі білім беру кең тарала бастады. Бұнда үлкен рөлді Жәңгір хан атқарды. Ханның білім беру саясатының орталығында мешіт жанындағы бастауыш мектептерін ұйымдастыру болды. 1841 жылдың желтоқсанында Жәңгір ханның үкімімен орталық мектеп ашылды. Мектепте арабша, татарша және орыс тілі, жаратылыстану негізі, тарих және медицина оқытылды. Мектепті жақсы бітіргендер кадет корпусында білім алды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Бөкей хандылығында мектептегі білім беру кең тарала бастады. Бұнда үлкен рөлді Жәңгір хан атқарды. Ханның білім беру саясатының орталығында мешіт жанындағы бастауыш мектептерін ұйымдастыру болды. 1841 жылдың желтоқсанында Жәңгір ханның үкімімен орталық мектеп ашылды. Мектепте арабша, татарша және орыс тілі, жаратылыстану негізі, тарих және медицина оқытылды. Мектепті жақсы бітіргендер кадет корпусында білім алды.

Кадет корпустарының оқу курсы сегіз жылдық, әр класс екі жылдық мерзімді болды. Оқу бағдамаларының әскери училищелерден айырмашылығы - еуропалық эскадронда француз

және неміс тілдері, ал азиялық эскадронда шығыс тілдері (араб, парсы, татар) оқытылды.

Кадет корпусстарын бітірушілер Қазақстандағы әр түрлі басқару орындарына қызметке жіберілді. Олардың біразы орыс тілін меңгерген және орыс мәдениетінен хабардар, әжептәуір білімді жастар болды, кейбіреулері орыс баспа сөзімен байланыс жасап, қазақтарды орыс оқу орындарымен таныстырды, сол арқылы қазақ жастарын оқу орындарына ынталандыруды ойлады.

60-жылдардағы Халық ағарту жөніндегі алдыңғы қатарлы теориялар біртіндеп мектеп тәжірибесіне ене бастады. Бұл кезде ағарту ісінде қоғамдық орындардың тәуір бастамалары өріс алды. Қалалар мен ауылдарда бастауыш мектептердің бірнеше түрлері ашылды: жеке адамдар ашқан гимназиялар, жексенбілік мектептер дүниеге келді.

Қазақ балаларына арналған Орынбор орыс мектебі 1850 жылы 22 тамызда ашылды. Мектепке 50 бала қабылданды. Мектептің оқу жұмысы белгілі тәртіпке келтіріле бастады: оқу жылының мерзімі белгіленді, жалпы оқу мерзімі (7 жыл), оқушыларды қабылдау кезеңі (әрбір екі жыл сайын), жазғы демалыс (15 маусымнан 15 тамызға дейін) анықталды, сабақ кестесі мен оқушыларға арналған үзіліс енгізілді, емтихандардың ережесі жасалды. Орынбордағы қазақ балаларына арналған тұңғыш мектеп (1850-1869) оқушылар санының тым шағындылығына қарамастан, қазақтар арасында орыс білімін таратудың алғашқы ошағы болды.

Ішкі қазақ (Бөкей) ордасында мектептің негізінен екі түрі (алты жылдық екі класты, төрт жылдық бір класты орыс-қазақ училищелері) болды.

Торғай және Орал облыстарында алты жылдық екі класты уездік, төрт жылдық болыстық орыс-қазақ училищелері және Ы.Алтынсарин негіздеген ауыл мектептері ұйымдастырылды.

Ақмола мен Семей облыстарында интернатты мектептер ашылып, кейінен ауыл шаруашылық мектептеріне айналды. 19-ғасырдың аяғында бұл облыстарда ауылдық мектептер ашылды.

XIX ғасырдың ортасында Қазақстан аймағында медреселер мен мектеп-оқу орындары жұмыс істеді, оларды ежелгі Шығыс және Азия мұсылман халықтарының жоғары дамыған мәдениетіне тартуда, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетінің дамуында жағымды рөл атқарды.

XIX ғасырдың аяғында Қазақстан аймағында бірінші рет орта және кәсіби оқу мекемелері пайда болды. Орта мектеп бастауыш және келесі буындағы білім арасындағы аралық буын болып есептеліп, екі міндетті орындады. Біріншіден, гимназияны бітіргендер, алғашқы кәсіби білім алу мүмкіндігі бар; екіншіден, қабілеті бар оқушылар жоғары оқу орынына түсуіне мүмкіндік болады.

Қазақстанда 1917 жылы 1 қаңтарда 17 орта мектеп, 4 реальды училище және 13 гимназия жұмыс істеді, онда 5880 оқушы оқыды, оның ішінде 215 ғана қазақ ұлтының өкілдері.

XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы білім саясатында өзгерістерді талап етті. Өндірістің дамуы кәсіби жұмысшы кадр мамандарды даярлау міндетін қойды. 1903-1904 жж. Ресейдің білім министрлігі бірқатар қаулыларды шығарып, соған сәйкес мемлекеттік қазыналық қаржыға мектеп жанынан қол еңбегі және қол өнер мектептерін ашуды шешті. Сонымен, қол өнер бөлімі Қазақстанда кәсіби білім беруді қалыптастырудың негізі болып табылады. Олардың даму мөлшері бойынша кәсіби бағыттылығы кеңі түсті. Қазақстандағы кәсіби мектептер 3 бағытты қарастырды: ауылшаруашылық, қолөнер, педагогикалық.

Қазақстанда мұғалім мамандықтарын дайындау мұғалім семинарияларымен педагогикалық сыныптарда жүзеге асырылды. Бірінші мұғалім семинариясы Қазақстанда 1903 жылы Семейде ашылды. Педагогикалық сыныптар Қазақстанның білім жүйесінің қалыптасуына жағымды рөл атқарды, олар арқылы оқу орындарының негізгі түрі - бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлау жүргізілді.

Революцияға дейінгі Қазақстан аймағында жоғары оқу орындары болмады. Сондықтан жоғары білім алуға ұмтылған кейбір қазақтар Ресейдің басқа қалаларының оқу орындарында оқыды: Томскде, Казанда, Петербургте, Орынборда т.б. XX ғасырдың басы және XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының ішіндегі ағарту және мәдениеттің дамуында негізгі рөлді Омск қаласының орталығы және Түркіменстан өлкесінің орталығы - Ташкент қаласы атқарды.

Білім беру жүйесінің қалыптасуына алдыңғы қатарлы баспасөз үлкен рөл атқарды. Орыс-қазақ мәдени-ағарту ынтымағының және Қазақстандағы ой-пікірдің дамуында «Айқап» журналының мәні зор. Бұл журнал 1911-1915 жылдары Троиц қаласында шығып тұрды.

М. Дулатов А.Байтұрсыновпен бірлесіп, «Қазақ» газетін шығаруға ат салысты. Халық ағарту мәселелері, кітап басып шығару мәселелері жалпы халықтың баспа органы – «Қазақ» газеті беттерінде кең таралды.

Қазақстандағы Қазан төңкерісіне дейінгі Жоғары оқу орындары ретінде Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Ақмешіт медреселерін атауға болады.

- ✓ 1919-1920 жж, халық ағарту институттары ашылды: Орынборда, Семейде, Ордада.
- ✓ 1920ж. қарашада Түркістан мемлекеттік университеті (кейінгі Орта Азия ун-ті) құрылды. Сондай-ақ осы жылдың күзінде Семейде халық ағарту институты құрылды.
- ✓ 1921 ж. Орынборда Қазақ халық ағарту институты (кейін Қызылордаға көшірілді) және Верныйда (Алматы) Қазақ ағарту институты ашылды.
- ✓ 1926ж. 2 шілдеде Ташкенттегі халық ағарту институты Қазақ педагогикалық институты болып қайта құрылды.
- ✓ 1928ж. Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны – Алматыда ашылған Қазақ педагогикалық институты,
- ✓ 1929ж. Алматы малдәрігерлік институты,
- ✓ 1930ж. Қазақ ауыл шаруашылық институты,
- ✓ 1931ж. Қазақ медициналық институты, Орал педагогикалық институты,
- ✓ 1934ж. Қазақ мемлекеттік университеті мен Кен-металлургия институты ашылды,
- ✓ 1950-1960 жж. Ақтөбе, Атырау, Тараз, Қостанай, Көкшетау, Өскемен, Павлодар, Петропавл, Ақмола (қазіргі Астана) қалаларында педагогикалық институттар, Ақтөбе, Қарағанды, Семей, Ақмолада медициналық институттар, Алматыда халық шаруашылығы, Қарағандыда политехнология және кооперативтік, Павлодарда индустриалдық, Өскеменде жол құрылысы, Ақмолада инженер құрылыс, Таразда гидромелиоративтік-құрылыс және технология институттары.
- ✓ 1972ж. Қарағанды мемлекеттік университеті, Арқалық, Талдықорған педагогикалық институттары ашылды.
- ✓ 1986-1987 оқу жылында Қазақстанда 55 жоғары оқу орындарында 247 мыңнан астам студент оқыды. 2001ж. 5 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 8 жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе берілді. Олар:

- ✓ Қазақ ұлттық университеті;
- ✓ Еуразия ұлттық университеті
- ✓ Қазақ ұлттық аграрлық университеті;
- ✓ Қазақ ұлттық техникалық университеті;
- ✓ Қазақ ұлттық өнер академиясы;
- ✓ Қазақ ұлттық консерваториясы;
- ✓ Қазақ ұлттық музыка академиясы.

Қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарихы. Қазақ мемлекеттік университеті республикадағы тұңғыш жоғары оқу орны болды. 1928 жылы шаңырақ көтерген бұл білім ордасында физика-математика, жаратылыстану және лингвистика-педагогикалық бөлімдерден құралған жалғыз ғана факультет болды. Алғашқы кезде мұнда үш факультет: педагогикалық, ауылшаруашылық, медициналық факультеттерін құру жобаланды, олар 1932-1933 оқу жылында жұмыс істеуге кірісуі тиіс болатын. Алайда халыққа білім беруді қарқынды түрде өркендету мақсатымен жаңадан ашылған жоғары оқу орнын дербес педагогикалық институт ретінде қалыптастырып, дамыту қажет болды. Сондықтан 1930 жылы университет Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты деп атала бастады да, 1935 жылы оған ұлы ақын Абайдың аты берілді. Бұл бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Алғаш құрылған кезіндегі ҚазПИ бұрынғы Верный әйелдер гимназиясының ғимаратында орналасты. Институт жанында оқуға түсушілерге арналған бес айлық дайындық курсы жұмыс істеді.

Сондай-ақ педагогикалық техникум, училище жұмысшылар факультеті ашылды. Бұл оқу орындарына негізінен ата-аналарынан айырылған балалар үйінің тәрбиеленушілері, кедейлердің балалары және аздаған орта шаруалардың балалары қабылданды.

Институтқа алғашқы қабылдау екі кезеңде – 1928 жылдың қыркүйек және қазан айларында жүргізілді. Республика Халыққа білім беру комиссариатының округтердің санына орай жоспарлы бөлу жұмыстарының негізінде 124 адам, соның ішінде 28 қыз бала оқуға қабылданды. Студенттер құрамы сан ұлттардың өкілдерінен тұрды. Олардың ішінде 76 қазақ, 42 орыс және басқада ұлттардың өкілдері болды. Студенттердің 75 пайызы стипендиямен қамтамасыз етілді. Баспана аса қажеттеріне жатақханадан орын бөлінді. Кейбір студенттердің дайындығы біршама төмен екендігі ескеріліп, орыс және қазақ тілдерінен, математика мен физикадан қосымша сабақтар

өткізілді. Бірінші курста 9 оқытушы, оның ішінде 3 профессор, 5 доцент және 1 ассистент сабақ берді. Сол бір жылдары институт қабырғасында негізінен білімге аса құштар жандар – жасы отызқырықтарға келген адамдар оқыды, студенттер арасынан жиырмаға дейінгі жастар сирек кездесетін.

Институт сонымен қатар тұрғындар арасындағы ғылыми-ағартушылық жұмыстарын да жүргізді. ҚазПИ-дің жанынан екі жүзге жуық тындарман қатысатын жексенбілік мектеп құрылды. Мұнда оқытушылар еңбеккерлерге дәріс оқып, ғылыми баяндамалар жасады. Институт жанынына сауатсыздықты жоюға арналаған мектеп ашылып, тақырыптық кештер, пікірталастар, оқырмандар конференциялары, басқа да мәдени-ағартушылық шаралар тұрақты өткізіліп тұрды.

Сол кезде ҚазПИ үшін оқытушылар құрамын кәсіби біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық кадрлармен толықтыру аса маңызды мәселе болып табылды. Бұл міндет екі жолмен шешілді: біраз мамандар орталық жоғары оқу орындарынан шақырылса, қалғандары жергілікті кадрлардың арасынан даярланды. Институттың қалыптасуына туысқан республикалардағы, әсіресе Мәскеу мен Ленинградтағы көптеген оқу орындары үлкен көмек көрсетті. Олар өздерінің бай кітапхана қорымен, кабинеттерге арналған жабдықтармен бөлісті. Сол жылдары ҚазПИ-ге жұмыс істеуге әдебиеттанушы Н.Н.Фатов, математик Б.Л.Кругляк, физик В.Ф.Литвинов, биолог С.В.Логинов, эмбриолог А.А.Захваткин тәрізді көптеген белгілі ғалымдар келді. Сол кездерде институтта Ораз Жандосов, Сәкен Сейфуллин, Баймен Алманов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Ілия Қабылов, Темірбек Жүргенов сынды қазақ халқының көрнекті өкілдері оқытушылық қызмет атқарды. 30 – жылдары ҚазПИ-де белгілі тіл мамандары Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Жолдыбаев, математик А.Ермеков, т.б. еңбек етті.

Қазақстанның алғашқы оқу орнын ұйымдастыруға оның тұңғыш ректоры, көрнекті мемлекет қайраткері, талантты ғалым және педагог, республикада жоғары мектеп пен ғылымның іргетасын қалаушы С.Ж. Асфендияров зор еңбек сіңірді. Ол 1928-1937 жылдар аралығында ҚазПИ-дің, Алматы медицина институтының ректоры, Қазақ АССР денсаулық сақтау халық комиссары және халық ағарту комиссары, Қазақтың ұлттық мәдениеті ғылыми-зерттеу институты тарих секторының меңгерушісі, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

Алғашқы жылдары Қазақ педагогикалық институты республикаға қажетті мамандар, ғалымдар, мемлекет қайраткерлері, ақын-жазушылар, білікті мұғалім кадрларының бір шоғырын даярлап шығарды.

Соғысқа дейінгі жылдар Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты үшін қалыптасу мен дамудың ең бір маңызды кезеңі болды. ҚазПИ-дің оқытушы-профессорлары мен студенттері жетілу, кемелдену сынағынан абыроймен өтті. Институт атағы бүкіл республикамен одан тыс жерлерге де таралып, белгілі болды. Осы кезде ҚазПИ қабырғасынан түлеп ұшқан мұғалім мамандардың саны артып, кадрлар даярлау сапасы жақсарды, студент жастарды оқыту мен тәрбие беру дәстүрлері нығайып, бекіді. Институт республикадағы ғылыми ой орталықтарының біріне айналды. Мұнда Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиетінің даму мәселелері зерделеніп, жаратылыстану ғылымдары саласында іргелі зерттеулер жүргізілді.

Тәжірибе жинақтау, материалдық-техникалық базасының жақсаруы, білікті ғылыми-педагогикалық кадрлар қатарының көбеюіне байланысты ҚазПИ-дің оқу-ғылыми орталық ретіндегі рөлі үнемі артып отырды. ҚазПИ-дің республикада жоғары оқу орындарын, Ғылым академиясын және басқа да білім, ғылым, мәдени мекемелер қатарын молайтып, оларды өркендетіп дамытудағы үлесі мол.

Ұлы отан соғысы жылдары ұжым үшін ең бір ауыр, сындарлы кезең болды. Институтта оқыту мерзімі қысқартылып, үш жылдыққа көшірілді. Сабақтар 8-ден 23 сағатқа дейін жүргізілді. Көптеген оқу корпусстары мен жатақханалар әскери қажеттіліктерге босатылып берілгендіктен, аудиториялар мен бөлмелер жетіспеді. Қыста отын болмай, сабақтар суық аудиторияларда өткізілді, көптеген студенттер әскери зауыттарда күндіз-түні жұмыс істеп, ұйқы-күлкіні ұмытты, ашқұрсак жүрді. Соғыс уақытындағы осындай қиыншылықтарға қарамастан студенттер білім алуда белсене және табандылықпен еңбектенді. Жақсы оқу әркімнің патриоттық борышы болып саналды.

Соғыс қарсаңында оқытушылар В.Е.Турумов, А.А.Аветякин, С. Қожахметов және т.б. қызыл армия қатарына шақырылды. Педагогтер В.В. Синюкин, Д.М.Загодский, А.А.Савченко, А.И.Кузнецов, И.Г.Рыбин, Х.М. Әділгереев, С.А.Аманжолов, М.Д.Исаев, А.Токмағамбетов, В.М.Зимин, В.Ф.Боярчук, Т.П.Топчий, А.Закарин, Ш.Ахметов, И.М.Шаукенов, Д.И.Ларин, П.В.Симонов,

К.Игенов, П.А.Исаков, Д.Четвериков, К.Мұсағалиев т.б. отан қорғауға алғашқылардың бірі болып аттанды. Соғыс басталысымен-ақ елу жеті студент майданға аттанды.

Соғыстың алғашқы жылдарында оқытушылар саны күрт азайып кеткендіктен, КСРО – ның әртүрлі қаласынан Алматыға қоныс аударған көрнекті ғалымдар педагогикалық қызметке тартылды. Олардың қатарында академиктер И.И.Мещанинов, В.И.Чернышев, Ф.Г.Фисенко, КСРО ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Н.Н.Баранский, профессорлар А.А. Глаголев, П.М.Рубинштейн, И.А.Палунск, Н.Ф.Бельчиков, Н.Ф. Черномордник, Р.А.Фридман, Д.И.Макеев, Г.А.Какиев, т.б. бар болатын.

Ұлы отан соғысы жылдарында жауынгерлік және еңбектегі ерлігі үшін ҚазПИ-дің көптеген оқытушылары, қызметкерлері мен студенттері орден және медальдармен марапатталды. Мәлік Ғабдуллин, Лесбек Жолдасов, Қанаш Қамзин, Құдайберген Сұрағанов, Рақымжан Тоқатаев, Ахмедияр Хұсайынов, Сәду Шәкәрім Отанымыздың жоғары наградасы Кеңес Одағаның Батыры атағына ие болды. Соғыстан кейінгі жылдары мектептерде маман мұғалім кадрларына деген қажеттілік күрт өсті, сондықтан студенттер қабылдау, әсіресе сырттай оқуға қабылдау саны артты. Егер 1946 жылы күндізгі бөлімнің бірінші курсына 362 студент қабылданса, сол жылы институтты сырттай 60 адам ғана бітірді. Ал 1956 жылы күндізгі бөлімге 567 студент оқуға түссе, сырттай оқуды 594 адам тәмамдады.

ҚазПИ өзінің 50 жылдық мерейтойын лайықты табыстармен қарсы алды. Бұл кезде институттың 39 кафедрасында 400 оқытушы, оның ішінде 16 ғылым докторы мен профессорлар, 200 ғылым кандидаты, доценттер жұмыс істеді. Бұлардың арасында КСРО Педагогика ғылым академиясының екі корреспондент-мүшесі, Қазақстан Ғылым академиясының үш корреспондент-мүшесі, еңбек сіңірген төрт ғылым қайраткері, Қазақстан жоғары мектебінің үш еңбек сіңірген қайраткері бар болатын.

Университет түлектері, республиканың ғылым мен мәдениетінің көрнекті өкілдері С. Аманжолов, Х. Бекхожин, Ғ.Қайырбеков, М.Қаратаев, А. Ысқақов, А.Қалыбаева (Хасенова), С.Қасқабасов, А.Нүсіпбекова, Г. Омарбекова, Г.Садуақасова, Ж.Саин, Ш.Сәтбаева, Р.Сыздықова, Ә. Тәжібаев, т.б. есімдерін мақтанышпен атауға болады.

ҚазПИ-дің қабырғасында білім алған түлектердің ішінде еліміздің ғылым, білім және мәдениет салаларын дамытуға зор үлес қосқан М.Әбдіхалықов, Т.Тәжібаев, А.Закарин, К.Айманов, А.Сембаев, Н. Жанділдин, Б.Бөлтірікова, Д. Бейсенов, Ә.Шәріпов, Е.Мәмбетқазиев, Ө.Жәнібеков, М.Ахметова, А.Тұмарбеков тәрізді көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері де аз емес.

90-жылдардың басында елімізде болып өткен жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси процестерге байланысты Абай атындағы ҚазПИ-дің тарихында да жаңа кезең басталды. Қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруі, нарықтық қатынастарға көшу жоғары білім беру және жаңа кадрлар даярлауды ұйымдастыру ісіне өзгеше талаптар жүктеді. Мамандар даярлаудың отандық жүйесінде білім берудің халықаралық стандарттарына жақындатылған жаңа үлгілері іздестіріліп, жүзеге асырыла бастады. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚазПИ-ді Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті етіп қайта құру жөніндегі 1992 жылғы 24 қарашадағы шешімі осыған байланысты қабылданған болатын.

Соңғы жылдары университет өмірінде көп өзгерістер болды, факультеттер саны көбейді. Оқыту процесі де күрт өзгерістерге ұшырады. Үздіксіз білім беруге көшу және оны жетілдіру Алматы мемлекеттік университетінде мамандар даярлау үрдісін халықаралық стандарттарға жақындата түседі. Мұнда оқыту ісіндегі бәсекелестік, ғылым мен практиканың өзара үздіксіз байланысы, ең озық ақпараттық және есептеу техникасын пайдалану маңызды міндеттер болып саналады.

Бүгінде университетте оқу процесін жетілдіруде көптеген істер тындырылуда: іргелі ғылымдар бойынша білім беру және алған білімін шығармашылықпен пайдалана білуге дайындау тереңдетіліп, мамандар қажетті мекемелер мен университет арасындағы өзара байланыс кеңейтілуде. Оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы енгізіліп, қашықтан оқыту дамытылып отыр.

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, бүгінгі Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінде ғылыми-зерттеу жұмыстары мен оқыту процесі әрқашанда біртұтас байланыста жүргізіліп келеді. Ғылыми жұмыс болашақ мамандар мен оқытушылардың шығармашылық күш-қуатының қайнар көзі. Университетте көкейкесті ғылыми проблемалармен, педагогикалық жоғары оқу орындары және мектептерге арналған оқулықтар, оқу құралдарын дайындаумен жемісті түрде айналысатын үлкен ғылыми

күш шоғырланған. Тек ғылым, өндіріс, эксперименттік білім беру салалары арасында тығыз байланыс қана оқу процесінің және болашақ мамандардың практикалық дайындығының жоғары сапалылығын қамтамасыз ете алады. Сондықтан университет ұжымы оқу процесін академиялық ғылымның соны жетістіктеріне орайластыра құруға тырысады.

Университеттің алдағы міндеттері отандық жоғары мектептің болымды нәтижелерін сақтай және көбейте отырып, білім берудің әлемдік стандарттарын біртіндеп тәжірибеге енгізіп, жетілдіруге саяды.

Қазақстанда жоғары білім берудің мақсаты. Қазақстан қазіргі жаһандану заманында дамудың нарықтық қатынастар талабына жауап беретін жаңа кезеңдеріне аяқ басты. Бұл сапалы жоғары білім берудің мақсатын қайта қарауды қажет етеді. Мемлекетіміз өзінің табиғи байлықтары көзіне сүйене отырып бәсекеге қабілетті 50 - алдыңғы қатарлы елдің құрамына енуді көздейді.

Сапалы жоғары білімді көздей отырып Қазақстан Еуропалық жоғары білім стандарттарына бет бұрды. Мысалы, 1997 жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінде ең алғашқы болып мемлекет аралық дипломдарды өзара қабылдау туралы айтылған жоғары білім туралы Лиссобо́н конвенциясын енгізген.

Бүгінде Қазақстан жоғары білім беру жүйесі Болон үдерісі принциптеріне сүйеніп қайта қарастырылуда. *Болон процесі* - еуропалық жоғары кәсіби білімде біртұтас жалпы-еуропалық білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жаһандану үрдісінің көрінісі. Алғашқы еуропалық университеттің отаны - Болонья қаласының (Италия) құрметіне аталған Болондық декларациямен (1999 ж.) бекітілген. 2004 жылға дейін Болондық процеске 40 ел мүше болды. Мүше-мемлекеттердің ағымдағы мәселелерін талқылау мақсатында мерзімдік кездесулерді ұйымдастыруды көздейді. Болон процесі демократиялық жоғары технологиялық ақпараттық нарықтық қоғам талаптарына сай келетін және жеке бағыттылықты, таңдау еркіндігін және өзіндік білім жолын игерумен, білім жинаудың ақпараттық-ізденімпаздық сипатын қалыптастыруды мақсат тұтады. Болон процесінің басты мақсаттарының құрамында еуропалық мәдени құндылықтарды дамытудағы университеттердің негізгі басты орнын мойындау; жоғары білімді қоғам талаптарына сай бейімдеу қажеттігі; білім орталықтарына қол жеткізу мақсатындағы азаматтардың жұмылуы; түлектердің кәсібін айқындауда түсінуге жеңіл,

салыстыруға боларлықтай дәрежелер мен мамандықтар қабылдау; әртүрлі мәдениеттерге, тілдерге, ұлттық жүйелерге сый-құрметпен қарау; университеттік автономияны және академиялық еркіндіктерді дамыту; үздіксіз білім беру; Болон процесі мүшелерінің арасында сенім философиясын орнату жатады. Ресми заңдық тұрғыда Болон процесі Батыс Еуропа мен Қазақстанда қалыптасқан кәсіби білім деңгейін біркелкі «бакалавр-магистр» формуласымен теңестіріп, қазақстандық жоғары білім құжаттарының Еуропада мойындалуына жол ашып, мүмкіндік береді.

Болон процесі (Болондық қайта құрылулар) – жоғары білім министрлерінің Декларациясына сәйкес, еуропалық жоғары білім жүйесін жақындату процесін белгілеу үшін жиі пайдаланылып жүрген термин. (Париж, 1998; Болонья, 1999; Прага, 2001; Берлин 2003). Болон процесі – жалпы қызмет принциптеріне негізделген жоғары білімнің біріңғай еуропалық жүйесінің құрылу процесі.

Болон процесі шеңберіндегі басты ұстанымдар:

- Еуропалық білімнің бәсекелестікке қабілеттілігін және тартымдылығын жоғарылату;
- ұлттық білім жүйелерін жақындастыру;
- жоғары білімнің ұлттық жүйесін реформалауды арастыратын жоғары білімнің құрылымдық қайта құрылу процесі, көп дәрежелі жоғары білімді енгізу;
- академиялық кредиттер жүйесін қабылдау;
- білім сапасын бақылау;
- студенттер мен оқытушылардың мобильділігін кеңейту;
- нәтижелерге және студенттік орталықтандырылған оқытуға бағытталу.

Болон реформалары «нәтижелерге бағытталу» және «студенттік орталықтандырылған оқыту» терминдерімен сипатталады. Бұл жерде сөз оқыту нәтижелерін кең мағынада түсінуде болып отыр. Осы терминдер ECTS, модуляризациямен және институционалдық еркіндікпен байланыста болуды болжай отырып, педагогикалық практиканың алға жылжуының негізгі элементтері болуы керек.

Болон процесінің үш деңгейінің арасында баланс болу керек: өкіметке, жоғары оқу орындарына және студенттерге қатысты еуропалық деңгейде белгіленген мақсаттар; процесті жүзеге асырудағы ЖОО - лардың алатын негізгі рөлі; ұлттық стратегиялардың рөлі және алдыңғы екі деңгейдің бірігуіндегі және әрбір елдегі процестерге көмек көрсетудегі заңдылықтар. Болон

процесі – еуропа аймағындағы жоғары білім беруді және ғылыми зерттеулерді қорғау және жақсарту құралы, мөлдірлік пен мобильділікті көтеру құралы болып табылады. Болон процесі жоғары оқу орнының қоғамдағы орнын мойындайды және сапаға ерекше мән береді, бірақ сапаны қолдау мен оны жоғарылату, жүйе мен оның кадрларына берілетін мемлекеттік инвестицияны көтеруді талап ететіндігін айтады.

Адам капиталын дамыта отырып Қазақстан жас дарынды ғалымдарға арнап инвестиция көлемін арттыруда. 1993 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қаулысымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген. Сондай-ақ, 2005 жылы шетелде оқуға арналған елдер тізімі өсіп, үміткерлер АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Австралия, Австрия, Венгрия, Дания, Жаңа Зеландия, Жапония, Израиль, Испания, Италия, Канада, Қытай, Малайзия, Нидерланды, Норвегия, Оңтүстік Корея, Польша, Сингапур, Финляндия, Франция, Чехия, Швеция, Швейцария сынды елдер арасынан өзіне ыңғайлысын таңдайтын болды.

2007 жылы елдер мен ЖОО-лар тізімі толықтырылды. Қазіргі кезде үміткерлер әлемдегі 32 елдің алдыңғы қатарлы 630 оқу орындарында оқи алады. Бүгінгі таңда стипендияны іске асыруда магистрлік және докторлық бағдарламаларға, сондай-ақ біздің ел үшін анағұрлым қажетті болып табылатын техникалық және медициналық бейіндегі мамандарды дайындауға ерекше көңіл бөлінеді.

Үміткерлер санының өскеніне қарамастан, «Болашақ» бағдарламасының негізгі қағидаттары бастапқы қалпында қалып отыр. Олар:

- үміткерлерді дайындаудың жоғары деңгейі;
- елімізде және одан тыс жерлерде бағдарламаның оң бейнесін сақтап қалу;
- конкурстық іріктеуді ашықтық және әділдік қағидаттары бойынша өткізу;
- стипендия иегерлерін әлемнің үздік университеттеріне жіберу.

Пысықтау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Әлемдік тәжірибедегі жоғары білім беру тарихына шолу жасаңыз.
2. Батыс елдеріндегі жоғары білім беру тәжірибесінің ерекшеліктерін атаңыз.
3. Қазақстанда жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуын сызба түрінде көрсетіңіз.
4. Қазақстандағы жоғары білімнің қалыптасуына еңбек сіңірген ғалым-зерттеушілерді және олардың зерттеу бағыттарын атаңыз.

Негізгі әдебиеттер

1. Сайпова А.А. Становление и развитие подготовки научно-педагогических кадров на кафедре педагогики АГУ имени Абая. Автореф. на соиск. уч. степени канд. пед. наук., Алматы, 2003.
2. Калкеева К.Р. Теоретико-методологические основы систематизации и конструирования содержания истории педагогики и образования Казахстана. Автореф. на соискание ученой степени доктора пед. наук. Караганда, 2010.

Қосымша әдебиеттер

1. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. Алматы: Дарын, 2002
2. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. Алматы: Білім, 2007
3. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. А., 1984.
4. Джуринский А.Н. История педагогики. М., 1999.
5. Латышина Д.И. История педагогики (История образования и педагогической мысли). М., 2006.
6. Титов В.А. История педагогики. Конспект лекции. М., 2003.

Тақырыбы: ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ МЕН ОНЫҢ АДАМ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Жоспары

1. Қазіргі педагогика адамның рухани, интеллектуалдық және әлеуметтік қайта қалыптастыру ғылымы ретінде
2. Педагогиканың құрылымы
3. Педагогика мен жоғары мектеп педагогикасының негізгі категориялары.
4. Педагогикалық ғылымдар жүйесі
5. Педагогиканың пәнаралық сипаты

Қазіргі педагогика адамның рухани, интеллектуалдық және әлеуметтік қайта қалыптастыру ғылымы ретінде. «Педагогика» термин және ғылымның атауы ретінде өз атауын Ежелгі Грециядан алады. «Педагогика» сөзі грек тілінен аударғанда «баланы жетектеу» («paída gogos», «paída» - бала, «gogos» - жетектеу) түсінігін береді. Ежелгі Грецияда өзінің иесінің (аристократтың) баласын мінез-кұлқын бақылай және мүмкін болар қауіптен қорғай отырып мектепке апарып және алып келетін құлдарды педагог деп атаған. Кейіннен арнайы дайындықтан өткен, балаларға білім беру мен тәрбиелеумен айналысатын, педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын адамдар педагогтар деп аталды. Осыдан келіп педагогика тәрбие туралы ерекше ғылым болып саналды.

Тарихи тұрғыда педагогика балаларды тәрбиелеу туралы ғылым ретінде қалыптасқан. «Педагогика» термині неміс тілді, франкотілді, скандинавиялық және батыс еуропалық мемлекеттерде қолданыста. Ағылшын тілді мемлекеттерде ол қолданыста жоқ, аталған мемлекеттерде бұл ұғымның орнына «білім беру туралы ғылым (немесе ғылымдар)» термині қолданылады. Еуропада, Ұлыбританияда, АҚШ-та кеңінен таралған education термині (образование дегенді білдіреді) «образ» деген түбірі жоқ, алайда білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің барлық аспектілерін қамтып, мазмұны бойынша кең ұғым болып табылады.

Кейбір мемлекеттерде «андрогика» атты ғылым саласы болды. Андрогика (гр. andros - ересек адам, agoge – басшылыққа алу, тәрбиелеу) – ересектерге білім беру, оқыту, тәрбиелеудің теориялық және практикалық проблемаларын қамтитын педагогикалық ғылым саласының аталымы, онда ересектерді оқытудың принциптері ашып

көрсетіледі және дамытылады. Ұғымды немістің тарихшысы К.Капп (1833ж.) енгізген. Ересек адам - физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, адамгершілік жағынан толысқан, өмірлік тәжірибесі бар, экономикалық тәуелсіз, өзінің мінез-құлқын басқара алатын адам. Әйтсе де ересек адамға да тұлға ретінде үнемі даму қажет. Андрогогиканы зерттеуші ғалымдардың бірі - ересектерді оқытуға арналған ғылым десе, екіншілері – білім беру жүйесіндегі қарқынды дамып келе жатқан жаңа бағыт деп түсіндіреді.

Ғылыми айналымда бүгінде педагогикаға, оның зерттеу пәніне, объектісіне берілген анықтамалар да әр түрлі. К.Д.Ушинский бойынша: «Педагогика – мақсатқа жетуге бағытталған, арнайы ұйымдастырылған білім беру жүйесінде өскелең ұрпақ пен ересектерді оқыту мен тәрбиелеу туралы ғылым». Кеңестік энциклопедиялық сөздікте: «Педагогика – адамды тәрбиелеу туралы ғылым; ол тәрбиенің мәнін, мақсатын, міндеттерін, заңдылықтарын және оның қоғам өміріндегі және жеке адамның дамуындағы алатын орнын анықтайды» делінген. Педагогикалық энциклопедияда: «Педагогика – тәрбиені, оқытуды, білім беруді зерттейтін теориялық және қолданбалы ғылымдардың бірлігі», Ресейлік педагогикалық энциклопедияда (1999ж.): «Педагогика – білім берудің мәнін, заңдылығын ашатын ғылым саласы» - ретінде көпшілікке ұсынылады.

М.Жұмабаев мына тұрғыда өз ойын тұжырымдаған: «Педагогика» - грек елінің сөзі: пед – бала, агогі – жетектеу деген сөзден құралған. Баяғы Грецияда балаларды бағып, мектепке алып келіп жүретін кәрі құлдар педагог деп аталған. Педагог деген аттың бұрын мақтаулы болмағаны осыдан көрінеді. Бірақ соңғы заманда фән, ғылым өсіп, адамзат өнерленген сайын, педагог деген ат қадірлі, қасиетті болып барады».

Ю.К.Бабанский «Педагогика» (1983ж.) атты оқулығында: «Педагогика – тәрбие туралы ғылым, өйткені оның пәні «қоғамның ерекше функциясы – тәрбие болып табылады» - десе, Г.М.Афоница, И.П.Подласый: «Педагогика – адамды тәрбиелеу туралы ғылым», В.П.Беспалько (1995ж.): «Педагогика – өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жетілген жолдары мен әдістері бойынша адамзаттың құнды тәжірибесі жинақталған ғылымдардың бірі» - деген. Л.М.Мардахаев: «Педагогика – адамды оқыту мен тәрбиелеудің мәні, заңдылықтары, принциптері, әдістері және формалары туралы ғылым» - десе, И.И.Прокопьев, Н.В.Михалкович: «Педагогика – білім беру және

жеке тұлғаны дамыту мен қалыптастырудағы тәрбиелеу практикасындағы шеберлік туралы ғылым» - деп шеберлікке назар аударса, Козлова С.А., Куликова Т.А.: «Педагогика - а) практикалық іс-әрекеттің аймағы, өнер, қолөнер; б) ғылыми білімнің аймағы, ғылым», Е.С.Рапацевич: «Педагогика – ғылым және адамды тану саласы, яғни, нақты педагогикалық жүйе контексінде дамуында дербес-жас ерекшеліктерді ескере отырып мәліметті тасымалдау-қабылдау және жалпымәдени құндылықтарға икемдеу тәсілдері мен жолдары туралы гуманитарлық ғылым саласы», Н.В.Бордовская, А.А.Реан, С.И.Розум: «Педагогика – ұйымдастырылған педагогикалық жүйе жағдайында субъектілердің дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық процесс туралы ғылым», И.Ф.Харламов: Педагогика – теориялық ғылым және педагогикалық іс-әрекет, өнер», В.И.Андреев: «Педагогика – адамды тәрбиелеу, білім беру, оқыту, әлеуметтендіру және өздігінен шығармашылығын дамыту туралы заң мен заңдылықтар туралы ғылым» - деп педагогиканың негізгі категориялары педагогикалық процесс, педагогикалық іс-әрекет, тәрбиелеу, білім беру, оқыту, әлеуметтендіру мәселелеріне басты назар аударған.

Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдияровалар: «Педагогика – тәрбие теориясы мен әдістемесін нақтылай отырып, жеке адам дамуының астарлы, тереңде жатқан тетіктерін және оның дайындығына қоғам тарапынан қойылған талаптар мен әлеуметтік сапаларға орай арнайы ұйымдастырылған қалыптасу процесін зерттейді» - деп ғылым туралы ой-тұжырым жасаған.

Олай болса, педагогика – өзіндік нысаны мен зерттеу пәніне ие дербес білім саласы ретінде қарастырылатын, ол педагогикалық тәжірибенің әсерінен дамиды, өзінің теориясы мен методологиясын қалыптастырған (әдіснамалық деңгейлерді) және өзіне тән әдістерді қолданатын, негізгі категориясы тәрбие, білім беру, оқыту болып табылатын ғылым. Ол адамзаттың жинақтаған тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдаушы мақсатты процесс пен өскелең ұрпақты өмірге, іс-әрекетке даярлаушы ғылым. Педагогика қоғамның тәрбиелік қызметін жүзеге асырумен байланысты ғылым.

Педагогика ғылымының нысандық ерекшелігі жөнінде батыл ой ұсынған А.С.Макаренко. Педагогтың пікірі: көпшілік педагогика нысаны бала деп біледі, алайда бұл дұрыс емес. Ғылыми педагогика зерттеулерінің объектісі – бұл «педагогикалық дерек (құбылыс)». Дегенмен, бала да, адам да зерттеуші назарынынан тыс қалмайды.

Керісінше, адам жөніндегі ғылымдардың бірі болғандықтан, педагогика аталған объектілердің тұлғалық дамуы мен қалыптасуына мақсатты бағдарланған саналы іс-әрекеттер аймағын зерттейді. Осыдан, педагогика өз нысаны ретінде тек өкілі (индивид) не оның психикасын қарастырмай (бұлар психология ғылымының объектісі), оның дамуына байланысты педагогикалық-тәрбие құбылыстар жүйесін зерттеуге алады. Сондықтан да педагогика нысаны деп қоғамның мақсатты бағдарланған іс-әрекеттері процесінде дара адам дамуына себепкер болған құбылыстарын айтамыз. Бұл құбылыстар педагогика ғылымында білім беру (образование) атауымен белгіленіп, педагогика шұғылданатын шынайы дүниенің бір бөлігін танытады.

Педагогиканың зерттейтін объектісі – бала, адам, жеке тұлға. Бала ғылыми танымдылықтағы біртұтас объект. Сол біртұтас объектіні, баланы зерттейтін ғылым – педагогика. Педагогика объектісі – педагогикалық іс-әрекет. Педагогиканың объектісі – саналы да мақсатты түрде жүзеге асырылатын процесс ретінде – тәрбие.

Педагогика пәні негізінен «тәрбие» категориясының көмегімен анықталады. Бүгінде нақты педагогиканың пәні анықталмағанымен көпшілік зерттеушілер оны адамзат жеке тұлғасының қалыптасу мен даму мәнін зерттеу және осы негізде арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс ретінде тәрбие теориясы мен әдістемесін жасау деп түсіндіреді.

Б.Т.Лихачев бойынша: «Педагогика пәні – нақты-тарихи тәрбие процесінің объективті заңдары». Педагогика пәні – индивидтің өткен ұрпақтардың әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оқу және оқудан тыс уақыт бірлігіндегі біртұтас педагогикалық процесс болып табылады. Педагогика пәні – адамдарға білім беру заңдылықтары, принциптері, формасы мен әдістері.

Педагогика ғылымының пәні – бала (адам), соның тәрбиесі, оқуы, үйренуі, дамуы, қалыптасуы. Педагогика пәні нақты тарихи тәрбие процесін оның объективтік заңдылықтарына, әлеуметтік қатынасына, өмірдегі қоғамдық тәрбие тәжірибесіне сүйене отырып, болашақ жас ұрпақтың даму, қалыптасуын зерттеу.

Педагогиканың зерттеу пәні – тәрбие, білім беру, оқыту, әлеуметтендіру және адамның шығармашылық өзін-өзі дамыту туралы тұтастай жүйе. Педагогиканың пәні – арнайы әлеуметтік мекемелерде (институттарда): отбасы, білім беру және мәдени-тәрбие

орындарында – мақсатты-бағдарлы ұйымдастырылған шынайы біртұтас процесс ретінде көрінетін жүйеленген білім саласы. *Педагогика пәні* – тәрбиелеу, оқыту, білім беру жағдайында жеке тұлғаны дамыту мен қалыптастыруға бағытталған *тұтас педагогикалық процесс*.

Педагогика ғылымының міндеттері педагогикалық мақсаттар арқылы анықталады. Олай болса, *педагогикалық мақсаттар* төмендегідей:

- 1) Нормативті (мемлекеттік) мақсаттар – өкіметтік құжаттарда анықталған жалпы мақсаттар. Олар мемлекеттегі білім беру мен экономиканың жағдайы туралы кең түрдегі мәлімет негізінде анықталады. Бұл мақсаттар кез келген педагог жұмысының негізгі бағыты.
- 2) Қоғамдық мақсаттар - әр түрлі топтардағы адамдардың қажеттілігі, қызығушылығы, қоғамдық көзқарасы түрінде қалыптасады;
- 3) Инициативалық мақсаттар – білім берушілер мен білім алушылар тарапынан анықталады;
- 4) Білімді, іскерлікті, дағдыны яғни, сана мен мінез-құлықты қалыптастырушы мақсаттар;
- 5) Ұйымдастырушылық мақсаттар – педагог тарапынан қойылады және оның басқару қызметі аймағына қатысты;
- 6) Әдістемелік мақсат – оқыту технологиясы мен оқудан тыс іс-әрекетті түрлендірумен байланысты;
- 7) Шығармашылық әрекетті қалыптастырушы мақсаттар – нышан, оқушылардың қызығушылығын дамыту ерекшеліктері, оларды жүзеге асыру.

Педагогика міндеттері екі типке бөлініп қарастырылады: *тұрақты және уақытша. Тұрақты міндеттер:*

1. Тәрбие, оқыту, білім беру аймағы мен білім беру, тәрбиелеу жүйесін басқару заңдылықтарын ашу міндеті. Педагогикадағы заңдылық – алдын-ала ойластырылып жасалған жағдайлар мен объективті (нақты) және жеткен жетістіктері тәрбиелілік пен білімділік болып табылатын жағдайлар арасындағы байланыс.
2. Жаңа әдістерді, құралдарды, формаларды, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа жүйесін табу міндеті.
3. Оқытудың болашағын болжау міндеті.
4. Зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу міндеті.

Педагогика ғылымының қажеттіліктері мен тәжірибе нәтижесінде туындайтын *уақытша міндеттер:*

- 1) Электрондық оқулықтар кітапханасын құру;
- 2) Педагогикалық біліктілік стандарттарын жасау;
- 3) Мұғалім жұмысындағы типтік стрессті анықтау;
- 4) «Қиын» балаларды оқытудың дидактикалық негізін жасау;
- 5) Педагогикалық шеберлік деңгейін диагностикалау;
- 6) Мұғалім-оқушы қарым-қатынасындағы типтік конфликтіні анализдеу.

Педагогиканың теориялық міндеттері үш деңгейде жүзеге асырылады:

- сипаттау немесе түсіндіру – озат әрі жаңашыл педагогикалық тәжірибені зерттеу;
- анықтау (диагностикалық) – педагогикалық құбылыс жағдайын, педагог пен оқушы іс-әрекеттерінің нәтижелілігі немесе тиімділігін және оларды қамтамасыз етуші шарттар мен себептерді айқындап алу;
- болжау (прогноздау) – барша педагогикалық жағдаяттарды табиғи тұтастық күйінде тәжірибелік зерттеуден өткізу және оның негізінде сол педагогикалық болмыстың жаңаланған моделін құрастыру.

Сонымен, педагогиканың зерттейтін мәселелері:

- жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасу заңдылықтары, мәні және олардың тәрбиеге әсері;
- тәрбие мақсатын анықтау;
- тәрбие мазмұнын ашу;
- тәрбие әдістерін зерттеу.

Педагогиканың құрылымы.

Жалпы педагогиканың құрылымы:

- Педагогиканың жалпы негіздері
- Тәрбие теориясы
- Дидактика (Оқыту теориясы)
- Мектептану

Педагогиканың жалпы негіздерінде қарастырылатын мәселелер: педагогика пәні, зерттеу объектісі, категориялары, салалары, пәнаралық байланыс, тұтас педагогикалық процесс, педагогика ғылымының пайда болуы, педагогика ғылымының категориялары, ұстаз мамандығының ерекшелігі т.б.

Тәрбие теориясының негізгі қарастыратын мәселелері: тәрбиенің мазмұны, процесі, формасы, құралдары, әдістері, түрлері,

парадигмалары, заңдылықтары, принциптері, тәрбие технологиялары және т.б.

Тәрбие теориясының негізгі ұғымдары: тәрбие, қалыптасу, әлеуметтену, тәрбие парадигмалары, тәрбие заңдылықтары, тәрбие принциптері, тәрбие түрлері, тәрбие мазмұны және т.б.

Дидактиканы оқыту және білім беру бөлімі деп те атайды. Дидактиканың қарастыратын негізгі мәселелері: оқытудың мазмұны, процесі, әдістері, түрлері, заңдылықтары, принциптері, оқытудың жаңа технологиялары, және т.б.

Дидактиканың негізгі ұғымдары: оқыту, білім беру, оқыту принциптері, білім берудің мазмұны, сабақ.

Мектептану – мектептегі басқару ісінің мазмұнын және әдісін, тәсілін зерттейтін, мектеп жұмысын ұйымдастыру жүйесінің ерекшеліктерін анықтап, саралайтын педагогиканың бір бөлімі.

Педагогика мен жоғары мектеп педагогикасының негізгі категориялары. Педагогикалық терминология – білім, тәрбие, оқыту теориясы мен практикасында қолданылатын кәсіптік сөздер жүйесі. Педагогикалық терминология белгілі ұғымды анықтауда мұғалімдерге жеңілдік туғызып, уақыт пен ой әрекетін үнемдеуге септігін тигізеді. Тәлім аппараты түсініктерін қалыптастыру педагогикалық құбылыстар мен мәнін ұғынуға себепші болады.

Ғылым тілін түсіну үшін категорияларды білу міндетті.

Педагогикада қолданылатын категориялар (ұғымдар)

Жалпы ғылыми: жүйе; құрылым; функция (қызмет); элемент; мақсат; іс-әрекет; жеке тұлға. Жеке ғылыми демек, педагогикамен тікелей байланыстағы ғылыми ұғымдар: даму; әлеуметтендіру; жеке даралық; оқу іс-әрекеті; үйрету; меңгерту; іскерлік. Арнайы педагогикалық категориялар: тәрбие, білім беру, оқыту.

Тәрбие – толысқан адамның қалыптасуы; қоғамдық-мәдени тәжірибені өскелең ұрпаққа тасымалдау. Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, зияттық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі. Оқыту – мақсатты түрде педагог тарапынан ұйымдастырылатын, оқытушы мен оқушы арасында жүретін, нәтижесінде – білім игерілетін екі жақты процесс.

Жоғары мектеп педагогикасының негізгі категориялары: тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық жүйе, педагогикалық процесс, педагогикалық іс-әрекет, ғылыми-зерттеу жұмысы, оқытушы және студент т.б.

Педагогикалық жүйе (грек. - «бөліктерден құралған, қосылған») - белгілі бір педагогикалық тұжырым және оны шынайы педагогикалық практикада жүзеге асыратын тәжірибені қамтитын кең педагогикалық ұғым; мектеп типтері, арнайы кәсіптік білім беру мекемесі (колледждер), ЖОО, мектептен тыс ұйымдарды, яғни оқытушымен оқушы арасында белгілі мақсатта қарым-қатынас жүзеге асатын жерлер. Педагогикалық жүйе – бұл көптеген құрылымдық және қызметтік компоненттердің өзара үйлесімділігінен тұратын және оларды бір мақсатқа жұмылдырған, яғни жеткіншектер мен ересек адамдарды оқыту мен тәрбиелеуді көздейтін жүйе.

Педагогикалық жүйенің қызметі мен қалыптасуының алғы шарттары:

1. Педагогикалық жүйе қоғамның белгілі бір топтарын (балаларды, жеткіншектерді, ересектерді) тәрбиелеу мен оқыту қажеттігі туындаған жағдайда ғана пайда болады.
2. Педагогикалық жүйе қоғамда айқындалған ақпараттық білім кеңістігін игере алатын топтар пайда болғанда ғана туындайды.
3. Педагогикалық жүйе белгілі бір білім алушылар мақсатына жететін педагогикалық әсердің құралдары, әдістері мен формалары табылған жағдайда ғана оларды игеру мүмкіндігінен туындайды.
4. Педагогикалық жүйені іске асыру үшін білім алушылардың белгілі бір тобы болуы тиіс.
5. Педагогикалық жүйеде білім алушыларға білім беретін, тиісті педагогикалық және психологиялық іліммен, олармен жұмыс істей алатын әдіс-тәсілдер негізін игерген, алдына мақсат қоя білетін педагогтар болуы қажет.
6. Педагогикалық жүйе, қоғамдағы белгілі бір топ өкілдерінің әлеуметтік сұранысын қанағаттандыруы қажет және бұл оның түрлі нәтижесі болуы тиіс.

Педагогикалық жүйенің негізгі 4 компоненттері: оқытушы, білім алушы, білім беру мазмұны, материалдық-техникалық база.

Педагогикалық жүйедегі оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарын жүзеге асыру процесі – педагогикалық процесс деп аталады. Педагогикалық процесс – арнайы ұйымдастырылған педагогтар мен тәрбиеленушілердің (педагогикалық әрекеттестік) бірлескен іс-әрекеті, ол мәдениеттілікті меңгеруден, еңбекке, қоғамдық өмірге оқытушының басшылығымен даярланудан тұрады. Педагогикалық процестің тұтастығы – «оқытушы-оқушы» мақсатының бірлігінде.

Педагогикалық процесс компоненттері: мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары, формасы, нәтижелері.

Педагогикалық процесс *оқытудан, тәрбиеден, дамудан* тұрады. Жоғарғы оқу орнында педагогикалық процеске аталғандармен қоса *ғылыми іс-әрекет* қосылады.

Педагогикалық ғылымдар жүйесі.

Педагогикалық ғылымдар жүйесі келесі салаларды қамтиды:

- ✓ Мектепке дейінгі педагогика
- ✓ Мектеп педагогикасы
- ✓ Кәсіби-техникалық білім беру педагогикасы
- ✓ Орта арнайы білім беру педагогикасы
- ✓ Жоғары мектеп педагогикасы
- ✓ Пәндерді оқыту әдістемесі
- ✓ Өндірістік педагогика
- ✓ Әлеуметтік педагогика
- ✓ Салыстырмалы педагогика
- ✓ Арнайы педагогика
- ✓ Әскери педагогика
- ✓ Педагогика тарихы
- ✓ Халық педагогикасы (Этнопедагогика)
- ✓ Коррекциялық педагогика
- ✓ Кәсіби педагогика
- ✓ Формальды емес білім беру педагогикасы – оқыту мен тәрбиелеудің формальды емес (дәстүрлі емес) әдістері мен тәсілдерін зерттейді;
- ✓ Ересектерге білім беру педагогикасы.

Мектепке дейінгі педагогика - мектепке дейінгі балалардың жеке тұлғасының даму мен қалыптасу заңдылықтары туралы ғылым. Мемлекеттік, мемлекеттік емес оқу-тәрбие мекемелеріндегі және көп балалы, толық, толық емес отбасылар, демек әр түрлі жағдайдағы мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудің теориялық негіздері мен технологияларын қарастырады.

Мектеп педагогикасы – мектептегі балалардың жеке тұлғасының даму мен қалыптасу заңдылықтары туралы ғылым.

Кәсіби педагогика – жеке тұлғаға кәсіп пен кәсіби біліктілік қалыптастыратын заңдылықтарды зерттейтін, әлеуметтік

сұранысты қанағаттандыратын педагогика ғылымының негізгі саласының бірі.

Өндірістік педагогика - жұмысшыларды оқыту заңдылықтарын; өнеркәсіптің жаңа құрал-жабдықтарына қайта бейімдеу; жұмысшылардың біліктілігін көтеру; жаңа мамандыққа қайта бейімдеуді қарастырады.

Кәсіби-техникалық білім беру педагогикасы - біліктілігі жоғары жұмысшыларды даярлау заңдылығын қарастырады.

Жоғары мектеп педагогикасы – ғылыми потенциал факторымен түсіндіріледі. Болашақ мамандарды жоғары біліктілігі бар мамандар даярлап шығарады.

Әлеуметтік педагогика пәні жеке тұлғаны немесе кейде әлеуметтік зардап шегіп реабилитацияны немесе емдеуді қажет ететін адамдар тобын оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен практикасы, оларды әлеуметтендіру. Тәлім-тәрбие мекемелерінде, сондай-ақ негізгі міндеті тәрбиелеу емес басқа да әр түрлі ұйымдарда барлық жастағы және әлеуметтік санаттардағы адамдардың әлеуметтік тәрбиеленуін зерттейтін ғылым. Әлеуметтік педагогиканың педагогикамен өзара байланысты категориялары: білім беру, оқыту, тәрбие, жеке тұлға, даму, іс-әрекет, қоғам, социум, әлеуметтік институт, әлеуметтену, әлеуметтік адаптация, әлеуметтік реабилитация; әлеуметтік педагогиканың жекелей категориялары: әлеуметтік оқыту, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет.

Салыстырмалы педагогика – әр түрлі мемлекеттердегі оқу-тәрбие жүйесінің жүзеге асырылу мен даму заңдылықтарының ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыра отырып зерттейді.

Арнайы педагогика (лат. *specialis* – род, вид) – дефектология (сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика), коррекциялық педагогика деп те аталады. Арнайы педагогика - дене және психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалар мен ересектерді оқыту мен тәрбиелеудің теориялық негіздерін, принциптерін, әдіс-тәсілдерін, құралдарын қарастырады.

Педагогика тарихы – адамзаттың жалпы ортақ тарихын, идеялар мен теориялардың динамикалық жүйесіне, сан қырлы трактаттардың мазмұнына арқау болған тәрбиеленуші адамды, білім беру мен тәрбие құрылымдары кіретін әлеуметтік институттардың тарихи дамуын, материалдық және рухани мәдениеттің генезисін, тәрбие мен оқытудың теориясы мен

тәжірибесінің өзіндік қалыптасуын қарастыратын ғылым саласы. Педагогика тарихының міндеті өткеннің тарихы мен қазіргінің болмысы арасындағы өзара байланыс пен қатынас туралы әдіснамалық қағидаларды меңгерту және саналы ой елегінен өткізу.

Этнопедагогика – «... педагогика ғылымдары жүйесінің бір бөлігі. Қазақ этнопедагогикасы – педагогика ғылымы мен этнография, қазақ философиясы, этнопсихология, этнос теориясы, педагогика тарихы, қазақ тарихы, фольклористика, этникалық мәдениет нысанасы, қазақ этностық тәрбие жүйесі болып табылатын мәдениеттану түйісер тұста қалыптасқан, біртұтас жүйелі білім беруге болатын, адам өмірінің өн бойында, отбасында және білім беру мекемелерінде жүзеге асырылатын дербес педагогикалық оқу пән (*Қожасметова К.Ж.*).

Педагогиканың пәнаралық сипаты.

- Философия
- Психология
- Мектеп гигиенасы
- Әлеуметтану
- Этнография мен этнология
- Адам анатомиясы мен физиологиясы
- Математика
- Кибернетика

Философия педагогикалық ғылымның фундаменті, әдіснамалық негізі болып табылады. Белгілі философиялық концепция кез-келген педагогикалық теорияның негізі. Философиялық ғылымдармен байланысы педагогикаға тәрбиенің мақсатын, жеке тұлғаның болмыстағы орнын, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын анықтауға көмектеседі. Педагогика философияның этика және эстетика сынды салаларымен тікелей байланыста;

Психология оқыту мен тәрбиелеудің нақты мәселелерін шешуге көмектеседі, педагогикалық әрекетке қажет балалардың жас және дербес ерекшеліктері туралы білім береді. Қазіргі педагогика адам мен техниканың байланысын зерттейтін инженерлік психологиямен тікелей байланыста. Осы саланың пайда болуы интенсивті компьютерлік оқытудың туындауына әкелді.

Мектеп гигиенасы оқу процесін ұйымдастыруда ескерілетін оқушы өміріндегі санитарлық-гигиеналық жағдайды зерттейді.

Әлеуметтану қоғамды күрделі жүйе ретінде қарастыра отырып, педагогикаға оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға қажетті көптеген материал береді. Бүгінде жалпы мәлімет пен социологиялық зерттеудің нәтижелерін тәрбиенің нақты міндеттерін шешуге айналдыратын *педагогикалық социология* деп аталатын жаңа ғылым пайда болған.

Этнография гректің «этнос» - халық, «графия» - жазу, үйрену деген екі сөзінен құралған. Өзінің мағынасы бойынша, этнография – халықтардың қоғамдық құрылыстарын, олардың арғы тектерін, өзара қарым-қатынастарын, заттай және рухани мәдениеттерін зерттейтін ғылым. *Этнография* - тарих ғылымының бір саласы болып, дүние жүзіндегі халықтардың қоғамдық тұрмысын және мәдениетін түбегейлі зерттейді. Бүгінде педагогиканың ерекше халықтың (этностың) тарихи өмір тәжірибелерін жүйеліп тұжырымдаған ұлттық тәлім-тәрбие туралы ғылымы, педагогика ғылымының ерекше саласы - *халық педагогикасы* жан-жақты дамуда.

Биологиялық ғылымдар педагогиканың жаратылыстану - ғылыми базасы ретінде қарастырылады. Мысалы, педагогика адамның жүйке-психикалық дамуы мен оның әрекетінің рефлекторлық табиғатын ашуда және т.б. орыс физиологтары И.М.Сеченов пен И.П.Павлов еңбектеріне сүйенеді.

Математика оқыту процесінде қолданылатын әдістердің дерек көзі.

Кибернетика педагогикадағы бағдарламалық оқытудың туындауына әкелген.

М.Жұмабаев педагогика ғылымының басқа ғылым салаларымен байланысы туралы былай деген:

«Педагогика адамның денесін һәм жанын дұрыс тәрбия қылу жолдарын үйрететін фән болғандықтан, педагогика фәнімен дұрыс пайдалана білу үшін, екінші түрлі айтқанда, адамды дұрыс тәрбия қыла білу үшін адамның денесі һәм жанының жайын кеңес қылатын басқа фәндермен таныс болуға тиісті. Бұл фәндер төмендегілер.

Дене туралы фәндер:

Анатомия. Адам денесінің құрылысын баяндайды (денеде қандай мүшелер бар, жаратылысы қандай).

Физиология. Адам денесінде болатын көріністерді баяндайды (қан жүру, дем алу сықылды).

Гигиена. Саулықты сақтау фәні.

Гимнастика. Саулықты бекіту үшін түрлі дене қозғалысы туралы фән.

Жан туралы фәндер:

Психология. Адамның жанының жайын, жан тұрмысын, жан көріністерін, жан күштерін, ақыл, қайрат, көңілдің жайын баяндайтын фән.

Логика. Дұрыс ойлау жолдарын көрсететін фән.

Этика. Құлық туралы фән» («Педагогика» М.Жұмабаев, Алматы, 1993).

Пысықтау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Ғылыми айналымдағы педагогика ғылымы, оның пәні, нысаны туралы пікірлермен таныса отырып осы ғылым туралы өзіңіздің ой-тұжырымыңызды жасаңыз.
2. Педагогика мен жоғары мектеп педагогикасының зерттеу объектісін анықтаңыз.
3. Жоғары мектеп педагогикасының мақсат-міндеттерін атаңыз.
4. Жоғары педагогикалық білімнің адамзатқа қажеттілігін дәлелдеңіз.
5. «Тәрбие», «оқыту», «білім беру», «педагогикалық жүйе», «педагогикалық процесс» ұғымдарының өзара байланысын ажыратыңыз.
6. Жоғары мектеп педагогикасының ғылыми жүйесін нақтылаңыз. Жоғары мектеп педагогикасының салаларын атаңыз.

Негізгі әдебиеттер

1. Лихачев Б.Т. Педагогика. М., 2000.
2. Педагогика. Лекциялар курсы. Алматы, Абай атындағы АлМУ, 2003.
3. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика.- М.: «Академия», 2004.
4. Журавлев ЕМ. Педагогика в системе наук о человеке. - М., 1990.

Қосымша әдебиеттер

1. Подласый И. П. Педагогика. Кн.1,2. М., 2000
2. Педагогика. /Под ред. П.И. Пидкасистого. М., 1998
3. Педагогика. Н.В.Бордовская, А.А.Реан. Учебник для вузов. - СПб: Издательство «Питер», 2000.
4. Жұмабаев М. Педагогика. А., 1992.

Тақырыбы: ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘДІСНАМАСЫ

Жоспар

1. Педагогика ғылымының әдіснамасы туралы түсінік
2. Әдіснама деңгейлері
3. «Педагогикалық теория» анықтамасы
4. Педагогикалық зерттеу әдістері
5. Педагогикалық зерттеу кезеңдері мен құрылымы

Педагогика ғылымының әдіснамасы туралы түсінік. Методология (грек. *methodos* – зерттеу жолы немесе таным, теория, оқу және *logos* – сөз, түсінік): 1) теориялық және практикалық әрекетті ұйымдастыру мен құру принциптері мен тәсілдері жүйесі; 2) танымның ғылыми әдістері туралы ілім, білім; 3) белгілі бір ғылымда қолданылатын әдістер жиынтығы (Философиялық энциклопедиялық сөздік). Педагогикада методология принциптер, әдістер, таным формасы мен процедурасы және педагогикалық ақиқаттың шындалуы туралы ілім деп анықталады (П.И.Пидкасистый). Педагогиканың методологиясы педагогикалық құбылыстар мен процестерді зерттейді. Ол педагогикалық теория тұрғысынан негізгі білімдер мен құрылымдарды бір жүйеге келтіреді. Сонымен методология (әдіснама) теориялық жүйе туралы ғылым мен ілім болып табылады.

Педагогика ғылымының әдіснамасы: біріншіден, ғылымның жалпы әдіснамасынан туындайды; екіншіден, қоғамдық ғылыми жүйенің даму тенденциясын оқып үйренумен және зерттеумен байланысты туындайды; үшіншіден, педагогикалық құбылыстардың жағдайлары туралы теориялық қағидалармен, олардың зерттеу әдістерін қарастырады; төртіншіден, жаңадан алынған білімдерді тәрбие, оқыту, білім беру тәжірибесіне енгізумен анықталады.

• Педагогика ғылымының құрылымы

I. Гносеологиялық

II. Дүниетанымдық

III. Ғылыми-мазмұндық

IV. Қисынды-логикалық: Педагогиканың әдістері; Педагогикалық теориялық: Педагогикалық болжамдар; Ғылыми деректер (фактілер); Педагогикадағы қалыптасқан ережелер

Педагогиканың әдіснамалық деңгейлері:

1 деңгей *гносеологиялық*, педагогикалық құбылыстар мен

процестерді анализдеуде жалпы ғылыми бағыттарды дұрыс құру мүмкіндігін береді;

2 деңгей *көзқарастық*, баланың жеке тұлғасының қалыптасу және даму факторын, білім беруді, оқыту мен тәрбиелеуді және педагогикалық іс-әрекетті қоғамдық құбылыс ретінде қарастырады;

3 деңгей *ғылыми-мазмұндық*, педагогика ғылымының заңдарын, заңдылықтарын, адамдарды оқыту мен тәрбиелеу теориясы мен әдістемесін дұрыс құруға көмектеседі.

4 деңгей - *логико-гносеологиялық*, педагогика пәнін, объектісін, категориясын дұрыс анықтау мен дамытуға мүмкіндік береді; педагогикалық теория мен педагогикалық практиканың өзара байланысын анықтайды, педагогиканың басқа ғылым салаларымен байланысын, фундаментальды және қолданбалы зерттеудің ережелерін қалыптастыруға көмектеседі; педагогиканың дамуын болжайды.

Әдіснамалық білімдер құрылымын ғалым *Э.Г.Юдин* төрт деңгейге бөліп түсіндіреді, демек бүгінде педагогикада методологияның 4 кезеңі қабылданған: *философиялық деңгей* - экзистенциализм, неотомизм, позитивизм, неопозитивизм, прагматизм, диалектикалық материализм; *жалпы ғылымдық әдіснама* - көптеген ғылым салаларында қолданыстағы ғылыми концепциялар; *нақты ғылымдық әдіснама* – нақты ғылым саласындағы теориялық концепциялар; *технологиялық әдіснама* - зерттеу методикасы мен техникасы.

Педагогика ғылымы әдіснамасын жүзеге асыру сфералары

Ғылыми-педагогикалық білім беру жүйесі:

- Педагогика пәні, қызметі мен міндеттері;
- Педагогиканың адам туралы ғылым жүйесіндегі орны;
- Педагогикалық пәндердің жалпы және арнайы міндеттері;
- Педагогиканың басқа ғылым салаларымен байланысы;
- Педагогиканың ұғымдық-терминологиялық жүйесі.

Педагогикалық құбылыстарды ғылыми тану процесі:

- Зерттеу әдістерін таңдау мәселелері;
- Зерттеу әдістерінің өзара байланысы мен ерекшеліктері;
- Мазмұндық және формальдық әдістердің сандық және сапалық сипаттарының өзара байланысы;
- Зерттеудің эмпирикалық және теориялық деңгейлері;
- Болжаудың методологиялық мәселелері.

Практика – педагогикалық білімді жүзеге асыру сферасы ретінде:

- Тәрбие процесінің мәнін, заңдарын, заңдылықтарын зерттеу;
- Тәрбие мақсатын, міндетін, мазмұнын анықтау;
- Жеке тұлғаны қалыптастыру факторларын зерттеу және салыстыру;
- Тәрбие процесін ұйымдастыру принциптерін, формаларын, әдіс пен құралдарын әзірлеу мен жүзеге асыру.

«Педагогикалық теория» анықтамасы. Педагогикалық теория педагогикалық практиканы саралау негізінде педагогикалық гипотезалар ұсынуға, алынған ғылыми фактілерді тексеруге, қабылданған ережелерді қалыптастыруға, нәтижесінде педагогика ғылымының дұрыс та, жан-жақты дамуына әсер етеді.

Әдіснама, әдіс пен теория әрқашан бір-бірімен тығыз байланысты. Теория – таным процесінің нәтижесі, ал әдіснама болса осы танымға жету мен оны құру тәсілі болып табылады. Бұл – теориялық және практикалық ғылыми-танымдық іс әрекетті ұйымдастыру мен құрастырудың негізі мен тәсілдер жүйесі, бұл – осы жүйені тану жолы. Таным теориясы тұтас таным іс әрекеті процесін және ең алдымен оның мазмұндық негізін зерттейді. Әдіснама шынайы және практикалық түрде тиімді білімге жетудің әдістерімен жолдарына көп көңіл бөледі, осы білімді дамытудың тәсілдерін іздестіреді. Кез-келген әдіснамалық мәселелерді шешу белгілі бір гносеологиялық принциптер негізінде құралған бастапқы әдіснамалық тұжырымда жүзеге асады. Адамның танымдық іс әрекетінің жалпы заңдылықтарын, оның даму заңдарын қалыптастыру философия ғылымының мәселесі. Демек, әдіснамалық тұжырымдар ғылымның философиялық негіздерімен психология ғылымының зерттейтін саласының жетістіктеріне байланысты ажыратылады.

Теориялық білім, сөздің жалпы мағынасында - белгілі бір психологиялық құбылысты талқылауға, қолдануға және түсіндіруге бағытталған ғылыми көзқарастар, түсініктер, идеялар жиынтығы. Ал тар және арнайы мағынасында - психологиялық құбылыстардың заңдылықтары мен байланыстары туралы тұтас түсінік беретін ғылыми білімді ұйымдастыру формасы. Теория өзара байланысты білімдер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар, ол - осы білімдердің белгілі бір зерттеу бағдарламасы түрінде құралуының механизмі. Теориялық білім зерттеушіге оның не нәрсені біле

алатынын көрсетсе, практикалық білім оны не істеу керектігіне бағыттайды.

Педагогикалық теория (грек. - «бақылау, зерттеу») – педагогикалық тәжірибенің, практиканың, тәрбиенің, оқытудың, білімнің логикалық жиыны; педагогикалық ойлар жүйесі; заңдылықтың ғылыми түсіндірмесі және мақсат, міндет, мазмұнның негіздемесі, педагогикалық қызметті іске асыру әдістері.

Педагогикалық зерттеу әдістері. *Ғылыми-педагогикалық зерттеу* – педагогикалық жаңа білімдердің қалыптасу процесі, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың объективтік заңдылықтарын ашуға бағытталған танымдық іс-әрекет түрі. *Педагогика саласындағы зерттеулер* – білім заңдылықтары, оның құрылымы мен механизмдері, мазмұны мен принциптері, технологиясы жөнінде жаңа мәліметтерді алуға бағытталған ғылыми ізденіс және оның нәтижесі. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер зерттеу әдістерінсіз жүзеге асырылмайтындықтан педагогикалық зерттеу әдістеріне тоқталайық.

Әдіс (грек. *metodos* – зерттеу немесе таным, теория, оқыту жолы) – таным жолы; ғылыми білімді құру тәсілі және негіздеу; ғылым пәнін анықтауға ықпал етуші тәсіл. *Әдіс* - күрделі таным тәртіптері, ал олар болса зерттеудің таным операцияларының іске асуының белгілі бір тәртібін белгілейтін әр түрлі әдіс-тәсілдерінің жиынтығынан тұрады.

Әдіс - ойға алған бір істі жүзеге асырудың тәсілдер жиынтығы. Бұны «метод» немесе «методика» деп те атайды. «*Метод*» грек тілінен аударғанда, белгілі бір іс-әрекеттің тәсілі дегенді білдіреді. Ал тәсіл дегеніміз - әдістің құрамдас бөлігі ретінде белгілі бір іс-шараны жүзеге асырудың реті, қимыл-қарекет немесе іскерлік.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде әдіске: «1. Адам баласының қызметінің белгілі салаларында қолданылатын әр түрлі амал, тәсіл, айла. 2. Қоғам өмірі мен табиғат құбылыстарын зерттеудің, танып білудің методы, жолы» сынды анықтама берілсе, *А.Байтұрсынов:* «Әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес. Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтылықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу. Әдіс керектіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болуы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Мәселен, бір жұрттың сауаттану ісіне қолайлы әдіс басқа жұртқа да қолайлы болуға тиіс деп қарауға болмайды. Екі тілдің заңы, емле жүйесі бірдей болса, қолайлы болуы мүмкін. Ал әр

тілдің заңы, емлесі немесе әріп жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған оқыту әдісі, екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды» - деген.

Зерттеу әдісі дегеніміз күрделі таным тәртіптері, ал олар болса зерттеудің таным операцияларының іске асуының белгілі бір тәртібін белгілейтін әр түрлі әдіс-тәсілдерінің жиынтығынан тұрады. Әдісті құрайтын тәсілдер зерттеу тәртібінің феноменологиялық суреттемесін, оның құрамындағы элементтердің эмпирикалық бөлінуін, эмпирияның зерттеу объектісі мен оның психологиялық-педагогикалық сипаттарын жүйелі түрде түсіну мақсатында зерттеу элементтерінің құрылымдық-қызметтік анализін қамтамасыз ететін анализ бірліктеріне әдістемелік бөлінуін қамтамасыз етулері қажет.

Зерттеу әдістері әр ғылымның дамуының басты құрамды бөлігі болып табылады. Педагогикалық ғылым мен тұтас педагогикалық білімнің дамуы педагогикалық зерттеу әдістерінің даму деңгейіне байланысты. Ғылыми нәтижелердің анықтығы алғашқы ақпараттарды алудың жолдары мен тәсілдеріне және зерттеу әдістерінің сенімділігіне байланысты. Кез-келген педагогикалық зерттеу белгілі ғылыми білімдерді дәлелдеу емес, ол - жаңа білім көздерін табу процесі. Ол адамның зерттеу объектісі, заттары мен құбылыстарының мәнін ашуға бағытталған жан-жақты танымдық іс-әрекетінің бір түрі.

Педагогикалық зерттеу әдістері – оқытудың, тәрбиелеу мен дамытудың объективті заңдылықтарын танып білудегі амалдар мен тәсілдер жиынтығы, педагогикалық жағдайлар мен процестерді зерттеу жолдары мен тәсілдері. Ғылыми деректерде педагогикалық зерттеу әдістері мына тұрғыда жүйеленген (Кесте -1).

Ғылыми әдістер *эмпирикалық және теориялық әдістер* болып бөлінеді.

Эмпирикалық әдістерге төмендегілер жатқызылған:

- 1) бақылау – объективті шынайылықты арнайы түрде қабылдау;
- 2) суреттеу – объектілер туралы мәліметті табиғи және жасанды тілдің көмегімен бекіту;
- 3) өлшеу - объектілерді ұқсас қасиеттері немесе белгілері бойынша салыстыру;

Кесте 1 - Педагогикалық зерттеу әдістері

Жалпы ғылыми әдістер	Нақты ғылыми әдістер	
	Теориялық әдістер	Эмпирикалық әдістер
<p><i>Жалпы теориялық</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Абстракция және нақтылау; • Анализ және синтез; • Салыстыру; • Қарама-қарсы қою; • Индукция және дедукция. <p><i>Социологиялық</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Анкета; • Интервью; • Эксперттік сұрақ; • Рейтинг <p><i>Әлеуметтік-психологиялық</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Социометрия; • Тестілеу: <ul style="list-style-type: none"> - оқушылардың оқу үлгерімін анықтауға арналған тестер; - кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестер; - ақыл-ой денгейін анықтауға арналған тестер; • Шығармашылықты анықтауға арналған тестер. • Тренинг <p><i>Математикалық</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Ранждеу (алынған мәліметтерді белгілі бір жүйеде орналастыру, зерттеу объектісінің осы қатардағы орнын анықтау); • Шкалалау (ұлай беру немесе сандық көрсеткішті анықтау); • Модельдеу (модельдерді құру және зерттеуді тұтастай қабылдату); • Индекстеу; • Корреляция; • Графикалық кесте 	<ul style="list-style-type: none"> • Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді, архив материалдарын, мектептегі құжаттарды (сыншп журналы, оқушылардың оқу үлгерімі туралы ведомостар) және оқушылардың іс-әрекет нәтижелерін зерттеу; Озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу; • Ұғымдық-терминологиялық жүйені анализдеу; • Ұқсастық; • Гипотеза (болжам) құру; • «Ойдағы» эксперимент (тәжірибелік әрекет пен операцияларды ойда жүзеге асыру); • Модельдеу 	<ul style="list-style-type: none"> • мәліметтерді жинақтау • педагогикалық бақылау <ul style="list-style-type: none"> - күрделі бақылау; - тікелей бақылау; - жанама бақылау; - ашық бақылау; - жабық бақылау; - үздіксіз бақылау; - монографиялық бақылау. • сауалнама әдістері <ul style="list-style-type: none"> - әңгімелесу (жаңа білімді өтуде; білім бекіту мақсатында – арнаулы ауызша • сұрақтар қою білімді тексеру және бағалау үшін қолданылады). Жаңа білімді хабарлауда оқушыны индуктивтік жолмен (яғни белгілі немесе бақылаудағы жалқы құбылыстарды, бірлі-жарымды мысалдардан жалпы қорытындылар шығару) немесе дедуктивтік жолмен (балаларға хабарланатын жалпы жағдайдан жалқы оқиғаларға) алып жүруі мүмкін. • Педагогикалық консилиум; • Жаппай және дербес педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және жалпылау; Педагогикалық эксперимент (глобальдық, локальдық және микроэксперимент, табиғи және лабораториялық), педагогикалық эксперимент, <ul style="list-style-type: none"> - бақылау эксперименті, • Ғылыми-педагогикалық экспедиция.

4) тәжірибе жасау – құбылыс қайталанған кезде қажетті жағдайлар қайталанғанына байланысты өзгерістерді арнаулы дайындалған орындар арқылы бақылау.

Зерттеулердің *теориялық деңгейіндегі* ғылыми әдістерге төмендегілер жатқызылады:

1) формаландыру - зерттеліп отырған шынайы процестердің мағынасын ашатын абстрактылы-математикалық модельдер құру;

2) аксиомаландыру – дәлелдеуді керек етпейтін аксиомалар, яғни дәлелдеуді қажет етпейтін тұжырымдардың негізінде теория құру;

3) гипотетикалық - дедуктивтік әдіс – нәтижесінде эмпирикалық фактілер тұжырымдалатын бір-бірімен, дедуктивті байланыста болатын гипотезалардың жүйесін жасау.

Зерттеу әдістерінің классификациясы аса күрделі мәселе болғанның өзінде де, дәстүрлі түрде оларды үш топқа: *жалпы ғылыми, интерғылыми және жеке ғылыми әдістерге* бөлу қабылданған. *Жалпы ғылыми әдістер* барлық ғылым салаларына тән және оларды біріктіретін зерттеу объектісінде пайдаланылатын логикалық әдістерді, яғни: бақылау мен тәжірибе, анализ бен синтез, жорамал мен гипотеза, индукция мен дедукция, аналогия, классификация мен систематизация, генетикалық әдіс, т.б. біріктіреді. *Интерғылыми әдістерге* – экстрополяция, интерполяция, модельдеу, ретроспекция, эксперттік бағалау, т.б. жатады. Жеке ғылыми әдістердің көптеген ғылыми топтары бар.

Жалпы ғылыми әдістер ішінде төмендегілерді бөліп көрсетуге болады:

- анализ – жан-жақты зерттеу мақсатында бүтін бір затты құрамдас бөліктерге (жақтарына, белгілеріне, қасиеттеріне және т.б.) бөлу;

- синтез – заттың құрамдас бөліктерін біртұтас затқа біріктіру;

- абстракциялау - зерттеліп отырған құбылыстың қажетті емес қасиеттері мен қарым-қатынастарынан зерттеуге керек қасиеттері мен қарым-қатынастарын бөліп алу;

- жалпылау – объектілердің жалпы белгілері мен қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін ойлау әдісі;

- индукция – жеке қорытулар негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін зертеу мен талқылау әдісі;

- дедукция – жалпы тұжырымнан жеке тұжырым жасауға мүмкіндік беретін талқылау әдісі;

- аналогия – объектілердің бірдей белгілерінің ұқсастығы негізінде олардың ұқсастығы туралы айтуға үмкіндік беретін таным әдісі.

- классификация - зерттелетін пәннің зерттеушіге қажетті маңызды белгілері бойынша түрлі топтарға бөлу (әсіресе, биология, геология, география, кристаллография, т.б. ғылымдардың түрлі бөлімдері).

Зерттеу процесі барысында төмендегідей *интерғылыми әдістер* қолданылады:

- экстрополяция – ойдың дамуы немесе белгілі бір тарихи кезеңдегі тенденциялардың ашылуы, яғни жасалған заңдар мен тұжырымдардың бақылау аймағынан басқа аймаққа ауысуы;

- интерполяция - құбылыстардың динамикалық қатарында көрінбейтін, бірақ осы қатар мүшелерінің арақатынасын ашу негізінде параметрлерді, функцияларды, көрсеткіштерді табу;

- модельдеу – шынайы түрде бар процестер мен құбылыстардың логикалық, информациялық және графикалық құрылымын жасау, яғни объектілерді жеңілдетілген түрінде бейнелеу; модельдеу – түп нұсқаның зерттеушіні қызықтыратын қажетті жақтарының дәлме-дәл көшірмесін түсіру арқылы зерттеу;

- ретроспекция - объектінің жүйелі түрдегі сипаттамасын алу үшін зерттеу объектісінің тарихи дамуын зерттеу, яғни оның әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі дамуының динамикалық қатарын зерттеу;

- эксперттік бағалау - эксперттің немесе эксперттердің тұжырымдары мен ойлары.

Жоғарыда айтылып өткен әдістердің немесе тәсілдердің ешқайсысы да, дара түрде зерттеудің негізділігін, дәлділігі мен дәйектілігін қажетті деңгейде қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті зерттеуде жоғары нәтижеге жету үшін олардың бірнеше түрінің жиынтығын пайдалану ғана тиімді бола алады.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу объектілері: педагогикалық жүйелер, құбылыстар, процестер (білім беру, тәрбие, жеке тұлғаны, ұжымды қалыптастыру); пәні: педагогикалық объектінің нақты аймағында шешімін табуды қажет ететін элементтер, байланыстар, қатынастар бірлігі.

Педагогикалық зерттеулер *классификациясы*: *Теориялық*: бұрынырақ ашылған фактілерді түсіндіруге және олардың болашақтағы дамуын болжауға мүмкіндік беретін, негізгі және жаңа педагогикалық заңдылықтар ұсынылып қалыптастырылады;

Фундаментальды - тәрбие процесінің заңдылықтарын ашады, ғылыми білімді тереңдетуге бағытталған, ғылымның методологиясын дамытады, оның жаңа аймақтарын анықтайды, мұнда практикалық мақсат көзделмейді; *Қолданбалы* – тәрбие мен білім беру мазмұнын қалыптастыруда, педагогикалық технологияларды жасауда, жүзеге асыруда жекелей теориялық және практикалық міндеттерді шешеді; ғылым мен практиканы, фундаментальды зерттеу мен әзірлемелерді байланыстырады. *Эмпирикалық*: педагогика ғылымында жаңа фактілердің белгіленуі. *Эксперименталдық*: қолданбалы; *әдістемелік әзірлемелер* – тәжірибелік және теориялық зерттеулер негізінде педагогикалық құбылыстарды зерттеудің жалпы қағидалары мен әдістері, теория құрылымы қарастырылады. Бағдарламаларды, оқулықтарды, оқу құралдарын; тәрбие мен оқытуда педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру мен басқару бойынша инструктивті-әдістемелік нұсқауларды әзірлеу.

Педагогикалық зерттеу кезеңдері мен құрылымы.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу құрылымы мен логикасы

1. Проблеманың (мәселенің) жағдайын зерттеу. Проблеманы қоя білу, зерттеу өзектілігін негіздеу; объектісі мен пәнін, тақырыбын анықтау.
2. Кеңінен таралған зерттеу концепциясын (методологияны) нақтылау немесе құру.
3. Дәлелдеуге қажетті зерттеу болжамын жасау.
4. Зерттеу жоспарын құру.
 - Зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтау;
 - Эксперимент жоспарын анықтау;
 - Зерттеу әдістері мен әдістемелерін тандау;
 - Мәліметті өңдеуде қолданылатын математикалық әдістерді және т.б. анықтау.
5. Мәлімет жинақтау және фактілер бойынша жазу.
6. Нәтижені (мәліметті) өңдеу.
7. Гипотезаның дәлдігін нәтиже бойынша бағалау, зерттеу концепциясы шеңберінде нәтижені интерпретациялау (талдау беру, түсіндіру).
8. Алынған нәтижені ғылымдағы концепция және теориялармен байланыстыру. Жалпы қорытынды жасау. Проблеманың перспективасын бағалау. Практикалық ұсыныстар ұсыну.

Проблема (грек. Problema – міндет, тапсырмалар) шешімін табуды, зерттеуді қажет ететін теориялық және практикалық сұрақ. Педагогикалық зерттеу проблемасы адамдардың білім беру мен оқыту саласындағы білімге қажеттілік пен осы қажеттілікті қанағатандыру жолдары, әдістері, құралдары туралы білімнің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықты бейнелейді.

Тақырып – (грек. thema – пән мазмұны, зерттеу, талқылау) зерттеу проблемасының қысқаша түрде берілуі.

Мақсаты:

- Білім берудің белгілі бағытына сәйкес теориялық және практикалық білімді жүйелеу, бекіту, кеңейту және осы білімді ғылыми және өнеркәсіптік міндеттерді шешуде қолдану дағдыларын қалыптастыру;

- теориялық, тәжірибелік және ғылыми-практикалық зерттеулердің әдістемелерін игеру және өздік жұмыспен айналысу дағдысын дамыту;

- зерттеу барысында алынған нәтижелерді жүйелеу тәжірибесін қалыптастыру, қорытындылау және көпшілік алдында қорғау.

Мақсаты – зерттеу барысында алынуға тиіс нәтиже.

Ғылыми-зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбын таңдау;
2. Тақырып бойынша әдебиеттерді оқу және таңдау;
3. Жұмыстың кеңейтілген жоспарын құру;
4. Психология-педагогикалық зерттеулердің аппаратын анықтау (таңдалған тақырыптың өзектілігі, нысаны, пәні, мақсаты, тапсырмалары және зерттеулердің гипотезасы);
6. Қаралатын мәселелердің психологиялық-педагогикалық аспектісін оқып үйрену;
7. Зерттеу пәнінің психологиялық-педагогикалық сипаттамасын жасау үшін тәжірибеде диагностикалық әдістемелерді таңдау және нақтылау;
8. Қарастырылатын мәселелердің педагогикалық аспектілерін оқып үйрену;
9. Берілген жұмыста нақты педагогикалық тапсырмаларды шешуде психологияның теориялық жағдайын қолданып, жұмыстың педагогикалық және психологиялық бөлімдерін логикалық байланыстыру;
10. Алынған нәтижелерді толығымен сипаттай отырып, ҒЗЖ бойынша жалпы қорытынды жасау.

Ғылыми-зерттеу жұмысының мазмұны кіріспе бөлімін, реттік нөмірлер және барлық тараулардың атауларын, тараушаларды, қорытындыны, пайдаланылған әдебиеттер тізімін, беттердің нөмірлері көрсетілген қосымшаларды қамтиды.

Кіріспе бөлімде өзекті мәселелер, ғылыми жаңашылдығын және практикалық маңыздылығын, қазіргі ғылыми мәселелерді шешу, ахуалын бағалаудан, сонымен қатар жұмыстың мақсаты, міндеттерін зерттелу объектісін, берілген теориялық және әдіснамалық негіздері мен ҒЗЖ жазылуының практикалық базасын құрайды. Кіріспеде педагогикалық зерттеулердің *ғылыми-зерттеу аппараты беріледі*: зерттелетін мәселелердің *өзектілігі, нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, зерттеу болжамы, зерттеу әдістері, зерттеу көздері.*

Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің *өзектілігі* зерттеу мәселесінің қоғам үшін, тәрбиеленуші үшін мағыналылығымен бағаланады, ғылыми ойға деген сұраныстың дәрежесімен сипатталады. Мұнда зерттеуші *«Неліктен таңдалып алынған мәселені меңгеру қажет?»* - сұрағына жауап береді. Зерттеу өзектілігі кәсіптік білім берудің даму деңгейімен; елдегі экономикалық жағдайлармен; мемлекеттің ғылыми потенциалымен; қазіргі уақытта қойылып және шешіліп отырылған оқыту, білім беру, тәрбиелеу мәселелерімен тығыз байланысты. Зерттеу *өзектілігінің* негізі кейінге қалдырылмайтын шешімдерді талап ететін қоғамдық мағыналы мәселелер, әлеуметтік тапсырыстар болып табылады.

Зерттеу объектісі (нысаны). «Зерттеу жұмысы өзінің зерттеу объектісі мен құралы анықталғаннан соң барып басталады» (Ю.К.Бабанский). Объектіні анықтар алдында мынадай сұраққа жауап берілу керек: «объектіде не зерттеледі?»

Зерттеу пәні – нысан бөлшегі, яғни бұл түбегейлі зерттеуді қажет ететін нысанның теориялық және практикалық тұрғыдан өте маңызды сапа-қасиеттері.

Жұмыстың *мақсатын* анықтауда зерттеуші зерттеу нәтижесінде неге қол жеткіземін және зерттеудің (ғылыми ізденістің) соңғы нәтижесі не болады деген сұраққа жауап беруі тиіс. Зерттеу мақсатына: педагогикалық-психологиялық, ұйымдық, әлеуметтік және т.б. шарттардың теориялық негізі; объектінің немесе құралдың әдістемелік немесе алгоритмдік өңделуі; педагогикалық құбылыстардың моделдерінің пайда болуы және сынақтан өтуі; зерттеу құралына немесе объектіге әсер ететін

факторлар негізі; белгілі бір педагогикалық құбылыстың ашылуы; зерттеу объектісінің немесе құралының дамуы және құрылуы бойынша берілген нұсқауды өңдеу және т.б.

Зерттеу міндеттері алға қойылған жұмыс мақсатына сәйкес құрастырылады және ол нақты кезеңге жетудің көрсеткіші болып табылады. Зерттеу міндеттеріне: зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау және оны меңгеру; меңгеретін жұмыстың теориялық жағының көрінуі; меңгеретін құбылысты психологиялық әдістеменің көмегімен зерттеу; педагогикалық процесте меңгерілетін құбылыстың тәсілдері (құралдары, әдістері, формалары) және мәселе бойынша педагогикалық әдебиеттерге анализ жасау; жұмыс мақсатына қол жеткізуге бағытталған қозғалыстар енеді.

Ғылымға сүйеніп жасалған, алдын-ала айтылған ой – *гипотеза* (болжам) деп аталады. Болжам (гипотеза) – құбылыстардың өмір сүру себептерінің шындығын, қасиеттерін түсіндіру мақсатында алға қойған, негізделген жорамалды көрсететін ғылыми білімнің даму түрі.

Ғылыми болжам (гипотеза – грек. hypothesis – основание, предположение) – тәжірибеде әзірге белгісіз құбылыстар туралы немесе келешекте белгілі бір жағдайда пайда болатындай мүмкіндігі бар оқиғалар мен құбылыстар туралы ғылыми болжам, білім. Ғылыми болжамның мүмкіндігі – оның ғылыми негізділігі мен өзара заңдылығында, өзара тәуелділігінде. Кез-келген объективтік процестің дамуын болжау үшін ғалым (зерттеуші) сол процестің мәнді байланыстарын бейнелейтін теорияларға сүйенеді. Гипотеза тәжірибеден, интуициядан, зерттеу талабының дамуынан туындайды.

Болжау теориялық және тәжірибелік тексеруді қажет етеді. Ғылыми болжамның екі түрі бар: *біріншісі* – табиғатта бар нәрсе болғанымен, тәжірибеде белгісіз; *екіншісі* – табиғатта, тіршілікте әлі болмағанымен, келешекте пайда болатын жағдайлар, оқиғалар, құбылыстар туралы болжамдар. Құрылу әдісіне қарай болжамдар *индукциялық* және *дедукциялық* болып бөлінеді.

Гипотезаға қойылатын талаптар:

1. Фактіге сәйкестік;
2. Тексеру мүмкіндігі;
3. Құбылысты мүмкіндігінше кеңірек қолдануды ұсыну;
4. Мүмкіншілік жағдайлары.

Кез келген гипотезаны дұрыс құрастыру үшін ол ең алдымен нақты болуы керек. Оның нақтылығына зерттеу тапсырмалары және мақсаты, оның тереңдігі жатады. Әрине, зерттеу гипотезасын құрастырмас бұрын ғылыми жұмыстың авторы мәселені жан-жақты қарастыруы, негізгі әдебиеттермен танысуы, мектептегі оқу-тәрбие процесін меңгеруі қажет. Кез келген педагогикалық зерттеуде гипотезаның тәжірибелі түрде тексеруге мүмкіндігі болуы керек.

Болжам арқылы білімді дамытудың екі кезеңі бар: *болжамды құру және тексеру*. Болжамды құру алғашқы берілгендерді табу және сұрыптау негізінде жүреді. Талдау-сұрыптау тұрғысынан қарау ғылым заңдарымен сәйкес келетін және белгілі құбылыстарды тек түсіндіру ғана емес, жаңа құбылыстарды алдын ала белгілеуге болатын ең дұрыс негізінде жорамал жасауға мүмкіндік береді.

Болжамды тексеру жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындылары жолымен жүзеге асырылады. Осының арқасында болжам мақсатқа бағытты ғылыми ізденіс құралы, ғылыми зерттеулерді ұтымды ұйымдастырудың методологиялық негізі ретінде көрінеді. Болжамның негізгі қорытындысында белгілі бір шарт бойынша зерттелетін процестің жақсаруы туралы қорытынды бірнеше факторлар негізінде қалыптасуы мүмкін. Тексерілген, негізделген, нақтыланған зерттеулермен, фактілермен, аргументтермен теорияда болжам нақтыланған білімге айналады.

Зерттеу әдістерін сипаттағанда жұмыста қолданылатын психологиялық-педагогикалық зерттеулердің әдістеріне нақтылы сипат беру қажет. Ұйымдастырылған және өзіндік сипатталған әдістер толықтай сипатталуы қажет.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазіргі кезеңде әлі белгісіз, педагогикалық тұжырымдар қатарына енбеген білім заңдылықтары, олардың құрылымы мен механизмдері, бағыттары, мазмұны мен принциптері, технологиялары, проблеманы айқындау моделі және т.б.

Зерттеудің практикалық маңызы жаңа ұсыныстар, нұсқаулар, құралдар мен формалардың және т.б. ұсынылуында.

ҒЗЖ негізгі бөлімінде орындалған зерттеулердің мәнін, мазмұнын, әдістемесі мен жұмыстың негізгі қорытындыларын білдіретін мәліметтер келтіріледі. Жұмыстың теориялық бөлімі зерттеу мәселесі бойынша (психологиялық-педагогикалық) негізгі әдебиеттерге талдау жасау және меңгеру негізінде құралады: монография, мақала, әдістемелік құралдар және т.б.

Ізденуші әдебиеттер негізінде алынған негізгі материалдарды алып, ғылыми жұмыстарға баға бере алуы сондай-ақ, өзінің көзқарасын нақты, сауатты түрде және тақырыбын логикалық тұрғыда негіздеп, ғылыми қорытынды жасауы қажет. ҒЗЖ негізгі бөлігі ережеге сәйкес, бөлім және бөлімшелерге бөлінеді (бөлім және параграфтар).

Тәжірибелі-эксперименталдық бөлім әдістемелердің көмегімен ізденушінің өзінің алған зерттеу материалдарының негізінде құрылады. Ізденуші жұмысына қатысты әдістемелерді меңгеру, оқушылармен зерттеу өткізу және олардан алған нәтижелер негізінде сауатты түрде әдістемелік және ғылыми қорытындылар жасай алуы қажет.

Эксперимент қорытындылары мақсатты түрде көрнекі құрал ретінде және кесте, сызба, диаграмма, график және т.б. түрінде көрсетіледі.

Қорытынды бөлім (тұжырым) зерттеу қорытындыларының қысқаша тұжырымынан, қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалаудан, зерттелінген объекті бойынша нақты ұсыныстардан тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылған талаптарға сәйкес рәсімделеді.

Қосымшаға жұмыстың зерттелуі мен орындалуына байланысты, негізгі бөлімде қамтылмаған материалдар кіргізіледі.

Ғылыми-зерттеу жұмысында қабылданған шешімнің және барлық деректердің шынайылығы мен дәлдігі туралы жауапкершілікті ізденуші өз мойнына алады.

Ғылыми-зерттеу нәтижелері – қолданбалы зерттеу және өндеу, фундаментті өзіндік құн ретінде ғылыми өнім болып табылады. Жұмыс тапсырмалары және оған сәйкес алынған мақсаттары мен теориялық және практикалық қорытындылар жаңа ойлар – бұл педагогикалық зерттеу нәтижесі болып табылады. Ол қол жеткізген білімнің деңгейін бейнелейді, ол негізделген және дәлелденген, ғылым мен тәжірибе үшін мағыналы, қоғамдық жаңа білімдер туындатады.

Ғылыми зерттеулердің басты сипаттамасы – *тиімділік және сапа*. Тиімділікті екі аспектіде қарастыруға болады: *экономикалық; әлеуметтік*.

Экономикалық тиімділік зерттеу нәтижелерін қолданудан және оларды алу шығындарының айырмасын немесе қол жеткізген

тиімділіктің қарым-қатынасын анықтайды. Әлеуметтік тиімділік— практикада алынған білімнің қорытындысынан, адамның өмір деңгейінен алынған, олардың сұраныстарын қанағаттандыру, қажетті мәліметтердің жинақталуымен сипатталады. Әлеуметтік тиімділік мынадай деңгейлердің жоғарылауынан көрініс табады: білім беру; мәдениет; жастарды кәсіптік дайындау; жастарды жан-жақты дамыту; қоғам өміріне жат құбылыстардан алшақтату; құқық бұзушылықты азайту; ақыл-ой және дене еңбегін рационализациялау; жағымды дағдыларды және әдеттерді қалыптастыру; тәрбиеленушілік; саналылық.

Пысықтау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Ғылыми-зерттеу әдістерінің тізбегін жасаңыз.
2. Ғылыми-зерттеу мәселеніздің (магистрлік диссертация тақырыбы) ғылыми аппаратын әзірлеңіз (зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері, пәні, нысаны, болжамы және т.б.).
3. Ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен сапасы туралы ой-тұжырымдаңыз.

Негізгі әдебиеттер:

1. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасын зерттеу бағыттары // Білім әлемінде. - 2013. - № 6. - С. 3-9 б.
2. Введение в научные исследования /Под ред.В.И.Журавлева. – М., 1988.
3. Краевский В.В. Методология педагогического исследования. – Самара 1994.

Қосымша әдебиеттер:

1. Брежнова Е.В., Краевский В.В. Основы учебно-исследовательской деятельности студентов. – М., 2005.
2. Герасимов И.Г. Структура научного исследования. – М., 1985.
3. Загвязинский В.И., Поташник М.М. Как учителю подготовить и провести эксперимент. – М., 2004.
4. Загвязинский В.И., Атаханова Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования. – М., 2003.

Тақырыбы: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Жоспары

1. Педагогикалық іс-әрекет ұғымына түсінік
2. Педагогикалық іс-әрекеттің өлшемдері және құрылымы.
3. Педагогикалық және инновациялық іс-әрекеттің өзара байланысы

Педагогикалық іс-әрекет ұғымына түсінік. Әрекет – орындау, тындыру, меңгеру үстіндегі амал-айла, іс-қимылды білдірсе, іс-әрекет - ғылыми білім категориясы, қоғамдық-тарихи болмыстың ерекше түрі, дамудың тәсілі болып табылады. Іс-әрекет түрлері: қарым-қатынас; ойын; оқу; еңбек. *Бағыты бойынша іс-әрекет түрлері:* танымдық іс-әрекет; қоғамдық іс-әрекет; спорттық іс-әрекет; көркемөнерпаздық іс-әрекет; техникалық іс-әрекет; қолөнерлік іс-әрекет; гедоникалық іс-әрекет, педагогикалық іс-әрекет.

Педагогикалық іс-әрекет – оқушының тұлғалық, интеллектуалдық, іс-әрекеттік дамуына бағытталған, сонымен бірге өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдірудің негізі болып табылатын мұғалімнің оқушыға (оқушыларға) ықпалы. Педагогикалық іс-әрекет – аға ұрпақтың жас ұрпаққа адамзат жинақтаған мәдениет пен тәжірибені беруіне бағытталған, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасап, қоғамда белгілі бір әлеуметтік рольдерді орындауға дайындайтын әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі. Педагогикалық іс-әрекетпен педагог мамандығын таңдап алған мамандық иелері айналысады.

Педагогикалық іс-әрекет білім беру мекемелерінде, мемлекеттік стандарт, бағдарлама, нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Педагогикалық әрекет – күрделі әрі көп жақты. Оның көптеген компоненттерінің ішінен үш негізгісін бөліп көрсетуге болады: мағынасы, әдістемесі және әлеуметтік-психологиялық компоненттері. Осы үш компоненттің біртұтастығы мен өзара байланысы педагогикалық жүйенің міндеттерінің толық жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бұл бірліктегі негізгі компонент - әлеуметтік-психологиялық, яғни педагогикалық қарым-қатынас, соның негізінде қалған екеуі жүзеге асады. Негізгі тәрбиелік өзара қатынастардың жүйесі қарым-қатынас процесінде қалыптасады, тәрбие және оқыту процесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Педагогикалық іс-әрекеттің методологиялық құрылымы. Педагогикалық іс-әрекет, бір қатар іс-әрекеттер ішіндегі күрделі ұйымдасқан жүйе болып есептеледі.

1) Оқыту барысындағы мұғалімнің іс-әрекеті. Сабақ беруші педагог жалпы қызметтер мен мағыналардың ішінен өзіне қатысты қызметтерді ғана атқаруы тиіс. Келесі іс-әрекеттер бірінші іс-әрекеттерге рефлекстік қосымша ретінде келеді, яғни оған қызмет жасайды.

2) Оқытудың тиімді амалдары мен құралдарын және оқытудың процедураларын теңдестіргендегі оқыту тәжірибесінің жалпылама іс-әрекеті—оқытудың амалдары мен әдістерін құрастыратын методист іс-әрекеті осындай.

3) Іс-әрекеттің методикалығы, бірақ ол оқу құралдары мен оқу сабақтарын құрастыруға бағытталған.

4) Іс-әрекет оқыту сабақтарын бір тұтас жүйеге сабақтастырудан тұрады – оқу бағдарламаларын құрастыру бағдарламалау іс-әрекеті.

Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі нысаны оқу материалы мен оқу пәнінің тұтастығы болып табылады. П.Я.Гальперин еңбектерінде іс-әрекеттің психологиялық құрылымы жалпы түсінік негізінде педагогикалық амал құрылымы алынған. Педагогикалық амалдардың құрылымдық компоненттерін бөліп қарастыратын болсақ, олар: 1) оқушыларды алдағы болатын іс-әрекетке дайындау, қызықтыру, ынталандыру; 2) мақсаттың қойылуы мен орындалуына дайындық; 3) іс-әрекеттің орындалуы үшін қажет білім мен білікті тексеру; 4) қажетті орындау амалын ұйымдастыру; 5) білім, білік және дағдыны қолдану және бекіту жаттығулары; 6) Іс-әрекеттің орындалуы мен нәтижесін тексеру және бағалау, оған деген қарым-қатынас қалыптастыру.

Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі компоненттері көптеген әдебиеттерде былайша жіктелген: 1) жобалық-мақсатты; 2) мазмұнды; 3) диагностикалық; 4) ұйымдастырушылық-әдістемелік - педагогтың ойлаған ойын тәжірибе жүзінде іске асыру қабілетінен, оқыту үрдісін ұйымдастыруынан көрінеді; 5) коммуникативтік педагогтың балалармен қатынас жасау шеберлігімен байланысты іс-әрекеті; 6) ынталандыра реттеу; 7) бақылап-бағалау; 8) шығармашылық – педагогтың педагогикалық міндеттерді жаңаша шеше алу қабілеттілігі. Үрдістік көзқарас тұрғысынан қарастырсақ, педагогикалық іс-әрекет педагогикалық мақсаттар мен міндеттерді қоюды, оларды орындаудың құралдары мен амалдарын таңдауды,

оқушылар мен өзінің әрекеттеріне баға беру мен анализ жасауды қамтиды.

В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Г.С.Костин, А.А.Люблинская, Н.А.Менчинская, А.А.Смирнов, Л.Б.Эльконин және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқу-танымдық іс-әрекеттің субъектінің объектімен мұғалім басшылығымен болатын құрылымы мынандай компоненттерден тұратынын көрсетеді: іс-әрекет мақсаты - оқушының нақты танымдық міндеттерді, яғни анық нені және не үшін білу керек екенін ұғынуы; оқушыны әрекетке жетелейтін ынта; іс-әрекет мазмұны-белгілі тірек білімде мен белгісіз, шешімін табу қажет жаңа байланыстар, қарым-қатынастар, тұжырымдар; оқушы мақсатқа жету үшін қолданылатын амал-тәсілдер: икемділік, дағды, шығармашылық және тапқырлық амалдар; мұғалім тарапынан бақылау және бағалау және оқушының өзін-өзі бақылауы мен бағалауы.

Мұғалімнің өзін-өзі кәсіби іс-әрекетін дамытудың көрсеткіштері мен белгілері мынадай: 1) Мамандық құралдары арқылы өзін-өзі дамытуды көздейтін дербестік: тұлғаның өз біліктілік деңгейін, кәсіби білімділік дәрежесін, кәсіби ынтасы мен өз іс-әрекетіне қанағаттанушылық деңгейін бағалай алу қабілеті; өз жұмысын орынды жоспарлау мен ұйымдастыру, өзін-өзі реттеп отыру қабілеті, ұжымда жұмыс істеудегі ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттері; өз бетімен мамандығына сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгеру, кәсіби маңызды сапалар мен қабілеттерді тереңдету және кеңейту, кәсіби жаңаруға деген тұрақты дайындық. 2) Кәсіби бағдарланған ойлау, нақты білім беру саласындағы мәселелерді шешуде қабылданған тәсілдерді қолдана білу, кәсіби әрекет стратегиялары мен әдістерін өңдеу: орынды-қисынды ойлау (кәсіби іс-әрекет ережелері мен заңдылықтарын айқындау қабілеті, жалпы және кәсіби мәдениет аясында өзіндік дамуды жүйелі талдау мен болжау, тұтас көзқарас); кәсіби-жады (қисынды және пайымдық байланыстарды орнату, белсенді ойша өңдеу қызметімен қатар, маңызды ақпарат сақтау қызметін атқаратын есте сақтау қабілеттерін дамыту); ауызекі қабілеттер (кәсіби таңбалық түсіну, эрудиция, кәсіби сөздік қоры, тілдесу қабілеті). 3) Кәсіби педагогикалық іс-әрекетке шығармашылық қарым-қатынас, еңбектегі инновацияға дамыған қабілет, жеке шығармашылық еңбек есебінен тәжірибені байыту: шығармашылық пайымдау; үлгілік кәсіби жады; актерлік

өнер (тілдік импровизация, бойлау өнері, тұлғаралық тілдесудегі бай қор).

Олай болса, педагогикалық іс-әрекет – аға ұрпақтың жас ұрпаққа адамзат жинақтаған мәдениет пен тәжірибені беруіне бағытталған, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасап, қоғамда белгілі бір әлеуметтік рольдерді орындауға дайындайтын әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі, ал кәсіби іс-әрекет-кәсіптік мақсатқа бағытталған әлеуметтік іс-әрекеттің бір түрі. Мұғалімнің негізгі әрекеті - кәсіби-педагогикалық іс-әрекеті болып табылады. Мұғалім қызметі: ұйымдастырушылық, коммуникативтілік, креативтілік, диагностикалық, болжау, зерттеу, шығармашылық, инновациялық. Осы мұғалімнің қызметтері кәсіби-педагогикалық іс-әрекет болып табылады. Кәсіби педагогикалық іс-әрекетте педагогикалық қарым-қатынас жүзеге асады.

Педагогикалық іс-әрекет түрлері: тәрбиелеу; оқыту; дамыту; қоғамдық;

өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік білім алу; ұйымдастырушылық; ғылыми-ізденіс; әдістемелік. И.Ф.Харламов педагогтың жұмысында бір-бірімен тығыз байланысқан іс-әрекеттің мынадай түрлерін көрсеткен:

А) Диагностикалық іс-әрекет – білім алушыларды зерттеумен және олардың даму мен тәрбиелік деңгейлерін белгілеумен байланысты. Ол үшін оқытушы бақылай алуы және диагностикалық әдістерді меңгеруі тиіс.

Б) Бағдарлық-болжамдық іс-әрекет нақты мүмкіндіктерді ескере отырып педагогикалық процестің мақсат, міндеттерін қою, соңғы нәтижені болжау.

В) Конструктивті- жобалық іс-әрекет оқу-тәрбие жұмысын жобалау, білім алушылардың танымдық қабілетіне сәйкес мазмұнды таңдау, оны түсінікті әрі қызықты түрде жеткізе білу іскерлігінен тұрады. Бұл іс-әрекет түрі оқытушының шығармашылық қиялымен байланысты.

Г) Ұйымдастырушылық іс-әрекет оқытушының білім алушыларға әсер ету, соңына ерте білу, белгілі іс-әрекет түріне жұмылдыру іскерлігінен тұрады.

Д) Ақпараттық іс-әрекет көбінекей оқытушының әлеуметтік қызметі іске асырылады: бізге дейінгі ұрпақтар жинақтаған тәжірибелерді өскелең ұрпаққа тасымалдау. Осы іс-әрекет барысында білім алушылардың бойында білім, дүниеге көзқарас және адамгершілік-эстетикалық идеялар қалыптасады. Бұл жағдайда

оқытушы мәліметті тасымалдаушы ғана емес, білім алушылардың сенімін қалыптастырушы да.

Е) Коммуникативтік-ынталандырушылық іс-әрекет мазмұны оқытушының білім алушылармен қарым-қатынас орната алуында, олармен түсінісе білуінде.

Ж) Аналитикалық-бағалаушылық іс-әрекет кері байланыстан, яғни педагогикалық процестің тиімділігі мен қойылған мақсатқа жетуді дәлелдеуден тұрады. Бұл әрекет педагогикалық процеске түзету енгізу мүмкіндігіне әкеледі.

З) Зерттеушілік-шығармашылық іс-әрекет педагогикалық еңбектің шығармашылық сипатымен анықталады. Бұл іс-әрекетті нәтижелі жүзеге асыру үшін оқытушы педагогикалық зерттеу әдістерін меңгеруі тиіс.

ЖОО оқытушысының негізгі іс-әрекет түрлері:

1) Білім беруші (дидактикалық) – студенттерге ғылыми түсінік пен ғылыми әдістер жүйесін меңгертуді қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекет.

2) Оқытушының ғылыми-әдістемелік іс-әрекеті, мақсаты – оқыту әдістерін меңгерумен оны жетілдіру. Ғылыми-әдістемелік жұмыс - ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибеге негізделген және үздіксіз білім беру жүйесінің жұмыс істеуін және оны дамытуды жетілдіруге бағытталған қызмет түрі.

3) Оқытушының ғылыми-зерттеу іс-әрекеті – ол міндетті түрде өзекті мәселе бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Аталған іс-әрекетпен ЖОО оқытушысы міндетті түрде айналысуы қажет. Демек, ЖОО оқытушысы оқытушы ғана емес, ол – ғалым-зерттеуші.

Педагогикалық іс-әрекет барысында мынадай функциялар атқарылады: ақпараттық; дамытушы; бағыт беру; жұмылдыру, зерттеумен қоса оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру процестерін басқару: мақсатқа жету, диагностикалау, болжау, өзінің және білім алушының іс-әрекетін жобалау және жоспарлау; ұйымдастырушылық, бақылау және коррекциялық, аналитикалық және педагогикалық білімді насихаттау.

Педагогикалық іс-әрекеттің өлшемдері және құрылымы.
Педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы: іс-әрекеттің мақсаты; іс-әрекет субъектісі; іс-әрекет объектісі; іс-әрекет мазмұны; іс-әрекет тәсілі; іс-әрекет нәтижесі.

Педагогикалық іс-әрекет мақсаты: оқыту, тәрбиелеу, дамыту;

объектісі: балалар мен жастар, ересек адамдар; педагогикалық іс-әрекет пәні дамудың шарты мен негізі ретінде оқытушылардың пәндік, әлеуметтік мәдени тәжірибені игерулеріне бағытталған оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылуы; педагогикалық іс-әрекет құралдары: ғылыми (теориялық және эмпирикалық) білім, ғылыми білімнің көмегімен және солардың негізінде оқушылар тезаурусы қалыптастырылады; білімді «тасымалдаушы» ретінде оқулықтағы мәтіндер немесе пәннің ақиқат фактілерін, заңдылықтарын, қасиеттерін мұғалімнің ұйымдастырған бақылауы жағдайындағы (зертханалық, практикалық сабақтарда, даладағы практика кезінде) оқушының жаңадан жасаған елестетулері; қосымша құралдарға жататын техникалық, компьютерлік, графикалық, т.б. құралдар; педагогикалық іс-әрекет тәсілдері: түсіндіру; көрсету (иллюстрация); білім алушылармен бірігіп атқарылатын жұмыс; білім алушылар тәжірибесі; тренингтер және т.б.; педагогикалық іс-әрекет нәтижесі: педагогикалық іс-әрекеттің негізгі мақсатының орындалуы ретінде оқушының тұлғалық, интеллектуалдық дамуы, оның тұлға ретінде, іс-әрекет субъектісі ретінде жетілуі, қалыптасуы.

Педагогикалық іс-әрекет формалары: әңгіме (сократтық әңгіме) немесе майевтика; шеберханадағы жұмыс; сабақ; лекция; семинар; сынақ; практикум; тренингтер және т.б.

Педагогикалық және инновациялық іс-әрекеттің өзара байланысы

Инновация педагогикалық (жаңаны енгізу) - білім беру жүйесінде оның жеке бөліктерін, компоненттерін және тұтастай білім беру жүйесінің сипаттамаларын жақсартуға бағытталған тұрақты элементтерді енгізетін, мақсатты көздейтін өзгеріс. Инновация - оқу-тәрбие ісін алдыға қарай жылжыту немесе өзгерту.

Инновациялық іс-әрекет – оқытушының жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие процесінде өз кәсіби тәжірибесіне, білім беру мекемесі жағдайына, оқушылардың білім дәрежесіне сәйкес енгізу.

Инновациялық іс-әрекет міндеттері:

1. Жаңалықты тұтастай және жекелеген кезеңдерінің нәтижелерін болжау;
2. Жаңалықтың жетімсіз жақтарын анықтап, оны енгізуді ұйымдастыру кезінде толықтыру мақсатын көздеу;
3. Жаңалықтарды басқа жаңалықтармен салыстырып, олардың тиімдісі тандап алу, мәні мен зерттелуін анықтау;

4. Жаңалық енгізетін ұйымның инновациялық қабілетін бағалау.

Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру реті: жаңа білім беру бағдарламаларымен, әдіс-тәсілдермен танысу, талдау; оларды өз тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерін ойластыру, қолдану, тиімділігін анықтау бойынша зерттеу жұмыстарының кезеңдерін жоспарлау; қиыншылықтарды болжау; жаңашыл әдіс-тәсілдерді педагогикалық процеске енгізу; инновациялық іс-әрекеттің нәтижесін қорытындылап, бағалау.

Инновациялық іс-әрекет өлшемдері:

- Инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігін сезінуі;
- Оқу үрдісіне жаңалық енгізуде шығармашылықпен қызмет етуге даярлығының болуы;
- Енгізілетін жаңалықтардың бағытының дұрыстығына тиімді нәтиже әкелетініне сенімді болуы;
- Белгілі проблеманы шешудегі қолданылатын инновациялық іс-әрекетті толық өзіне қабылдап, оны енгізе білуі.

Пысықтау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Педагогикалық іс-әрекет мақсатын, пәнін, құралдары мен нәтижесін атаңыз.
2. Педагогикалық іс-әрекет түрлерін сызбамен беріңіз.
3. «Педагогикалық іс-әрекет» пен «инновациялық іс-әрекеттің» өзара байланысын ашыңыз.
4. Оқытушының ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің мәні неде?

Негізгі әдебиеттер

1. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. Алматы, 2005, Б. 291-316.

Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІЛІКТІЛІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ҚАЗІРГІ ТАЛАПТАР

Жоспары

1. Оқытушы білім беру процесінің субъектісі ретінде
2. Жоғарғы оқу орны оқытушысының жеке тұлғасы: негізгі кәсіби маңызды сапалары
3. Ғылым этикасы және оны сақтау
4. Оқытушының ар-намыс кодексі (Қосымша А)

Оқытушы білім беру процесінің субъектісі ретінде. Педагог – баланы жетектеуші (антикалық дәуірде); баланы тәрбиелеуші, жеке тұлға ретінде қалыптастырушы; білім беруші, оқытушы, дамытушы; білім алушылардың бойына білім біліктерін зердесіне қалай ұялатудың ұтымды жолдарын, әдістерін іздеуші; білім алушының жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерінің бой көрсетуіне мүмкіндік жасаушы, білімге құштарлығын оятушы, арттырушы; әлеуметтік құндылықтарды (этика, мораль, адамгершілік, әлеуметтік норма, принциптер) қалыптастырушы, мәдениеттендіруші (баланы мәдени дағдыларға машықтандыру, жалпы мәдениетін қалыптастырып, базалық мәдениетінің негізін қалау), қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырушы, білім алушыны тіршілікке даярлаушы, зерттеуші-ғалым, ақиқатты іздеуші, табушы. Оның бұл ізденіске теориялық білімді белгілі бір құбылысты талқылауға, қолдануға және түсіндіруге бағытталған ғылыми көзқарастарды, түсініктерді, идеялар жиынтығын игере, салыстыра отырып жетуіне болады.

Жоғары оқу орны оқытушысы педагог болғандықтан осы аталған қызметтердің барлығы оған да тиесілі болғанымен, ол - әсіресе ғылыми ақиқатты іздеуші, ғалым-зерттеуші және болашақ маманды дайындаушы.

Оқытушы – жалпы білім беретін әр түрлі типтердегі мектептерде білім алушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыратын маман; дүниеге ғылыми дидактикалық-материалистік көзқарасты, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық даярлықты, жоғары адамгершілік сапасын, қоғамдық белсенділікті, білім алушыға және мамандыққа деген сүйіспеншілікті, дербес білім алу мен өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын, қажеттілігін игерген біздің заманымыздың алдыңғы

қатарлы мүшесі. Жоғары мектеп оқытушысы - бұл арнайы даярлығы бар және педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын кәсіби маман.

Оқытушының негізгі міндеттері:

1. Білім өндірісі, яғни ғылыми зерттеулердің өткізілуі, сараптаманың жүргізілуі, өндіріске енгізу және т.б.

2. Білімнің берілуі немесе оқу үрдісінің барлық деңгейлерде өткізілуі, кеңес беру, біліктілікті арттыру.

3. Білімнің таралуы, басқаша айтқанда, оқу және әдістемелік материалдардың, ғылыми және педагогикалық мақалалардың, монографиялар және т.б. дайындалуы. Оқытушы – оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне ғылым жетістіктерін, қоғамдық жаңалықтарды қабылдап, игеріп, енгізуші, білім алушылармен белгілі бір қатынаста болатын белсенді әрекет иесі.

Жоғары мектеп оқытушысы мынадай негізгі талаптарға сай болуы қажет:

1. Мамандығы бойынша негізгі дайындығы болуы;

2. Адамдардың адамдарға, қоғамға қатынасын реттейтін құқықтық және этикалық нормаларды білуі;

3. Қазіргі білім беру технологиясын пайдалана отырып, жаңа білім алу, өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білуі;

4. Компьютерлік техниканы меңгеруі;

5. Ғылыми, іскерлік, қоғамдық, саяси және тұрмыстық тілдер ауқымында мемлекеттік және шетел тілдерінде сөйлесе білуі.

Ғылыми еңбек белгілі қабілеттілікті қажет етеді. Әрине оны белгілі бір бағытта әрі ұдайы дамытып отыру қажет. Зерттеушілік қабілет - бұл ақыл - ойдың белгілі бір қасиеті, бірінші кезекте проблеманы көрушілік. Резерфорд былай деген екен: «Егер оның қарамағында жас ғалым істесе және ол екі жылдан кейін бұдан әрі не істеймін деп сұраса ұстазы оған ғылыми жұмысынды таста деп кеңес береді. Творчестволық ақыл-ой қарапайым нәрседен кереметті, өзгелер байқамаған сұрақты көре білуі тиіс».

Венгер ғалымы А. Сент-Дьерд былай деп жазды: «Жаңалық ашу - демек бәріміз көріп жүргенді көре білу, бірақ осыған дейін ешкімнің ойына келмегенді ойлай білу». Ал, Д.Бернал түсіндірмесінде. Проблеманың шешімін тапқаннан гөрі оны көре білу әлдеқайда қиын. Оның алғашқысына іскерлік, ал екіншісіне қиял қажет.

Алайда нақты мәселе бойынша ғылымда не істелгенін білмей тұрып, зерттеуді бастауға болмайды. Жарияланған материалдар тасқынына батып кетпес үшін түпнұсқаларды мұқият тандай білу

және ғылыми айналымдағы зерттеулермен танысумен шектелмей, оның мән-мағынасына терең үңілу қажет.

Жоғарғы оқу орны оқытушысының жеке тұлғасы: негізгі кәсіби маңызды сапалары. Жоғарғы оқу орны оқытушысы - өзге авторлардың ойын жеткізуші емес, осы ойлардан өзіндік объективті тұжырымға келуші және студенттерді белгілі бір ойға жетелеуші, оларға бағыт-бағдар беруші. Бұндағы *оқытушының мақсаты* белгілі бір автордың ойымен немесе менің ойыммен жүр деген нұсқау беру емес, тіршілік туралы, өмір сүру барысы, бағыты, қоршаған әлем, ондағы адамдардың және олармен қарым-қатынастың әр түрлілігі, өзінді-өзің тану, өзгелерді тану және т.б. туралы өз ойыңды тұжырымдауға, ақиқат пікірді қалыптастыру, тіршілікті, адамды, білімді, мәдениетті және т.б. құндылық ретінде бағалауға бағыттау, адамның жүріс-тұрыс және даму заңдылықтары туралы, сонымен бірге адамдар арасындағы өзара және олардың қоғам мен қарым-қатынастары туралы осы заманғы ғылыми түсініктерді қамтамасыздандыруға мүмкіндік беру. Білім алушыларды жаңа білім алуға және оны әлемді меңгеру практикасында қолдануға үйрету.

Осы жоғарыда аталған міндеттерге жету үшін оқытушының бойына *жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттер, сапалар* қажет.

XIX ғ.аяғында П.Ф.Каптерев педагогикалық іс-әрекеттің жетістікке жету факторы ретінде педагогтың «жеке тұлғалық қасиеттерін» атап көрсеткен. Олар педагогтың бойында міндетті түрде болуға тиіс қасиеттер: мақсатқа жетуге ұмтылушылық, табандылық, еңбекқорлық, қарапайымдылық, байқағыштық. Ақылдылықтың, шешендіктің, артистизмнің қажеттілігі арнайы көрсетілген. Педагог үшін эмпатияға, демек білім алушының психикалық күйін түсіне білуге даярлық пен әлеуметтік өзара қарым-қатынасқа деген қажеттілік те ерекше маңызды орында. Педагогикалық іс-әрекетте жоғары кәсіби шеберлік пен педагогтың мәдениеттілігі көрінетін педагогикалық такт пен ғылыми ізденістің де мәні зор деп көрсеткен.

А.К.Маркова кәсіби сапаларға келесі сапаларды жатқызады: педагогикалық эрудиция (білімдарлық); ғылым салаларын терең меңгеру; педагогикалық мақсат қоя білушілік; педагогикалық (практикалық және диагностикалық) ойлау; педагогикалық интуиция (сезімталдық); педагогикалық импровизация (суырып салмалық, жанынан жедел шығару, шешім қабылдау); педагогикалық байқағыштық; педагогикалық көрегендік. Ғалым ойынша,

педагогтың жеке тұлғалық сипаттамасында ең басты орында мұғалімнің педагогикалық мамандықтың моделін, нормасын, ережелерін сезінуінен, кәсіби кредоның қалыптасуынан, мұғалім еңбегінің концепциясынан; кейбір кәсіби эталонға өзін енгізуден, кәсіби референтті адамдардың берген бағасынан және өзін-өзі бағалаудан тұратын *кәсіби педагогикалық өзіндік сана*.

Л.М.Митина кәсіби сапаларға: әдептілікті, сыпайылықты, сезімталдықты, тәрбиелілікті, зейінділікті, ізденімпаздықты, шыдамдылықты, адамгершілікті, іскерлікті, тәртіптілікті, белсенділікті, саяси сауаттылықты, сыншылдықты, патриоттықты, болжағыштықты, өзбеттілікті, принципшілдікті, батырлықты, кешірімшілдікті, кішіпейілдікті, балаға деген сүйіспеншілікті жатқызған.

М.М.Мұқанов педагог мамандығына лайықты сапалар қатарына: педагогтың идеялық сенімін, қабілетін, ұстамдылығын, әділеттілігі мен абыройын жатқызған. Осылардың ең ортасы, өзегі, яғни жеке тұлға сапасының ядросы – оның бағыттылығы, бейімделушілігі, өзін-өзі бағалауы, «Мен» бейнесі» - деп ойын тұжырымдаған.

Сонымен, педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапалары:

1. Әрекетшілдік сапа (жауапкершілік, ар-намысшылдық, еңбексүйгіштік, нақтылық);
2. Рефлексивті сапа (ұқыптылық, тиянақтылық, білімпаздық);
3. Коммуникативтілік сапа (шыншылдық, сенімділік, ұстамдылық, талап қоя білушілік);
4. Эмпатиялық сапа (өзара түсіністік, қайырымдылық, қайғыға ортақтаса білуге қабілеттілік);

Педагогтің адамгершілік қасиеттері: (дәлелдей білушілік, ұстанымдылық, патриотизм, ұжымшылдық, тәртіпшілдік, мәдениеттілік).

Педагогтың кәсіптік-этикалық іс-әрекеті тұлғаны ерекше өмір сүру салтымен, мақсаттылығымен, арнайы қарым-қатынас жүйесін, адамдарды оқыту мен тәрбиелеу саласындағы пікірлер мен жетістіктерін үнемі жетілдіріп отыруға ұмтылысымен сипатталады.

Педагогикалық шеберлік:

- Пәндік білім (кәсіптік құзырлылық, арнайы кәсіби даярлығы, оқыту мен тәрбиелеудегі тәжірибесі, ғылыми біліктілігі);

- Педагогикалық технология (сөйлеу мәнерінің техникасы, ойлау логикасы мен нақтылығы, бейнелі көрсетілімдері, қажетті құралдарды таңдай алу дағдысы, формалары мен тәсілдері);

- Педагогикалық шығармашылық (шығармашылық талдау, стандартты емес ойлау, жаңа ақпараттар іздестірудегі қажеттілік);

- Педагогикалық стиль (педагогикалық нақтылық, өзінің және өзгенің әрекетін қабылдай және бағалай білу дағдысы, педагогикалық бағыттағы тіл табысу мен әрекетшілдік, педагогикалық тактика мен этика, тыңдай және тыңдата білу дағдысы, адамдардың ішкі дүниесін тануға қызығушылық).

ЖОО оқытушысы – іскер де, шығармашыл тұлға. Оқытушының түрлі әрекеттерінің жиынтығы іскерлік өз қалыптасуында бірнеше кезеңдерден өте отырып, соңында шеберлік пен шығармашылыққа айналады.

Жалпы, педагогикалық іс-әрекетпен айналысушы әрбір маманның бойында әсіресе ЖОО оқытушысының бойында оның ең негізгі кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің негізгісі оның *интеллектуалдық қабілеті*.

Интеллект түсінігінің өзі адамның ақыл-ой қабілетінің ең жоғарғы деңгейі, әлем мен ондағы құбылыстар туралы кешенді білім және осы білімді өзі мен қоршаған ортаға барынша пайда келтіре отырып қолдану, кез-келген ситуацияда тиімді шешім қабылдай білу қабілеті. Интеллектуалды тұлға еш уақытта антисоциалды немесе адамгершілігі жоқ болмайды. Ол – адами-психологиялық сапаларды тасымалдаушы – тәртіптілік, мейірімділік, адамгершілік, шешімділік, табандылық және т.б.

Педагогтың атқаратын қызметтері мен олардың жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттеріне сәйкестілігі маманды шыңдайтындығы, кәсіби деңгейге көтеретіндігі анық. Міне, осы қасиеттер мен қабілеттердің дамуына байланысты *педагогтар* бөлінеді:

Шебер-мұғалім. Ғылым мен практикаға белгілі тәсілдердің үлгілерін жоғары деңгейде меңгерген. Қалыптан тыс педагогикалық міндеттерді шеше алады (өзі үшін жаңалық ашады). Білім алушылардың дамуын ескеруге талпынады. Педагогтарға өз тәжірибесін таныта алады;

Жаңашыл-мұғалім. Тұтас ұтымды педагогикалық жүйелер немесе жеке тапқыр таба да, қолдана да біледі. Шығармашылығын көрсете алады (басқалар үшін жаңалық болып табылатын). Еңбектің негізгі нәтижесі – оқушылардың психикалық дамуы деп түсінеді. Жаңалықты іздеуге кұштар.

Зерттеуші-мұғалім. Тапқыр-зерттеуші, басқа оқытушылардың да ізденімпаздығын бағалай алады.

Кәсібилік деңгейге көтерілген оқытушы. Психикалық жағынан өзін-өзі дамытуға ұмтылады. Жаңашыл, зерттеушіге тән қасиеттер иесі.

ЖОО оқытушыларын шартты түрде 3 топқа бөлуге болады:

1) Педагогикалық бағыты басым оқытушылар (мөлшермен жалпы санының 2/5 құрайды);

2) Зерттеу бағыты басым оқытушылар (мөлшермен 1/5);

3) Педагогикалық және зерттеушілік бағыты тең мөлшердегі оқытушылар (шамамен 1/5).

Олай болса, оқытушының құнды қоғам мен құнды ұрпақ үшін атқаратын қызметтері де өте құнды.

Әрине, осы бүгінгі мұғалім, педагог, ұстаз өзінің мамандығының ерекшелігін, даралығын, құндылығын, күрделілігін саналы түрде қабылдап, кәсіби және жеке тұлғалық сапаларының әлсізін дамытып, күштісін одан ары шыңдап әрекет етсе бұл – бүгінгі күні әлдеқайда төмен педагогикалық мамандықтың статусының көтерілуінің бір ғана жолы болмақ.

Ғылым этикасы және оның мәселелері. Ғылым этикасы - ғылыми қызметтің әлеуметтік-этикалық және гуманистік проблемаларын зерттейтін кешенді ғылыми бағыт. Ғылыми қызметтің нәтижелерін, жаңалықтарын, жетістіктерін қоғам мен адамның игілігі үшін қолдануда және ғылыми-техникалық прогреспен ұштастыра білуде ғылымның әлеуметтік және моральдық жауапкершілігі артып отыр. Ғылыми жетістіктерді іс жүзінде қолдану этикалық нормалар мен қағидаларды қамтиды. Оған бүкіл адамзатқа төнген термоядролық немесе экологиялық апат қаупі кепіл. Сондықтан ғалымдардың әлеуметтік жауапкершілігінің маңызы өте зор. Осы өзекті мәселені ғылым этикасы зерттейді.

Ғалым ғылымға таза, адал, шыншыл, әділ пиғылмен еңбек етуі тиіс. Ғалым этикасы - бұл ғылым этикасына қарағанда тар мағынадағы ұғым. Бұл екі ұғымнан басқа әдістемелік әдебиеттерде ғылыми қызметкердің этикасы деген ұғымдар да кездеседі. Ғылым этикасы өзара қарым-қатынастағы моральдың философиялық және әлеуметтік жағын қарастырады.

Ғылым этикасы қоғамдағы адамгершіліктің дамуын, ғылымның моральдық құндылықтарын, принциптерін, нормаларын шындық пен жанашырлыққа әсерін қарастырады. Ғылыми этиканың нормалары: біріншісі, жалпы адамзаттық адамгершілік талаптарын орындаудан тұрады. Екіншісі, этикалық нормалар ғылымға тән арнайы

құндылықтарды қорғауға қызмет ету. Яғни ғылымға адал қызмет ету, риясыз іздену арқылы ақиқатты дәлелдеу.

Ғылым этика, адамгершілік, мораль талаптарының дамуымен тығыз байланысты. Ғылым әрбір дәуірдің адамгершілік құндылықтарын реттеп, этикалық талаптар мен ережелерді анықтап отырады. Шын мәнінде табиғат сияқты ғылым адамгершілік категориясына бағынбайды, ғылымның басты мақсаты - объективті шындық.

Ғылыми қызметін реттеуде ғалымдардың өзіндік этикалық ережелері бар. Олар: 1) *Объективті шындықты талап ету*. Мұның мәнісі қатып қалған көзқарас немесе пікірде шыншылдық болмайды, оған факті мен дәлел керек. 2) Ғылымдағы адамгершілік ұстанымның бірі – *субъективизмді қаралау*. Мұның мәнісі әр адамның өзіндік көзқарасы болады. Өзіндік пікірі болады. Оған дәлел керек. Ғылым этикасының қағидаларының бірі – *білімді дәлелдеу*.

XVI ғ. атақты ғалым, астролог Коперник астрономия әлемінде төңкеріс жасаған. Оның «Күнді жер айналады» деген тұжырымы дау туғызған. Оның еңбектерінің таралуына қатаң тыйым салынды. Көпшілік күннің жерді айналып жүргенін көріп жүргендіктен, Коперник айтты екен деп жердің күнді айналатынына сенбеді. Тыйым салынған Коперниктің еңбегін оқып, оның ойын дамытқан италяндық ойшыл, атеист Джордано Бруноны «аспанда көптеген жұлдыздар бар, күн – солардың біреуі ғана» дегені үшін отқа жағып жіберген.

Коперниктің айтқандары дұрыс деген Галилей, ақырында «Мен қателестім» деген мәлімдеме жасағандықтан аман қалған.

3) *Келесі ғылыми этиканың қағидасы ол ғылыми еңбектегі этикалық талаптар*. Мысалы: ол авторлық мәселе және ғылыми зерттеулерді жариялау. Басқа еңбектерден алған цитаталарға дәл, нақты сілтеме жасау; авторлық мәселесі; пікір беру; плагиат (көшіріп алу) мәселелері.

Мәдениет тарихында ғылым мен адамдардың өзара байланысына қарамастан ғылым міндетін орындауда ізгілікке жат, адамдық қасиетке жатпайтын әрекеттер де кездеседі, сондықтан да ғалымның адамгершілік жауапкершілігі мәселесі өте өзекті. Зерттеуші қазіргі кезде өзінің зерттеу нәтижесінің сапасы алдында ғана жауап бермейді. Ол сол зерттеудің салдарын және оның адамзатқа зардабын ойлануы қажет. Ғылыми жетістіктер тек қоғамның, ондағы ғылым мен техниканың дамуына әсер етіп қана қоймай, қазіргі жағдайда

ғылым адамзатты бақытсыздыққа немесе жер бетіндегі өмірдің жоғалып кетуіне себепкер болуы мүмкін деген мәселе де өткір қойылып отыр.

Мәселен, бірқатар ғылым саласында, атап айтқанда биологияда қатерлі зерттеулер жүргізілуде микроорганизмдерді ойлап табу, ауруды қоздыратын, бұрыннан бар имунитетті жоятын микроорганизмдерді ойлап табу, гендік инженериядағы жаңалықтар, антибиотикке қарсы тұратын микробтарды тауып отыр. Бұл келтірілген мысалдардан ғылымның міндеті, әрқашан да адамгершілікке жатады деп айту қиын. Дәл қазіргідей ғалым бұрын ешқашан өзінің жаңалығы үшін моральдық жауапкершілікті сезінбеген еді.

Фашистік Германияның концлагерлерінде, тұтқындарға адам шошырлық эксперименттер мен түрлі биомедициналық технологияларды қолданып, ғылыми ізденістер жасалған. Неміс ғалымдарын әсіресе соғыс жүріп жатқан кезде қажетті, қолданбалы ғылыми теориялар қызықтырды. Әр түрлі группадағы донор қандарын, группасы тура келмейтін эксперименттегі тұтқынға құю; адамдардың жұмыс қабілетін шамадан тыс ауыртпалықпен қинап, организмдегі өзгерістерді зерттеген; түрлі дәрі-дәрмектерді беріп, тәжірибеден өткізген.

Зигмунд Рашер 1942 жылдың қазан айынан 1943 жылғы сәуірге дейін 400 адамға эксперимент жасаған дәрігер. Ұшқыштарға қажетті дерек жинау үшін экспериментке 80 адам қатысқан. Ол ауа қысымы азайған кезде адам организмінде болатын өзгерістерді бақылаған. Биокамераға адамды кіргізіп, одан оттегін аз-аздан сорып алған, сол кездегі адамдардың әрекеттерін қарап, қанша минутта, қалай өлетіндерін зерттеген. Адамдар шаштарын жұлып, көздерін шығарып қатты азаппен жан тапсырған.

Адамның төзімділігін, суыққа шыдамдылығын тексеру үшін жасалған экспериментте 300 адамнан бірде бірі тірі қалмаған. Эксперимент шынайы болу үшін, кейбіреуіне тамақ беріп, алдынала дайындаған. Сосын адамды әр түрлі киіммен шығарып, кейбіреуінің үстіне су құйып, суыққа қаншылықты шыдайтындығын анықтаған. Өлгеннен кейін оның денесіндегі өзгерістерді анықтаған.

Ғалым өзінің әрекетіне ар-ұждан алдында, адамзат алдында жауап беруі тиіс. Қазіргі зерттеу жұмыстарының алдында ғылым адам танымын дамыту міндетін ғана қойып отырған жоқ, сонымен бірге

табиғатқа да, адамға да зиян келтірмей адам мен табиғат тіршілігін жақсарту міндетін қойып отыр.

Пысықтау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Оқытушыға қажетті кәсіби және тұлғалық сапалардың ішіндегі ең маңыздысын анықтаңыз. Және неліктен осы сапаларды ерекше деп ойлайсыз дәлелдеңіз.
2. Кәсіби және жеке тұлғалық кредо арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты ажыратыңыз.
3. Ғалым этикасы дегеніміз не?

Негізгі әдебиеттер

1. Бургин М.В., Кузнецов В.И. Аксиологические аспекты научных теорий. Киев, 1991.
2. Лазар М.Г. Этика науки. - Л.: ЛГУ, 1985. 125с.
3. Ильин В.В. Критерии научности знания. - М., 1989.
4. Степан В.С. Философская антропология и философия науки. - М., 1986.

Қосымша әдебиеттер

1. Маркова А.К. Психология труда учителя. М., 1993.
2. Митина Л.М. Учитель как личность и профессионал. М., 1994.
3. Мұқанов М.М. Ақыл-ой өрісі. А., 1980.

Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТІЛІГІ

Жоспары

1. Қарым-қатынас туралы түсінік. Қарым-қатынастағы тілдің қызметі және сөйлеу мәдениеті
2. Педагогикалық қарым-қатынас мазмұны мен құрылымы
3. Педагогикалық қарым-қатынастағы тыңдау
4. Педагогикалық қарым-қатынас стилдері

Қарым-қатынас туралы түсінік. Қарым-қатынастағы тілдің қызметі және сөйлеу мәдениеті. Психология ғылымындағы негізгі терең де, мәнді, мазмұнды әрі мағыналы ұғымдардың бірі - қарым-қатынас. Қарым-қатынассыз жеке адамды түсіну оның дамып-жетілуін талдап, білу мүмкін емес. Қарым-қатынас ұғымы адамдардың бір-бірінен күрделі, көптеген түрлі жақындасу процестерін көрсетіп, олардың бірігіп жасайтын іс-әрекеттерінің қажеттіліктерін орындау үшін қолданылады. Дәл осы қарым-қатынас кезінде адамдар бірінен-бірі өзара керекті мәлімет, ақпараттар ала алады, бірін-бірі дұрыс қабылдап, түсініп, бірігіп қызмет атқару үшін бәріне бірдей жоспар құрады. Қарым-қатынас жасаудың адам өміріндегі қоғамдық, әлеуметтік және психологиялық негізі, ең алдымен, адамның күнделікті тіршілік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен байланысты.

Л.С.Выготский, Б.Н.Ананьев еңбектерінде қарым-қатынас - өмір әрекетінің бір формасы, адам дамуының әлеуметтік жағдайы, жеке адамның қалыптасуының түрткісі деп қарастырылған. А.В.Петровский бойынша: «Қарым-қатынас біріккен іс-әрекет туғызатын, адамдар арасындағы қатынасты дамытатын көп жоспарлы үрдіс». С.Елеусізова қарым-қатынас орнатудың екі бөлшектен тұратынын ажыратып көрсеткен. Оның бірі – адамның ішкі дүниесіне қатысты қасиеттері, ойлауы мен саналы әрекеті. Ал, келесі бөлшегі – адамның жүріс-тұрысы мен өзгелермен тілдесіп, бірлесіп әрекет істейтін қатынас сипаттарын білдіреді. В.В.Богословский бойынша, қарым-қатынас – бұл тіл арқылы пікір алысу. М.И.Лисина пікірінше, қарым-қатынас – бұл екі немесе одан да көп адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттері.

Жалпы, қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу - әрбір адамның өмір тәжірибесіне, біліміне, тапқырлығы мен ақыл-ойына байланысты жүзеге асырылатын тіршілік мұқтажы. *Қарым-қатынас дегеніміз* - ол ортақ қажеттілігі және әрекеттері бар адамдар арақатынасының көп қырлы даму үрдісі. Қарым-қатынаста адамдардың әлеуметтік қатынасы жүзеге асады. Қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты үш жағын қарастыруға болады. Коммуникативті жағы, мұнда – қарым-қатынас адамдар арасындағы ақпарат алудан тұрады; интерактивті жағы – адамдар арасындағы өзара әсер етуді ұйымдастырудан тұрады; перцептивті жағы – қарым-қатынасқа түскен адамдардың бір-бірін қабылдау негізінде өзара түсінушіліктің пайда болуы.

Сондай-ақ, қарым-қатынас мазмұны мынадай: *біріншіден*: ғылыми және өмірлік білім; *екіншіден*: адам және оның сыртқы ерекшелігі, мінез ерекшелігі, әрекеті, мәдениеті; *үшіншіден*: топтық міндетті шешу іс-әрекеттері жатады; *төртіншіден*: өзара қатынасы мен қатыстығы жатады (түсінушілік, бір-бірін қабылдау үшін).

Психологияда қарым-қатынастың үш жағы қарастырылады:

- 1) Ақпарат алмасу;
- 2) Өзара түсінушілік;
- 3) Өзара әрекеттестік.

Қарым-қатынасқа қатысушылардың ақпарат алмасуы *коммуникация* деп аталады. Қарым-қатынаста адамдар өзін көрсетеді, өзі үшін және басқалар үшін психологиялық қасиеттерін, тұлғалық ерекшеліктерін аша түседі. Қарым-қатынас ең алдымен, бір адамның екінші адамды өзара түсінушілігінен басталады. Қарым-қатынаста идеялар, көзқарастар, қызығушылықтар мен сезімдер тағы сол сияқты қасиеттердің екі жақты алмасуы жүреді.

Ақпарат алмасу – коммуникация. «Коммуникация» терминін латын тілінен аударғанда, «жалпы, барлығымен бөлісу» дегенді білдіреді. Егер өзара түсінушілік болмаса, коммуникация да болмайды. Коммуникация жетістігін білу үшін, кері байланысты білу керек, яғни адамдар сізді қалай түсінді, қалай қабылдады тағы сол сияқты сұрақтарға жауап берілуі тиіс.

Коммуникативтік біліктілік – адамдармен керекті қатынасты құру және оны ұстай алу қабілеттілігі. Коммуникативті қабілеттілік адамның жасына, біліміне, мәдениетіне, психологиялық даму деңгейіне, өмірлік және кәсіби тәжірибесіне байланысты ерекшелінеді.

Қарым-қатынас құралдары: а) Тіл - сөздердің, анықтамалардың жүйесі және оқуды қарым-қатынаста қолданылатын мағыналы сөз тіркестеріне (пікірлеріне) біріктіру; ә) Бір ғана фразаның әр мағынасын беретін интонация (дауыс ырғағы), эмоциялы айқындылық; б) Қарым-қатынастағы адамның отырысы, бет әлпетінің көрінісі, көзқарасы, сөз төркінің мәнін күшейте, толықтыра, тіпті жоққа шығара алады; в) Ым-ишара (жест) қарым-қатынастың құралы ретінде жалпыға бірдей болуы мүмкін – яғни әрқайсысы өзіне тән мағынамен сипатталады.

Тіл - адамның іс-әрекет процесінде таным, ақпараттық және коммуникативтік қызметті атқаратын кез келген физикалық табиғаттың таңбалану жүйесі. Тіл - адамның жан дүниесінің көрінісі, ол – адамның, қоғамының рухани өмірінде объективті өмір сүретін құбылыс. Тіл мағыналы сөздерден және сол бойынша сөйлемдер жасалынатын ережелер жиынтығы синтаксистен құралады. Әрбір сөздің өзіндік мағынасы болады. Тілдік сөздің қорында осы тілде сөйлейтін адамдар қауымдастығының айналадағы дүние туралы білімі сақталады. «Тіл - ой музейі» деген теңеу тегіннен тегін емес. Тіл анық болмаса, ой анық емес деген сөз. Тіл - ойдың айнасы. Тіл тұлғаны қалыптастырады. Тілдегі сауатсыздық - адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениетінің төмендігінің көрінісі.

В.А.Сухомлинский: «Сөз - ең маңызды педагогикалық құрал, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың...» - деп оның маңызына ерекше назар аударған. Педагогикалық іс-әрекеттерді саралау бойынша, егер сабақ ашық-жарқын және бейнелі сөз мәнерімен көркемделмесе, оқу-тәрбие мүмкіндіктері толығымен жүзеге асырыла алмайды. Оқытушының тіл мәнерінің дамуы білім беру және тәрбиені күшейту үшін өте маңызды. Оқытушыда жақсы дамыған вербалды есте сақтау қабілеті, тіл мәнерін дұрыс таңдау және студентпен тіл табысу барысында дұрыс бағыт таңдай білу, нәтижесін сезе білу дағдысы қалыптасуы қажет.

Оқытушының аудитория алдындағы сөйлеу кезіндегі ең бастысы - тіл заңдылықтарын сақтау мен сөйлеу техникасын меңгеру. Ғылыми айналымда сөйлеу мәдениеттілігін анықтайтын сөз сапаларының 23 түрін айқындалған, олар: сөздің дұрыстығы, тазалығы, байлығы, дәлдігі, қисындығы, мәнерлілігі, бейнелілігі, әсерлілігі, орындылығы, түсініктілігі, жүйелілігі, мағыналылығы, байланыстылығы, айқындылығы, жандылығы, тартымдылығы, айғақтылығы, ғылымдылығы, идеялылығы, ықпалдылығы,

сенімділігі, тұтастығы. Оқытушы аудиторияны игеруде осы сапалармен қоса ойын, сезімін, көзқарасын дауыс ырғағы, дауыс күші, ым-ишара, әрі қимыл-қозғалысы арқылы да жеткізеді. Оқытушы сөзінің тыңдаушы көңіліне қонуы тандап алған сөздерін дұрыс қолданумен, оларды дұрыс байланыстырумен бірге сөзді құлақпен естіп, қимылын көзбен көруімен де байланысты екендігінде. Сондықтан оқытушы ауызша және жазбаша тіл нормаларын, яғни, грамматиканы, сөздің қолдану аясын білу керек. Осы тұрғыдан сөз мәнерінің дұрыс не дұрыс еместігі бағаланады.

Лингвист Б.Н.Головин «Сөз мәнеріндегі мәдениеттілік» кітабында оның келесі құрамдас бөліктерін көрсетеді:

- сөйлеу дұрыстығы: екпін нормалары;
- сөйлеу дұрыстығы: грамматика нормалары;
- сөйлеу нақтығы;
- сөйлеу логикасы;
- сөз мәнерінің тазалығы;
- сөз мәнерінің анықтылығы;
- сөз мәнерінің байлығы, әр алуандығы;
- сөздің орындылығы;
- тілдік және сөйлеу стилі.

Тілдің бай лексикалық – сөздік жүйесі оқытушының сөздік мәнеріндегі педагогикалық мәдениеттілігінің анық белгісі болып табылады. Оқытушының сөйлеу мәдениеті дегеніміз – сөз мәнеріне шеберлігі, стилистикалық ойды нұсқаны тандай білу, ойын анық және айқын жеткізе білу дағдысы.

Сөйлеу мәдениетінің маңызды белгісі *нақтылық* болып табылады. Сөз мәнерінің нақтылығы мен анықтылығына тілдің көптеген құралдарын қолдану арқылы қол жеткіземіз. Олай болса, оқытушының педагогикалық шеберлігін жетілдіру белсенді тілдік қорды толықтырып отырумен тығыз байланысты. Ауызша сөйлеу мәнерінің мәдениетін арттыру үшін әр кезде ғылыми тілдің нормаларын сақтауға және үнемі еркін, дұрыс дағдысын өндеуге тырысу қажет. Классикалық көркем әдебиетке, ғылыми әдебиеттерге үнемі назар аудару да осыған септігін тигізеді. Егер сөз мәнері дұрыс берілмесе, аудитория эстетикалық тұрғыдан қанағаттанбайды. Осы әдеттерден құтылу үшін және дауыс ырғағын дұрыстау үшін өзіндік мәтіндерін іштей оқып, өзінің сөз мәнерін жазып алып, тындап дайындалу да артық емес.

Дауыс сөйлеуші адамның сөзін, өзіндік, көңіл-күйін тыңдаушыға бағыттап отырады. Оқытушының өз ойын, оқыған дауыс ырғағы анық, дәл сөзбен айта алу, жарқын мимика мен пантомимикамен, ұнамды эмоциямен бере білу қабілеті - сөйлеу қабілеті. Өйткені оқытушы мағлұматтардың барлығын студенттерге жеткізу, жүйелі білім беру үшін негізінен екінші сигналды сөйлеу сипатында қолданады. Оқытушының сөзі өзінің нанымдылығымен, әсерлілігімен ерекше мәнді болуға тиіс. Оқытушы өз шешендігімен студенттерді баурап алуы керек. Ол ұзақ фразалардан аулақтап, сөйлемді қиындатпай, өз ойын қарапайым және түсінікті бере алуы керек.

Тез де асығыс айтылған ойлар, сөздер ұғынып алуға қиындық келтіреді және тез шаршатады. Дауыстың қаттылығы да психикаға әсер етеді. Орынсыз айқайлап айту білім алушылардың жүйкесіне тиеді, ал әлсіз жай дауысты оқытушыны да тыңдау қиын. Қол сермеп сөйлеу сөзді жандандырды, бірақ үнемі қол сермей беру, орынсыз қозғалыстар аудиторияны тітіркендіреді.

Педагогикалық қарым-қатынас мазмұны мен құрылымы. Педагогикалық қарым-қатынас – оқудағы өзара іс-әрекет формасы, оқушы мен оқытушылардың ынтымақтастығы. Педагогикалық қарым-қатынаста вербальдық, көркемдік, символикалық, кинетикалық құралдарды пайдалана отырылып коммуникативті, перцептивті және интерактивті функциялар жүзеге асырылады. Қарым-қатынас білім алушылардың мінез-құлқын, іс-әрекеттері, білім, әдебиет, өнер қоршаған орта туралы, мол хабарламалармен байытып, ой өрісін дамытады. Ол үшін оқытушы логикалық ойлауы жоғары деңгейде дамыған, әр түрлі дерек көздеріндегі басты мәселені және қарастырылатын объектілердің арасындағы байланысты көре алатындай болуы керек.

Педагогикалық қарым-қатынаста вербальды қарым-қатынастың екі түрі жүзеге асырылады: *аксиалды және ретиалды*.

Аксиалды қарым-қатынас - ақпаратты бір адамнан екінші бір адамға жеткізу процесі (оқытушы мен жеке бір студент арасындағы қарым-қатынас).

Ретиалды қарым-қатынас - ақпаратты бір адамнан бір топ адамға жеткізу процесі (оқытушы мен топ студенттері арасындағы қарым-қатынас).

Педагогикалық қарым-қатынастың негізгі *функциялары*:

Конструктивті. Білім мазмұны мен пәннің практикалық мәнін талдау мен түсіндірудегі оқытушы мен білім алушының педагогикалық әрекеттері .

Ұйымдастырушылық. Бірлесе мағмұматтандыру мен оқу-тәрбиелік әрекет нәтижесіне жауапкершілікпен жетудегі оқытушы мен білім алушылардың біріккен оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.

Коммуникативті-стимулдандыру. Оқу-танымдық іс-әрекеттің әртүрлі формаларының үйлесімі (индивидуалдық, топтық, фронтальдық), педагогикалық ынтымақтасу мақсатында өзара көмек көрсетуді ұйымдастыру; білім алушыларға нені білуі, түсінуі, үйренуі керектігі жөнінде түсінік беру.

Ақпараттық-білім берушілік. Қоғамдық өмір аумағындағы жаңалықтарға оқушыларды бағыттау, әлемді дұрыс қабылдатуда оқу пәнінің практикамен байланысын көрсету; оқу пәні аумағы деңгейінің қозғалмалылығы мен оқу материалының эмоционалды түсіндірілуі, оқушылардың бейнелі-сезімдік сферасына иек арту.

Эмоционалдык-түзетушілік. Оқыту процесінде оқу іс-әрекеті түрлерін қолдану барысында, оқытушы мен оқушылардың сенімділік қатынасында «ашық перспектива» және «жеңіске жету» принциптерін жүзеге асыру.

Бақылау-бағалау функциясы. Оқытушылар мен оқушылардың өзара бірін-бірі бақылауын ұйымдастыру және өзін-өзі бақылау, бағалау арқылы бірлесе отырып мұғалімнің кәсіби қасиеттерін жетілдіру.

М.М.Рыбакова педагогтың білім алушылармен өзара қарым-қатынасының бес түрін береді:

- диктаттық қатынас – қатаң тәртіп пен ресми қарым-қатынас негізінде білімге ерекше талап қою;

-нейтралды қатынас – білім алушылармен интеллектуалдық-танымдық деңгейде еркін қатынас жасау;

- қамқорлық қатынас – мезі етерліктей тым өбектеу, білім алушының дербес әрекетіне үреймен қарау, ата-аналармен байланысты үзбеу;

- конфронтациялық қатынас – білім алушыларды іштей жек көру, жұмысқа үнемі қанағаттанбау сезімінің болуы;

- ынтымақтастық қатынас – барлық істі бірлесе жүргізу, бір-біріне қамқорлық жасау, оптимизм және өзара сенімге негізделген қарым-қатынас.

Педагогикалық қарым-қатынастағы тыңдау мен тыңдата білу мәдениеті. Оқытушының сөйлеу мәдениеті студенттерге түрліше әсер етеді. Оқытушының ең басты қасиеттерінің бірі тыңдай білу және тыңдата білу мәдениеті. Тыңдата алу үшін студент сіздің біліміңізді, еркіңізді, мәдениетіңізді, жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек. Сөйлеу кезінде адамның адамгершілік қасиеттері, ерік-жігері мен қажыр қайраты немесе жалтақтық, жағымпаздығы да айқын аңғарылып тұрады. Оқытушының дауыс ырғағының студенттерге өзінше әсері бар. Өз сабағына жан-тәнімен берілген оқытушы шын жүректен шыққан сөз арқылы өзін тыңдата алады. Сабақ барысында оқытушының даусы көтеріңкі, ашық шығуы тиіс. Студенттердің оқытушыны тыңдауы бірдей болмайды. Олардың ішінде белсенді, немқұрайлы және сыни тыңдайтындар кездеседі. Білім алушылардың бірдей тыңдауын қамтамасыз ету үшін шеберлік қажет.

Нәтижелі тұлғааралық коммуникацияның психологиялық шартының бірі – ортақтасу серіктестерінің тыңдау техникасын меңгеруі. Бір қарағанда «есту», «тыңдау» ұғымдарының айырмасы жоқ сияқты. Адамдар бір-бірін естіп тұрып тыңдамайды. Кейбір адамдардың тыңдау қабілеті жоғары болады, ешқандай күш жұмсамай-ақ есте сақтай алады. Мұқият тыңдау индивидтен белсенділік пен саналы күш жұмсауды, жігерді қажет етеді. Тыңдау бұл естігенінді есте сақтау және түсіну деген сөз. Тыңдау адамның сыртқы дыбыстардан тек өзіне қызықты қажет деректерге ғана жауап беруі.

Тыңдаудың мақсаты:

- 1) жәй тыңдау
- 2) мазмұнын түсіну үшін тыңдау
- 3) мазмұнын есіңе сақтау үшін тыңдау. Бұлар энергия көп жұмсамайтын тыңдаудың төменгі деңгейі.
- 4) естігенін бағалау және талдау үшін тыңдау
- 5) басқаларға көмектесу үшін тыңдау. Бұл энергия көп жұмсалатын тыңдаудың жоғары деңгейі.

Тыңдаудың түрлері.

Жалған тыңдаушылар («псевдослушатели»). Олар тындап отырған сияқты басын изейді: келіскен, келіспегенін білдіріп, басын изеп «ия-ия», «о-о» деп отырады. Бірақ ол ешнәрсе түсінген де жоқ, тыңдаған да жоқ. Себебі ол өзінің ойымен әлек. Нәтижесінде ешқандай тыңдау процесі жүрген жоқ.

«Өзімшіл тыңдаушы» («самовлюбленный») тек өзін ғана тыңдаса екен дейді, басқаны тыңдауға уақыты да, зауқы да жоқ.

«Өз жанынан қосушы» («слушатель-сочинитель») мұндай адам ешуақытта аяғына дейін тындамайды. Түсінбеген жерлерін өзі ойынан қосып алады. Сондықтан оның бәрі түсінікті дегені әңгімелесушіні түсіндім дегені емес.

«Тыңдаушы бал ара» ол өзіне маңызды, қызықты нәрсені ғана тындайды. Басқа ақпараттың бәрін дұрыс емес, керек емес деп санайды.

«Тыңдаушы – шаншар» сөйлеуші қашан қате жібереді екен деп аңдып отырады. Сол қатені сөйлеушіге міндетті түрде ескертіп айтады.

Бірқатар адамдар үшін осы тыңдау түрлері қарым-қатынас стиліне айналған.

Белгілі бір жағдайда әрқайсымыз осы тыңдаушылардың түріне жатуымыз мүмкін. Бұл факторларды мүлдем жою мүмкін емес, бірақ әрекетті бақылауға, өте байқампаз болып, эмоционалды түрде өзімізді басқара алуымыз қажет.

Тиімді тыңдау – бұл тыңдаушыдан тұрақты зейінді, қызығушылықты, өзгенің мәселесін беріліп қабылдауға дайындықты талап ететін күрделі ерікті құбылыс. Тиімді тыңдаудың екі түрі бар: рефлексиялық, бейрефлексиялық. *Рефлексиялық (белсенді) тыңдау* сөйлеушіге тек эмоциялық демеу емес, ол белгілі бір мәселені шешуге араласқан кезде пайдаланылады. Бұндай жағдайда тыңдаушы кері байланысты сөз арқылы жеткізеді. Тыңдаушы әңгіме тақырыбы бойынша ашық және жабық түрдегі сұрақтарды қояды, сөйлемдердің мәнін анықтау үшін қайталайды қорытады, түйіндейді. *Бейрефлексиялық тыңдау* шыдамдылық таныту, сөз айтылмай тек ым-ишараны (басты изеу, бет және көз қимылы) белсенді қолдану арқылы сөйлеушінің жан дүниесін ақтаруға мүмкіндік беру. Шыдамдылық таныту сөйлеуші мәселені айта бастағанда, ішкі толқуларын сыртқа шығаруға асыққанда өте орынды тәсіл.

Тиімсіз тыңдау түрлері:

- сөйлеушінің сөзін, сезімін дұрыс ұқпау;
- сөйлеушіде оны естімегендей түйсік туғызу;
- сөйлеушінің мәселесін өзіне ыңғайлап ауыстыру;
- сөйлеушінің сөзін күлкіге айналдыру, маңызсыз деп табу;
- талқыланған мәселенің дұрыс шешімін таба алмау;
- өзара түсінушілікті дамытпау.

Педагогикалық қарым-қатынас стилдері.

Көптеген әдебиеттерде оқытушы мен студенттің коммуникативтік қарым-қатынас стилдері шартты түрде мына тұрғыда берілген:

Диктаторлық модель («Монблан») оқытушы студенттерден алшақ, білім алушы студенттер – тыңдаушылар санатында ғана. Ешқандай тұлғалық қарым-қатынас жоқ. Педагогикалық қызмет – мәлімет берумен ғана шектеледі. Салдары – психологиялық контакт жоқ, сондықтан да студенттерде белсенділік жоқ, пассивтілік басым.

Контактілі емес модель («Қытайлық қабырға») – өз мазмұны бойынша біріншіге жақын. Айырмашылығы оқытушы мен студенттің арасында әлсіз кері байланыс байқалады. Салдары – оқытушы тарапынан білім алушы студенттермен әлсіз байланыс байқалса, студенттер тарапынан оқытушыға деген селқостық байқалады.

Дифференциалды зейін аудару моделі («Локатор») студенттермен таңдалған қарым-қатынасқа негізделген. Оқытушы барлық назарын барлық студенттерге емес, олардың ішінен таңдап алған не талантты студенттерге немесе үлгерімі төмен студенттерге аударады. Салдары – оқытушы-ұжым актісіндегі өзара қатынаста тұтастық бұзылған.

Гиперфлексі модель («Тетерев») – қарым-қатынаста оқытушының тұйықтығы байқалады: оның сөзі көбінекей монологты. Оқытушы сөзін өзгелер емес, өзі ғана естиді. Салдары – оқытушы мен студенттер арасында ешқандай байланыс жоқ, оқытушы маңында психологиялық вакуум қалыптасқан. Қарым-қатынасқа қатысушылар бір-бірінен алшақ орналасқан.

Гиперрефлексі модель («Гамлет») - оқытушыны қарым-қатынастың мазмұндық жағы ғана емес, оны қоршағандар қалай қабылдайды, сол мазалайды. Салдары – оқытушының әлеуметтік-психологиялық сезімталдығы өте жоғары, бұл аудиториядағы репликаларға да тұрақсыз (адекватты емес) реакцияға әкеледі.

Қарым-қатынасқа икемсіз модель («Робот») оқытушы мен студенттердің қарым-қатынасы сабақтың мақсаты, міндеттері сақталған қатаң бағдарлама негізінде құрылған, материалды түсіндіруі, жеткізуі жүйелі, түсінікті, мимикасы, жесті қалыптасқан, бірақ оқытушы инновациялық тәсілдер арқылы білім беру жолын меңгермеген. Салдары – педагогикалық қарым-қатынастың тиімділігі өте төмен.

Авторитарлық модель («Мен - өзім») – оқу-тәрбие процесін толықтай басқарушы оқытушы. Ол – ең басты және жалғыз әрекет етуші тұлға. Ол сұрақ қоя да, оған жауап бере де, тұжырым жасай да, аргументтер келтіре де алады. Бірақ аудиториямен шығармашылық байланыс жоқ. Салдары – аудиторияның белсенділігі жоқ, оқытудың шығармашылық сипаты жоғалған.

Белсенді қарым-қатынас моделі («Одақ») – аудиториямен оқытушының қарым-қатынасы жоғары деңгейде, топтағы психологиялық климаттың өзгерісі үнемі назарында, белсенділікті қолдайды. Салдары – оқу, ұйымдастырушылық және этикалық мәселелер бірлесе шешімін табады. Бұл тиімді модель.

Белгілі психолог В.А.Кан-Калик педагогикалық қарым-қатынастың төмендегідей стилін белгілеген:

1. Педагогтың жоғары профессионалдык қарым-қатынас белгісінде қарым-қатынас жасауы және оның педагогикалық қызметке оң қатынасы. Олар туралы «оқушылар ізінен қалмайды» дейді. Ал, жоғары мектепте ол кәсіби қызығушылықты арттырады, әсіресе бұл мамандандырушы кафедраға қатысты айтылады.
 2. Достық негіздегі қарым-қатынас. Бұл ортақ іске қызығушылыққа байланысты болады. Педагог тәлімгер, жасы үлкен ақылшы, бірлесіп атқарушы ролінде жүреді. Бұл әсіресе, жас оқытушылар тарапынан байқалады. Мұндайда конфликтіден аулақ болған жөн.
 3. Дистанция сақтап қарым-қатынас жасау - бұл ең жиі кездесетін қатынас типі. Бұл жағдайда бедел, кәсібилік, мол өмірлік тәжірибе және жас мөлшерін есепке алушылық бар, мұндай стиль «оқытушы-студент» қатынасын қалыптастырады. Бұдан оқытушы білім алушылармен өз құрдастарындай сезінсін деген ой тұмауы керек.
 4. Қорқыныш тудыратын қарым-қатынас формасы, бұл ізгілік қарым-қатынасқа қайшы келеді, педагогтың педагогикадан алшақтығының белгісі.
 5. Жасандылыққа құрылған, жас оқытушылардың өзін таныту мақсатында ұстанатын, жалған беделге негізделген стиль.
- *М.Тален бойынша кәсіби ұстаным (позиция) типологиясы:*
«Сократ» – пікірталасты мақсатты түрде туындатушы ретінде танымал педагог. Үнемі конфронтацияны туындатушы болғандықтан жекешелену, оқу процесін ұйымдастыруда жүйесіздік тән; оқушылар өз позицияларын қорғай алуға ұмтылады, қорғауға үйренеді.

«Генерал» – екі ойлылықтан аулақ, талап қойғыш, өзін тыңдатуға қатаң түрде жететін педагог, өйткені ол өз көзқарасын дұрыс дей келе, оқушыны армиялық тәртіпке, бұйрыққа бағынуы тиіс деп есептейді.

«Топ дискуссиясының жетекшісі» – оқу-тәрбие процесіндегі нәтиже, оқушылар арасында келісімге, ымыраласуға келу деп есептейді, демократиялық келісу жолын іздеу, дискуссия нәтижесіне қарағанда басты орында деп қарап өзі бағыттаушы рөлді атқарады.

«Менеджер» – белсенділікті, өзбеттілікті жақтайтын, сыныпты тиімді әрекетке бағыттайтын педагог. Педагог жеке оқушымен шеші-луге тиіс міндет-мазмұнды сапалы бағалауға, талдауға ұмтылады.

«Шебер» – өзінің өмірге қатынасы, көзқарасы арқылы үлгі ретінде көрінеді.

«Жаттықтырушы» – бірлескен рух негізінде сыныпта қарым-қатынас атмосферасын қалыптастырушы. Оқушылар мұнда бір команданың мүшесі сияқты, әрқайсысы жеке индивид ретінде маңызды емес, ал бірлікте барлығына қол жеткізе алады. Педагог - топқа дем беруші, мұндағы ең басты соңғы нәтиже – жеңіс, табыс.

«Гид» – білімді, жан-жақты, энциклопедист бейнесінде. Қысқа сөйлейтін, тура, өзін-өзі ұстай алатын адам. Берілген сұраққа жауабы үнемі дайын.

А.К.Маркова бойынша педагогикалық іс-әрекет *стильдері*:

- ✓ *Өктемшілдік стиль.* Оқушы тең құқылы серіктес емес, педагогикалық әсер ету объектісі ретінде қарастырылады. Мұғалім біржақты шешім қабылдайды, шешеді. Өзі қойған талаптарының орындалуына қатаң бақылау орнатады. Қалыптасқан жағдайлар мен шәкірттердің пікірлерін есепке алмай, өз құқықтарын пайдаланады. Осының салдарынан шәкірттері белсенділіктерінен айырылады, өзін-өзі төмен бағалайды, бойларында агрессия пайда болады. Оқушылардың күші білімді игеру мен өзін-өзі дамытуға емес, психологиялық тұрғыда өзін-өзі қорғауға бағытталған. Мұндай мұғалімнің әсер етуінің негізгі әдісі – бұйрық, ақыл айту. Мұғалімге өз кәсібіне қанағаттанудың төмендігі және кәсіби тиянақсыздық тән.
- ✓ *Демократиялық стиль.* Оқушымен қарым-қатынаста тең серіктес, бірігіп білім іздеуде әріптес. Мұғалім оқушыларды шешім қабылдауға тартады, олардың пікірлерін есепке алады, ой-пікір

білдіруін бағалайды. Оқушылардың оқу үлгерімін ғана емес, олардың тұлғалық сапаларын да есепке алады. Оқушыға әсер ету әдістері – түрткі болу, кеңес, өтініш. Осы стильдегі мұғалімнің оқушылары байыпты, қанағаттану, өзін-өзі жоғары бағалау күйін сезінеді. Мұғалімдер өзінің психологиялық іскерліктеріне көбірек назар аударады, оларға кәсіби орнықтылық, өз мамандығына қанағаттану тән.

✓ *Либералдық стиль.* Мұғалім шешім қабылдаудан қашып, бастаманы оқушыларға, әріптестеріне береді. Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру мен қадағалауды жүйесіз орындайды, жалтақтаушылық, толқу байқалады. Сыныпта ауытқымалы микроклимат, жасырын қатынастар байқалады.

Қазіргі заман педагогтарын сипаттаушы даралық стильдер:

✓ Эмоционалды-импровизациялық стиль

✓ Эмоционалды-әдісқойлық стиль

✓ Пайымдаушы-импровизациялық стиль

✓ Пайымдаушы-әдісқойлық стиль. Тәжірибеде осы стильдердің аралас жүріп жататындығы байқалады десек те, олардың кейбілеулері басымдылық танытады.

Педагогикалық қарым-қатынастың нәтижелілігі оқытушының педагогикалық шеберлігіне, қарым-қатынас мәдениетіне тікелей байланысты. Білім алушылармен оң қарым-қатынас орнату үшін оқытушы сабақ барысында олардың әрқайсысына кеңпейілділік танытып, жеке басын құрметтеп, олардың жеткен жетістіктері мен құлдырауларына өзінің де тікелей қатысы бар екендігін мойындауы керек.

Пысықтау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Оқытушы мен білім алушылар қарым-қатынасындағы негізгі функциялардың мазмұнын меңгеріңіз.
2. «Педагогикалық қарым-қатынас құралы – сөз» тақырыбында мәлімдеме жасаңыз.
3. «Қарым-қатынас мәдениеті» элементтерін сызбаға түсіріңіз.
4. Педагогикалық іс-әрекетте оқытушының беделінің артуына себепші тұлғалық және кәсіби қасиеттер тізбегін жасаңыз.

Негізгі әдебиеттер:

1. Барабанщиков А. В. Проблемы, педагогической культуры преподавателей вузов. М., 1981.
2. Есарева З. Ф. Особенности деятельности преподавателя высшей школы. Л., 1976

Қосымша әдебиеттер:

1. Кузьмина Н. В. Методы исследования педагогической деятельности. Л., 1970.
2. Фридман Л. М. Педагогический опыт глазами психолога. М., 1987.
3. Құдиярова А. Ортақтасу психологиясы (қарым-қатынас) А., «Дарын» 2002.
4. Куницына В.Н., Н.В.Казаринова, В.М.Погольша. Межличностное отношение. Учебник для вузов, Питер, 2001.

II-БӨЛІМ: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ (ДИДАКТИКА)

Тақырыбы: КӘСІБИ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНІҢ МӘНІ

Жоспары

1. Жоғары мектептегі оқыту теориясы
2. Оқытудың мәні, құрылымы мен қозғаушы күштері
3. Жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісі және оның міндеттері
4. Дидактикалық принциптер

Жоғары мектептегі оқыту теориясы. «Дидактика» ұғымы грек тілінен аударғанда «didaktikos» - «үйрету» (поучающий), «didasko» - «зерделеуші» (изучающий), оқыту, үйрету деген мағына береді. «Дидактика» ұғымын ғылыми айналымға енгізген неміс философы әрі педагогы Вольфганг Ратке (Ратихия) (1571-1635), ол бұл ұғымды еңбектерінде оқыту өнерін белгілеу үшін қолданды. Дидактиканы «бәрін барлығына жан-жақты оқыту өнері ретінде» Ян Амос Коменский де қарастырған. Жалпы дидактиканың негізін салушы чех педагогы Ян Амос Коменский (1592-1670) болып табылады. Оның 1657 жылы шыққан «Ұлы дидактика» атты кітабында оқыту мақсаты, әдістері, принциптері, сыныптық-сабақтың жүйе туралы айтылған.

Я.А.Коменский кезінен бастап дидактика оқушыларға «нені оқыту керек?» және «қалай оқыту керек?» сұрақтарына жауап іздейтін ғылыми білім жүйесі.

Ратихия кезеңінен бастап дидактиканың негізгі міндеттері – проблеманы шешу: «нені және қалай оқыту»; бүгінгі ғылым сондай-ақ, «қашан», «қайда», «кімді», «неге оқыту» қажет деген сұрақтарға да жауап іздеуде. Олай болса, дидактиканың міндеті - білім мазмұнын, оқыту әдістерін және оқытуды ұйымдастыруды ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Бүгінде дидактика білім мен білім беру проблемаларын қарастыратын педагогиканың мәнді саласы. Білім беру мен оқыту теориясы - дидактика – білім алушыларды оқыту заңдылығын, педагогтың оқытушылық әрекетін, оқу процесінің мәнін, принциптерін, мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырылуын сипаттайды.

Жоғары мектеп дидактикасы – жоғары білім және жоғары мектепте оқыту туралы ғылым, ол қарқынды дамып келе жатқан педагогикалық білім саласы.

Жоғары мектеп дидактикасы – жоғары мектептегі дидактиканың міндеттері мен мақсатын, зерттеу әдістерін, дидактикалық жүйелердің категорияларын қамтитын нақты пәндік саласы.

Дидактиканың пәні - адамға білім беру мен оны тәрбиелеудің амал-құралы ретіндегі оқыту, яғни оқыту мен үйретудің бірліктегі өзара әрекеттестігі. Мұның өзі білімнің мазмұнын оқушылардың, мұғалімнің ұйымдастыруымен меңгеруін қамтамасыз етеді. Дидактика оқыту компоненттерінің өзара әрекеттестігінің көрінуінің әр түрлі нысандарын зерттейді және анықталған заңдылықтардың негізінде оқыту әсерлерінің әр алуан жүйелерін талдап белгілейді. Бұл жүйелер оқыту жоспарында оқыту бағдарламалары мен оқулықтарда ашылатын білімнің мазмұнында нақты көрінеді; белгілі бір нысандарды оқытудың тиісті әдістерімен және құралдарымен жүзеге асырылады.

Дидактика - теориялық және нормативтік-қолданбалы ғылым саласы. Себебі, ол оқыту процесінің заңдылықтарын, құрылымы мен мазмұнын анықтап, олардың өзара байланысын жан-жақты зерттейді. Бұл – дидактиканың ғылыми-теориялық қызметі. Осылайша қорытып, жинақталған теориялар нақты оқыту процесіндегі проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Яғни, оқыту мазмұнын жетілдіруді, оқыту қағидаларын қайта қарауды, оқытудың тиімді әдістері мен құралдарын пайдалануды, жаңа оқыту технологияларын ендіруді т.б. ұсынады.

Оқыту үдерісі, жалпы мәнінде, дамытушы процесс. Мұнда қоғамдық, тұлғалық, жеке ғылым саласындағы даму заңдылықтары тұтастықта қарастырылғанымен, дидактикаға тән *заңдылықтар* өз алдына іске асады:

- студентке өзін қызықтыратын және оның өміріне қажет білім беру (мамандық таңдау);
- оқыту барысындағы кез-келген іс-әрекет білім алушыға белгілі бір талап қоюмен қатар сол арқылы іскерлік дағдыларды қалыптастырады. Оқушы іс-әрекетке араласпай білім, іскерлік, дағды меңгерілмейді;
- білім алушылардың сапалық деңгейін есепке алу, демек, студенттің танымдық, қызығушылық ерекшеліктеріне сәйкес оқыту, оқудан тыс шараларды жеке дара, ұжыммен ұйымдастыру;

- техникалық т.б. құралдарды оқыту мақсатына сәйкес қолдану;
- оқыту процесін қоғам талаптарына бейімдеп, білім алушының өміріне қажетті, тәжірибеде қолдана алатындай дәрежеде модельдеу.

ЖОО дидактикасы педагогикадағы барлық ғылыми ұғымдарды сол мағынасында қолданғанымен, өз алдына ғылым ретінде өзіне тән базалық ұғымдары бар: *оқыту, білім мазмұны, білім, білім беру, ЖОО педагогикалық процесс және т.б.*

Оқыту – мақсатты түрде арнайы жобаланған қарым-қатынас, оның нәтижесінде білім алу, тәрбие және даму іске асады, адамзат қол жеткізген таным мен іс-әрекеттер тәжірибелері меңгеріледі. Оқыту – екі жақты процес ретінде оқытушы мен студенттің іс-әрекетімен сипатталады. Оқытушының іс-әрекеті «оқытушы» терминімен анықталса, білім алушының қызметі оқу, яғни танымдық қажеттілігін өтеу болып табылады. Оқу үдерісі белгілі бір дәрежеде мотив арқылы туындайды.

Білім мазмұны - жас ұрпақтың өркениетті, демократиялық қоғамда өмір сүруі үшін оған қазіргі кезеңдегі білім жүйесі мен дүниетанымды игерту. Білім мазмұны жаңа ақпарат ағымын саналы түсіну, оны бағалай білу, кез-келген жағдайда шығармашылық шешім қабылдау, рухани адамгершілік қағидаларды игерту бағыттарын белгілейді.

Білім беру - табиғат және қоғам жайында ғылымда жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруін және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуі. Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, зияттық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі. Білім беру ісі (жалпы және арнаулы жүйесі) шеберлікке, дағдыға баулудан өсіп, өрбіп, белгілі бір кәсіпке, мамандыққа үйретумен тиянақталады. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сипатына қарай білім беру *жалпы білім және кәсіптік білім беру* болып бөлінеді.

Жалпы білім беруге: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы бастауыш білім беру, жалпы негізгі білім беру, жалпы орта білім беру, жалпы қосымша білім беру енеді. Жалпы білім берудің әрбір сатысындағы білім беру мазмұны тиісті жалпы білім беру бағдарламасымен белгіленеді. *Кәсіптік білім беруге:* кәсіптік бастауыш білім беру, кәсіптік орта білім беру, кәсіптік жоғары білім беру, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру, қосымша кәсіптік білім беру

жатады. Кәсіптік білім берудің әрбір сатысындағы білім беру мазмұны тиісті кәсіптік бағдарламамен белгіленеді.

Білім беру бағдарламаларының *үздіксіздігі мен сабақтастығы принципі* негізінде білім беру деңгейлері белгіленеді: мектепке дейін тәрбиелеу мен оқыту, орта білім беру, кәсіптік жоғары білім беру, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.

Білім – адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректер мен пайымдарының т.б. жиынтығы. Білім – адамзат мәдениетінің ауқымды ұғымдарының бірі. Ол сана, таным, ойлау, ақиқат, ғылым, т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланысты, әрі солар арқылы анықталады. Білім тұлғаның қалыпты әлеуметтенуінің және билік құрылымына енуінің міндетті шарты болып табылады. Білім бүкіл адамзат ақыл-ойының адамды қоршаған табиғатты, айналаны танып-білудегі ғылыми мәлімет қорының жиынтығы; қоғамдық өмірдің даму сатыларына сай теориялық анықтамалар мен адамның өмірлік қарекетінде айқындалып, дәлелденген белгілі бір жүйедегі ұғымдар дүниесі.

Білімді танымдық дәрежесіне, шындықты жан-жақты қамтуына, терең мәніне, жете бейнеленуіне, дәйектілігі мен дәлдігіне қарай мынадай түрлерге бөлуге болады: *тұрмыстық білім, ғылымға дейінгі білім, ғылыми білім, эмпирикалық және теориялық білім*. Білімнің қай түрі болсын адамзат тәжірибесінің негізінде дамып отырады.

Қазіргі кезеңдегі жоғары білім беру проблемалары жоғары мектеп дидактикасына төмендегідей зерттеулер жүргізуді қажет деп тапқан, олар:

- жоғары мектептегі оқыту заңдылықтарын анықтау;
- жоғары білім беру туралы теорияларды жетілдіру;
- білім беру технологияларын конструкциялау (модернизациялау) және т.б.

Жалпы білім беретін мектеп дидактикасынан жоғары мектеп дидактикасының айырмашылығы оның өз алдына *төмендегідей проблемаларды* ғылыми негізде шешуді іздестіруінде:

1. Жоғары білімнің спецификалық мақсатын негіздеу;
2. Жоғары мектептің әлеуметтік қызметін негіздеу;
3. Білім мазмұнын негіздеу;
4. Жоғары мектептегі педагогикалық процесті конструкциялау және оқу қызметін іске асыруды ғылыми негіздеу;
5. Тиімді оқыту жолдарын, формалары мен технологияларын анықтау.

Оқытудың мәні, құрылымы мен қозғаушы күштері. Педагогикалық ойлау жүйесі қалыптасу үшін жоғары мектептегі оқу процесінің мәні, құрылымы, қызмет ету және даму логикасын түсіну керек. Оқытудың мәнін түсіну үшін осы процестің негізгі компоненттерін анықтау қажет. Сырттай қарасақ, оқу процесі оқытушы мен білім алушының бірлескен қызметі ретінде көрінеді. Мәселен, оқытушы студенттің іс-әрекетіне мақсат қояды, ақпарат береді, ұйымдастырады, ынталандырады, түзету (коррекция) жұмыстарын жүргізіп, бақылайды; студент бағдарламалық білім мазмұнын, әрекет түрлерін меңгереді. Осыдан оқыту процесінің екі жақтылық сипатының өзара байланыстылығы мен шарттастығын байқаймыз. Екі жақты қызмет белгілі бір мазмұнды меңгеруге бағытталады, ал оқылатын мазмұн үшінші компонент болып табылады.

Үш компонент (оқытушы, студент, білім мазмұны) сыртқы сипатты ғана көрсетеді. Олардың астарында жасырын ішкі қозғаушы күш, яғни, *оқытудың мәні* жатыр.

Оқытудың басты әлеуметтік қызметі әлеуметтік сұранысқа жауап беретін тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаны қалыптастырудағы негізгі «құрылыс материалы» болып адамзат тәжірибесі жинақтаған әлемдік мәдениет саналады. Тұлғаның қалыптасуы үшін оларды қандай мазмұнда таңдаймыз? Осыдан оқыту мазмұны келіп шығады да одан әрі оқыту мәнін түсінуге жетелейді. Жоғары мектеп дидактикасында оқыту мәнін анықтауда көбінесе белгілі дидакт И.Я.Лернердің тұжырымдамасы басшылыққа алынады:

1. Білім.
2. Тәжірибеде жинақталған, анықталған әрекет-амалдар.
3. Шығармашылық тәжірибе.
4. Меңгеруге қажет объектіге, сонымен қатар қоршаған адамдарға, өз-өзіне эмоционалдық-құндылық қарым-қатынас, қоғамдық, ғылыми, кәсіптік қызметке қажеттілік пен мотив.

Осы айтылғандардан оқытудың мәнін мынадай деп түйіндеуге болады: *оқытудың мәні* - ол мақсатты, әлеуметтік сұраныстан туындайтын және ғылыми білімді, іс-әрекетті, адамзат қол жеткізген рухани, материалдық мәдениетті жүйелі меңгеру негізінде тұлғаның дамуын көздейтін ұйымдастырылған процесс.

Оқу процесі - танымдық бағытта ұйымдастырылады. Ал, кез-келген танымдық міндеттер *қарама-қайшылықта* іске асады, білім алушының білетін, меңгергені мен меңгеруге тиісті жаңаның

арасындағы қарама-қайшылық. Олар адам санасы, ерік-жігері, эмоция және оқытушының тұлғасы арқылы тұлғалық мазмұнмен жетілдіріледі.

Жоғары мектепте оқыту құрылымы оқыту мақсаты (не үшін оқыту), оқыту мазмұны (нені оқыту), құралдары, формалары, әдістері мен тәсілдері (қалай оқыту), оқыту нәтижесі тәрізді жүйеден құрылады. Сондай-ақ, оқыту процесі оқытушы мен білім алушысыз жүзеге асырылмайды. Демек, жоғары мектепте оқыту процесінің құрылымы төмендегі компоненттен құралады:

- Мақсаттылық компонент – жоғары мектепте оқыту мақсаты мен міндеттері;

- Мазмұндық компонент – білім мазмұнын құрайтын маман дайындауда меңгеретін білім, іскерлік және дағдалар жиынтығы;

- Процессуалдық компонент - оқыту мақсаты мен міндеттерін іске асырудағы оқыту құралдары, формалары, әдістері мен тәсілдерімен сипатталады;

- Бақылау-реттеу компоненті;

- Нәтижелік-бағалау компоненті.

Оқу мотивтері. Тұлғаның мінез-құлықтық және іс-әрекеттік белсенділігіне негіз болатын жетекші фактор – түрткі (мотив). Бұл педагогикалық процесте де есепке алынады. Оқу әрекетінің сыртқы құрылысын қарастыру арқылы оқу мотивінің орнын анықтауға болады:

- 1) *мотивация*

- 2) *әр түрлі жағдаяттағы түрлі формадағы оқу міндеттері;*

- 3) *оқу қызметтері;*

- 4) *біртіндеп өзін-өзі бақылауға көшетін бақылау;*

- 5) *біртіндеп өзін-өзі бағалауға көшетін бағалау.*

Жоғары оқу орындарындағы оқыту процесі және оның міндеттері. Жоғары оқу орындарындағы оқыту процесі - болашақ маманның кәсіби шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға қажетті белгілі білім, іскерліктерді меңгеруі мақсатында ұйымдастырылған арнайы процесс. Бұл анықтама оқыту процесіне қатысушылар (оқытушы мен білім алушы) іс-әрекетіне көңіл бөлуді қажет етеді. Оқытушының іс-әрекеті – оқыту, білім алушының іс-әрекеті – оқу. Осыдан, оқыту (обучение) – іс-әрекет болып табылады. *Оқытудың нәтижесі* жай білім, іскерліктер жиынтығы емес, білім жүйесі негізінде *жоғары білім алу* болады. *Оқытушы қызметінің мәні* іс-әрекетті ұйымдастыру, ынталандыру арқылы студенттердің оқу-

танымдық іс-әрекетін басқару. Бірақ іс-әрекетті жоғары деңгейге жеткізу үшін ол мақсатты түрде ұйымдастырылу қажет. Бұл оқытушының міндеті болып саналады.

Дидактика оқыту үдерісінің үш міндетін анықтайды: *білімдік, дамытушылық және тәрбиелік.*

Білімдік міндет қызметі оқыту процесінде студенттердің білім, іскерлік, дағдыларды, кәсіби іс-әрекеттегі танымдық және практикалық тәжірибелерді меңгеруіне бағытталады. Педагогикада *білім, білу* - ғылыми фактілер, түсініктер, заңдар мен теорияларды түсіну, есте сақтау және ой елегінен өткізіп, қайта жасай білу деп түсіндіріледі. *Білімді меңгеру* білімнің толымдылығымен, жүйелілігімен, саналылығымен және шынайылығымен сипатталады. Яғни, студент оқу барысында кәсіби бағытына орай ғылыми білімдер жүйесін меңгеріп, саналы түсініп, оларды тәжірибеде кез-келген жағдайда қолдана алатын болады. Білім оны қолдана алуда іске асатындақтан, білімдік қызмет теорияны меңгерумен шектелмейді, ол іскерлікті де қалыптастырушы болады.

Іскерлік – білімнің іске асуы; меңгерілген білімнің тәжірибедегі қолданыс тәсілдері. Кейбір іскерліктерді дағдыға жеткізу қажет болады. *Дағды* – іскерліктерді автоматтандыру.

Дамытушылық міндет. ЖОО оқыту процесі, кәсіби қажетті білім, іскерлік, дағдаларды, кәсіби іс-әрекеттегі танымдық және практикалық тәжірибелерді меңгеруде студент дамиды. Даму барлық бағытта көрінеді, ғалымдар оқытуды дамудың қайнар көзі деп есептейді. Л.С.Выготский оқыту дамуды алға сүйрейді демек, «...оқытудағы бір қадам дамудағы жүз қадамды беруі мүмкін» деп тұжырымдайды.

Оқыту мазмұны сандық және сапалық өзгерістерге әкеледі. Сондықтан да оқыту дамытушылық сипатта болады дей аламыз.

Тәрбиелік міндет оқыту үдерісінде адамгершілік және эстетикалық талғамдар мен көзқарастар жүйесі қалыптасады, қоғамда өзін-өзі тану, тұлғаның рухани қажеттіліктері мен бағыттылықтары дамиды. Оқытудың тәрбиелік факторы оқыту мазмұны бола алады, білім берудің қазіргі заманғы тұжырымдамалары дүниені біртұтас деп қабылдауға және гуманистік көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Оқыту арқылы Жер - ортақ үйіміз, оны мекендейтін әр адам сол үйдің тыныштығын сақтауға, дамытуға үлес қоса алады ... деп қалыптастыратын сана ғаламдық білім беріледі. Ғаламдық білім

негізі – коммуникация, қатынас (контакт), түсінісу, эмпатия, симпатия, ынтымақтастық, бірігіп қызмет ету т.б.

Болашақ маманның дамуы мен қалыптасуына тәрбиелік ықпал жасау оқытушы мен білім алушының, топтың арасында жайлы қарым-қатынастың орнауымен сипатталып, танымдық іс-әрекетті басқару стилін тандай білуді талап етеді. Сондықтан оқытушы оқыту материалдарын талдап, тәрбиелік мәндісін тандап, қарым-қатынас стилін білім алушыны белсенді танымдық әрекетке бастайтындай етіп, кәсіби бағытына орайлас құрады. Студенттік кезең тұлғаның өз бетімен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу процесінің қарқынды кезеңі.

Жоғарыда атап өткен үш міндет өзара бірлікте іске асады және бірін-бірі толықтырып отырады.

Дидактикалық принциптер.

Оқытушының оқыту процесінің заңдылықтары мен заңдарын басшылыққа алып қызмет етуі оқытушы мен студенттің, студент пен оқу материалының арасындағы байланыстың болуын орнатады.

Оқыту процесін іске асыру белгілі бір заңдылықтарды меңгеру негізінде жүзеге асады. Құбылыстар мен процестер арасындағы объективті, маңызды, қажетті, жалпы, берік, белгілі жағдайда қайталанатын өзара байланыс *заңдылық* деп аталады. Өзара байланысы бар объектілер, байланыстың түрі, сипаты, қызмет аясы анықталған кезде заңдылықты *заң* деп білеміз. Оқыту процесінің заңдылықтары оның тұтастығын дәлелдейді. Оқыту заңдылықтары *сыртқы және ішкі, жалпы және жеке* деп бөлінеді.

Сыртқы заңдылықтар оқытудың қоғамдық шарттардан, саяси-әлеуметтік жағдайларға тәуелділігін сипаттайды. *Ішкі заңдылықтар* оқытудың максаты, әдістері, құралдары, түрлері арасындағы байланыстарды сипаттайды. Жалпы заңдылықтар бүкіл оқыту жүйесін қамтыса, жеке заңдылықтар оқыту жүйесінің нақты, жеке бөліктерін қамтиды.

ЖОО оқыту процесінің заңдылықтары:

- оқытушының оқыту іс-әрекеті тәрбиелік сипатта болады;
- оқытушы мен студент қарым-қатынасы оқыту нәтижесіне әсер етеді;
- оқытудағы беріктілік оқуға және оны меңгеруге байланысты;
- студенттің білім сапасы бақылау және өзін-өзі бақылау сапасына тәуелді;
- оқу нәтижесі оқу үдерісін басқаруға байланысты;

- студент жетістігі оның ол ұстанған позицияға, жеке тұлғалық бағытына тікелей байланысты;
- оқытушының жайсыз қарым-қатынасы жеке студенттің, топтың оқу үлгерімін төмендетеді;
- оқыту нәтижесі оқу материалына деген қызығушылыққа байланысты;
- оқыту нәтижесі студенттің мүмкіндігіне қатысты.

Жоғары мектеп дидактикасын теориялық зерттеу оқыту үдерісінде белгілі бір ұстанатын идеялар мен нормативтік ережелердің болуын туындатады, осындай ұстанымдар дидактикалық принциптер деп аталады.

Принцип – латын сөзі, басшылыққа алатын идея, талап, қағида деген мағына береді. Оқыту принциптері дидактиканың категорияларына жатады. Оқыту үдерісінде кез-келген оқытушы дидактикалық қағидаларды басшылыққа ала отырып, оқытудың мазмұнын, амал-тәсілдерін және ұйымдастыру формаларын тандап, жоғары нәтижеге жетеді. Дидактикалық принциптер теориялық білім мен практиканы байланыстыратын көпір, оқу үдерісінде қойылған мақсаттарға жетуге жағдай жасайды. Оқыту принциптері өмір талаптарына сәйкес бірі ескіріп жатса (табиғатпен байланыстылық, партиялылық т.б.), олардың орнына жаңалары келеді (оқытуда компьютерді пайдалану, оқытудың интерактивтігі, оқытудың инновациялылығы, т.б.).

Ғалымдар өз пайымдауларында, жоғары оқу орындарында басшылыққа алатын оқыту принциптерін ұсынып келеді. Олар жалпы және ЖОО дидактикасындағы принциптердің мазмұнын жетілдіреді. Дидактика тарихында қалыптасқан *оқыту принциптері*:

- ғылымилық;
- саналылық пен белсенділік;
- көрнекілік;
- жүйелілік пен бірізділік;
- беріктілік;
- теория мен тәжірибенің байланыстылығы.

Оқыту қағидалары өз ара байланысты болады бірін-бірі толықтырып, қат-қабат жүріп отырады.

Ғылымилық принципі – ғылыми дәлелді мазмұнды меңгертуді, ғылыми жаңалықтарды жеткізуді міндеттейді, ғылымның адамзат үшін қызмет ететіндігін танытып, ғылыми көзқарастың қалыптасуын қамтамасыз етеді;

Саналылық пен белсенділік принциптері - білімді меңгеруде барлық таным қызметін жұмылдырып, теорияда қарастырылған мәселені тәжірибемен ұштастыруға ынтасының болуын, оның өмірмен байланысын терең түсінуін, оқылатын фактілер мен құбылыстардың мәніне ден қоюды көздейді;

Көрнекілік принципі - мұны алғаш зерттеп оған мәнді үлес қосқан Я.А. Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский т.б. Осы қағида негізінде Я.А.Коменский алғашқы оқытудың әдістемесін жасады. Я.А.Коменский «Ұлы дидактика» еңбегінде мұғалімдерге «*Алтын ереже*» ұсынды. Оның мәні - оқушыға қабылдауға ұсынатын материал түсінікті болуы үшін мүмкіндігінше оның бес сезім мүшесін қатыстыру: сипап сезу, көзбен көру, иісін, дәмін сезу, құлақпен есту.

Оқыту процесінде сөз бен іс, теория мен тәжірибе өзара байланысты болады. Ал, әртүрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Бұл әдістің оқу материалдарын терең түсінуде, берік есте сақтауда алатын орны ерекше.

Жүйелілік пен бірізділік принциптері - оқыту процесінде оқу бағдарламалары мен тақырыптық жоспарда көрсетілген тақырыптар бойынша теориялық және тәжірибелік мәселелер бірізділікпен белгіленеді. Жүйелілік және бірізділік принципі оқыту процесінде оқушыларды үнемі өз бетімен жұмыс істеуге, сонымен бірге олардың білімін жүйелі түрде тексеріп, есебін алып отыруды, оларды күнделікті сабақтарға дайындықпен келуге үйретеді.

Беріктілік принципі – білімнің беріктігі білім алушының оқу-танымдық процесінің толық іс-әрекетті атқаруымен байланысты. Бұл принциптің мазмұнын Я.А.Коменский «бүгінгі білім өткен сабақтың беріктігін қамтамасыз етіп, ертеңгі меңгеретін сабаққа жол ашуы керек» деп көрсетеді.

Теория мен тәжірибенің байланыстылығы принципі – бұл философияның «тәжірибе - танымның ілкі бұлағы» қағидасына негізделген. Оның түбінде көптеген заңдылықтар жатыр: оқытудың сапасы мен тиімділігін тәжірибе көрсетеді, тексереді, анықтайды; тәжірибе – ақиқаттың көрсеткіші; тәжірибе өмірмен байланысты.

Зерттеуші *Н.В.Басова* ұсынған дидактикалық принциптер:

- Оқытудың дамытушылығы мен тәрбиелілігі.
- Ғылымилық, түсініктілік және еңсерілуге боларлық қиындық.
- Саналылық және оқытушының басшылық ықпалындағы студенттің шығармашылық белсенділігі.

- Көрнекілік және шығармашылық ойлаудың дамуы;
- Оқытудың бірізділігі мен жүйелілігі.
- Білім берудің өз бетімен білім алуға ауысуы.
- Оқытудың өмірмен, болашақ мамандығымен байланыстылығы.
- Студенттердің танымдық белсенділігінің дамуы мен білімнің беріктігі.

- Оқытудағы жағымды эмоционалды ахуал.
- Оқытудың ұжымдық және жеке даралығымен есептесу.
- Оқытудағы гуманизация және гуманитаризация.
- Оқытуды компьютерлендіру.
- Интеграция - пәнаралық байланыс.
- Оқытудың инновациялылығы

С.И.Зиновьев жоғары мектептегі оқу процесіне арналған алғашқы монографияларының бірінде жоғары мектеп дидактикасының принциптеріне жатқызады: ғылымилық, теорияның практикамен байланысы, ғылымның практикалық тәжірибемен байланысы, мамандарды дайындаудағы жүйелілік пен бірізділік, саналылық, студенттердің оқудағы белсенділігі мен өзбеттілігі, оқу жұмысындағы жеке ізденушілік пен ұжымдық жұмыстың бірлігі; оқытудағы абстрактілі ойлаудың көрнекілікпен үйлесуі; ғылыми білімнің түсініктілігі; білімді меңгерудің беріктілігі. Ғалым бұл оқыту қағидаларын орта мектеп қағидаларына сәйкестендіріп қолданған.

Ал *ЖОО-ның орта мектепке қарағанда өзіндік ерекшеліктері* бар:

- жоғары мектепте ғылым негіздері емес, ғылым, оның даму барысы оқылады;
- студенттердің өз бетімен орындалатын жұмыстары оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмысымен ұштасады; оқытушылардың қызметінде оқыту мен ғылымның байланысы анық көрінеді;
- барлық пәндерді оқыту барысында мамандандыру идеясы нақты, мақсатты көрініс табады.

Дидактикалық принциптер оқытушы қызметіндегі басты бағдар, олар арқылы оқыту мақсатына жетеді. Оқыту принциптері жоғары мектеп оқытушысының оқыту үдерісіндегі негізгі бағдары деуге болады. Осы айтылғандарды басшылыққа ала отырып ЖОО-да мынадай оқыту принциптері ұсынылып келеді: студенттердің ғылыми және оқу жұмысының бірлігін қамтамасыз ету (И.И.Кобыляцкий); мамандыққа бағыттылық (А.В.Барабаншиков);

мамандықтағы ұтқырлық (мобильділік) (Ю.В.Киселев, В.А.Лисицын және т.б.); проблемалылық (Т.В.Кудрявцев); оқу процесіндегі эмоционалдық және мажорлық (Р.А.Низамов, Ф.И.Наумов).

Соңғы уақытта оқыту принциптерін синтездеу арқылы *ЖОО-дағы оқыту принциптерін топтау идеясы* да айтылып жүр:

- жоғарғы білімнің болашақ маманның жеке тұлғасын дамытуға бағдарлануы;

- жоғары білім мазмұнының *ғылымның* қазіргі және алдағы уақыттағы даму болжамына сәйкестілігі (техника, технология, наноғылым, нанотехнология, т.б.);

- ЖОО-дағы жалпы, топпен және дара оқыту формаларының тиімді бірлігі;

- маман дайындаудың әр түрлі кезеңдерінде қазіргі уақыттағы оқыту әдістері мен құралдарын рационалды қолдану;

- мамандарды өзінің кәсіби деңгейіне жауап беретіндей нәтижеде, бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Бұл принциптер өмір талаптарынан туындап отыр және де Ю.К.Бабанскийдің «оқыту принциптері жатталып қалған, бұзылмайтын догма емес, олар өмірге байланысты жетіліп, өзгеріп отырады» деген ойын дәлелдей түседі.

Пысықтау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Жоғары мектеп дидактикасының объектісі мен пәнін, міндеттерін айқындаңыз.
2. Электронды картотека арқылы Қазақстанда жоғары мектеп дидактикасы проблемасымен айналысатын ғалымдар мен олардың еңбектерінің тізімін жасаңыз.
3. Жоғары мектептің оқыту процесінің құрылымдық компоненттерін атаңыз.

Негізгі әдебиеттер:

1. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. - СПб: Питер, 2000, - 304с.
2. Педагогика и психология высшей школы /Под.ред.М.В.Булановой-Топорковой.: Учебное пособие. - Ростов-н/Д:Феникс, 2002, -545с.
3. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. А., 1998.

Қосымша әдебиеттер:

1. Садықов Т.С., Абылкасымова А.Е. Дидактические основы образования в высшей школе; Учебное пособие. А., РИК Казахской академии образования им. И.Алтынсарина, 2000, - 187.
2. Смирнов С. Д. Педагогика и психология высшего образования. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Академия, 2005, - 400 с.
3. Асанов Н. Университеттік білім беру жүйесіндегі оқу үрдісін басқарудың педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2004.

Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

Жоспары

1. Білім беру мазмұны, оның ғылыми негіздерін анықтау қажеттілігі
2. Білім мазмұнын анықтаудың объективті және субъективті факторлары
3. Педагогикада білім берудің ғылыми мазмұнын анықтау теориялары және оны жетілдіру
4. Жоғары білім мазмұнын айқындайтын нормативтік-құқықтық құжаттар
5. Студент оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде
6. Студенттің ар-намыс кодексі (Қосымша Ә)

Білім беру мазмұны, оның ғылыми негіздерін анықтау қажеттілігі. Білім алушының оқуы нәтижелі болуы үшін оны тұлғалық дамыту мен қалыптастыруда мынаны анықтап алу керек: *нені оқыту керек*, яғни, білім алушының нәтижеге жетуде меңгеретін білімінің көлемі. Бұл білім мазмұнын береді ол – ғылыми білімдер, практикалық іскерліктер мен дағдылар жүйесі, сондай-ақ, білім алушының оқу барысында меңгерген дүниетанымдық және адамгершілік-эстетикалық идеялары.

Білім мазмұны - жас ұрпақтың өркениетті, демократиялық қоғамда өмір сүруі үшін оған қазіргі кезеңдегі білім жүйесі мен дүниетанымды игерту. Білім мазмұны жаңа ақпарат ағымын саналы түсіну, оны бағалай білу, кез келген жағдайда шығармашылық шешім қабылдау, рухани адамгершілік қағидаларды игерту бағыттарын белгілейді.

Білім мазмұны – бұл арнайы іріктеліп алынған және қоғамда қабылданған, білгілі бір сферада қызмет атқару үшін меңгеретін адамзат тәжірибесінің элементтер жүйесі. Білім мазмұны – білім, іскерлік, дағды және дүниетанымы мен жалпы тұлғалық қалыптасу деңгейі көрінетін оқу орны белгілейтін *түпкі нәтиже*.

Білім мазмұнын анықтау өте күрделі міндеттердің бірі. Білім мазмұнын анықтауға әсер ететін факторлар: *объективтік* және *субъективтік*. *Объективтік*: қоғамның, ғылым мен техниканың дамуы; *Субъективтік*: қоғамдағы саясат, идеология, ғалымдардың методологиялық позициялары.

Педагогикадағы білім мазмұнын анықтау теориялары: *формалды* және *материалды* білім беру теориялары.

Формалды білім беру теориясы – Джон Локктан (XVIII ғ.) бастау алып, Песталоцци, Кант, Герbartтармен (XVIII-XIX ғ.) жалғасты. Олар рационализм философиясы теориясын ұстанды, демек тілдерді меңгертуді білім алушыны дамыту құралы деп есептеді, әсіресе, ертедегі грек, латын тілдерін, математиканы үйретуді таңдады. Есесіне химия, физика жалпы табиғатты тану ретінде өтілді.

Материалды білім беру теориясы – XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. өріс алды, шаруашылық пен ғылыми-техниканың дамуы ғылыми-жаратылыстану, техникалық тәжірибесі мол мамандарды дайындауды талап етті. Бұл теорияны жақтаушылар *эмпиризм* (грекше «тәжірибе») философиясын ұстанды. Осыдан ғылыми-жаратылыстану ғылымдарын меңгертуге үлкен үлес тиді, нәтижесінің өлшемі ретінде білімнің өмірге қажеттілігі есептелді. Бұл екі теория да біржақтылықта болды. Кезінде К.Д.Ушинский осы теорияларды қатты сынға алған.

Педагогикада білім берудің ғылыми мазмұнын анықтау теориялары және оны жетілдіру. Педагогика ғылымындағы білім берудің ғылыми мазмұнын анықтау теориялары және оны жетілдіруге қойылатын ғылыми талаптар жүйесі:

- Тәрбиенің негізгі мақсатына бағытталуы – жан-жақты дамыған адамды тәрбиелеу адамды өмір сүруге дайындау;
- Білім мазмұнын ғылыми негізде құру;
- Ғылыми жүйенің логикалық құрылуы;
- Пәнаралық байланысты сақтау;
- Теория мен практиканың байланысы, өндіріспен ұштастыру;
- Білім алушының жас ерекшелігімен сәйкестендіру.

Оқыту – білім беру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын-ала жоспарланған іс-әрекет. Білім мазмұны - өкімет арнайы таңдап анықтаған белгілі салада жұмыс істеу үшін қажетті адамзат тәжірибесінің бөлшегі. Ол - оқытудың нәтижесі болатын білім, білік, дағды, тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Қазіргі постиндустриалды қоғамда *білім парадигмасын* өзгерту қажеттігі туындап отыр: *білім мазмұнын жаңарту*, басқаша тұғырлардың болуы, өзгеше қарым-қатынас, құқық, педагогикалық менталитет. «Парадигма» латын тілінен аударғанда «үлгі» деген мағына береді. Ал қазіргі педагогикада ол білім берудің концептуалдық моделі ретінде қолданылып келеді. Білім беру парадигмаларының көптеген түрлері бар. Бүгінгі таңдағы байқалған

педагогикалық ғылымда тұғырдың өзгеруі, ең әуелі, педагогикалық зерттеуде ғылымнан тәжірибеге көшу кезеңдеріне жатады.

Шетелдік психологиялық-педагогикалық ғылым шеңберіндегі білім беру парадигмасы мәселесіне байланысты еңбектерді талдасақ, шетел педагогикасында білім беру парадигмасы түрлі тұжырымдамалар арқылы беріледі: дәстүрлі білім парадигмасы; технократтық (прагматикалық) парадигма; бихевиористік (іс-әрекеттік) парадигма; гуманистік парадигма; теологиялық парадигма; биопсихологиялық парадигма т.б.

Білім беру жүйесіндегі негізгі қарама-қайшылық - дүние жүзіндегі білімнің қарқынды өсу темпі мен индивидтің оны меңгеруге мүмкіндігінің шектеулі болуы арасында. Осындай қарама-қайшылық тұлғаны абсолютті білімді идеал ету (тұлғаны жан-жақты дамыту) сияқты педагогикалық теориядан бас тартып, жаңа идеалға - адамның өзін-өзі реттеуі мен өз бетімен білім алу қабілетін максималды дамытуға көшуді талап етіп отыр. Бұл инновациялық білім беру тұғырларын анықтап алуды талап етеді. Инновациялық оқыту – ең алдымен, білім беру, өз бетімен білім алу негізінде тұлғаның қабілетін дамыту.

Фундаментальдылық, тұлғаның қызығушылығын қанағаттандыру мақсаттылығы және бағыттылығымен қатар білім берудің жаңа парадигмасының көрінісі.

«Фундаментальді ғылыми-жаратылыстану және гуманитарлық білім адамға дүниенің қазіргі таңдағы біртұтас ғылыми-жаратылыстану картинасы туралы түсінік беруге, кәсіби қызметті бағалау үшін ғылым іргетасын қалап, тұлғаның шығармашылығын дамытуға және өз мүмкіндігі, қабілеті, қажеттілігін тану арқылы өмірлік бағдарламасын жасауға мүмкіндік тудыруы керек» (ЮНЕСКО-ның халықаралық меморандумы).

Егер, 1960-1980 жылдары білім беру «бәрінен аз ғана білу» формуласымен сипатталса, 1990 жылдары одан «Жаңа жағдаяттарды тану үшін барлығының мәнін білу» - ге көшті.

Барлық пәндердің негізгі мәнін білу арқылы ортақ ақпарат жинақтау білім алушыға әсіресе, студентке болашақ маман ретінде қойылатын негізгі мақсат.

Оқытудағы мәндік тұғыр (сущностный подход) жаратылыстану, гуманитарлық және техникалық ғылымдар синтезін құрайды. Оқытудағы мәндік ұстаным – бұл оқытушылардың студенттің қабілетін дамыту бағытында пәнаралық байланыс негізінде олардың

(пән мазмұнының) мәнін жүйелі ұғынуға жағдай жасайтын жүйелі, синергетикалық («синергия»-грекше серіктестік, екі адамның бір бағыттағы бірлескен әрекеті) ұстаным.

Акмеологиялық тұғыр инновациялық білім беруде мәндік тұғырмен тығыз байланысты. «Акмеология» (грекше «акме» - шың, биіктік, жоғарғы деңгей) – зерттеу нысаны (объектісі) өмірдің кез келген сферасындағы өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзінің қол жетер мүмкіндігін жүзеге асыру динамикасындағы адам болып табылатын ғылыми білімнің жаңа аймағы, ғылыми пәндер кешені. Акмеология пәні – адамның шығармашылық әлеуеті, субъектінің шығармашылық деңгейге жету заңдылықтары мен шарттары, өзінің мүмкіндігін шарықтау шегіне жеткізуі. Акмеология міндеті - іс-әрекет субъектісін кез-келген әрекетте, сондай-ақ, өзі таңдаған мамандықта үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім және технологиялармен қаруландыру. «Акме» - бұл кәсібилік шыңы – тұрақты жоғары нәтижелер, келешекке сенімділік. Шығармашылық – кәсібиліктің қажетті компоненті. Өзін-өзі дамыту – кәсіби шыңға жету жолы. Барлық білім алушылардың бойында өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өз бетімен білім алу, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру қажет, бұл «акме» жағдайына жету факторлары. Мұндағы оқытушы міндеті – студенттердің мотивтері мен қажеттіліктерін қалыптастыру.

Сонымен, инновациялық білім беруді тұлғалық ұстаным, білім фундаментальдығы, шығармашылық бастаулар, мәнділік және акмеологиялық тұғырлар, кәсібилік, техникалық және гуманитарлық мәдениеттің синтезі жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануды құрайды.

Жоғары білім мазмұнын айқындайтын нормативтік-құқықтық құжаттар: типтік оқу жоспары, оқу бағдарламалары. Қазақстан Республикасының Конституциясында (1995 ж.) «мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек» деп көрсетілген (30 бап, 4-тармақ). Стандартта жоғары білім беретін оқу орны дайындайтын мамандығына сәйкес білім мазмұнына, оқу жүктемесінің көлеміне және бакалаврлардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар беріледі.

Стандарттың ережелері олардың ведомстволық бағыныштылығынан, ұйымдық-құқықтық оқыту нысандарынан тәуелсіз, бакалаврларды және дипломды мамандарды дайындауды

іске асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары үшін қолданылуы және сақталынуы міндетті.

Мемлекеттік білім берудің жалпыға міндетті стандартында типтік оқу жоспары беріледі. *Типтік оқу жоспары* – мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалатын және студенттердің меңгеруге қажетті ең аз көлемдегі кредиттерін, бақылау формаларын, сондай-ақ оқытудың қосымша түрлерімен қорытынды атестаттауын көрсете отырып жалпы білім беру пәндері (ЖБП), базалық пәндер (БП), кәсіптендіру пәндері (КП), циклдеріне шоғырландырылған оқу пәндері тізімі тұрғысынан міндетті компоненттерді белгілейтін негізгі оқу құжаты.

Типтік оқу жоспарында белгіленген әрбір оқу пәніне типтік оқу бағдарламасы дайындалады. *Типтік оқу бағдарламасы* – ол мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалып, типтік оқу жоспарындағы міндетті компонент пәндерінің мазмұнын, оқу көлемі мен тәртібін анықтайтын, меңгеруге қажетті негізгі білімдер, іскерліктер, дағдылармен құзыреттіліктер тобын, ұсынылған әдебиеттерді көрсететін және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы өкілетті органымен бекітілетін оқу құжаты.

Маман дайындауда типтік оқу жоспарында көрсетілген Жалпы білім беру пәндері, Базалық пәндер, Кәсіптік пәндер блогындағы міндетті компоненттегі пәндер тізіміне енген пәндерді барлық студент міндетті түрде оқиды.

Міндетті компонент – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты белгілеген және оқу бағдарламасы бойынша студенттің міндетті түрде оқитын оқу пәндері көлемінің тізімі.

Сонымен қатар Жалпы білім беру пәндері, Базалық пәндер, Кәсіптік пәндер блоктарының әр қайсысын тереңірек меңгеру мақсатында таңдау бойынша компонент құрылады. Бұл пәндер тізбегі жоғары оқу орны жұмыс берушілермен бірлестікте ғылыми жаңалықтар және қоғам мен өндіріс қажеттілігіне байланысты ұсынылады. Осы блоктағы пәндерді студенттер өз қалаулары бойынша таңдап оқиды. Яғни, *таңдау бойынша компонент* – жоғары оқу орны ұсынатын, барлық академиялық кезеңде оқытылатын студенттердің жеке таңдалған пәндерінің тізімі.

Сондай-ақ, оқу бағдарламасында берілген мазмұнды меңгеру мақсатында пререквизиттер мен постреквизиттер көрсетіледі. Жоғары оқу орны студентінің білім мазмұнын меңгеруде ескеретін

жайлардың сол пәнді меңгеруге дайындығын анықтау және осы пәнді меңгерудің келесі пәнді меңгерудегі орнын білу болып табылады. Олай болса, өз кезегінде оқытушы пререквизиттермен постреквизиттер туралы білулері қажет. *Пререквизиттер*: оқылатын пәнді меңгеруге қажетті білімдер, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттіліктер тізімі, студенттердің ауысуы барысында оқу курсы реттейтін құрал. *постреквизиттер*: келесі оқытылатын пәндерді меңгеруге қажетті білімдер, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттіліктер тізімі.

Студенттердің оқу пәндерін таңдау іс-әрекетін ұйымдастыруға эдвайзер тағайындалады. *Эдвайзер* – студенттердің білім алу бағытын таңдауға және өзгертуге, олардың жеке оқу жоспарын құрастыруға септігін тигізетін, академиялық тәлімгердің қызметін атқаратын маман дайындаушы кафедраның оқытушысы.

Қазақстан Республикасының Ғылым Заңында «Жоғары оқу орындары оқу білім беру процесі не ғылымның озық жетістіктерін енгізумен қатар оқыту процесі не ғылыми, ғылыми-зерттеу ұйымдарының, оның ішінде шетелдік ғалымдарды тартуға құқылы» деп көрсеткен. Бұл білім мазмұнын кеңейтуге жол ашып, білім алушыға білім кеңістігіне енуге жағдай туғызады.

Студент оқу іс-әрекеті мен тәрбие субъектісі (И.А.Зимняя). Студенттік жас (18-25 жас) адам өміріндегі ерекше кезең болып табылады, себебі «жалпы мәні бойынша және негізгі заңдылықтары бойынша 1-ден 25-ке дейінгі жас, балалық даму кезеңдері қатарындағы кемелді жас кезеңдерінің қатарында бастапқы буын болып табылады. И.А.Зимняя: «Студенттік кезеңді – адамның, жеке тұлғаның қалыптасуының орталық кезеңі, әр түрлі қызығушылықтың көрініс беруі. Студенттік кезең – өте күрделі интеллектінің құрылуы, болашақ «кәсіп иесі» ретінде адамның қарқынды да белсенді әлеуметтену кезеңі - тұрғысында сипаттаған.

Студенттер проблемасын ерекше әлеуметтік-психологиялық және жас ерекшелік категориялар ретінде қарастыру Б.Г.Ананьевтің психологиялық мектебінің: Н.В.Кузьмина, Ю.Н.Кулюткин, А.А.Реан, Е.И. Степанова, П.А. Просецкий, Е.М.Никиреев, В.А.Сластенин, В.А.Якунин және т.б. Осы көптеген зерттеулердің мәліметтері студентті әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық позициядағы оқу іс-әрекетінің ерекше субъектісі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Студенттік кезең – бұл ерекше әлеуметтік категория, жоғарғы білім беру институтымен ұйымдастырыла біріктірілген адамдардың ерекше қауымдастығы. Бұл XI–XII ғғ. алғашқы университеттер пайда болғаннан бері тарихи құрылған әлеуметтік-кәсіби категория.

Туғаннан жасөспірімдік шаққа дейінгі дамудың жалпы үлгісінде *студенттік жас* жеке дара жас кезеңі ретінде көрсетілмей ол жасөспірімдік кезеңнің құрамында үлкен жасөспірімдік шақ ретінде берілген және осы жас кезеңіне тән мынадай қасиет-сапалар аталған: дамудың әлеуметтік жағдайы бойынша - үлкендерден және топтан оқшаулану; жетекші іс-әрекет - ересектік сезімнің пайда болуы (кішкентай жасөспірімдік жас) «Мен – концепциясы» (үлкен жасөспірімдік жас); жаңадан пайда болған сапалар - құрдастарымен сырластық - жеке тұлғалық қарым-қатынас; маңызды жаңадан пайда болған сапалар - теориялық рефлексстік ойлау, ес пен қабылдаудың интеллектуалдығы, жеке тұлғалық рефлексияның пайда болуы.

Э.Эриксон студенттік кезеңді жеке тұлғаның даму сатыларының бесінші жеткіншек және жасөспірімдік жас (12-20 жас) кезеңіне жатқызып, ондағы сапалық өзгерістерді былайша береді: әлеуметтік қарым-қатынас аймағы - құрбы-құрдастар тобы, жеке тұлғаның қарама-қарсы сапасы - жеке тұлғалық ұқсастық және мойындамаушылық; прогрессивті дамудың нәтижесі - өзін-өзі игеру, альтруизм, сенгіштік.

Мақсаттың қалыптасуы мен оған жетуге байланысты тіршілік фазаларын берген неміс психологы *Ш.Бюллер* жас кезеңдерін 5 фазаға бөлген, онда студенттік кезеңді 2-ші фазаға (15-20 жас) жатқызып, аталмыш фазаны былайша сипаттаған: адамның өзінің қажеттілігін, қабілетін, қызығушылығын, өмір мәнін сезінуі, мамандық, құрбы таңдауы (мақсатты таңдау саналы және санасыз деңгейде өтеді).

Жастарды әлеуметтендіру процесін зерттеген академик *И.С.Кон* зерттеуінде әлеуметтендіру кезеңдерінің 11-12-23-25 жас аралығын қамтитындығын айтқан. Студенттік шақ ғалымның ойынша, әлеуметтендірудің II кезеңінен бастау алып III-ші кезеңге жалғасқан.

II-кезең. 14-15-17-18 жас аралығын қамтиды. Бұл мезгіл аралық әлеуметтену немесе жасөспірімнің әлеуметтенуі деп аталады. Биологиялық тұрғыдан, бұл мезгіл – пісіп жетілудің аяқталу кезеңі. Бұл шақта жасөспірімдердің әлеуметтік жағдайы әр қилы. Біреулері – жалпы орта білім беретін мектептердің, не кәсіптік техникалық училищелердің оқушылары, екіншілері – арнаулы орта білім беретін оқу орындарының

студенттері, ал үшіншілері болса – еңбек жолын бастаған жасөспірімдер. Бұлшақта олардың қоғам алдындағы жауапкершіліктері де арта түскен: 14 жасында ер балалар мен қыздар түрлі Жастар ұйымдарының қатарына өтсе, 16 жасында жеке куәлікті алады, ал 18 жасында депутаттарды сайлауға қатысуға және сайлануға құқылы. Сонымен қатар, бұл мезгіл жасөспірімнің өз тағдырын өзі шешуге ұмтылушылық, өмірдегі, қоғамдағы орнын белгілеуге құштарлық кезеңі. Олар үшін ең жауапты, терең әлеуметтік мәні бар басты міндет – мамандық таңдау, өмірден өз орнын таба білу. Жалпы жастық шақ әлеуметтендірудің бастапқы формасының аяқталу мезгілі ретінде қарастырылады. *III кезең 17-18-23-25 жас аралығын* қамтиды. Бұл екі аралық орнықты, яғни біржола әлеуметтендіру кезеңіне жатқызылады. 17-18-23-25 жас аралығындағы азамат биологиялық тұрғыдан да, әлеуметтік тұрғыдан да ер жеткен, естияр адам. Оның әлеуметтік-психологиялық бейнесі енді жасына қарап емес, керісінше, мамандығына, әлеуметтік орнына қарап анықталады. Оларға білім беру жалпылама емес, арнаулы кәсіптік сипатта жүргізіледі. Оның үстіне кәсіптік-техникалық училищедегі арнаулы және жоғары оқу орындағы оқу еңбектенудің белгілі бір түрі ретінде қаралады. Жас азаматтардың басым көпшілігі отбасы иесі атанады. Жалпы қоғам бұл екі аралықтағы жастарға тек әлеуметтендірудің объектісі ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-өндірістік қызметтің белсенді субъектісі ретінде қарайды. Олардың еңбектегі жетістіктерін «үлкендердің» өлшемімен бағалайды. Олардан еңбекке деген құлшынысты, шығармашылық қатынасты талап етеді. Ал, 25 жастан кейін әлеуметтенген, қалыптасқан ересек адамның әрі қарай дамуы басталады.

Еңбек әрекетіне деген қатынасқа қарай ғылымда әлеуметтендіру кезеңін жүйелеген Г.М.Андреева оны – *еңбекке дейінгі, еңбектену кезеңіндегі және еңбектен кейінгі деп жүйелейді*. Мұнда студенттік кезең *еңбектену кезеңіне жатқызылған*. Демографиялық шекарасы шартты түрде болғанына қарамастан әлеуметтенудің бұл кезеңі ересектік (толысу) кезеңін қамтиды. Бұл кезеңге адамның еңбекпен шұғылдану кезіндегі барлық жас шамасы енеді (ерте бозбалалық шақ (15-17 жас); бозбалалық шақ (18-23 жас); жастық шақ (23-30 жас); ерте толысу шағы (30-40 жас); кеш толысу (40-55 жас); жастық шақ (55-65 жас). Бұл кезеңде жеке тұлға әлеуметтік тәжірибені меңгеріп қана емес, оны жинақтай да алмақ.

Б.Г.Ананьев жас сатысындағы кезеңдердің бірі ретінде студенттік кезеңді жекелей кезең деп даралап көрсетіп - *студенттік*

кезеңді (кеш жастық шақ, ерте кемелді жас) – 17-18-22-23 жас аралығы деп тұжырымдайды.

Индивидтің бейімділігі мен қабілетін, кәсіби «Мен» Концепциясын анықтаумен айналысқан *Сьюпери* кәсіби жол кезеңдерін жүйелеуде студенттік кезеңді II - *зерттеу кезеңіне* (15 жастан 24 жасқа дейін) жатқызып, оған былайша түсініктеме берген: қыздар мен бозбалалар өз қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, қабілетін, құндылықтары мен мүмкіндіктерін анықтап, түсінуге ұмтылады. Осындай өзіндік саралауды негізге ала отырып олар кәсіби карьераның мүмкін варианттарын қарастырады.

Адамдарға толыққанды қызмет етуге мүмкіндік беретін әрекетті құру мен еңбек дағдысын игеру мәселелерімен айналысқан *Хейверхерст* студенттік кезеңді *кәсіби жол кезеңдерінің үшінші - нақты кәсіби бірегейлікке (идентичность) ие болу* (15 жастан 25 жасқа дейін) кезеңіне жатқызады. Бұл кезеңде - адам мамандық таңдап сол мамандыққа өзін даярлай бастайды. Ол таңдау мен карьераны бастауға көмектесетін белгілі еңбек тәжірибесін жинақтайды –деп сипаттама береді.

Адамгершіліктің даму кезеңдерін 3 - сатыға (1. Адамгершілікке дейінгі кезең (10 жасқа дейін); 2. Конвенционалды кезең (10 жастан 13 жасқа дейін); 3. Конвенционалды кезеңнен кейінгі (13 жастан бастап) деп жүйелеген *Л.Кольберг* студенттік кезеңнің қысқаша мазмұны мінез-құлықты өз критерийлері бойынша бағалауы деп мағлұмат берген.

Студенттік жасқа (мөлшермен 17-25 жас аралығы) келесі қасиеттер тән:

- ✓ Ақыл-ой, адамгершілік тұрғысындағы толысу;
- ✓ Сенімділік, дүниеге қалыптасқан көзқарас;
- ✓ Жаңаны сезіну – қайсарлық, табандылық;
- ✓ Оптимизм;
- ✓ Өз беттілік – бірбеткейлік;
- ✓ Сыни қарау және оқу орындарындағы режимге деген сыни көзқарас;
- ✓ Екіжүзділікті, дөрекілікті қабылдамау, дауыс көтеру арқылы әсер ету;
- ✓ Интеллектуалдық және танымдық мүмкіндіктер шыңы;
- ✓ Жауапты шешім қабылдау: мамандықты таңдау және маман болу, өмірде өз орнын, стилін таңдау;
- ✓ Отбасын құру, отбасына деген жауапкершілік.

Студент - белгілі жағдайда белгілі іс-әрекетті орындауға мүмкіндік беретін білім мен икемді дағдыны меңгеру үстіндегі адам; жоғарғы оқу орнында мамандардың жетекшілігімен кәсіби даярлық үстіндегі жастардың ерекше категориясы. Студенттің негізгі іс-әрекет түрі – *кәсіби-оқу мен ғылыми-зерттеу жұмысы*. Студент үшін ЖОО-да меңгерілген білім, іскерлік, дағды болашақ кәсіби іс-әрекеттің құралы болмақ. Студенттің жеке тұлғалық қалыптасуына әсер ететін факторлар: психологиялық, әлеуметтік, биологиялық.

Студенттік кезең – таңдалып алынған мамандықты игеруге деген ұмтылыспен ерекшеленеді. Студенттік шақ білімдер мен кәсіби іскерліктерді мақсатты, жүйелі игеруші, ұйғарылғандай, табанды оқу еңбегімен айналысатын адамдарды қамтиды. Әлеуметтік топ ретінде кәсіби бағыттылығымен, болашақ мамандыққа тұрақты қатынастың қалыптасқандығымен сипатталады, мұның өзі кәсіби таңдаудың дұрыстығының, студенттің таңдап алған мамандық жайлы ойының барабарлығы мен толықтығының мәні болып табылады. Соңғысы мамандық қоятын талаптар мен кәсіби іс-әрекеттерін білуді қамтиды. Зерттеулер нәтижелерінің көрсетуінше, студенттердің мамандық жайлы елестетулері деңгейі (біркелкі және біркелкі емес) оның оқуға деген қатынасының деңгейімен теңестіріледі: *студент мамандық жайлы неғұрлым аз білсе, соғұрлым оның оқуға деген қатынасы жағымсыз болады*. Сонымен бірге студенттердің көпшілігі оқуға жағымды қатынаста екені байқалады.

Әлеуметтік-психологиялық аспектіде студенттік кезең басқа топтармен салыстырғанда, білімділіктің және танымдық мотивацияның жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Сонымен бірге студенттік шақ – әлеуметтік қауым, яғни ол аса жоғары әлеуметтік белсенділік пен интеллектуалдық және әлеуметтік кемелділіктің жеткілікті үйлесімді арақатынасымен сипатталады. Студенттік кездің осы ерекшелігін есепке алу оқытушының әр студентке педагогикалық қарым-қатынас партнері ретінде, оқытушы үшін қызықты тұлға ретіндегі қатынастарының негізінде жатыр. Тұлғалық-іс-әрекеттік тұрғыдан студент белсенді, өз іс-әрекетін өз бетінше ұйымдастыратын педагогикалық өзара әрекеттесу субъектісі ретінде қарастырылады. Оған танымдық және коммуникативтік белсенділіктің нақты кәсіби-бағдарланған міндеттерді орындауға деген ерекше бағыттылық тән. Студенттік кез үшін оқытудың негізгі формасы таңбалық-контекстік болып табылады (А.А. Вербицкий).

Студенттік кезді әлеуметтік-психологиялық сипаттау үшін маңыздысы адам дамуының осы кезеңінің қалыпты экономикалық тұрақтылықтың қалыптасуымен, ата-аналық үйден кетіп, өзінің отбасын құрумен байланысты болуы. Студенттік кез – адамның, жалпы тұлғаның қалыптасуының, сан алуан қызығушылықтарының көріну кезеңі. Бұл спорт рекордтарын орнату, көркемөнер, техникалық және ғылыми жетістіктерге жету, адамның болашақ «қайраткер», кәсіпқор ретінде қарқынды және белсенді әлеуметтену уақыты. Осыны оқытушы оқу іс-әрекеті мен жоғары оқу орнындағы педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыру мазмұнының және тәсілдерінде есепке алады.

Студент ең алдымен *оқу іс-әрекетінің субъектісі* болады, оның өзі, бұрын көрсетілгендей, ең алдымен мотивтерімен анықталады. Мотивтердің екі типі көбінесе оқу іс-әрекетін сипаттайды – жетістік мотиві және танымдық мотиві. Оқытуда жетістік мотивациясы танымдық және кәсіби мотивацияға бағынады.

Студенттің оқудағы жетістігіне әсер ететін факторлардың 2 түрі бар:

1) Студенттің мамандықты және оқу орнын таңдауға әсер етуші *факторлар*: дайындық деңгейі, оқуға қатынас, оқу орнының мақсаттарын білу; кәсіби мамандық туралы көзқарасы.

2) Басқаруға болатын оқу іс-әрекеті барысында пайда болған *факторлар*: оқу процесін ұйымдастыру, оқыту деңгейі, студент пен оқытушының қарым-қатынасы.

Аталған факторлар бойынша студенттерді 3 – топқа бөлуге болады: *1-топтағы студенттер*: өз білімдерін болашақ мамандықтарына бейімдейді, болашақ жұмысқа деген қызығушылықтары мен сол жұмыста өздерінің қабілеттерін жүзеге асырады; *2-топтағы студенттер*: бизнеске бейімделген, өз білімдерін жеке іс ашудың құралы ретінде қарастыратын, болашақ мамандықтарына деген қызығушылықтары бірінші топтың студенттерімен салыстырғанда төмен студенттер; *3-топтағы студенттер*: тұлғалық және тұрмыстық жағдайларға көбірек көңіл бөлетін, анықталмаған студенттер тобы.

Студенттер оқуға қарым-қатынасы бойынша төмендегідей топтарға бөлінеді: 1) Білім алуға, кәсіби шеберлікке ұмтылады, оқу қызметінің барлық салаларында да белсенді; 2) Оқу қызметінің барлық саласындағы білімді алуға ұмтылады, жан-жақты қызметтермен айналысады, пәндердің негізін терең меңгеруден

жалыққыш, бәрін де аз-аздан қамтиды; 3) Тек өздерінің мамандығына ғана қызығушылық танытады; 4) Оқу үлгірімі орташа, өздеріне ұнайтын пәндерге ғана қызығушылық танытады, кәсіби қызығушылықтары әлі қалыптаспаған; 5) Еріншек және жалқау студенттер.

Жоғары оқу орнында оқыту барысында еңбек, кәсіби іс-әрекеттің негізі қалыптасады. Оқытуда білімді, ептілікті, дағдыны меңгеру енді оқу іс-әрекетінің *пәні* ретінде емес, кәсіби іс-әрекет *құралы* ретінде болады. Студенттің оқу іс-әрекетінің субъектісі ретіндегі елеулі көрсеткіші оның осы іс-әрекеттің барлық түрлері мен формаларын орындау ептілігінде көрінеді. Алайда, арнайы зерттеулер нәтижелері бойынша, студенттердің көпшілігі лекцияларды тыңдауды және жазуды, әдебиеттерден конспектілеуді білмейді (көп жағдайда лекциялық материалдың тек 18-20% ғана жазылады). Мысалы, В.Т.Лисовскийдің мәліметтері бойынша, студенттердің тек 28,8% ғана аудитория алдына шығып сөйлей алады, пікір талас жүргізуді 18,6%, проблеманың аналитикалық бағасын беруді 16,3% ғана біледі. Нақты әлеуметтік зерттеу материалында көрсетілгендей: студенттердің тек 37,5% жақсы оқуға ұмтылады, 53,6% үнемі тырыса бермейді, ал 8% мүлдем жақсы оқуға ұмтылмайды. Бірақ тіпті жақсы оқуға ұмтылғандардың өзінде 67,2% оқу үлгерімі жақсы емес. Соңғы он жылдықта осы іскерліктер мен жалпы оқуға деген қатынастардың сапалық көрсеткіштерінің өзгеруі тұсында олардың толықтай қалыптаспауының жалпы бейнесі сақталып қалды.

В.Т.Лисовский студенттерді 1) оқуға, ғылымға, мамандыққа; 2) қоғамдық-саяси әрекетке (белсенді өмірлік позиция); 3) мәдениетке (жоғары руханилық); 4) ұжымға (ұжымдағы қарым-қатынас) сапаларына байланысты типтерге бөледі:

1. «*Жан-жақты*» («гармоничный»). Өз мамандағын саналы тандап алған. Үлгерімі өте жақсы, ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Дамыған, мәдениетті, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы жақсы, әдебиет пен өнерге, қоғамдық өмірге терең де саналы қызығушылығы бар, спортпен шұғылданады. Кемшіліктермен келіспейді, адал да шыншыл. Ұжымға сенімді де жақсы жолдас ретінде беделді.

2. «*Маман*» («профессионал»). Өз мамандығын саналы тандаған. Оқуы жақсы. Жоғары оқу орнынан кейін өндірістегі қызметке кірісем деп бағыт алғандықтан ғылыми-зерттеу жұмысына анда-санда қатысады. Берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындап,

қоғамдық жұмысқа өз еркімен қатысады. Ретіне қарай спортпен айналысады, әдебиетпен, өнермен шұғылданады, ең басты ісі – жақсы оқу. Кемшіліктерге жаны қас, адал да таза ниетті.

3. *«Академик»*. Өз мамандығын саналы тандаған. Үлгерімі – бірыңғай «өте үздік». Аспирантурада оқуға мақсат қойған. Сондықтан көп уақытын ғылыми-зерттеу жұмысына арнайды, онысы кейде басқа пәндерге кері әсерін тигізіп те қалады.

4. *«Қоғамдық қайраткер»* («общественник»). Студенттің басқа қызығушылықтан да қоғамдық жұмыстаға деген бейімділігі анық байқалады, онысы оқу үлгерімі мен ғылыми белсенділігіне де кедергі келтіріп қояды. Дегенмен, мамандығын дұрыс тандағанына сенімді. Әдебиетпен, өнермен шұғылданады, бос уақытты ұйымдастырудың шебері.

5. *«Өнерсүйгіш»* («любитель искусств»). Оқу үлгерімі жақсы, дегенмен, барлық қызығушылығы негізінен әдебиет пен өнерге бағытталғандықтан ғылыми жұмысқа анда-санда қатысады. Оған жоғары эстетикалық талғам, жан-жақтылық, терең көркем эрудиция тән.

6. *«Ынталы»* («старательный»). Мамандығын айтарлықтай саналылықпен тандамаған, дегенмен оқуын максимум күш салып, жауапкершілікпен оқиды. Дамыған бейімділігі болмағанмен, оқу үлгермеушілігі жоқ. Ұжымда қарым-қатынасқа мардымсыз. Уақытының көбін сабақ оқуға жіберетіндіктен әдебиетке, өнерге деген қызығушылығы төмен. Бірақ киноға, эстрадалық концерт пен дискотекаға баруды ұнатады. Дене тәрбиесімен жоғары оқу орны бағдарламасы көлемінде шұғылданады.

7. *«Қатардағы»* («середняк»). Оқу үлгеріміне аса көп күш жұмсамайды, онысын мақтан етеді. Оның қағидасы: «диплом аламын да өзгелерден кем қызмет етпеймін». Мамандығын көп ойланбастан тандаған. Бірақ, жоғары оқу орнында оқып бастағасын, аяқтау керектігіне сенімді. Оқудан қанағат алмаса да жақсы оқуға тырысады.

8. *Мамандығына қанағат тұтпайтын* («разочарованный»). Адам ретінде қабілетті болғанымен, тандаған мамандығы көп қызықтырмайды. Бірақ, жоғары оқу орнында оқып бастағасын, аяқтау керектігіне сенімді. Оқудан қанағат алмаса да жақсы оқуға тырысады. Хобби түрлері, өнер және спорт арқылы өзін-өзі танытуға ынталы.

9. *«Жалқау»* («лентяй»). Оқу үлгерімі «күшті азырақ жұмсау» қағидасын ұстанғандықтан төмен. Бірақ өз-өзіне көңілі толық. Өзінің маман болуы туралы саналы ойлана қоймайды. Ғылыми-зерттеушілік,

қоғамдық жұмыстарға қатыспайды. Студенттік топ ұжымында «керітартпа» ретінде қабылданған. Кейде, жасырын қосымша қағазға (шпаргалка) сүйеніп, қызыл тілге салынғысы келетіні бар. Қызығушылығы көбіне-көп бос уақытын ұйымдастыруға жұмсалады.

10. «Шығармашыл» («творческий»). Бұл студент кез келген іс-әрекетке шығармашылықпен қарайды – оқуға да, қоғамдық жұмысқа да, бос уақытты ұйымдастыруға да. Есесіне, табандылықты, ұқыптылықты, орындаушылық тәртіпті қажет ететін істер қызықтырмайды. Сонықтан, оқу үлгерімі өзінің «маған ол қызық емес» қағидасы бойынша бірқалыпта бола бермейді. Ғылыми-зерттеу жұмыспен айналысуда білімді тұлғалардың пікірін қабылдаудан гөрі өзіндік шешім қабылдауды іздестіреді.

11. «Теңдесі жоқ» («богемный»). Алдыңғы қатардағы мамандықтар бойынша оқитын студенттерге жоғарыдан қарайтын таңдаулы факультетте оқиды. Өзі тәрізділердің ортасында лидерлікке ынталы, өзгелерді менсінбейді. Білімі терең болмаса да өзінің ойынша «естігені көп». Өнерде «сән ағымындағы» негізгі образдарға қызығушылық танытады. Әр уақытта өзгелерден «артық» «өзіндік пікірі» бар. Жаңа кафе, дискотекаларға тұрақты барады.

Студенттер үздік оқитын жаттампаз, үздік оқитын ақылды, еңбекқор, кездейсоқ келгендер болып та бөлінеді.

Оқытушылар алдында студентті оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық міндеті тұр, бұл ең алдымен, оны өз іс-әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру ептілігіне, толықтай оқу, қарым-қатынас жасау іскерлігіне үйретуді ұйғарады. Мәселені осылайша қою табысты оқуға қажетті оқу іс-әрекеттерін, оларды нақты оқу материалында орындау бағдарламасын анықтауды және оларды қалыптастыру бойынша жаттығуларды нақты ұйымдастыруды талап етеді. Бұл жерде осы әрекеттерді үлгілі орындауды оқытушы студенттердің 1-курстағы оқуға бейімделу кезеңінің қиындығын есепке ала отырып, өзі көрсетуі керек. Студенттің жаңа құндылық бағдарларының, мотивтерінің және үрейлік сияқты даралық қасиеттерінің қалыптасуына оқытушының әсеріне баға жетпейді. Студентке, әлеуметтік кемелденген тұлға, ғылыми дүниетанымды тасымалдаушы ретіндегі қатынас, дүниетаным – бұл адамның тек дүниеге ғана емес, осы дүниедегі өзінің орнына деген көзқарастар жүйесі екенін есепке алуды ұйғарады. Басқаша сөзбен айтқанда, *студенттің дүниетанымын қалыптастыру* дегеніміз оның рефлексиясын

дамытуды, өзін іс-әрекет субъекті ретінде, белгілі бір қоғамдық құндылықтарды тасушы, әлеуметтік пайдалы тұлға ретінде саналы түсінуін білдіреді. Өз кезегінде, бұл оқытушыны оқытудың диалогтығын күшейту мен педагогикалық қарым-қатынасты арнайы ұйымдастыру жайлы, студенттер үшін өз көзқарастарын, мақсаттарын, өмірлік позицияларын сақтап қалуға оқу орнындағы оқу-тәрбиелеу процесінде жағдай жасау жайлы ойлануға міндеттейді.

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Білім мазмұнына берілген бірнеше анықтамаларға түсініктеме беріңіз.
2. Білім мазмұнын анықтауға әсер ететін объективтік және субъективтік факторларды атап, оларды дәлелдеңіз.
3. Студент пен оқытушының оқу іс-әрекеті субъектілері ретіндегі ерекшеліктері қандай?
4. «Акмеология» ұғымын түсіндіріңіз.
5. Студенттердің танымдық ерекшеліктерін педагогикалық-психологиялық тұрғыда зерттеген ғалымдар еңбектеріне талдау жасаңыз.
6. Типтік оқу жоспары мен типтік оқу бағдарламасының құрылысы мен мазмұнын сызба түрінде беріңіз.
9. В.Т.Лисовскийдің студенттерді 1) оқуға, ғылымға, мамандыққа; 2) қоғамдық-саяси әрекетке (белсенді өмірлік позиция); 3) мәдениетке (жоғары руханилық); 4) ұжымға (ұжымдағы қарым-қатынас) сапаларына байланысты типтерге бөлу мазмұнымен танысып, өзіңіздің қай типке жататыныңызды анықтаңыз.

Әдебиеттер:

1. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. -СПб: Питер, 2000.-304с.
2. Педагогика и психология высшей школы /Под.ред.М.В.Булановой-Топорковой.- : Учебное пособие.- Ростов-н/Д:Феникс, 2002-545с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Лисовский В.Т., Дмитриева А.В. Личность студента. Л., 1974.
2. Смирнов С. Д. Педагогика и психология высшего образования. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Академия, 2005 - 400 с.
3. Якунин В.А. Психология учебной деятельности студентов. М., 1994.

Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

Жоспары

1. Оқытуды ұйымдастыру формалары туралы түсінік
2. Жоғары оқу орындарындағы лекция
3. Жоғары оқу орындарындағы семинар, практикалық сабақтар мен өзіндік жұмыс түрлері

1. Оқытуды ұйымдастыру формалары туралы түсінік. Оқыту формасы – оқытушы мен білім алушының мақсатты, дәл ұйымдастырылған, терең мазмұнды және әдістемелік түрде жан-жақты қамтамасыз етілген жүйелі танымдық, тәрбиелік өзара әрекеті мен қарым-қатынасы. Оқытуды ұйымдастыру формасында оқытудың мақсаты, мазмұны мен әдістері бірыңғай жүзеге асады.

Оқыту формасының классификациясы.

Өтілетін орны бойынша: мектептегі - сабақ, мектеп үлескесіндегі жұмыс, кеңес, үйірмелік сабақтар; мектептен тыс сабақтар - үй тапсырмасын орындау, экскурсиялар, табиғат аясындағы сабақ, экстернат.

Ұзақтығына қарай: классикалық сабақ (45 мин); қысқартылған сабақ (30-35 мин); қоңыраусыз сабақ (Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы Қазақстан жоғары оқу орындарында лекцияның 50 минут ұзақтығын қабылдады). Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында арнайы академиялық сағат белгіленген. Академиялық сағат: лекциялық, практикалық (семинарлық), сабақтардың 1 байланыс сағатына (50 минутқа), немесе студиялық сабақтардың 1,5 байланыс сағатына (75 минутқа) немесе лабораториалық сабақтар, дене шынықтыру сабақтарының 2 байланыс сағатына (100 минутқа), сондай-ақ, оқу практикаларының барлық түрлерінің 1 байланыс сағатына (50 минутқа), педагогикалық практикалардың барлық түрлері бойынша 2 байланыс сағатына (100 минутқа), өндірістік практикалардың барлық түрлерінің 5 байланыс сағатына (250 минутқа) тең. Оқытудың сызықтық жүйесі бойынша аудиториялық сабақтардың барлық түріне 40 минуттан кем емес академиялық сағат беріледі.

Ұйымдастырылуы бойынша: жеке дара (индивидуалдық); топтық; өзара оқыту; қабілетіне қарай дифференционалды (саралап) оқыту; бригадалық оқыту; сыныптық-сабақтық жүйе.

Оқыту жұмысын ұйымдастырудың тарихында оның үш түрлі формасы қалыптасқан: *жеке жара, топтық, сыныптық-сабақтық жүйе.*

Жеке оқыту формасы – бұл бір оқушыны бір мұғалімнің дара оқытуы (сабақ түсіндіру, сұрау, құрал-сайманмен жұмыс, музыкалық, әскери білім беру, бақылау, т.б.); *топпен оқыту формасы* – бұл белгілі бір топтағы оқушылармен оқу жұмысын ұйымдастыру; *сынып-сабақ жүйесі* - кең тараған оқытуды ұымдастыру формасы. XVII ғасырда пайда болған өзектілігін үш ғасырдан астам уақыт жоймаған *сыныптық-сабақтық оқыту жүйесі* бүгінгі күнде біздің елімізде және шет мемлекеттерде кеңінен қолданылуда.

Сабақтың алғашқы контурын голландық педагог Д.Сил, кейіннен неміс профессоры И.Штурм салған. И.Лойола басшылығымен бірнеше ғалымдар сабақ жүйесін ретке келтіруге тырысқанымен, теориялық негізін қалаған «Ұлы дидактика» атты еңбегінде чех ғалымы *Ян Амос Коменский*.

Я.А.Коменский ұсынған оқу ісін ұйымдастыру мынадай талаптарға сәйкестендірілді:

1. Оқушыларды сыныпқа жас шамалары мен таным қабілттеріне қарай топтастыру;
2. Сыныптағы оқушылар құрамының тұрақты болуы;
3. Жеке пәндерді тұрақты кестемен оқыту;
4. Оқытуды оқыту жоспарына, оқу бағдарламалары және оқулықтарға негіздеу;
5. Оқытуды жылдың тұрақты бір мезгілінде бастау және аяқтау;
6. Оқытуды ұйымдастыруды тек мұғалімнің басшылығымен жүргізу.

Педагогика тарихында Белль-Ланкастер оқу жүйесі, «Дальтон-жоспар» оқу формасы, бригадалық-лабораториялық оқыту әдістері пайда болды.

XVIII ғ. аяғы мен XIXғ. басында Англияда *Белль-Ланкастер* оқу жүйесі тарады. Оның негізін салушылар дін қызметкері – А.Белль мен мұғалім – Д.Ланкастерлер. *Белль-Ланкастер* оқу жүйесінің ерекшеліктері: Бір оқу залында 600-ден астам оқушылар оқыды; Жасы кіші оқушыларды мұғалімге көмекші ретінде жақсы оқитын жоғары кластағылар оқытты; Ұстаздар ересек оқушылардың жүргізген оқу ісін оқу залында жүріп бақылады. *Нәтижесінде* ересек оқушылардың жүргізген жұмыстарынан нәтиже шықпады, Өйткені олардың білім көлемі өте төмен болды.

Дальтон-жоспары АҚШ – та қолданылды. Авторы - Е.Паркхерст. Оны қолдағандар АҚШ-тың педагогтары Джон және Э.Дьюилар. Дальтон-жоспары деп аталу себебі: оқытудың бұл жүйесі ХХ ғ. басында Америкадағы Дальтон қаласында алғаш рет қолданылуында. *Негізгі идеясы:* Оқушылар өздерінің қабілеттеріне қарай өздік жұмыстарын өздігінен орындайды; Оқушыларға тапсырмаларды өздігінен орындау үшін мектепте белгілі дәрежеде қолайлы жағдайлар жасалады; Кластар балалардың өздігінен жұмыс істеулеріне орайластырылып жабдықталған; Мұғалім материалдың мазмұнын түсіндірмейді; Оқушылар мұғаліммен өткен тақырыптарды кімнің қалай орындағандығын қорытып және келесі тақырыптар бойынша кіріспе сөз айтатын уақытында ғана кездеседі. *Нәтижесінде* педагогтар оқушылардың тапсырмаларды жеке-жеке орындауы психологиялық жағынан ұйымшылдыққа қарсы тәрбиелеу деген пікір білдірді.

Балаларды жұмысты бірлесіп істеуге тәрбиелейтін *бригадалық-лабораториялық оқыту әдісі* ұсынылды: Оқу сыныптары 3–4 звеноға бөлінді;

Әр звеноны басқаратын жақсы оқитын және ұйымдастырушылық қабілеті бар балалардан бригадирлер тағайындалды; Бригадирлер өз звеносындағы оқушылардың орындаған тапсырмаларын жинақтап, мұғалімге бригада атынан жауап берді; Бригадирдің жауабына қарай звенодағы оқушылардың барлығының білім деңгейлері бағаланды, егер бригадирдің бағасы «өте жақсы» немесе «жақсы» болса барлық звенодағы балаларға сол баға қойылды. Оқушылардың жекелей ерекшеліктерімен санасушылық болмады;

Мұғалім сабақта оқушыға материалдың мазмұнын түсіндірмеді, ол тек кеңесші қызметін ғана атқарды.

Дегенмен, қазіргі күнге дейін оқу жұмысының нәтижелі болуында сыныптық-сабақтық жүйенің маңызы зор. Сондықтан да орта мектепте *сабақ – оқыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы болып есептеледі.* Кейбір авторлар (Б.Лихачев, Л.Д.Столяренко, С.И.Самыгин, А.В.Духавнева, және т.б.) оқу жұмысын ұйымдастыру формаларын *жоспарлы-оқу:* сабақ, лекция, үй жұмысы, емтихан және т.б., *жоспардан тыс:* бригадалық-лабораториялық сабақ, кеңес-консультация, конференция, үйірме, саяхат, кеңейтілген немесе жеңілдетілген бағдарламалармен оқу;

қосымша (топтық және жеке сабақ, жетілдіру топтарымен жұмыс, репетиторлық) деп топтайды.

Жоғары оқу орындарындағы оқытуды ұйымдастырудың негізгі формаларына: лекция; лабораториялық сабақтар; практикалық сабақтар; семинарлар (просеминар, арнаулы семинар); теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар, консилиумдар және т.б.; студенттердің оқытушылармен бірлесе орындайтын өздік жұмыстары (СОӨЖ); студенттердің өздік жұмыстары (СӨЖ); бақылау жұмыстары; кеңес беру; практика; курстық жұмыс; дипломдық жұмыс (жоба) және т.б. саналады.

Оқыту жұмысын ұйымдастыру формаларының атқаратын қызметі күрделі де сан алуан: оқу-білімдік, тәрбиелік, ұйымдастырушылық, психологиялық, дамытушылық, ұжымдық-даралық, интегративтік-дифференциалық, жүйелілік және құрылымдық, ынталандырушылық. Оқыту формасының нәтижесі болып (өзара әрекет пен қарым-қатынастың) оқытушының кәсіби өрлеуі мен оқушының білімі мен іскерлігі, психикалық процестерінің дамуы мен адамгершілік қасиеттері саналады. Оқыту үдерісінің міндеттерін іске асыратын іс-әрекеттің сыртқы формасы. Қоғамның даму тарихында оқытуды ұйымдастыру формалары да өзгеріп, жетіліп келеді.

Жоғары оқу орындарындағы лекция. Жоғары оқу орындарындағы лекция – дидактикалық циклдың ең бастысы болып есептеледі. Оның мақсаты студенттердің оқу материалдарын меңгере білуін қалыптастыру. «Лекция» латынның «*lectio*» - оқу деген сөзінен алынған. ЖОО лекцияны «ыстық нүкте» (*горячей точкой*) деп атайды. Лекция латын тілінен аударғанда «*Lectio*» - оқу (чтение) деген түсінік береді. Лекция *ерте грециядан бастау алып*, орта ғасырларда ертедегі Римде өз жалғасын тапқан. Россияда алғашқы университет негізін қалаған В.М.Ломоносов лекцияның мәнін айта келіп, оқытушының шынайы сөзін бағалаған. Лекция оқу шебері атанған математик М.В.Остроградский лекцияның ғылымилық жақтарымен қатар әдістемелік тұстарына да мән берген. О.В.Ключевский, Т.Н.Грановский сынды тарихшылар дәріс оқығанда оқулықтар мен оқу құралдары екінші кезекке қалған. Олардың дәрістері өз тыңдаушыларына рухани нәр беріп, адамгершілікке қанаттандырған. Н.Г.Чернышевский Т.Н.Грановскийді *ғылым мен қоғам арасындағы аса күшті байланыстырушы* деп бағалаған.

Қазақ жерінде алғаш ұйымдастырылған жоғары оқу орындарында лекция оқыған М.О.Әуезовтың орны айрықша. «Мұхтар Омарханұлының лекциясын тыңдауға Алматының барлық оқу орындарының студенттері асығатын. КазПИ-дің лекция залылық толып, терезенің алды, дәлізде ине шаншар орын болмайтын (қазіргі Абай атындағы ұлттық педагогикалық университет)» - деп тыңдаушылары еске алады.

XIX ғасырдың орта кезінен бастап бүкіл дүние жүзі бойынша ғылыми және техникалық білімнің кеңеюіне байланысты студенттердің оқу-танымдық белсенділігін, өз бетімен жұмыс жасау қабілетін арттыру мақсатында лекция практикалық сабақтармен толықтырылды. Лекцияны студенттің өз бетімен кітаппен жұмыс жасауға бағыттаушы ретінде көрді. 30 – жылдары эксперимент түрінде кейбір ЖОО-нан лекция алып тасталды. Бірақ ол нәтиже бермей, студенттердің оқу сапасы төмендеген.

Лекция – теориялық білім берілетін оқу сабақтарының негізі болып саналады. Лекцияда ғылыми білімдерді жүйеге келтіру, мәселенің мәнін ашу, нақты ғылымның қазіргі жағдайы мен даму перспективасы қарастырылып, студенттің танымдық қызметі белсендіріледі (шығармашылық ойлау қалыптасады).

ЖОО лекцияның функциялары:

1. *Мәлімет берушілік (ақпараттық) функция.* Лекция арқылы студентке ғылымдағы жетістіктер туралы, оқыту пәндерінің негізгі ережесімен, жеке тақырыптардың ерекшеліктері туралы және ғылымның жеке дара проблемаларымен таныстырады, олар туралы мәлімдейді.

2. *Бағыт-бағдар беруші функция.* Лекция ғылыми әдебиеттерге бағыт-бағдар береді.

3. *Түсіндірушілік функциясы.* Ұғымдарды, категорияларды, теория, концепцияларды түсіндіруде қолданылады.

4. *Сендіру функциясы.* Нақты факт, концепцияларға негізделеді.

Лекция ЖОО-ғы сабақтың негізгі формасы ретінде келесі *дидактикалық функцияларды* орындайды: оқыту міндетін анықтау; жаңа білімді жеткізу және меңгерту; интеллектуалдық іскерлік пен дағдыны қалыптастыру; оқушылардың ары қарайғы оқу мотивтерін жалғастыру; пәнді басқа пәндермен салыстыру; теориялық саралауға қызығушылықтарын күшейту.

Лекция 3 кезеңдері

I. *Кіріспе бөлім.* Кіріспе бөлімнің мазмұны лекцияның сипатына, міндетіне және лектордың шеберлігіне байланысты.

II. *Негізгі немесе мазмұндау бөлімі.* Алдын-ала құрылған жоспар бойынша мазмұндалады. Лектор негізгі мәселені теориямен, практикамен байланыстырады, мәселенің туындауына, дамуына тоқталады.

III. *Қорытынды бөлім.* Лекция қорытындыланады, бекітіледі.

Оқыту процесінің ұйымдастырылу рөліне байланысты *лекция түрлері* (Омарова Р.С. «Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру»):

Кіріспе лекция – ғылымның белгілі саласының ғылыми-теориялық негіздерімен, курстың мақсатымен, рөлімен, пәндер жүйесіндегі орнымен таныстырады. Лекцияда ғылыми проблемалар қойылады, болжам жасалады, ғылымның перспективасы мен оның практикаға қосқан үлесі талқыланады. Мұнда теориялық материалды болашақ маманның практикасымен ұштастыру маңызды орында. Курспен жұмыс әдістемесі, оқулықтармен, оқу құралдарына, негізгі ұсынылатын әдебиеттерге шолу жасалады.

Мотивациялық лекция – студенттердің қызығушылығын арттыру, ары қарайғы әрекетке ынталандыру;

Даярлық лекциясы – студенттерді күрделі ойлауға даярлау, оқытудың басқа әдіс-тәсіл, формаларды қолданудың негізін қалау;

Интеграциялық лекция – ғылымдар жүйесін тұтастай қабылдата білу; алғашқы түсініктен теориялық саралауға көшу жолдарын іздестіру;

Бағыттау лекциясы – студенттерді мәлімет, дерек көзіне бағыттау, өзбеттілік жұмыс пен практикаға нұсқау беру, материалдың маңызды да күрделі жақтарын бөліп алу.

Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыруда лекцияның мынадай түрлері қолданылады:

1. Ақпаратты;
2. Проблемалы;
3. Визуальды лекция;
4. «Екеуара» лекция;
5. Алдын-ала қателігі жоспарланған лекция;
6. Лекция пресс-конференция.

Ақпаратты лекция – студенттердің семинарлық, лабораториялық және басқа да практикалық сабақтарда әртүрлі тапсырмаларды орындауға қажетті, әртүрлі көрнекіліктерді көрсету арқылы жүргізілетін және олардың тірек ететін білімдері мен дағдыларының

калыптасуына, танымдық ізденулеріне бағыт беретін лекцияның түрі. Ақпаратты лекцияның мақсаты – тақырып мазмұнымен таныстыру, жаңа фактілер, ұғымдар, құбылыстарды түсіндіру.

Проблемалық лекция – студенттердің танымдық белсенділігін, ізденімпаздығын, ойлау қабілетін арттыратын, олардың мүмкіндіктерін дамытуды көздейтін лекция түрі.

Проблемалық лекцияның бірнеше түрлері бар:

Проблемалы - фрагментті лекция. Лекциядағы мәлімет біртекті болмаған жағдайда, фрагменттерінің байланыстылығы аз болған кезде, тұтас немесе бірнеше фрагменттерді құрастыруда проблемалық бағыт қолданылады.

Проблемалық-шағын ситуациялық лекция. Оқытушы оқу бағдарламаларын құрастыруда, студенттермен бірге проблемалық сұрақтарды, танымдық тапсырмаларды, проблемалы мини ситуацияларды шешу және оның шешімін табуда студенттердің қорытынды шығаруын қадағалап отырады.

Визуальды лекция (лекция мазмұны бейнелі формада, сурет, график, схема және т.б. түрінде берілген) – жаңа мүмкіндіктерді іздеу нәтижесі болып табылады.

Визуальды лекция міндеттері:

- оқу материалын есте сақтауға септігін тигізу, танымдық белсенділіктерін арттыру, құбылыстың мәніне терең ену;
- визуальды ой-өріс заңдылықтарын білу (оқып-үйрену);
- ауызша және жазбаша ақпараттарды визуальды формаға айналдыру қабілеті;
- жүйелеу, реттеу арқылы кәсіби ой-өрісті қалыптастыру және оқыту мазмұнындағы маңызды элементтерді бөліп көрсету;
- проблемалық элементті бөлу;
- ақпаратты техникалық оқу құралы немесе қарапайым түрде (сурет, сызба, кесте) бере алуы;
- түрлі көрнекіліктерді қолдануы – табиғи, көркем сурет, символдық;
- әрекет түрлерін байланыстыру (ауызша, жазбаша, визуальды);
- жаңа әдістерді қолдану;
- студенттерге психологиялық жағдай жасау;
- кәсіби жағдайды модельдеу;
- әртүрлі рольдер элементтерін ойнап көрсету (іскерлік, рөлдік, сюжеттік, дидактикалық және т.б. ойындар).

«Екеуара лекция». Мұнда теориялық сұрақтарды талдауда екі маманның түрліше бағыттағы кәсіптік жағдайы модельденеді, мысалы екі ғылыми мектеп өкілдері арасында, теоретиктер мен практиктер арасында және т.б. «Екеуара лекция» арқылы тек қана мазмұны ғана емес, сонымен бірге маманның кәсіби іс-әрекетінің формасы модельденеді, әсіресе, қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және басқа да ақпараттарды «жеткізу» процесімен айналысатындарға қажет.

Студенттердің кәсіптік біліктіліктерін дамытуда, эксперт, оппонент, рецензент рольдеріндегі қате пікірлерді талдау *«қателіктері алдын-ала жоспарланған лекция»* түрінің шығуына әсер етті.

«Қателіктері алдын-ала жоспарланған лекция» міндеттері:

- лекция мазмұнына әдістемелік, мазмұндық сипаттағы қателерді енгізу;
- студенттердің көп жағдайда жіберетін «үйреншікті» қателерін таңдау;
- оқу материалына байланысты қателер жоспарлау, қателерді мұқият өңдеу (жасыру);
- тек қана реттеуші, бақылаушы қызметін атқару;
- алдағы уақытта болатын лекциялар мен семинарларда игеретін материалдың қиындығын болжайтын тест қолдану;
- тақырып немесе тарау аяқталған кезде өткізу.

Пресс-конференция лекциясы

Міндеттері:

- лекция тақырыбы бойынша студенттерге жазбаша сұрақтар беру (2-3 минут ішінде өзін қызықтыратын сұрақтарды тізу);
- сұрақтарды мағынасы бойынша топтастыру (3-5 минут ішінде), сонан соң лекцияны оқу;
- лекция материалын бергенде сұрақтарға жауап ретінде емес, тақырыпты ашуға байланысты жауаптар шығатындай етіп құрастыру;
- лекция соңында тындаушылардың қызығушылығы мен білім көрінісі ретінде сұрақтарға қорытынды баға беру.

Н.В. Борисова, А.А. Соловьева бойынша лекция түрлері:

1. Проблемалық лекция.

2. Визуальды (лекция мазмұны бейнелі формада, сурет, график, схема, т.б. түрінде берілген). Мысалы, В.Шаталов әдісі.

3. «Екеуара лекция» (екі оқытушының бірлесе отырып лекция оқуы).
 4. Пресс-конференция (аудиторияның қойған сұрақтары бойынша).
 5. Кеңес беру лекциясы.
 6. Қателері алдын-ала жоспарланған лекция.
 7. Лекция-диалог (сұрақ-жауап).
 8. Дидактикалық әдістерді қолдана отырып ұйымдастырылған лекция («миға шабуыл» әдісі, нақты ситуация әдісі, т.б.).
Студенттердің өздерінің проблема туындатып, өздерінің шешуі.
- Лекция оқыту процесінің негізгі және басты функциясы және оқыту процесінің методологиялық және дидактикалық негізін құрайды (Кесте - 1).

Кесте 1 - ЖОО лекциясының деңгейлері

Әдіснамалық деңгей (методологиялық)	Таным теориясы (рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім-таным теориясы деп аталады). Ол білімнің қалыптасуымен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастыру болып табылады.	Заң, заңдылық, құбылыс мәнінің қарастырылуы. Теория және концепцияларды түсінудегі әр түрлі бағыттар
Дидактикалық деңгей		Лекция элементтерінің лекцияның құрылымдық компоненттері ретінде байланысы. Лекцияның дидактикалық міндетті шешудегі мүмкіндіктері
Психологиялық деңгей (Гальперин, Талызина)	Ақыл-ойдың кезеңдеп қалыптасуы	Оқушының танымдық әрекетін белсендіру (кабылдау, ойлау, түсіну, есте сақтау практикада қолдану)
Әдістемелік деңгей	Лекцияның құрылымдық компонентін модельдеу. Қазіргі оқыту технологияларын тандау және енгізудегі педагогикалық шеберлік	

Лекцияға қойылатын талаптар:

- Лекция мен оқытушының адамгершілік жағы;
- Ғылымилығы мен ақпараттылығы;
- Дәлелділігі мен аргументтілігі;
- Мысалдар, фактілер мен негіздемелердің, құжаттардың және ғылыми дәлелдемелердің қолданылуы;
- Мазмұндаудағы эмоционалды феномен;
- Тыңдаушы ойларын белсендіру;
- Ойлану сұрақтарын құру;
- Қарастырылатын сұрақтардың құрылымының нақтылығы мен түсіндіру логикасы;
- Әдістемелік өңдеу – ең басты ойлар мен мағлұматтарды бөліп алу, қорытындылау, оларды әр түрлі мазмұнда қайталау;
- Түсінікті тілмен жеткізу;
- Аудивизуальды дидактикалық материалдарды мүмкіндігінше қолдану.

ЖОО лекциясының тиімділігі оқытушы жеке басына, демек оның лекторлық шеберлігіне, мәдениетіне байланысты. Студенттің көзқарасының қалыптасуына әсер ету мақсатында лектордың жекелей эмоционалды әсері, эмоционалды өңделуі, терең ғылыми мазмұнмен сәйкестендірілуі тыңдаушының ойлау, сөйлеу және қабылдау гармониясын түзетіндіктен лекторға қойылатын талаптар тізбегі қалыптасқан.

Лекторға қойылатын талаптар:

1. Лекция мақсаты мен мазмұнын анықтау;
2. Оқу материалын тиянақты іріктеп алу, проблемаларын ажырату, оларды бірнеше фрагменттерге бөлу;
3. Логикалық байланысы бар тізбекке осы фрагменттерді жинақтау;
4. Мәліметтерді еркін түрде беру әдістерін таңдау;
5. Лекцияда студенттің көтеріңкі эмоционалды күйін қалыптастыру;
6. Шартты белгі, қысқаша жазу жүйесін енгізе отырып, студенттерді конспект жазуға үйрету;
7. Лекцияның басты (түйінді) мәселелеріне оқушылардың көңілін аудару білу;
8. Студенттің лекция материалын қаншалықты қабылдағанын бақылайтын жүйе жинақтау.

Оқыту процесінде кейде лекцияның орнын оқытудың басқа ешбір формасының баса алмайтындығы белгілі, өйткені лекция белгілі курстар бойынша оқулықтар болмаған немесе жеткіліксіз

және нақты тақырып бойынша жаңа материалдар оқулықтарда көрініс таппаған кезде *ақпараттың негізгі көзі*; оқулықтардағы кейбір тақырыптар студент үшін өздігінен меңгеруге өте күрделі болғандықтан, тақырыпты оқытушыға әдістемелік тұрғыда өңдеуге тура келген кезде және негізгі курстар бойынша қарама-қарсы көзқарастар көптеп кездескен кезде *көмекші құрал*. Сондай-ақ, лекция материалды объективті меңгерту үшін қажет.

Дегенмен, де тәжірибе лекцияның оқылмауы студенттің теориялық дайындық дәрежесін төмендететіндігін айғақтайды.

Лекция артықшылықтары:

- Лектордың аудиториямен шығармашылық қарым-қатынасы, эмоционалдық әсер етуі;
- Лекция – жалпылама түрде білім негізін алуда үнемді тәсіл;
- Лекция түсінікті болған жағдайда дұрыс қабылданып, студенттердің таным белсенділігін арттырады. Сондықтан лектордың міндеті студенттерді белсенді қатысып, ойлауға жұмылдыру. Соңғы уақытта лекторлады таңдау басымдылық танытуда. Ол лектордың өз шеберлігін шыңдауға әсер етеді.
- Лекцияда меңгерілген материалдар міндетті түрде практикалық сабақтармен қатар өз бетімен жұмыстарға жалғасады.

Жоғары оқу орындарындағы семинар сабақтары мен өзіндік жұмыс түрлері. Семинар (латын тілінен аударғанда – білімді «егу») деген мағынаны білдіреді. Семинар күрделі және түйінді сұрақтар (тақырып, оқу бағдарламасының бөлімі) бойынша берілген білімді тереңдету және бекіту, оқу материалы бойынша ізденіс, талдау, жалпылау іскерліктері мен дағдадарын жетілдіру мақсатында жүргізіледі.

Семинар сабақтарының міндеттері:

- білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өзбетінше ойлау қабілетін дамыту;
- ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамыту;
- өз бетімен жұмыс жасау белсенділігіне түрткі жасау;
- өз біліміндегі кемшіліктерді анықтау және толықтыру, сөйлеу кемшіліктерін т.б. жетілдіру.

Семинар сабақтарының өз алдына атқаратын танымдық; ынталандырушылық; бақылаушылық; тәрбиелік қызметі лекцияның мазмұнын байыта түседі. Жоғары оқу орындарында семинардың

семинар, семинар алды, арнаулы семинар, өзіндік семинар, семинар-тексеру тәрізді *түрлері* кеңінен қолданылады.

Семинар алды (просеминар) - семинарға дайындық жүргізу бағытында 1-курста ұйымдастырылады. *Мақсаты* - студенттерді өз бетімен жұмыс жасауға, әдебиеттерді оқып-талдауға, түрлі сөздіктермен, әдістемеліктермен жұмыс жасауға үйрету.

Өзіндік семинар – аталмыш процесті ұйымдастыру негізінде ортақ қызмет принципі орындалады. Бұл әңгімелесу немесе шағын баяндамалармен сұрақтарды талдау түрінде болуы мүмкін. Оқытушылар студенттерді өздерін бағалауға, дұрыс пікірталасқа түсіруге баулиды. Ал, *семинар-тексеру* формасында топ бірнеше топқа бөлініп, әрқайсысының жағынан бір баяндамашы шығып сөйлейді, қалғандары оны толықтырады, осылайша білім тексерілумен қатар студент өзін-өзі тексереді.

Студенттермен сабақ ұйымдастыруда жиі пайдаланатын оқыту формасы – *практикалық сабақтар*. Практикалық сабақтар – кәсіби міндеттерді шеше білу іскерлік, дағдыларын қалыптастыру үшін ұйымдастырылады.

Практикалық сабақтардың мақсаты төмендегідей:

- ✓ кәсіби іс-әрекет бағытындағы нақты проблемалардағы теориялық білімді тереңдету, бекіту және жүйеге келтіру;
- ✓ оқушыларды теориялық білімдерін практикада қолдануға үйрету;
- ✓ кәсіби іс-әрекет бағытындағы негізгі іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру;
- ✓ оқу әдебиеттері, анықтамалықтар, қызметтік құжаттармен өз бетінше жұмыс жасау дағдылары мен іскерліктерін жетілдіру;
- ✓ кәсіби шеберлігінің көтерілуін бақылау және т.б.

Практикалық сабақтардың да өзіндік атқаратын қызметтері: танымдық, қалыптастырушылық, тәрбиелік, бақылаушылық.

Практикалық сабақтардың түрлері: жаттығулар, нақты жағдаяттарды талдау, кәсіби қызметтегі мүмкін нақты жағдаяттарды шешу жолын моделдеу іскерлік ойындар, функционалдық жаттығулар, функционалдық жобалау.

Өзіндік жұмыс – ойлау жүйелілігін, оның ақыл-ой және практикалық операцияларын және әрекетін студенттердің өздері анықтайтын танымдық оқу әрекеті.

Н.К.Крупская «Өздігінен білім алушылардың есіне» деген тезисінде мынадай нұсқаулар береді:

1. Өздігінен білім алу үшін ең алдымен сол жұмысқа қажетті нақты дағдылар қажет.

2. Өздігінен білім алу қолайлы жағдайларды қажет етеді.

3. Өздігінен білім алатын адам нені оқитынын анық біліп, оны белгілі жүйемен жасау керек.

4. Алғашқы кезеңдерде тәжірибелі адамдардан кеңес алудың пайдасы бар.

5. Өздігінен білім алу жұмысын асықпай, көп үзіліс жасамай жүргізген жөн.

Өзіндік жұмысты дидактикалық шарттары мен ерекшеліктеріне қарай 5 топқа бөлуге болады:

- 1) Жаңа теориялық білімді игеруге арналған өзіндік жұмыстар. Өзіндік жұмыстардың бұл тобының дидактикалық шарттары мен ерекшеліктері теориялық білім, оның кәсіби әрекетіне байланыстылық дәрежесіне қарай анықталады. Мұндай жұмыстарға: өз бетімен әдебиеттерді оқу, жоспар құру, тезис, конспект жасау, логикалық тапсырмалар орындау, өз бетінше формула құрастыру, теорема дәлелдеу, ғылыми түсініктер қалыптастыратын түрлі жұмыстар жасау.
- 2) Жаңа эмпирикалық және практикалық білім алуға арналған өзіндік жұмыстар – аталуына сәйкес, эмпирикалық, практикалық білім алуға негізделген. Бұл жұмыстардың бір топқа біріктірілуінің қажеттілігі мынадай дидактикалық шарттарға байланысты: біріншіден, практикалық білім, сондай-ақ эмпирикалыққа сәйкес өзіндік жұмыс түрі арнайы дидактикалық материалдарды (практикалық тапсырмалар, жағдайлар, т.б.) талдауды қажет етеді; үшіншіден, оны өткізу әдістемесі оқулықта, оқу бағдарламаларында беріледі; төртіншіден, оқу әрекетінің құрылымдық компоненттерінің жалпы ерекшеліктері ұқсас.
- 3) Білім мен дағдыны қалыптастыруға арналған өзіндік жұмыстарға – жалпы оқу және кәсіби білік, дағды қалыптастыратын жұмыстар жатады. Тапсырмаларды бірте-бірте күрделендіре отырып, жұмысты өздігінен орындау дәрежесіне жеткізіледі.
- 4) Шығармашылық бағыттағы өзіндік жұмыстар. Оның мақсаты – оқу материалы негізінде шығармашылыққа ұмтылу, соның нәтижесінде жаңалық ашу, жаңаны игеру. Жұмыстың бұл түрі проблеманың ұзақ уақыттық зерттелуін талап етеді. Сондықтан сабақтан тыс уақыттарда зерттеуді өткізу әдістемесі, материал жинау әдістері, материалдарды іріктеу, қорытынды шығару, талдау

т.б. қажет болады. Әсіресе, аталған өзіндік жұмыс түрі курстық, дипломдық жұмыстарды орындауда маңызды рөл атқарады.

5) Алған білімдерін бекітуге және жүйелеуге арналған өзіндік жұмыстар—жоғарыда көрсетілген өзіндік жұмыс түрлерін орындау процесінде жүзеге асады. Мысалы, жаңа эмпирикалық және практикалық білім алу процесінде теориялық білім жүйеленіп, бекітіліп отырылады.

Эстондық ғалым-педагог О.А.Нильсон оқушылардың өзіндік жұмыстарын мынадай ұстанымдарға қарай топтастырады:

1. Психологиялық (ойлау амалдарын қолдануға байланысты).
2. Психологиялық-дидактикалық (оқушылар жасайтын әрекетке байланысты).
3. Дидактикалық (жұмыстың атқаратын қызметіне байланысты).
4. Дидактикалық-әдістемелік (проблемалық тапсырмалардың дәрежесіне байланысты).
5. Әдістемелік (берілетін хабар қандай құралдар, жағдайлар негізінде берілуге байланысты).
6. Ұйымдастыру-әдістемелік (жұмыстың орындалуын басқаруға байланысты).
7. Ұйымдастыру ұстанымы (жұмысты ұйымдастыру формасына байланысты).

Өзіндік жұмыс түрлері: ауызша; жазбаша; практикалық; теориялық;

репродуктивтік; шығармашылық.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезеңдері:

- ✓ белгілі өзіндік жұмыс көмегімен шешілетін оқу міндеттерін сезіну;
- ✓ өзіндік жұмысты орындауға арналған нұсқау беру;
- ✓ өзіндік жұмысты орындау процесіне басшылық;
- ✓ өзіндік саралау, өзіндік бағалау;
- ✓ өзіндік жұмыстарды тексеру, ерекшелігін (мәнін) және кемшілігін бөліп алу, студенттермен сұқбат.

Өздік жұмысты орындау барысында ерік қалыптасады, жұмысқа қабілет, зейін, оқу еңбегі, тәртібі тәрбиеленеді.

Р.Г.Лембергтің пікірінше, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру мына шарттарға байланысты: а) жұмыстың мақсатын айқын түсінуі; ә) жұмыстың жемісті аяқталуына, оның алдағы нәтижесіне қызығуы; б) жұмысты өз еркімен, қалауымен орындауы.

Оқушылардың өзбетті жұмысы нақты пән бойынша оқу материалын меңгеру барысында кітапхананың оқу залында, оқу кабинеттерінде, компьютерлік сыныптарда, сондай-ақ үй жағдайында орындалады. Өзіндік жұмысты орындау – маңызды оқыту формаларының бірі.

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жоғары мектептегі оқытуды ұйымдастыру формалары тізбегін жасаңыз.
2. Лекцияның артықшылығы мен кемшіліктерін дәлелдеңіз.
3. Жоғары мектептегі оқытуды ұйымдастыруда кіріспе және шолу лекцияларын салыстырыңыз.
4. Интерактивті лекция түрін қолдана отырып, сабақ конспектісін жасаңыз.
5. Семинар мен практикалық сабақтарды салыстырыңыз.
6. Студенттің өз бетімен және оқытушымен орындайтын өздік жұмыс түрлеріне сипатта беріңіз.

Негізгі әдебиеттер:

1. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика.-СПб: Питер, 2000.-304с.
2. Педагогика и психология высшей школы /Под.ред.М.В.Булановой-Топорковой.- :Учебное пособие.- Ростов-н/Д:Феникс, 2002, -545с.
3. Архангельский С.И. Лекции по теории обучения в высшей школе. М., 1995.
- 4.Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. А., 2008

Қосымша әдебиеттер:

1. Смирнов С. Д. Педагогика и психология высшего образования. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Академия, 2005 - 400 с.
2. Новиков А.М.Методология образования. М.: Эгвес, 2006.-488 с.
3. Загвязинский В.И. Дидактика высшей школе. Текст лекций. Челябинск, 1990.

Тақырыбы: ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Жоспары

1. Жоғары мектептегі оқыту әдістері
2. Жоғары оқу орнындағы оқытудың белсенді әдістері

Жоғары мектептегі оқыту әдістері. Оқыту әдістері жоғары мектеп дидактикасының теориялық және практикалық тұрғыда көкейкесті проблемасының бірі болып саналады. Оқу үдерісінің жолға қойылуы, оқытушы мен студенттің қызметі, ЖОО-дағы оқытудың нәтижелі болуы осы мәселенің оң шешілуіне байланысты.

Оқыту әдісіндегі «әдіс» (метод) термині гректің «metodos» ақиқатқа жету жолы, тәсілі деген мағына береді. Оқыту әдістері – оқу-тәрбие үдерісінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) және бақылау-түзетушілік қызметтерді атқарады.

Педагогикалық әдебиеттерде оқыту әдістерінің рөліне және анықтамасына берілген ортақ бір қорытынды пікір әзірге жоқ. Мысалы, *И.Ф.Харламов* оқыту әдістері анықтамасының мәнін былайша түсіндіреді: «оқыту әдістері деп оқытушының оқыту жұмысының және түрлі дидактикалық міндеттерді шешу үшін меңгерілетін материалдарға бағытталған оқушылардың *оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудағы амал-тәсілі*». *Ю.К.Бабанскийдің* пікірінше, «оқыту әдістері - оқытушы мен білім алушының білім міндеттерін шешудегі бірлескен қызметінің ретке келтірілген тәсілдері. *Т.А.Ильина* оқыту әдістері «*оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру тәсілдері*» деп түсіндіреді. *Оқыту әдісі* дегеніміз оқытушы мен білім алушылардың ретке келтірілген өзара байланысты іс-әрекеттерінің оқу процесіндегі білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуге бағытталған іс-әрекет түрі.

Оқыту әдістері – оқу-тәрбие үдерісінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) және бақылау-түзетушілік қызметтерді атқарады.

Дидактика тарихында оқыту әдістерін жіктеу (классификация) қалыптасқан. Кең таралған жіктеме білім мазмұнын жеткізуге негізделген – *сөздік әдіс* (баяндау, әңгімелеу, инструктаж беру, т.б.), *практикалық әдіс* (жаттығу, тренировка, т.б.), *көрнекілік* (иллюстрация, нақты материалды көрсету, т.б.). Негізінен, жоғары

мектепте 1965 жылы *И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин* ұсынған жіктемедегі оқыту әдістері пайдаланылады. Оқытудың нәтижелі болуы білім алушының бағыттылығы мен ішкі белсенділігіне, ол орындайтын қызмет сипатына, өз бетімен орындайтын жұмысына, шығармашылық қабілет танытуына тікелей байланысты. Сондықтан олар (білім алушының бағыттылығы, ішкі белсенділігі, орындайтын қызмет сипаты, өз бетімен орындайтын жұмысы, шығармашылық қабілет танытуы) оқыту әдісін *таңдау критерийлері* болуы тиіс. *И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин оқытудың 5 әдісін* бөліп және бұл әдістерді орындайтын қызмет сипаты, өз бетімен орындайтын жұмысы, шығармашылық қабілетінің біртіндеп өсу дәрежесіне қарай дамып отыратындай етіп ұсынған.

1. *Түсіндірмелі-иллюстративті әдіс.* Білім алушылар лекцияда оқулықтан, түрлі әдебиеттерден, экранды оқу құралдарынан «дайын» білім алады. Фактіларді, қорытындыларды қабылдау, ой елегінен өткізу негізінде студенттер репродуктивті дәрежеде ойлайды. ЖОО-ында ауқымды информацияны жеткізу мақсатында бұл кеңінен қолданылатын оқыту әдісі.

2. *Репродуктивті әдіс.* Бұл әдісте оқылатын материалдар үлгі немесе ереже бойынша меңгеріледі. Білім алушының қызметі алгоритмдік сипатта болады, яғни, инструкция, ұқсас нұсқаға сәйкес орындау түрінде келеді.

3. *Проблемалы баяндау әдісі.* Оқытушы жаңа материалды баяндамас бұрын сан түрлі амал-тәсілдер мен құралдарды пайдалана отырып, студенттердің алдына проблема, танымдық міндеттер қояды, жүйелі дәлелдер, көзқарастар, тұжырымдарды мысалдарға келтіру арқылы қойылған міндетті шешу жолын көрсетеді. Студенттер ғылыми ізденіске қатысушы, ғылыми жаңалық куәгері ретінде болады. Осындай әдіс қай кезде де ЖОО-да кең қолданыстағы әдістің біріне жатады.

4. *Эвристикалық әдіс.* Оқыту үдерісінде ұсынылған міндеттерді шешу жолын белсенді іздестіруді ұйымдастыру (студент жекелей немесе оқытушымен бірлесе). Бұл әдіс ойлау процестерін белсенді етіп, семинарда, коллоквиумда танымдық қызығушылықты арттырады.

5. *Зерттеушілік әдіс.* Материалды талдап болғаннан соң, проблема қойылып, шешуге тиісті міндеттер ұсынылады да оларды орындау туралы қысқаша ауызша немесе жазбаша нұсқау (инструктаж) беріледі. Студенттер өз беттерімен әдебиеттерді, дереккөздерін,

бақылау мен өлшемдерді қолдану арқылы ізденеді. Ізденістері бірте-бірте ғылыми-зерттеу жұмысына ұласады.

Педагогикалық әдебиеттерде оқыту әдістерінің сан алуан түрі бар. Кеңінен таралған оқыту әдістері ретінде оқу-танымдық іс-әрекет құрылымына негізделген студенттердің танымдық іс-әрекеттерін арттыра түсетін мынандай әдістерді атауға болады: сөздік, көрнекілік, практикалық, репродуктивті және ізденістік, индуктивті және дедуктивті әдістер, өзіндік жұмыс әдістері, сонымен қатар педагогиканы оқытудағы бақылау мен өзін-өзі бақылау әдістері (Кесте -1;2).

Кесте 1- Оқыту әдістерінің жіктелуі

Оқыту әдістерінің тобы	Оқыту әдістерінің тобына жататын әдістер
Сөздік әдістер	Дәріс, әңгіме, сұхбат, түсіндіру, пікірталас, кітаппен жұмыс
Көрнекілік әдістері	Иллюстрация және демонстрация
Практикалық әдістер	Жаттығу, педагогикалық есептерді шешу, дидактикалық және іскерлік ойындар, тренингтер, зертханалық жұмыс
Индуктивті және дедуктивті әдістер	Талдау, салыстыру, салғастыру, абстрактілеу, жинақтау, қорыту, модельдеу (үлгілеу), педагогикалық есептерді шешу, педагогикалық жағдаяттарды талдау
Репродуктивті әдістер	Түсіндіру, дәріс, әңгіме, нұсқау беру, кітаппен жұмыс, жаттығу
Проблемалық-ізденістік әдістер	Эвристикалық әңгіме, проблемалық сұрақ, жағдаятты талдау, салыстыру, жинақтау, жүйелеу, модельдеу (үлгілеу), зертханалық зерттеу жұмысы
Өзіндік жұмыс әдістері	Кітаппен жұмыс, жаттығу, педагогикалық есептерді шешу, тест шешу, зертханалық зерттеу жұмысы, жоба құру
Оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдістері	Оқу пікір сайыстары, иллюстрация және демонстрация, дидактикалық және іскерлік ойындар, тренингтер, жеке (топтық) жобалау, зертханалық жұмыс
Оқытудағы бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері	Ауызша бақылау: жеке, фронтальды (жаппай) тексеру. Жазбаша бақылау: жазбаша бақылау жұмыстары, тестілеу, түсіндірмелі және графикалық диктанттар. Машиналы бақылау: тестілеу, виртуалды зертханалық жұмыс

Әдістемеде оқытудың *дидактикалық тәсілі* деп әдістің құрамдас бөлігін атайды. Әдістерге қарағанда тәсілдер жекелей бағынушылық сипатқа ие. Олар әдіс жүзеге асыратын дидактикалық міндетке бағынады. Бір әдістемелік тәсілдер бірнеше әдістер құрамында болуы мүмкін немесе керісінше, бір әдіс әр оқытушыда әр түрлі тәсілдерден құралуы мүмкін. Мысалы, студенттердің назарын аудартып, ойлау іс-әрекетін белсендендіру үшін мынандай дидактикалық тәсілдерді қолдануға болады: бірлескен мақсат құру, жоспарлауды және қарастыратын сұрақтар тізімін хабарлау және т.б. Білім алушылардың оқу іс-әрекетінде белсенді үлестірмелі материалдар (БҮМ) тәсілі маңызды рөл атқарады.

Белсенді үлестірмелі материалдар – көрнекілікті-иллюстрациялы материалдар, олар білім алушылардың жаңа материалды ойдағыдай меңгерулері үшін сабақ барысында таратылады. БҮМ-дар түсініктерді өзара байланыста қарастыратын құрылымдық-қисындық сызбалардан, глоссарий, оқу мәтіндерінен және т.б. тұрады.

Кесте 2 - Оқыту әдістерінің салыстырмалы сипаттамасы

Оқыту әдістері	Шешілетін міндеттер				
	қалыптастырады		дамытады		
	білім	іскерлік	ойлау	есте сақтау	сөйлеу
Сөздік	**	-	-	-	*
Көрнекілік	*	*	*	**	-
Практикалық	*	**	**	*	-
Кітаппен жұмыс	*	*	*	*	*
Мультимедиямен жұмыс	*	*	*	*	-
Өзіндік жұмыс	**	**	**	*	*
Ауызша және жазбаша бақылау	**	*	*	*	**
Пікірталас, «дөңгелек үстел», «миға шабуыл» және т.б.	**	-	**	*	**

Ескерту: (**) толығымен шешеді; (*) жартылай шешеді; (-) аз шешеді.

Жоғары оқу орнындағы оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын меңгеру үдерісіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқыту тәсілдері. *Оқытудың белсенді әдістері* – бұл ең алдымен студент пен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту; танымдық әрекеттің арнайы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын ала болжауға болатын оқыту түрі. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушылардың әрқайсысына қажет міндетті бірлесіп шешуге алып келетін қарым-қатынас. Оқытудың белсенді әдістері - нәтижесінде оқыту әрекеті барысында білім алушылардың мотивациялық, интеллектуалдық, эмоционалдық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, студентке педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен студенттің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері.

Оқытудың белсенді әдістер: Жұптасып жұмыс істеу; Ротациялық (ауыспалы) үштік; Карусель; Шағын топтармен жұмыс; Рольдік (іскерлік) ойын; Дискуссия; Дебат; жартылай кәсіби іс-әрекетті модельдейтін және іскерлік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық сұрақтар, іскерлік ойындар, кәсіптік жағдаятты талдау, тренинг; білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық есептер, жағдаяттар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, «миға шабуыл», оқу пікірталасы, «кейс-стади», өзіндік жұмыс.

Интерактивті әдісті қолдану кезінде ескеріледі:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
- оған өзіндік даралығын көрсетуге мүмкіндік жасау;
- педагогикалық қолдау көрсету. Оқытуда жаңа технология

түрлерінің міндеті және қолдану мақсаттары:

Енді оқытуда жиі қолданылатын белсенді оқыту әдістерінің кейбіріне тоқталып өтейік.

«Жұптасқан дәріс» әдісі – бұл өн бойына оқу материалын репродуктивтік, проблемалық, интеграциялық және диалогтік баяндау элементтерін жинақтаған оқыту тәсілі.

Репродуктивтік элементі ғылыми тұрғыдан дәлелденген, қосымша түсіндіруді қажет етпейтін оқу материалын баяндаудан тұрады. Проблемалық элемент проблемалық жағдаятты қою, талдау, болжаулар жасау, оны растау не теріске шығару, проблеманы шешу

жолдарын іздестіруден құралады. Интеграциялық элемент бір проблема төңірегінде әр түрлі ғылыми амалдарды қарастырады. Диалогтік элемент оқытушы мен студент арасындағы пікір алмасу арқылы көрініс табады.

Пікірталас әдісі – оқу материалының дау тудыратын тақырыбын қарастыруға, талдауға бағытталған және білім алушылардың әр түрлі ұстанымдарын бір арнаға тоғыстыратын оқыту тәсілі. Бұл әдіс проблемалық жағдаятқа негізделген. Пікірталастың туындауына теорияны қорытулар мен ережелер, қағидалар, теорияны практикамен алмастыру, ғылым мәселелерін талқыға салу, проблеманың бүгінгі таңдағы көрінісі себеп бола алады.

Пікірталас түрлері:

- топ оқушыларының жалпылама түрде бір проблеманы шешу барысына пайда болатын пікірталас;
- әр түрлі педагогикалық құбылыстарға өзіндік ұстанымын білдіру үшін сенімін қалыптастыруға бағытталған пікірталас;
- арнайы педагог туындатқан нақтылы ақпарат пен дәлелді дәйектерге сүйенген оқу пікірталасы.

«Пікірталас әдісі» төмендегідей «күшті» және «әлсіз» жақтарымен ерекшеленеді (Кесте- 3):

Кесте 3 - Пікірталас әдісінің «күшті» және «әлсіз» жақтары

«Күшті» жақтары	«Әлсіз» жақтары
-диалогтік қарым-қатынас дағдылары жетіледі; -сыни ойлау дамиды; -қарастырылатын мәселе бойынша білімдері толықтырылады	- барлық мәселені пікірталас әдісі арқылы оқытуға келмейді; - пікірталас әдісін барлық студент бірдей қолдана алмайды; - дайындық үшін қосымша уақыт керек

«Шағын топтар» әдісі – оқу материалының жалпы сұрақтары жекелеген өзіндік сұрақтарға ажыратылатын және білім алушылар топтары арасына бөлініп берілетін, студенттер өздігінен немесе оқытушының көмегімен хабарлама әзірлейтін оқыту тәсілі. Аталған әдісті қолдану топтың ішінде жұмыс істей алу іскерліктерін дамытады, студенттердің шығармашылық қасиеттерімен қоса бастамашылықтарын, өздігінен жұмыс істей алу қабілеттерін де жетілдіре түседі. Бұл әдісті семинар сабақтарында қолданған орынды.

«Тірек конспектілер» әдісі – оқу материалын меңгеру мен бекіту ақпарат көздеріне (оқулықтар, сөздіктер, анықтамалықтар, дәріс

конспектілері және т.б.) қарай бірнеше рет қайталау нәтижесінде жүзеге асатын оқыту тәсілі. Бұл әдісті семинар және практикалық сабақтарда қолдануға болады.

«Оқытудың жекеленген жүйе» әдісі – білім алушылар өздігінен, жекелей оқу материалын оқу әдебиеттері, бейнефильмдер, юниталар, слайд-дәрістер, курстық кейстер арқылы меңгеретін оқыту тәсілі.

Бұл әдіс дәріс өткізу барысында, сонымен қоса қашықтықтан оқитын студенттермен жұмыс барысында қолданыс табуда. Бұл әдістің ерекшелігі оқу курсының мазмұнын модульдерге бөлу болып табылады. Әрбір модульге әдістемелік тапсырмалар мен нұсқаулықтар әзірленеді, студенттер өздігінен даярланады, әдебиетті өндейді, электронды оқу қорларын (слайд-дәрістер, юниталар, электронды оқулықтар және т.б.) қарап шығады. Материалды игерулеріне байланысты студенттер бақылау жұмысын (реферат, тест және т.б.) орындайды, оқу модуліне байланысты тапсырмаларды сәтті орындап шықса, келесі модульге көшеді.

Әдістің «күшті» және «әлсіз» тұстарға ие (Кесте-4):

Кесте 4 - «Оқытудың жекеленген жүйе» әдісінің «күшті» және «әлсіз» жақтары

«Күшті» тұстары	«Әлсіз» тұсы
<ul style="list-style-type: none"> - оқу үдерісін жекелеу, даралау; - білім алушылардың өзін-өзі басқаруларын дамыту; - студенттердің мүмкіндіктерін есепке алу 	<ul style="list-style-type: none"> - студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар мен ұсыныстарды әзірлеу үшін қосымша уақыт керек

«Миға шабуыл» әдісі – студенттердің ғылыми және практикалық проблемаларды шешудегі дәстүрлі емес жолдарын іздестіретін ақыл-ой іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған оқыту тәсілі. Ол бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Проблеманы анықтай алу немесе проблемалық жағдаят туғызу.
2. Талдаусыз және дәлелсіз әр түрлі ойларды алға шығару.
3. Ойларды, ұсыныстарды теориялық, эмпирикалық жағынан тексеру, талдау.
4. Үздік ойларды таңдау және бағалау.

Әдістің құрылымы екі бөліктен тұрады: біріншісі – ой туындату, екіншісі – ойларды дамыту және қорғау. Бұл әдісті көбінесе семинар

сабақтарында кейде дидактикалық мақсатты ескере отырып лекция сабақтарында да қолдануға болады.

«Миға шабуыл» әдісін қолдану кезеңдері:

I кезең – Сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтау.

II кезең – Сабақтың жалпы өту барысын жоспарлау, сабақтың әр кезеңінің уақыт көлемін анықтау.

III кезең – Жаттығу үшін 3-4 сұрақ құрастыру, психологиялық қысымды азайту мақсатында қызықты жағдаяттарды таңдап алу.

IV кезең – Ортаға түскен ойларды бағалау үшін бағалау нормаларын әзірлеу (өзектілігі, теориялық негіздеме, практикалық мәні және т.б.).

«Іскерлік ойындар» әдісі – ережелер бойынша оқу-кәсіби міндеттердің ойын формасында шешілуі. Білім алушылар кәсіби іс-әрекеттің үзінділерінен көрініс қоя отырып, түрлі рөлдер мен кәсіби іс-әрекет түрлерін орындайды.

Іскерлік ойынның міндетті бөліктері:

- дидактикалық мақсаттың болуы: білімді жүйелеу мен нақтылау, іскерлік жүйесін қалыптастыруға ұмтылу, тұлғаның кәсіби деңгейдегі қасиеттерін қалыптастыру;

- оқу-кәсіптік ойын міндеттерінің болуы: ойынға қатысушы өзінің қандай міндетті шешу керектігін нақтылы білгені дұрыс;

- ойын жағдаятының болуы: ойында қарама-қайшылық, тараптар «шекісуі», әр түрлі көзқарастар мен ойлар элементі болуы керек;

- ойынның бірлескен сипаты: ойынға қатысушылардың барлығы өздеріне бөлініп берілген рөлдері бойынша өзара қарым-қатынасқа түсулері керек;

- іскерлік ойынның бағытталушы жоспарының болуы: ойын барысын, қатысушылардың негізгі ойлары мен әрекеттерін оқытушы құрастыруы керек, алайда ойын барысында оған қатысушылардың суырып салма өнерлеріне шек қойылмайды;

- бірыңғай нәтижеге қол жеткізу: білім берушілік, дамытушылық, тәрбиелік.

«Дөңгелек үстел» әдісі – педагогика бойынша бұрын өтілген білімдерін бекітуге, оқу материалының жеткіліксіз тұстарын толықтыруға мүмкіндік беретін, педагогика бойынша проблемаларды өздігінен шешіп, талдау жасай алу қабілеттерін дамыта түсетін әрі пікірталас жүргізе білу мәдениетін қалыптастыратын оқыту тәсілі. Әдістің ерекшелігі тақырыптық пікірталас пен топтық кеңес арасында үйлесімділік туғызып, «дөңгелек үстел» ұйымдастыру, яғни, «көзбе-

көз» пікір алмасу. Қатысушылар бір-біріне қарама-қарсы қарап отырады, ал оқытушы да осы топтың тең дәрежелі мүшесіндей үстелден орын алады.

«*Кейс-стади*» әдісі отандық жоғары оқу орындарында АҚШ, Канада бизнес-мектептерінің тәжірибесінен алынып қолданысқа енуде.

«Кейс» сөзі (ағылш. case – жағдаят) білім беруде екі мағынада қолданылады: оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы және кейбір жағдаяттарды сипаттау. Жағдаят – белгілі бір проблемамен біріккен жағдайлар үйлесімділігі. «Кейс-стади» әдісі оқытуда нақтылы жағдаяттарды қолдану және зерттеу тәсілі. Әдіс студенттердің өздігінен жұмыс істеуіне, белсенділігі мен белсенділігін арттыруға және ақпаратты үйрену мен талдап қорытуға, аудитория алдында өз көзқарасын дәлелдеуге бағытталған.

Бұл әдіс аналитикалық іскерліктерді, проблемалық міндеттерді шешудегі практикалық іс-әрекеттерді, ауызша және жазбаша дағдыларды қалыптастырады.

Оқыту кезінде «кейс-стади» әдісін қолдану Дж. Мартиннің «Таным пирамидасында» жақсы көрсетілген. Ғалым әр түрлі формада сабақ кезінде меңгерілетін оқу материалын пайыздық көлемде берген:

дәріс –	5%;
оқу –	10%;
аудио әдістер –	20%;
демонстрация –	30%;
пікірталас әдістері –	50%;
практикалық іс-әрекет –	70%;
басқаларды оқыту –	90%.

Аталған пирамидаға сәйкес, ең тиімді деп пікірталас әдістері, практикалық іс-әрекет және «кейс-стади» табылған.

Кейстер көлеміне қарай классикалық «үлкен» (20 беттен артық), орташа (5-15 бет) және мини-кейстер (1-5 бет) деп ажыратылады. Осылардың ішінде ең тиімді қолданылатыны мини-кейстер, өйткені оларда тек қажет деп табылатын ақпараттар ғана жинақталады, шешім қабылдауға тиіс сұрақтар саны да көп болмайды. Мазмұнына қарай «иллюстративті» (сипаттамалы), «жағдаяттық есеп», «мәселе», «шешім», «баға» кейстері болады.

«Иллюстративті» кейсте кәсіби қырынан толық, практикалық мысалдары жақсы таңдалған, теориялық ережелері жеке көрсетілген,

сәтті, сәтсіз шешімдер мен ғылымда анықталмаған, дәлелденбеген мәселелер сақталады. Мұндай кейс көлемі жағынан үлкен емес. Мысалы, «иллюстративті» кейсті педагогика пәні бойынша «Тәрбие әдістері», «Оқыту әдістері», «Мектеп жетекшісінің басқарушылық мәдениеті» және т.б. тақырыптар бойынша жинақтауға болады.

«Жағдаяттық есеп» кейсі бір ғана дұрыс жауабы бар бір есепті шешуге ұсынады және жалпылама нұсқаулық береді. Мысалы, оқу сабағын қалай жобалауға болады т.б. Кейбір «жағдаяттық есептерді» орындау барысында нормативті құжаттарды (ҚР МЖМБС, бағдарламалар, оқу әдебиеті және т.б.) басшылыққа алуға тура келеді.

«Мәселе» кейсі мәселені анықтау мен талдаудан тұрады, өйткені кейсте нақтылы мәселе көрсетілмейді. Оны талдау барысында мәселенің шығу себептерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

«Шешім» кейсі мәселені шешудің нақты жолдарын ұсынады. Білім алушылардың міндеті ұсынылған шешімді қабылдап, дәлелдеу немесе өз шешімінің нұсқасын ұсыну және оның тиімділігін көрсету.

«Баға» кейсі жұмыстың тиімділігін, іс-әрекетті және белгілі бір көрсеткіштерге лайық нәтижені бағалаудан тұрады.

«Кейс-стади» әдісін іскерлік ойынның құрамдас бөлігі деп қарауға болады және оны семинар сабақтарында қолданған дұрыс.

Оқыту әдістерін таңдау кезінде төмендегідей критерийлерді басшылыққа алу керек:

1) Әдістердің оқыту мақсаты мен міндеттеріне сай келуі;

2) Әдістердің оқыту принциптеріне сай келуі;

3) Әдістердің оқылатын тақырыптың мазмұнына сай келуі;

4) Әдістердің студенттердің оқу мүмкіндіктеріне сай келуі: жас ерекшелігі, физикалық дамуы, психикалық дамуы, дайындық деңгейі (білімділігі, тәрбиелілігі және дамуы); студент топтарының ерекшеліктері;

5) әдістердің техникалық жағдайлар мен оқу үшін бөлінген уақытқа сәйкестігі;

б) әдістердің оқытушының мүмкіндіктеріне сай келуі, оның ішінде теориялық және практикалық жағынан даярлығы, оқытушының жеке бас қасиеттері және т.б.

Әдіс-тәсілдер мен оқыту құралдары тікелей байланысты. *Оқыту құралдары* – білім алудың, іскерліктерді қалыптастырудың көзі, сонымен қатар оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға арнайы әзірленген материалдық заттар, құралдар, құрылғылар.

Оқыту құралдары іс-әрекет субъектісіне, нысандар құрамына, оқу ақпаратына, оқытушы қызметін алмастыра алу мен оқушы әрекетін автоматтандыру мүмкіндігіне және т.б. негіздерге байланысты жіктеледі.

Іс-әрекет субъектісіне байланысты оқыту құралдары оқыту және оқу құралдары деп екіге бөлінеді.

Оқыту құралдарына: көрнекілік түрлері, демонстрациялау құралдары, оқытудың ақпараттық құралдары, компьютер, электронды тақталар, жазу құралдары (бор, компьютерлік құралдар, жарық сәулесі және т.б.) жатады.

Оқу құралдарына оқулықтар, жұмыс дәптерлері, қалам, дидактикалық үлестірмелі материалдар, карточкалар, сызбалар, тірек коспектілер, зертханалық құрылғылар, дербес компьютер, жеке оқытудың ақпараттық құралдары, ғаламтордың оқу бағдарламалары, оқу-зертханалық жабдықтар, кестелер, модельдер, жиһаз, бұйымдар және т.б. жатады.

Нысандар құрамына қарай оқытудың құралдары: материалдық және мұраттық (идеалдық) болып бөлінеді. *Материалдық құралдарға:* оқулықтар мен құралдар, кестелер, модельдер, макеттер, ақпараттық құралдар, компьютер, оқу-техникалық құралдар (ОТҚ), зертханалық жабдықтар, оқу орны, жиһаз, сабақ кестесі және т.б жатады.

Мұраттық (идеалдық) оқыту құралдары – оқытушы мен студенттердің жаңа білімдерді меңгеру үшін қолданылатын бұрын меңгерілген білім мен біліктері болып табылады. Ойлау мұраттық (идеалдық) оқыту құралына жатады.

Поляк дидакты В.Оконь оқыту құралдарын оқытушының іс-әрекетін ауыстыру мен білім алушылардың әрекетін автоматтандыру мүмкіндігінің өсуіне байланысты жіктейді. Осыған сәйкес, оқыту құралдары екі топқа бөлінеді: қарапайым және күрделі.

Қарапайым құралдар:

- 1) сөздік, оқулықтар, мәтіндер;
- 2) қарапайым визуалды құралдар: нақты заттар, модельдер, суреттер және т.б.

Күрделі құралдар:

- 1) механикалық визуалды құралдар: кодоскоп, диапроектор және т.б.;
- 2) аудио құралдар: магнитофон, радио, музыка ойнатқыш;
- 3) аудиовизуалды: дыбысты фильм, ТВ, бейнежазба;

4) оқыту үдерісін автоматтандыру құралдары: мультимедиялық кабинет, компьютерлер, ақпараттық жүйе, телекоммуникациялық жүйе.

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жоғары мектептегі «оқыту әдістері» мен «оқыту тәсілдерін» ажыратыңыз.
2. Жоғары оқу орнындағы оқытудың белсенді әдістерінің тізбегін жасаңыз.
3. Интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып, сабақ конспектісін әзірлеңіз.
4. Оқыту әдістерін тандау критерийлерін атаңыз.
5. Оқыту құралдарының оқуда нәтижеге жетуге тигізетін ықпалын дәлелдеңіз.

Негізгі әдебиеттер:

1. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика.-СПб: Питер, 2000.-304с.
2. Смирнов С. Д. Педагогика и психология высшего образования. 2-е изд., перераб. и доп. - М.:Академия, 2005 - 400 с.
3. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Активные методы обучения. А., 2005.
4. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или как интересно преподавать: Учебное пособие. А., 2007, - 284 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Педагогика и психология высшей школы /Под.ред. М.В.Булановой-Топорковой. - :Учебное пособие.- Ростов-н/Д:Феникс, 2002-545с.
2. Архангельский С.И. Лекции по теории обучения в высшей школе. М., 1995.
4. Загвязинский В.И. Дидактика высшей школе. Текст лекций. Челябинск, 1990.

Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР

Жоспар:

1. Білім берудегі парадигмалардың өзгеруі
2. Жоғары мектептегі педагогикалық инновациялар
3. Педагогикалық технологиялар.
4. Педагогикалық жобалау
5. Жоғары мектептегі оқыту технологиялары және олардың классификациясы (жүйелеу)

Білім берудегі парадигмалардың өзгеруі. Адамзаттың жаңа постиндустриалды дәуірге өтуі білімдегі үш жүз жылдам астам уақыт қызмет көрсетіп келген оқытудың түбегейлі жаңаша құрылуын талап етеді. Қоғамның индустриалды қоғамнан екінші – постиндустриалды қоғамға өтуі білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістермен қатар жүреді. Өз кезегінде өндірістік революция сауатты жұмысшыларды дайындауды қажет етті де – оны қанағаттандыру үшін Я.А.Коменский негізін қалаған жалпыға бірдей білім беру негізі пайда болды. Көпшілік мектептің (массовая школа) міндеттері білім алушылардың фабрикаларда жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырып, еңбектегі тәртіптілікке, тапсырмаларды уақтылы орындауға үйрету, сауат ашу (оқу, жазу, санау) болды, бұл Э.Троффлер бойынша жабық, бүркеме бағдарлама деп аталды. Ерлер мен әйелдер машина жанындағы немесе мекемелердегі бірсарынды қызметтерін ешбір ынтасы болмаса да атқаруға мәжбір болды (Тоффлер О. Третья волна. -М.: АСТ, 1999.). Бұл жағдай ХХ ғасырдың орта шеніне дейін созылды. Осыдан соң қоғамда, дүниежүзілік қауымдастықта бұрын соңды болмаған өзгерістер басталды. Әсіресе өндіруші класс жұмысшыларының көтерілу және төмендеу динамикасы драмалық күйде болды. К.Маркс пен Ф.Энгельс уақытынан бастап ХХ ғасырдың 50-жылдарына дейінгі кезеңде халықты еңбекпен қамтамасыз етуде өндірістегі жұмысшылардың саны ұдайы өсіп, 50% құрап, олар динамикалық саяси күшке айналған еді. Бірақ 70-жылдардан бастап өндірістегі жұмысшылар өз көзқарастарын өзгертті, халықты еңбекпен қамтамасыз етуде өндірістегі жұмысшылар АҚШ-та және Еуропада 20%-ды құрады, ал, болжам бойынша жұмысшы күші оншақты жылда 5-10%-ға дейін төмендейді.

Осындай жағдай ауыл шаруашылығында да өріс алды, мысалы, АҚШ-та ХХ ғасырдың басында жұмысшы күші 50% құраса, қазірде ол – 3%, болжамдар бойынша алдағы 15-20 жылда бұл екі есеге дейін қысқарады. Осыдан экономикалық саясаттың «белсенділері» өз білім деңгейлерінің басқа адамдармен бәсекелестікте тең келмеуіне байланысты қайыршыға айналды, яғни, қоғамға әлеуметтік көмек жасау т.б. жағынан белгілі бір дәрежеде проблема туғызды. Өндірістің қарқынды дамуы мен автоматтануына байланысты дене күшіне деген сұраныс төмендегенмен, халыққа қызмет көрсету қарқынды ұлғайды.

«Капиталист-қанаушының» жағдайы да өзгерді, егер, 1890 ж. АҚШ-тың 12% аумақты азаматтары ұлттық байлықтың 86%-ын иемденсе, қазір мындаған американдық аумақтылар 2-3 ай көлемінде экономиканың бір саласын жұмыспен қамти алмайды. Қазіргі таңда бизнесмен болудың мәртебесі жоғары саналмайды. Өйткені компанияларды, фабрикаларды, өндіріс орындарын т.б. менеджерлер басқара береді. Экономиканың негізгі капиталын азаматтардың жиынтық қоры мен зейнетақы қоры құрайды.

Сонымен қатар, айтарлықтай дәрежеде жаңа класс – «интеллектуалды қызметкерлер» класы, басқаша айтқанда, «білімді адамдар класы» өсіп келеді. АҚШ, Жапония және басқа да бірқатар елдерде осындай жаңа класс өкілдері халықты еңбекпен қамтудың жартысынан астамын құрайды. Осылайша, «қанаушы» немесе «қаналушы» болып саналмайтын «интеллектуалды қызметкерлер» қоғамы пайда болды. Олардың әрқайсысы өз алдына дербес капиталист емес, бірақ, ұжым ретінде олар өз елдерінің өндірістерінің бөлігін зейнетақы қоры, бірлескен қор, жеке қоры арқылы меншіктейді. Оларды тәуелді деп те, тәуелсіз деп те атай аламыз, өйткені олар өздерінің білімі негізінде жан-жақты хабардар болуы арқылы қызмет көрсетуде еркін қозғала алады. Мәселен, бірнеше тілді меңгерген, компьютерде жұмыс жасау қабілеті жоғары математик, программист, инженер, хатшы т.б. кез-келген мекеме, оқу орындары, өндіріске қажет-ақ. Маман-компьютершіге қандай жерде - университет пе, мекеме ме жұмыс жасаудың айырмашылығы жоқ. Тек жалақысы жақсы төленіп, жұмысы қызғылықты болса, болғаны.

Бұдан приоритеттер диаметриалды түрде өзгереді – интеллектуалды қызметкер ғана өз шарттарын қоймайды, сонымен қатар, жұмысқа кіруші де өз жұмысы туралы шарттардың орындалуын талап етеді. Дегенмен де экономикалық саясатта

интеллектуалды қызметкер басты роль алады. Жаңа жағдайдағы жұмысшылар біршама тәуелді, жаңалық ашқыш және машинадан алшақтау. Олар білімді өзгермелі жағдаяттарға қарай, өз іс-әрекетін ұйымдастыра білетін мамандар, оларға бақылаудың қажеті де жоқ (Г.Л.Ильин. Философия образования. – М.: Вузовская книга, 2002.). Жұмысшылардың жаңа типінде жұмысқа деген қарым-қатынас тіпті де өзгеше.

Индустриалды жұмысшыға жұмыс өмір сүру үшін өмірлік құрал, жұмысты ол отбасын асырау, демалу үшін атқарады. Жұмыс өмірінің негізгі бөлігін құраса да оны сыртқы іс-әрекет деп қабылдайды. Осыдан индустриалды еңбекті ұйымдастыру – еңбек іс-әрекетінің мотивациясы проблема: еңбектің өнімділігін арттыру үшін үнемі олардың қызығушылықтарын ояту, жұмыс жасауға міндеттеу жолдарын іздестіру, басқаша айтқанда, жұмысшының жұмыстан жатсынуының алдын алып отыру: түрлі формалар есебінде жалақы көтеру, ұжымда жұмысшылар, қызметкерлер мен жұмысшылар арасында жайлы психологиялық климат қалыптастыру т.б. Индустриалды еңбекке тән жұмысшының жұмысқа жауапкершілігінің төмен болуы, нәтижесінде, еңбек өз мәнін жояды.

Постиндустриалды мәдениетке көшу барысындағы еңбекке деген көзқарас өзгеше – жұмысшы өз еңбегінің нәтижесі мен табысына қанағаттанады. Ол материалдық және рухани да болады. Еңбекке деген қарым-қатынас жаңа типтегі жұмысшының еңбек арқылы өзінің еңбегінің құнын танытуы ретінде болады. Осылайша адам еңбек үдерісінде басты өмірлік қажеттілігінен қанағат тауып - өмірдің мәнін түсінеді. Өмір мен еңбек ұласады.

Білім шын мәнінде капитал және негізгі ресурс болып табылатын қоғамда мектепке деген талап күшейеді, білім беру қызметі, жауапкершілігі артады. Бүгінгі таңда оқу (учение), оқыған адам (обученный человек) ұғымдарының мағынасын қайта қарауға тура келеді. Оқу материалдарын меңгеру жолдары, педагогтардың білімді жеткізу тәсілдері айтарлықтай өзгеруге тиіс.

Қазіргі таңда инновациялық оқыту туралы көп айтылады – бір қарағанда, инновация да өзіне дәстүрлі оқытудан қажетін алады. Инновациялық және дәстүрлі, нормативтік оқыту терминдері мен идеяларын Римдік клубқа дайындаған баяндамаларында бір топ ғалымдар 1978 жылы ұсынған. Ғалымдар әлемдік ғалымдар қауымдастығына оқыту қағидаларының бүгінгі қоғам тұлғасын,

танымын дамытуға сәйкес келмей жатқандығына назар аударту үшін қолданды.

Баяндамада инновациялық оқыту тұлғаны өзгермелі қоғамға дайындау, шығармашылыққа бейімдеу, ойлаудың түрлі формаларын, сондай-ақ адамдарды ортада қарым-қатынасқа түсе білуге дайындау мағынасында пайдаланды. Сонымен, олардың 4 түрлі сипатын көрсете аламыз: оқытуды болашаққа бағдарлау, құндылықтарды қастерлеу, бірлесіп қызмет атқару, жаңа жағдаяттарды меңгеру.

Индустриалды және постиндустриалды қоғамдағы оқыту парадигмаларының негізгі компоненттерін салыстырмалы былайша беруге болады (Кесте – 1;2) етіп көруге болады .

Кесте 1 - Білім парадигмасының өзгеруі

Парадигма компоненттері	Индустриалды қоғам	Постиндустриалды қоғам
Құндылықтар	- қоғамдық өндіріс үшін оқу	Адамның өз өмірі мен мансабы үшін өзін-өзі реттеуі
Мотив	- оқу білім алушының міндеті - оқытушының қызметі кәсіби парыз ретінде	- білім алушының білімді қажетсінуі; - білім алушының білім нәтижесіне қанағаттануы
Нормалар	-окуда білім алушы үшін жауапкершілік педагогқа жүктеледі; - педагог беделі білім алушыдан тәртіпті талап етуге байланысты.	- білім алушы білім алуына өзі жауапты; - педагог беделі өзінің жеке қасиетіне байланысты
Мақсаты	- оқу ғылыми білімдерді меңгеруге бағытталған; - «жастық шақтағы алған білім - өмір бойғы азық»	- оқу арқылы адамзат мәдениетінің негіздері мен құзырлығын меңгеру (оқу, әлеуметтік, азаматтық, кәсіби және т.б.); - өмір бойғы оқу.
Оқу процесіне қатысушылардың позициясы	- педагог білім тасымалдаушы; - педагог білім алушыларды бағыттаушы	- педагог өз бетінше білім алуға жағдай жасаушы; -педагог білім алушылармен бірге, өзара серіктестікте
Формалар мен әдістер	- иерархиялық және авторитарлық әдіс; - оқу пәндерінің тұрақты болуы;	- деморатиялық және элиталық (теңдікке құрылған) әдіс; - оқу пәндерінің

	- оқу үдерісін ұйымдастырудың тұрақтылығы; - педагогқа жүктелген аудиториялық сағаттардың басымдылығы.	динамикалық құрылысы; - оқу процесінің динамикалық формалары; - басты назардың білім алушылардың өз бетімен жұмысына аударылуы
Құралдар	- оқытудың негізгі көзі - оқу кітабы	- оқу кітабінің ақпараттық-коммуникациялық және БАҚ құралдарымен толықтырылуы.
Бақылау және бағалау	Бақылау мен бағалаудың пәнге қатысты жүргізілуі	Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы мен бақылауына басты назардың аударылуы

Кесте 2 - Білім беру технологиясының дидактикалық жүйесі

Компоненттері	Ескі парадигма	Жаңа парадигма
Мақсаттары: - Мәдени - Әлеуметтік - Жеке тұлғалық	Мәдениетті қайта жаңғырту Мамандар дайындау Тіршілікке дайындау	Оза отырып кеңейту Мәдениетті қайта жаңғырту Тұлғаның қалыптасуы Тіршілік бөлігі
Мақсатқа жету тәсілі	Білімді тасымалдау, іскерлік пен дағды қалыптастыру	Ақиқатты меңгеру, Ойлауды қалыптастыру; Қабілетті дамыту
Педагогика типі	репродуктивті	дамыту
Теориялық негіздері	дидактика	Жүйелі-іс-әрекеттік бағыт
Кәсіби мазмұн	мамандану	фундаменталдылық
Әдіс негізі	Білім, іскерлік, дағды	Іс-әрекет, сана, тұлға
Педагогика объектісі	Біліммен жұмыс жасау	Біліммен және санамен жұмыс жасау
Оқу мотивтері	Көбінекей сыртқы – бағалау, баға қою, белгіленген уақыт	Көбінекей ішкі – қызығушылық, эмоция
Мұғалім мен оқушының қарым-қатынас стилі	авторитарлық	коллегиялық
Педагогиканың негізгі лозунгісі	«Қайталау – білім анасы»	«Әрекет ет, сонда бәрін де түсінесің»

Педагогтың зейіні	Фактілер, заңдар, тапсырмалар, тесттар және оларды қайталау	Іс-әрекеттік ортадағы проблемалық ситуациялар
Оқытуды ұйымдастыру жүйесі	Сыныптық-сабақтық	Индивидуалдық-топтық
Тиімділік критерийі	Мұғалімнің жоғарғы бағасы	Оқушыны қанағаттандыру, практиканың тиімділігі

Постиндустриалдық қоғамдағы оқу әрекетін ұйымдастыру методологиясы тұрғысынан педагогика және педагогикалық психология жаңаша қарауды талап етеді.

Бірінші кезекте үштік ретінде қалыптасқан оқу, тәрбие, даму категорияларын нақтылап алайық.

Оқу. Оқудың екі жақты процесс екендігі белгілі, оқытушы (оқытушының қызметі – мұғалімнің, профессордың, тьютордың және т.б.) және оқушы, яғни, білім алушы (бұл жерде оқушының жас ерекшелігі шектелмейді).

Білім жүйесі мынадай қағидаттарға негізделуі керек: Біріншісі – тұлғалық бағдарлау, екіншісі – білім процесін тұлғаландыру. Тұлғаландыру – сыныптық-сабақ жүйесі шеңберінен интерактивті оқыту әдістемелерін жобалау. Мұнда оқу әрекеті орындалады. Ол өзара қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді. Екіншісі - педагог кадрларды дайындау, педагог мәртебесін көтеру, көзқарасты өзгерту.

Тәрбие категориясы – егер, оқу – білім, іскерлік, дағдыларды меңгеру болса, тәрбие осы процесс барысында тұлғаның бағыттылығын: сенім, дүниетаным, мұрат, мақсатшылдығы мен қызығушылықтарын қалыптастырады.

Даму категориясы – Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн және т.б. дамуды жаңа қабілетке, тұлғалық сапаларға ие болу деп түсіндіреді.

Жоғары мектептегі педагогикалық инновациялар. Инновациялық үдеріс – білім беру үдерісінде тұрақты жана элементтер кіргізетін, жүйенің бірінші жағдайдан екінші жағдайға көшуіне алып баратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет.

XX ғасыр барысында әлемде мектептер мен жоғары оқу орындарын дамыту бағытында айтарлықтай тәжірибелер жасалды. Нәтижесінде көптеген мектеп типтері пайда болды. Жоғары білім беру жүйесінде кәсіптік орта, жоғары және жоғары білімнен кейінгі оқу орындарын қамтитын көп сатылы жүйе бой көтерді.

Қазіргі кезеңде мектептерге жаңарып, дамып отыру тән, әсіресе білім беру жүйесіндегі бұл инновациялық үдеріс 1980-1990 жылдары ерекше байқалды. Бұрынғы бірыңғай қалыпты мектептердің орнына гимназиялар, лицейлер мен колледждер және әр түрлі бағыттағы мектептер ашыла бастады. Мысалы, білім беру кешендері, ұлттық мектептер, медресе, жеке мектептер және т.б. соның айғағы. Сондай-ақ халықаралық мектептер мен университеттер, жеке мектептер мен жоғары оқу орындары ашылды. Институттар мен арнайы жоғары училищелердің орнына (әскери, азаматтық авиация, өнер) негізгі жоғары оқу орындары болып университеттер мен академиялар орнықты.

Педагогикалық технологиялар. «Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы және т.б. Бұл технологиялардың қайсы түрі болмасын анықтаманы қажет етеді. Сондықтан да әрбір автор «технология дегеніміз не?» - деген сұраққа немесе технологиямен байланысты жеке ұғымға өз анықтамасын беруге тырысады. Нәтижесінде, дәл қазіргі кезде білім беру жүйесінде жүріп жатқан үдерістердің технологиясына түсіндіретін жалпы анықтама жоқ.

В.М.Шепель бойынша: «Технология - өнер, шеберлік, іскерлік, талдау әдістерінің бірлігі, жағдайдың өзгерісі» болса, түсіндірмелі сөздікте: «Технология – белгілі бір іске, шеберлікте, өнерде қолданылатын тәсілдердің жиынтығы» ретінде қарастырылған. Кеңес педагогы А.С.Макаренко тәрбие процесін ұйымдастырылған «педагогикалық өндіріс» деп қарады. Ол тәрбиедегі кездейсоқтық, атүстілік шешімдерге қарсы тұрды. Сөйтіп, «тәртіп техникасын» ұсынды. Әр қимыл-әрекетті жан-жақты ойлап жасау, бірізділік сақтауды ол адам бойында ең жақсы, мықты адами қасиеттерді қалыптастыруды проектилеуге бағыттау деп түсіндірді.

В.П.Беспальконың айтуынша әрбір іс-әрекет не технология; не өнер болуы мүмкін. Өнер интуиция негізінде, технология – ғылым негізінде құрылған. Өнерден бәрі басталады, технологиямен аяқталады, ал педагогикалық іскерлікті онсыз айналып өтуге болмайды.

Алғаш рет «педагогикалық технология» 1920 - жылдары педагогика және рефлексология туралы еңбектерде кездесті (И.П.Павлов, В.М. Бехтеров, А.А. Ухтомский, С.Г. Шацкий). 1940-50 жылдары оқыту процесіне техникалық құралдар ене бастағанда «білім технологиясы» ұғымы пайда болды да, кейінірек әртүрлі техникалық оқыту құралдары енгізіле бастағаннан кейін (кино, радио, бақылау құралдары) «педагогикалық технология» ұғымына ауысты. 1960-шы жылдардың ортасында педагогикалық технология ұғымы шет елдердің педагогикалық басылымдарында (Италия, АҚШ, Жапония, Англия, Франция, Венгрия), сонымен қатар Халықаралық конференцияларда кең көлемде талқыға салынып, осы ұғым дамыған мемлекеттер лексиконына енді. Шетел педагогикалық әдебиеттерінде «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» ұғымдары алғашында оқу процесін техникаландыру ретінде, яғни оқу процесінің сапасын техникалық оқу құралдарын пайдалану арқылы ғана жетілдіруге болады деп көрсетілді. 70-жылдардың соңына қарай педагогикалық технология болмысының жаңа тұжырымдамасы пайда болды (Кесте -1). Ол бойынша: «педагогикалық технология - оқыту процесінде техникалық оқу құралдары мен компьютерді пайдалану аясындағы ғана зерттеу емес, бұл пайда болған факторларға анализ жасау арқылы білім беру процесін оңтайландыру тәсілдері мен принциптерін жасау және білім беру сапасын жетілдіру мақсатында материал мен әдіс-тәсілдер түрін таңдап алып, оларды пайдалану, сонымен қатар әдіс-тәсілдерге баға беру».

Кесте 1 - Дүниежүзілік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының қалыптасуы мен дамуы (М.В.Кларин бойынша)

Кезеңдері	Ұғымның аталуы	Ұғым мазмұны
XXғ. 50-жылд. ортасына дейін	Оқыту технологиясы	Оқытудағы технология деп оқыту процесінде техникалық құралдарды жан-жақты қолдану, яғни әртүрлі ТСО, болып табылды.
XXғ. 50-жылд. орт. бастап	Оқыту технологиясы	Оқытудағы технология деп оқытуды тұтастай құруға ерекше «технологиялық» бағыт (яғни, оқу процесін құру технологиясы). Бұл бағыттың ең алғашқы жемісі бағдарламалық оқу болып табылды.

XXғ. 60-жылд.	«технологиялық» түсініктің тұтастай оқу бағдарламаларында көрініс беруі	«технологиялық» түсініктің тұтастай оқу бағдарламаларында көрініс беру құрамына енеді: тұтастай мақсаттар кешенін құру; оларды өлшеу мен бағалау критерийлерін жинақтау.
XXғ. 70-жылд.	Педагогикалық технология	Жүйелі бағыттың әсерінен педагогикалық технология бағдары нақтыланады: қойылған дидактикалық мақсатқа сәйкес жетістікке жету

Педагогикалық, психологиялық мәселелер туралы ғылыми зерттеулерде «білім беру технологиясы», «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» ұғымдары әр түрлі түсіндірілген.

Б.Т.Лихачев бойынша, педагогикалық технологиялар – оқыту мен тәрбие беру құралдарының арнаулы жиыны мен формасы, әдіс-тәсілдерін үйлестіруді анықтайтын психология-педагогикалық үрдістердің ұйымдастырушы әдістемелік құралы болып табылса, В.П.Беспалько педагогикалық технологияны – оқу процесін жүзеге асырудың маңызды техникасы ретінде қарастырған; И.П.Волков бойынша: «Педагогикалық технология – оқытудың жоспарланған нәтижелеріне жету үрдісін суреттеу». В.М.Монахов: «Педагогикалық технология – бұл оқушылар мен мұғалімдерді қолайлы жағдайлар туғыза отырып, оқу үрдісін жобалау, ұйымдастыру және өткізудегі біріккен іс-әрекет моделі» деп түсіндіреді. ЮНЕСКО бойынша: «Педагогикалық технология – ол техникалық және адамзат ресурстары мен олардың өзара әрекетін есепке ала отырып, білімді меңгеру және оқыту үрдісін құрудың, қолдану мен анықтаудың білім беру формасының тиімділігін өз міндетіне санайтын жүйелі әдіс» болып табылса, В.М.Кларин: «Педагогикалық технология – педагогикалық мақсаттарға жету үшін қолданылатын барлық жеке, инструменталдық және методологиялық құралдардың жүйелі жиынтығы мен функционалдау ретін білдіреді» тұрғысында анықтама берген. Чошанов М. «педагогикалық технологияны – дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі» ретінде қарастырады да Воронов В.В. «педагогикалық технология - тиімді оқыту жүйесін құрумен айналысатын жаңа бағыт», Сластенин В.А.: «Педагогикалық технология – қатаң ғылыми жоспарлау және дәлірек айтқанда педагогикалық әрекеттің жетістігін қамтамасыз ететін елес» деп,

Г.К.Селевко: «Білім технологиялары иерархия бойынша бірінші тұрады, ол әр елдің білім жүйесін, демек оқыту процесінің жүйелі түрде ұйымдастырылу тәсілін көрсетіп, мемлекеттік бағдарламалар мен білім стандарттарында берілген білім қызметін жүйелі ұйымдастыру, оның мақсаты мен бағытын, ұйымдастырылу құрылымы мен формасының тәсілін және тұтас білім кеңістігінің жалпы даму стратегиясын бейнелейді» деген.

Құсайынов Г.М.: «Педагогикалық технологияны - мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жету мен сабақ беру процесі емес, ол кәсіби ұстаздың басшылығымен оқушылардың өзінің және өзара оқыту процесі, ол білім берудің мазмұнымен, оқу жоспарымен бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір сатыларындағы болатын өзгерістер мен қайта құрулар болады» деген.

Ал, Қараев Ж.А.: «Педагогикалық технология - оқытушының әрекетін жаңартатын технологиялық құрылым және соңғы жоспарланған нәтиженің кепілдік беруі» ретінде түсіндіреді.

Педагогикалық технологияға тән белгілер:

- ✓ Құндылық-бағдарлық негізінде автордың немесе ұжымның мақсат-міндеттеріне сәйкес нақты күтілетін нәтижеге қол жеткізудегі нақты педагогикалық ой-пікірлер;
- ✓ Қатаң түрде қойылған мақсатқа сәйкес оқушыларға мемлекеттік білім беру стандарты деңгейін берік меңгертуге кепілдік бере алатындай педагогикалық әрекеттің технологиялық тізбегін құру;
- ✓ Әрбір оқушының жеке дара ерекшеліктеріне сәйкес оның білім беру қажеттілігін қамтамасыздандыруда оқытушы мен оқушының өзара байланысты әрекеттерін алдын ала білу;
- ✓ Оқытушылардың педагогикалық технология элементтерін кезеңдеп және жүйелі түрде меңгеруі;
- ✓ Критерий (өлшем) мен көрсеткіштерден тұратын диагностикалық процедуралар, іс-әрекет нәтижесін өлшеу жолдары.

Педагогикалық технологиялардың білім беру мекемелеріндегі жауап беретін шарттары (*Беспалько В.П. бойынша*):

- педагогикалық технология оқытудағы бей-берекетсіздік пен дайындықсыздықты, тосыннан жасалған әрекетті жою;
- оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие процесінің жобасына негізделу;

- оқу мақсатын диагностикалық зерттеу жолымен анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалау;

- практикада оқу процесінің толықтығын қамтамасыз ету.

Педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары кез-келген педагогикалық технологияға қойылатын 4 шартқа негізделген:

- 1) Педагогикалық технология оқу процесінің нәтижелі болуына кепілдік беруі керек;
- 2) Оқушының өз бетімен жасайтын оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие процесінің жобасына негізделуі қажет,
- 3) Оқу мақсатын диагностикалық нәтиже беретін жолмен анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп, бағалауды қажет етеді;
- 4) Практикада оқу процесінің толықтылығы қамтамасыз етілуі тиіс.

Оқытудың жаңа технологиялары мынадай принциптерді ұсынады:

- ✓ Оқуға шығармашылықтың енуі;
- ✓ Оқытушы мен оқушының арасындағы ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы;
- ✓ Жеке тұлғаның дамуына жағдайдың жасалуы, яки жеке тұлғаға бағытталған оқу тұлға дамуына сыртқы әсермен бірге (оқыту, тәрбиелеу) оқушының ішкі түрткісі негізінде жүргізілуі;
- ✓ Тұлғаның даму жолын болжау.

Педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын барлық жеке тұлғалық, құралдық, әдістемелік тәсілдердің жүйелі жиынтығы ретінде жұмыс істеу. Педагогикалық технология - бұл өзара байланыстағы компоненттер, кезендер, педагогикалық үдеріс пен оқушылар қызметінің жүйелі де үздіксіз қозғалысы.

Сонымен, педагогикалық технология - практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба. Педагогикалық жүйе тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған мақсатты, алдын-ала белгіленген нәтижеге бағытталған, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер жиынтығы.

Оқыту технологиясын жаппай ендіруді зерттеушілер 1960 жылдардың басына жатқызады және оны алғашында американдық, ал одан соң европалық мектептің қайта өрлеуімен байланыстырады. Шет елдегі қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды неғұрлым танымал зерттеушілері: Дж.Кэрролл, Л.Н.Ланд,

Ю.К.Бабанский, Л.М.Эрдниев, Н.П.Раченко, Л.Я. Зорина, В.П.Беспалько, М.П.Хомерики және басқалардың ғылыми еңбектерінде көрсетілген.

Шепель В.М. бойынша: «*Оқыту технологиясы* дегеніміз бағдарламаларда көрсетілген оқыту мазмұнын жүзеге асыру мен қойылған мақсаттарға жетудің ең тиімді жолмен қамтамасыз етілуі».

Оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламаларында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі.

Оқыту технологиясының құрылымы:

- ✓ оқытудың мақсаты;
- ✓ білім берудің мазмұны;
- ✓ педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация);
- ✓ оқыту процесін ұйымдастыру;
- ✓ оқушы;
- ✓ оқытушы;
- ✓ әрекеттің нәтижесі.

Педагогикалық жобалау. Педагогикалық жобалау - бұл білім алушылар мен педагогтардың алда тұрған қызметінің негізгі детальдарын алдын-ала дайындау. Педагогикалық жобалау оқытушының ұйымдастырушылық, гностикалық, (мазмұнды зерделеу, оқушылармен іс-әрекеттегі әдістер мен құралдарды іздестіру) немесе коммуникативтік сияқты қызмет түрі.

1989 жылы тұңғыш рет белгілі ғалым В.П.Беспальконың педагогикалық проектилеу туралы өзіндік дербес еңбегі жарық көріп, ол педагогиканың жаңа саласының басы болды.

Педагогикалық жобалау - алда тұрған қызмет нұсқаларын алдын-ала жасап, оның нәтижесін болжап біліп отыру. Педагогикалық жобалау объектісі педагогикалық жүйе, педагогикалық процесс, педагогикалық жағдаяттар.

Педагогикалық жобалау кезеңдері:

1-кезең – *педагогикалық модельдеу* (педагогикалық жүйе құрудың мақсатын анықтау, оларға жету жолдарын белгілеу);

2-кезең – *педагогикалық жобалау* (дайындалған модельді жалғастыру, тәжірибелік қолданыс деңгейіне жеткізу);

3-кезең – *педагогикалық конструкциялау* (жобаның әр деталін нақтылай түсу - бұл әдістемелік міндеттер).

Педагогикалық жобалау формалары – бұл әр түрлі деңгейдегі педагогикалық жүйе туралы жазылған құжат. Ол тұжырымдама (концепция) түрінде болады. Тұжырымдама – педагогикалық жүйе құрудағы негізгі көзқарас, жетекші ой, теориялық бастапқы қағидалар арқылы құрылатын проектилеу формасының бір түрі. Тұжырымдамалар ғылыми зерттеулер нәтижесі негізінде жасалады. Олар жалпылама, абстрактты сипатта болғанымен, практикалық мәні де бар. Тұжырымдама жасаудың мәні теорияны практикалық қолданысқа айналдыру.


Жоғары мектептегі оқыту технологиялары және олардың классификациясы (жүйелеу). Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл боларлықтай ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технология кешенді процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білімді меңгерудің барлық қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Бүгінгі күнге дейін нақты белгіленген оқыту технологияларының классификациясы жоқ, дегенмен, дәстүрлі және инновациялық оқыту технологиясы деп екі градацияға бөліп қарастыру бар.

А.Я.Савельев білім беру технологияларын төмендегідей жүйелейді:

- әрекет бағытына қарай (оқушы, студент, оқытушы және т.б.);
- оқыту мақсатына қарай;
- пәндік ортаға қарай (гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық пәндер, және т.б.);
- пайдаланатын техникалық құралдарға қатысты (аудиовизуальді, компьютерлік, бейнекомпьютерлік, және т.б.);
- оқу процесін ұйымдастыруға қатысты (жеке-дара, ұжыммен, аралас);
- әдістемелік міндеттер бойынша (бір пәннің технологиясы, құралдары, әдістері).

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіру. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды оқытуда тиімді етіп пайдалану оқытушы білімділігіне байланысты (Сурет - 1).



Сурет 1 - Жаңа технологияның педагогикалық қағидалары

Осы уақытқа дейін педагогика саласында көптеген технологиялар қолданылды. Сол технологияларға қысқаша шолу сипаттама беріп өтейік.

Оқудың *дәстүрлі* (қайта жасау - репродуктивті) технологиясы білім, ептілік және дағдыларды ұсынуға бағытталған. Ол өтіліп жатқан материалдың игерілуін, қайта жасау деңгейіндегі білім сапасының бағалануын қамтамасыз етеді. Бұл технологияның ежелгі түрі. Оның мәні: жаңаны игерту-бекіту-қадағалау-бағалау тізбегі бойынша оқу процесін ұйымдастыру. Қазіргі білім берудің барлық деңгейлерінде зерттеушілік, компьютерлік, жобалық және көптеген өзге де инновациялардың кең ауқымы байқалады. Алайда, бұл инновациялардың басым көпшілігі технологиялық жеткіліксіздігі мен теориялық негізінің әлсіздігі салдарынан жаппай білім беру жүйесіне айтарлықтай ықпалын тигізе алмай келеді (Кесте -1).

Оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізудің негізгі өзекті мәселесі – оқытушының саналы түрде педагогикалық-психологиялық әдістерді қолдана отырып жас жеткіншектердің интеллектуалдық, шығармашылық ойлауын дамыту, қазіргі заман талабына сәйкес экономикалық көзқарастары мен белсенділігін қалыптастыру. Оларды кәсіпкерлікке баулу, өзбетінше білім алу мен еңбек ету дағдыларының негізін қалау.

Кесте 1 - Дәстүрлі және инновациялық оқыту модельдерінің салыстырмалы сипаттамасы

<i>Негізгі сипаттамасы</i>	<i>Оқытудың дәстүрлі моделі</i>	<i>Оқытудың инновациялық моделі</i>
Мақсатты екпін	Оқытудың нәтижесі (бағдарламамен белгіленген ақпарат көлемін меңгеру)	Оқыту процесі (учить учится)
Студенттің рөлі	Пассивті	Белсенді
Оқытушының рөлі	Жетекші (білім бастауы)	Кенес беруші (менеджер, режиссёр)
Білімді жеткізу формасы	«Дайын» күйде, вербальды әдістер мен мәтіндік формаларды қолдану	Әртүрлі және белсенді формалар (ойын, проблемалық, өзіндік жұмыс т.б.)
Білімдерді қолдану	Көбінесе типтік тапсырмалар, бақылау процедураларына даярлау	Білімді қолданбалы шынайы жағдайда қолдануға деген темп
Оқу іс-әрекетіндегі басым форма	Фронтальды (лекция) және жеке даралық (семинар, бақылауға даярлық)	Топтық және ұжымдық форма

Педагогикалық ойындар технологиясы - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

Проблемалы оқыту технологиясы - оқытушы басшылығымен «күрделі» мәселелерді туғызу және студенттердің белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешуі. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасалады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай стратегиялар арқылы іске асады: ассоциация; бірлестік қызмет; көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау. Бұл технология оқу процесіне қызығушылықты арттырады, оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік береді; оқушының ақпараттық мәдениеті жетіледі.

Жекелеп оқыту технологиясы - оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлері мен үлгілерін қарастырады:

- оқытушы бір ғана білім алушымен жұмыс атқарады;
- білім алушы тек оқу құралдарымен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады. Жекелік оқудың басты жетістігі білім алушының қабілетімен, оқыту әдісі мен мазмұнын қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік беруінде.

Оқытудың ұжымдық технологиясы (ОҰТ) - оқыту процесінде өзара және жұптық еңбек әрекеттерінің орындалуы.

ОҰТ принциптері:

- жоғары жетістікке талпыну;
- алынған мәліметті бір-біріне кедергісіз жеткізу;
- оқушылар арасындағы өзара көмек және ынтымақтастық;
- әр түрлі деңгейлік; тақырып пен тапсырмалардың әр түрлілігі.

Топтық технология Бұл оқыту жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Бұндай жұмыс белгілі - бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін студенттерді уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Студенттердің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

Деңгейлік саралау технологиясы. Саралап оқыту технологиясы оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, ол оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Білім алушыларды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру - басқару шаралары біріктіріледі.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір білім алушының өз даму деңгейінде оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық және әрбір білім алушы меңгеруі тиіс күрделенген деңгей.

Кесте 2 - Деңгейлеп оқыту барысындағы студент пен оқытушы іс-әрекетінің жүйесі

Кезеңдер	Оқытушының іс-әрекеті	Студенттің іс-әрекеті
Дайындық кезеңі	Студенттердің оқу материалын базалық, күрделенген деңгейлер бойынша меңгеруін анықтау	
Диагностикалық кезең	Білімді меңгеру деңгейін анықтайтын тапсырмаларды дайындау. Студенттердің білімді меңгеру деңгейін диагностикалау. Студенттерден сауалнама алу, тәлімгерлерімен жетекшілерімен және ата-аналарымен әңгімелесу.	Диагностика нәтижелері мен өз қызығушылықтары негізінде пәнді оқыту деңгейі таңдалады. Студент өзіндік таңдау жасайды.
Студенттерді топтарға бөлу кезеңі	Студенттерді топқа бөлуді ұйымдастыру: - Әр топ үшін оқу мазмұнын анықтау. - Әр деңгейде оқытуға қойылатын нақты талаптарды дайындау. дайындалған талаптарды ұсыну.	Студенттің белгілі топты таңдауы. Топтардағы оқыту талаптарының жобасын талқылауға қатысу. Студенттің таңдауының қатаң ескерілуі.
Деңгейлеп оқытуды жүзеге асыру кезеңі	Студенттердің топтардағы жұмысын ұйымдастыру	Таңдалған топта өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруы.
Деңгейлеп оқыту жағдайында білімді меңгеру нәтижелерін бағалау кезеңі	Атқарылған жұмыстар нәтижесі бойынша студенттерді бағалау (кері байланыстын жүзеге асуы).	Жеткен нәтижелер бойынша өзара бағалауды және өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру.

Оқытудың компьютерлік технологиясы - оқытудың бағдарламалық көзқарастарын дамытады, жаңа технологиялық жол ашады; мәліметтерді компьютер көмегімен даярлау және беру әрекеттері. Бұл технология материал мазмұнын меңгеруде кейбір үлгілерді пайдалануға негізделеді.

Қазіргі кезде компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана оқыту емес, сонымен бірге білім алушымен оқыту процесі де дамуда. Ол үшін интернет желісіне қосылған компьютер қажет. Қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды меңгере отырып білім алушы

өз бетімен ізденеді. Оқытушымен байланыс интернет желісі арқылы жүзеге асырылады. Оқытушы мен студент бірлескен телеконференцияларға қатысады.

Презентациялар технологиясы. Бұл технология, бір жағынан, білім алушыларға жаңа материалды (бейнелеулер, фотографиялар, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, оқытушыларға осы материалды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген тәжірибелер, презентациялар технологиясын оқыту процесінде қолдану білім алушыларға оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызғылықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады, ең бастысы – оқытушыларды жаңа ақпараттық желілік технологияларды пайдалануға дағдыландырады.

Мультимедиялық технологиялар - әртүрлі типті мәліметтерді дайындауда, өңдеуде, біріктіруде, ұсынуда ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану, құралдар, әдіс-тәсілдер жиынтығы.

«Мультимедия» термині латын тілінің «multi» (көп) және «media» (орта) сөздерінің бірігуінен құралған, яғни «ақпараттық орта» деген мағына береді. Мультимедиялық технологиялардың дамуы бейнетехниканың және дербес компьютердің өркендеуі нәтижесінде жүзеге асуда. Мультимедия статикалық, динамикалық және дыбыстық ақпараттарды талапқа сай дәрежеде ұсынуды іске асырады.

Білім берудегі мультимедия – таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық ақпаратты-бағдарламалық құрал.

Мультимедия – пайдаланушыға әртүрлі типті ақпаратты біріктіріп ұсыну технологиясы. Зерттеушілердің пікірі бойынша дәстүрлі оқу әдісімен берілген материалдың 25%-і, көру арқылы 33%-і, көру-есту арқылы 50%-і, ал мультимедиялық интерактивті оқыту бағдарламасы көмегімен берілген материалдан 75%-і есте сақталады.

Кезеңдеп оқыту технологиясы - оқу іс-әрекетінде оқытушының білім алушының әрбір қадамын бақылауын қажет етеді. Сабақтың әр кезеңін бақылап отыру – технологияның ең маңызды міндеті. Ол білім алушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады.

Дамыта оқыту технологиялары. 1. Л.В.Занковтың дамыта оқу жүйесі. Оқыту қызметінің негізгі мотивациясы танымдық қызығушылық. Л.В.Занков әдісі әртүрлі қызметтерге тарту, дискуссия, дидактикалық ойындарда оқытуда, пайдалану, сол сияқты

есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту бағытындағы оқыту әдісі.

2. *Д.Эльконин - В.Давыдовтың дамыта оқыту технологияларындағы дамыта оқыту ең алдымен оның мазмұны, теориялық білімге негізделе отыра құрылған. Білімнің теориялық негізі терең түрдегі жинақтаудан тұрады. Дәстүрлі технологиялардан өзгешелігі дамыта оқыту оқу қызметін басқаша бағалайды. Оқушының орындаған жұмыстары мен сапасы оқушыға білімнің жетімділігі мен қабілетінің жететіндігін мұғалімнің көзқарасы бойынша бағаланбай, оқушының өз мүмкіндігі тұрғысынан қаралады.*

3. *Жеке бас шығармашылығын дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі.* Ізденуі, ойлап табуы оқытудың негізгі мазмұны болады. Дамыту мазмұны жақыннан орташаға, орташадан қашыққа яки мақсаттық келешекке көшуден тұрады. Бұл технологияда ұжымдық жұмыс әдісі ойға шабуыл, ұйымдастыру-әрекеттік ойыны, еркін шығармашылық пікірталас қолданылады.

Модульдік оқыту технологиясы.

Модуль дегеніміз – қандайда бір жүйенің, ұғымның нақты, дербес бөлігі. Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады. кіріспеден, сөйлесу және қорытынды бөлімнен тұрады. Модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы білім алушы:

- Компьютерде еркін жұмыс жасайды;
- Оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;
- Жаңа оқыту процесін қалыптастырады;
- Өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады;
- Ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.

Сонымен, инновациялық оқыту технологиялары – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген процесс.

Негізгі әдебиеттер:

1. Садыков Т.С., Абылкасымова А.Е. Жоғары мектепте оқытудың дидактикалық негіздері. А., 2000.
2. Игенбаева Р.Т. Жоғары мектеп педагогикасы. А., 2011.
3. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (магистратура үшін). А., Қазақ университеті, 2006.
4. Методика преподавания в ВУЗе. М., РГСУ, 2006.

Қосымша әдебиеттер:

1. Тоффлер О. Третья волна. -М.: АСТ, 1999.).
2. Ильин Г.Л. Философия образования. – М.: Вузовская книга, 2002.
- 3.<http://kzdocs.docdat.com>
- 4.Садықова Г. Болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда деңгейлеп оқыту технологиясыын пайдалану. Қызылорда, 2012ж
- 5.<http://www.wiki.iteach.kz>

Тақырыбы: КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жоспары

1. Кредиттік оқыту жүйесінің мәні, мақсаты мен міндеттері
2. Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ), студенттің оқытушының басшылығымен орындайтын өздік жұмысы (СОӨЖ).
3. Оқу-әдістемелік материалдарды құрастыру технологиясы

Кредиттік оқыту жүйесінің мәні, мақсаты мен міндеттері. Кредиттік оқыту жүйесін 1869 жылы Гарвард университетінің президенті Чарльз Элиот енгізген. Бұл жүйе Америкада білім сапасын жетілдіру мақсатында мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін енгізілді. 1988 жылдан бастап Еуропа елдері де кредиттік жүйеге ене бастады. 1999 жылы 18-19 маусым айында Еуропалық мемлекеттердің білім министрлігінің бірлескен отырысында кредиттік оқытудың еуропалық жүйесін қабылдады.

Халықаралық білім кеңістігінде жоғары білім бойынша кредиттік оқытудың іргелі 4 жүйесі бар. Олар: Еуропалық жүйе – ESTS, американдық жүйе – USCS, британдық жүйе – CATS, Азия мемлекеттері және тынық мұхиты кеңістігіндегі жүйе – USTS. Қазақстанның білім беру жүйесі негізінен Еуропалық кредиттік жүйеге енуді көздеп отыр. Еуропалық кредиттік жүйе бойынша еуропадағы Ұлыбритания, Франция, Испания, Германия, Италия, т.б. іргелі мемлекеттерде білім беріледі.

Республика білім беру жүйесінің кредиттік технологияға көшудегі басты мақсат - Қазақстан білім жүйесін әлемдік білім кеңістігімен біріктіру болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі ұсынып отырған кредиттік оқыту жүйесінің Ережесі министрлігі ұсынып отырған кредиттік оқыту жүйесінің Ережесі Болон декларациясының негізгі ұстанымдарын басшылыққа алып жасалынған. Әлемдегі 12000 университетте жоғары білім беру Еуропалық кредиттік оқыту жүйесі негізінде іске асырылуда.

Қазақстандағы орта білім беру жүйесінің 12 жылдық мектеп жүйесіне көшу бүгінгі әлемдік білім кеңістігіне енудің бірден-бір жолы болып табылады. Әлемдік деңгейде білім керу жүйесіне зер салатын болсақ, білім беру жүйесі 12 және 13 жылдықтан тұрады. Мысалы, Ұлыбританияда 12-13 жыл, Франция, испания, Польша,

Жапонияларды – 12 жылдық, Италия, Швеция, Германияда 13 жылдық білім беру жүйесі бойынша білім беріледі

Еуропалық кеңес қабылдаған декларацияда әлемдік орта білім беру жүйесі 12 жылдық білім беруді қамтамасыз етуді көздеп отыр. Егер кейбір елдерде орта білім беру 12 жылдан кем болса, онда білімді жоғары білім беру жүйесінде толықтыру қажет.

Білім беру жүйесіндегі интеграциялық процестердің мақсаттары мынаған саяды:

- жоғары білім алуға мүмкіндік алудың шарты ретінде 12-13 жылдық, мектептегі оқыту жүйесіне көшу;

- оқу мерзімі 4 жыл және квалификациясы еңбек нарығы сұранысын қанағаттандыратын және әрі қарай білім алуды жалғастыруға жарайтын “бакалавр” дәрежесі бар аяқталмаған жоғары білім беру;

- «магистр» және «доктор» дәрежелері бар аяқталған жоғары білім беру;

- барлық ұлттық жоғары білім беру жүйелеріне European Credit Transfer System (ECTS) есептік бірлік жүйесін немесе қайта есептеу, жинақтау функцияларын қамтамасыз ететін және шетелде оқытудың академиялық талап тұрғысынан мойындалуына кепілдік беретін біріккен жүйені енгізу.

Жоғары оқу орны жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау талаптары мынадан тұрады:

- білім берудің қазақстандық моделін (үлгісін) құру;

- білім беру жүйесін Лиссабондық конвенцияның (1997) және Болондық декларацияның (1999) ережелеріне бейімдеу;

- Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Еуропалық аймақта жоғары білімге жататын квалификацияларды мойындау туралы», «Конвенцияны ратификациялау туралы» тұжырымдамасы Қазақстандық моделінің (үлгісінің) құқықтық негізі болып табылады.

Кредиттік оқыту жүйесінің негізгі ұстанымдары мынадай:

- ұлттық білім беру жүйелерін халықаралық деңгейде адамдарға қолайлы жерінен білім алуға мүмкіндік беру;

- кез-келген ұлттық білім беру жүйесімен сәйкестігі;

- жоғары білім берудің барлық бағдарламалары мен формаларының (күндізгі, кешкі, арақашықтықтан (дистанциялық), сырттай оқыту) қолданылуы;

- халықаралық есептік ауысу мүмкіндігі;

– «диплом қосымшаларының» жалпы еуропалық үлгіге сәйкестігі.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының әлемдік білім кеңістігіне ену үшін төмендегі сатылар енгізіледі:

1. Бакалавриат (аяқталмаған жоғары кәсіптік білім) – 4 жыл, төменгі сатысы – 2 жыл; жоғары сатысы – 2 жыл.

2. Магистратура (жоғары кәсіптік білімнің екінші сатысы) екі траекторияда іске асады: кәсіптік магистратура, 3 триместрді қамтиды – 1 жыл; ғылыми магистратура – 2 жыл.

3. Докторлық бағдарлама – жоғары кәсіптік білімнен кейінгі докторлық бағдарлама екі траекторияда іске асады: кәсіптік магистратурадан кейін – 3 жыл; ғылыми магистратурадан кейін – 2 жыл.

Халықаралық ұлттық білім беру жүйесінің бағдарламасына сәйкес жоғары және кәсіптік білімнен кейінгі білім берудің кредиттік технология негізінде үш деңгейлі академиялық дәрежелер енгізілді: «бакалавр», «магистр», «доктор».

Кредиттік оқыту технологиясы - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқыту. Кредиттік оқыту технологиясының міндеті – студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік білім алу қабілеттерін дамыту.

Кредиттік оқыту технологиясы:

- Еңбек рыногы сұраныстарына бағыт ала отырып академиялық бағдарламаларды қозғалмалы етіп жоспарлауға;

- Егер студентте өз дайындығының бағытын түзету қажеттілігі туындаған жағдайда бағдарламаларды біріктіруге;

- Студент бір жоғары оқу орнынан екіншісіне немесе басқа мамандыққа ауысқан жағдайда осы уақытқа дейінгі оқу көлемінің академиялық тұрғыдан мойындалуын іске асыру;

- Керек болған жағдайда білім алуды кезең-кезеңімен, яғни уақыт аралық үзілістермен іске асыруға (студентте материалдық тұрғыдағы немесе уақыт тапшылығы қиындықтары болған жағдайда) мүмкіндік береді.

Кредиттік технологияның негізгі ерекшелігі – *студенттің өзіндік жеке, өзіне мейлінше ыңғайлы оқу жоспарын құра алатындығында. Студенттің оқу жоспары* дегеніміз – эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына берілген форма бойынша өзіндік білім

траекториясын айқындауы. Студенттің жекелей оқу жоспары факультет деканының немесе кафедра меңгерушісінің қолымен бекітіледі.

Жоғары және жоғары кәсіптік білім берудің оқу мазмұны мемлекеттік білім стандарты және оқу жоспарлары негізінде іске асады. Оқу жоспарлары үш түрлі формада жасалады: 1) типтік оқу бағдарламасы; 2) оқу жұмыс бағдарламасы; 3) жеке оқу жоспары.

Кредиттік оқыту жүйесінің негізі – студенттің өз бетінше дамуына жағдай жасау. Тиісінше, оқытушылар мен студенттер жұмыстарының мынадай үлгілік циклдері іске асырылады:

1) Оқытушының студенттермен жұмысының (ОСЖ) үлгілік бірлік циклі үш негізгі функцияны қамтиды. *Оқытушының бірінші функциясы* – бағыттаушы-бағдарлаушылық (тақырыпқа кіріспе, мақсат, міндеттерді қою, практикалық тиімділігін, материал мазмұнының негізгі бөлімдерінің мәні мен өзара байланысын сипаттау, оқу-әдістемелік құралдармен жұмыс жөнінде ұсынымдар т.б.). Бұл студенттің алдағы өзіндік жұмысы үшін жеткілікті болуы тиіс. *Оқытушының екінші функциясы* – консультативтік-түзетушілік. Бұл – студенттің өзіндік жұмысында оқу әрекетін жүзеге асыруда консультативтік көмек беру, жеке консультация жүргізу және тиісті түзету жұмыстарын жүзеге асыру. Білім беру процесінде бұл функцияны тьюторлар атқарады. *Оқытушының үшінші функциясы* – бақылаушылық-бағалаушылық. Бұл студенттердің білімін, шеберлігін және дағдысын бағалауды әртүрлі нысанда жүргізу (жазбаша немесе ауызша емтихан, тестілеу және т.б.), оларға кездесетін негізгі қиындықтарды анықтау бойынша диалог ұйымдастыру, оқытушының сарапшы немесе бақылаушы ретінде «дұрыс» әрекеттерді, өзара әрекеттестікті, эталондық тәсілдерді көрсетуін қарастырады.

Формалары: консультация; интерактивтік сабақтар; үй тапсырмасын, бақылау жұмыстарын тексеру; курстық жұмыстар, реферат, эссе.

Жоғары мектеп дидактикасының оқытатын негізгі қатынасы «оқытушы-студент» дидактикалық қатынасы. Мұндай қатынаста ЖОО-да оқыту үрдісін жүзеге асыруды сипаттау. Сонымен қатар тағы бір маңызды қатынас «студент-оқылатын материал», бұл ЖОО-ның спецификасын көрсетеді және білім үрдісінің маңыздылығы мен студенттердің өзіндік оқу маңыздылығын сипаттайды. Ал «оқытушы-оқытылатын материал» қатынасы оқыту үрдісінің жоспары мен материалдарды іріктеу байланысын көрсетеді.

Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ), студенттің оқытушымен өздік жұмысы (СОӨЖ). Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ), студенттің оқытушымен өздік жұмысы (СОӨЖ), өзіндік жұмыс түрлері жоғары мектеп педагогикасындағы негізгі сұрақтардың бірі. Кредиттік жүйе бойынша оқытуда оқу процесін ұйымдастырудағы басты міндеттердің бірі білім алушылардың өз бетімен білім алуы мен өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыруға бірден-бір негіз болатын өз бетімен орындайтын жұмыстарының рөлін күшейту. Білім алушының өздік жұмысы (БӨЖ) – өз бетімен зерделеп оқуға арнайы оқу-әдістемелік әдебиеттері көрсетілген және тест, бақылау жұмысы, коллоквиум, реферат, шығарма және есеп түрінде тексеру формасы көрсетілген, белгілі бір ретпен белгіленген тақырыптар бойынша жұмыс. Ол білім алушылар категориясы бойынша студенттің өздік жұмысы (СӨЖ), магистранттың өздік жұмысы (МӨЖ), докторанттың өздік жұмысы (ДӨЖ) болып бөлінеді.

Білім алушының өздік жұмысы (БӨЖ) – өз бетімен дидактикалық міндеттерді шешуде, таным іс-әрекетіне қызығушылығын қалыптастыратын және ғылымның белгілі бір саласын терең меңгеруге жағдай жасайтын білім алушының ерекше оқу іс-әрекеті.

БӨЖ-ді ұйымдастыру жоғары оқу орнының нормативтік құжаттарымен сәйкес іске асырылады, оның ішінде жұмыс бағдарламасымен, пәннің өз бетімен орындайтын бөліміне арналған материалдармен. БӨЖ материалдарын кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы дайындайды, олардың төмендегідей құжаттар:

- БӨЖ кестесі, онда пәнді оқып-зерделейтін уақыт түгел қамтылады;
- типтік және жұмыс оқу бағдарламасының негізгі бөлімдеріне сәйкес келетін тапсырмалар жүйесі;
- реферат, баяндама және шығармашылық жұмыс тақырыптары;
- негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі;
- кеңес беру жұмыстарының түрлері;
- бақылау түрлері мен формалары;
- бағалау өлшемдері, ұсынатын әдебиеттер көлемі, тапсыру уақыты және т.б.

Студенттің өздік жұмысының (СӨЖ) тиімділігін арттыру мақсатында республикада әр аудиториялық 2 сағатқа 1-2 сағат студенттің оқытушының басшылығымен орындайтын өздік жұмысы

(СОӨЖ) орындату қабылданды, ол сабақ кестесіне кірді және оқытушының журналында көрсетіліп отырды.

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысының (ОСӨЖ) үлгілік бірлік цикліне мынадай төрт негізгі функция кіреді: *Бірінші функция* – оқу пәні бойынша бағыттау-бағдарлау сабақтары кезінде оқытушы берген ақпаратты студенттердің белсенді қабылдауын іске асыруды көздейді. *Екінші функция* оқытушының ұсынымы негізінде студенттердің өздігінен оқу-әдістемелік құралдарды, әдебиеттерді оқуын, үй тапсырмаларын, бақылау, курстық жұмыстарды және т.б. орындауын көздейді. Бұл кезеңде студенттерден жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін білу, қиындықтарды анықтау, өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік тәртіп талап етіледі. *Студенттердің үшінші функциясы* – өздерінде қиындық тудырған жағдайларды талдау мен жүйелеу, оқу материалын түсіну мен меңгерудегі қиындықтар себебін анықтау, басқа оқу әрекетін орындау. Студенттер шешімі табылмаған қиыншылықтарды оқытушыларға арналған сұрақтар жүйесіне айналдырады (оларды саралайды, реттейді, ресімдейді), бұл сұрақтарға өз жауаптарының нұскаларын дайындайды. Студенттердің төртінші функциясы түсініктеме, ақыл-кеңес, консультация алу үшін оқытушымен сұхбаттасуын білдіреді.

Студенттің оқытушының басшылығымен орындайтын өздік жұмысы (СОӨЖ) – (Office hours) кредиттік жүйеде аудиториялық түрде ұйымдастырылатын сабақ. СОӨЖ оқытушы мен білім алушының диалогында өтеді, мысалы тренинг, пікір талас, іскерлік және дидактикалық ойындар, презентация, кейс құрау, жеке және топтық жоба құру және т.б. Әрбір СОӨЖ-ге материалдар дайын болуы керек: тесттік тапсырмалар, кроссвордтар, рөлдік ойын материалдары және т.б.

СОӨЖ - кеңес берушілік және бақылау жасау қызметтерін атқарады.

Кеңес берушілік қызметі:

- студентке әр пән бойынша өз бетімен жұмыс жасауға көмек көрсету;
- бағдарламалық материалдарды меңгеру жолдарының әдістемесін таңдауға көмек көрсету;
- студент үшін күрделі тақырыптарды қайта тыңдауға мүмкіндік беру, оқу материалдарын бекіту үшін практикалық сабақтар орындату;

- оқу материалдарын терең зерделеп оқуға әрекет ету;
- студенттің өз бетімен ғылыми жұмыс жасауға көмек көрсету.

Бақылаушылық қызметі ағымдық бақылау, рубеждік және қорытынды есеп алуда және студенттің оқу мотивациясын көтермелеуде іске асады. СОӨЖ кезінде студент бақылау, семестрлік және курстық жұмыс тапсырмаларын және тьютордан кеңес алады, бағаланады (ағымдық және рейтингтік бақылау). Білім беру үдерісін ұйымдастыруда әр уақытта білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу міндеті болып саналады. СОӨЖ бойынша жоспар құрылысы:

- тақырып атауы;
- сабақ мақсаты;
- ұйымдастыру формасы;
- тапсырмалар, сұрақтар;
- әдістемелік нұсқаулар, үлестірімелі құралдар;
- әдебиеттер.

Оқу-әдістемелік материалдарды құрастыру технологиясы. Студенттің ақпараттық пакеті – анықтамалық-жолсілтегіші мен оқу-әдістемелік кешенін (ОӘК) құрайды, онда білімгердің барлық жылдардағы оқу мерзіміндегі қызметі қамтылады. ОӘК студенттің жаңа академиялық талаптарға бейімделушілігін және оқытуда жетістікке жетуді тиімді ету үшін кері байланысты орнату мақсатында дайындалады.

Студенттің оқу-әдістемелік кешенін кафедра дайындап, декан бекітеді, оның құрамында мынадай құжаттар болуы тиісті:

- студенттің жеке оқу жоспары (ИУП);
- элективті пәндер каталогы (КЭД);
- пәннің жұмыс бағдарламасы (Syllabus);
- СӨЖ, СОӨЖ бойынша әдістемелік нұсқау;
- барлық бақылау түрлерінен тесттік тапсырмалар;
- практика үшін материалдар.

Жеке оқу жоспары студенттің әр жылда жеке-жеке оқылатын траекторийін анықтайды және оны студент өз қолымен эдвайзердің жәрдемімен белгілі формамен толтырады да бұл жоспар тіркеуші бөліміне (офисіне) - тапсырылады, факультет деканы бекітеді. Тіркеуші бөлімі (офисі) - Білім алушының барлық оқу жетістіктерін тіркеумен, білімдерін бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды қамтамасыздандырумен және оның академиялық рейтинг есебін шығарумен айналысатын қызмет бөлімі. Жоспардың бір данасы

студентке беріледі, ал бір данасы тіркеу бөліміне осы жоспардың орнындауын бақылау үшін тапсырылады. ОӘК оқу үдерісі барысында жетекші тьютордың ұсынған оқытудың белсенді үлестірмелі материалдарымен толықтырылады (Handouts).

Білім алушыларға анықтамалық-жолсілтегіштің берілуі кредиттік технология жағдайында оқыту артықшылығы болып есептеледі. ЖОО сондай-ақ студентке осы оқу орны, мамандықтар, мамандандыру, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылау жүйесі, өз бетімен дайындық жасауға жағдай туғызу, демалыс және жан-жақты даму туралы толық ақпарат беруге міндетті. Сонымен қатар анықтамалық-жолсілтегіште университеттегі өмір, администрациялық процедуралар және университетке түсу реті, оқыту әдістері ментехнологиялары, пәндердің көлемі мен кредиттері, оларды оқытатын факультеттер мен департаменттер көрсетіледі.

Анықтамалық-жол сілтегіштің құрылымы:

- Кіріспе, онда оқу орны туралы ереже, оның құрылымы, деңгейі, мамандықтар мен Қазақстан Республикасындағы жоғары білім құзырлықтары енеді.
- Жоғары оқу орны туралы жалпы мәлімет беріледі. Яғни, ЖОО-ның миссиясы, қысқаша тарихы, ұйымдастырушылық-құқықтық формасы, құқығын анықтайтын құжаттар, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардан өткен мемлекеттік аттестация мен аккредитация туралы ақпараттар болады.
- Академиялық күнтізбе. Академиялық күнтізбеде ағымдағы оқу жылындағы оқу сабақтары мен бақылау кестесі және каникул уақыты көрсетіледі.
- Студенттік күнтізбе. Студенттік күнтізбеде ағымдағы оқу жылында университет ұсынатын іс-шаралар тізбегі беріледі.
- Кредиттік жүйеде оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері. Бұл бөлімде білім беру үдерісінің негізгі ережелері мен білім беруді ұйымдастыру құқықтары көрсетілуге тиіс.
- Бақылау және оқу пәндерін меңгеру бағаларының жүйесі.
- Университеттің лабораториялық-компьютерлік, спорттық-ойындық және ақпараттық-техникалық базасын қолдану ережелері (кітапхана, көшіру (копировальные) қызметі, компьютерлер, Интернет).
- Студенттің әрекеті, құқығы және міндеттері (Этика және ар Кодексі)

Кредиттік жүйеде оқитын студенттер оқу курстарына жазылу барысында дүниежүзілік тәжірибеде қолданысқа енген кодтау жүйесіне көңіл бөлулері керек. Пәндерді кодтауда үш цифрды ескерген жөн: біріншісі – цикл нөмірі; екіншісі – пән өтілетін оқудың кезекті жылы; үшіншісі – оқылу блогындағы пәннің реттік нөмірі. Бұл кодтау нөмірлері міндетті және таңдау пәндеріне бірдей қолданылады.

Кредиттік оқу жүйесін ұйымдастырудағы эдвайзерлердің қызметі мынадай:

- студенттерге білім кеңестігін айқындауға және оны іске асыруға ықпал етеді;

- эдвайзер алдыңғы қатарлы әдістерді пайдалану арқылы бір немесе екі бағыт (мамандық) бойынша ғана жұмыс жасайды және академиялық, кеңесшінің міндетін атқарады;

- эдвайзерлер қызметі факультет декандарының жанында құрылады және тікелей деканға бағынады;

- эдвайзерді факультет деканының келісімімен ректор тағайындайды.

Эдвайзер міндеттері мынаған саяды:

- қызметі бойынша факультеттің оқу-әдістемелік кеңесіне мүшелікке кіреді;

- оқу процесін ұйымдастыруға байланысты қажетті ақпараттық материалдарды дайындайды;

- студенттерге оқу және жекелей жұмыс жоспарын құру үшін және оларға өзгертулер жасауға кеңестер береді;

- аралық және ағымдағы бақылауларды өткізуді қадағалайды, студенттің академиялық рейтингін бағалауға қатысады;

- қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді қадағалайды.

Тьютор дегеніміз – оқу пәндерін жүргізетін және нақты пәнді меңгеру бойынша студенттің академиялық, кеңесшісі ролінде танылатын кафедра оқытушысы. Тьюторлар қызметі мамандандырылған кафедраларды құрылады. Кредиттік оқыту жүйесінің негізгі сипаттамасы мыналар:

- әр студенттің және оқытушының кредит бойынша еңбек шығынын есептеу;

- жұмыс оқу жоспарына сәйкес әр студенттің жеке оқу жоспарын жасауда студенттің пәндерді еркін таңдауы;

- студенттің оқытушыны еркін таңдауы;

– студент жекелей оқу жоспарын өзінің тікелей араласуымен, эдвайзердің басшылығымен жасауы.

Пысықтау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Кредиттік оқыту технологиясына қатысты жаңа ұғымдардың тізбегін жасап, ұғымдар бойынша терминологиялық сөздік құрастырыңыз.
2. Жоғары оқу орнындағы дәстүрлі технологиямен кредиттік оқыту технологиясын салыстырыңыз, ойыңызды дәлелдеңіз.
3. СӨЖ, СОӨЖ түрлері мен ұйымдастырудың интерактивті формаларын сызбаға түсіріңіз. Мамандығыңыз бойынша СӨЖ, СОӨЖ жоспарын құрыңыз.
4. Анықтамалық-жолсілтегіштің құрылымына сипаттама беріңіз.
5. Эдвайзер мен тьютордың қызметін нақтылаңыз.

Әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Заң 1999ж.,7 маусым; 2007 жылғы 27 шілде; 2012 жыл 09 қаңтардағы толықтырулармен.
2. Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы арқылы ұйымдастыру ережесі. ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген №152, 20 сәуір 2011 жыл.

Қосымша әдебиеттер:

1. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. - СПб: Питер, 2000.-304с.
2. Смирнов С. Д. Педагогика и психология высшего образования. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Академия, 2005 - 400 с.
3. Педагогика и психология высшей школы /Под.ред.М.В.Булановой-Топорковой.- :Учебное пособие.- Ростов-н/Д:Феникс, 2002-545с.

ІІІ БӨЛІМ. ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

Жоспары:

1. Тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мазмұны.
2. Тәрбиенің қазіргі жағдайы: аналитикалық шолу.
3. Тәрбие проблемалары
4. ЖОО тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері, тәрбие қағидалары
5. Тәрбие құндылықтары
6. Тәрбие бағыттары

Тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мазмұны. *Тәрбиенің мақсаты* – үздіксіз білім беру жүйесінде мектеп жасына дейінгі балалардың, және білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

Тәрбиенің міндеттері:

- білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау;
- жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен

білім алу дағдыларын, әлеуметтенуін барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру;

- қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру;

- қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;

- балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;

- отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.

Тәрбие мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру үдерісінде, сабақтан тыс уақытта және білім алушылардың бос уақытында жүзеге асырылады.

Тәрбиенің мазмұны. Білім берудің жаңа моделіне өту жағдайында және тәрбиенің білім беру үдерісіндегі рөлінің өсуіне байланысты тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау даму заңдылығы болып табылады. Қазір білім беру үдерісінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие үдерісінің өзегі болып отыр.

Тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады және ол қоғамдық дамудың бағыты мен мазмұнына заңды тұрғыда тәуелді болады. Тәрбие мазмұны адам тұлғасының гуманистік құндылықтар жүйесін игеру негізінде қалыптасуын, оның барлық мәндік сферасының дамуын қамтамасыз етуге жұмылдырады. Сонымен бірге, тәрбиеге әлеуметтік-рөлдік көзқарас тұрғысында адам көптеген әлеуметтік жүйенің компоненті болып саналады: отбасы, ұжым, кәсіби топ, этнос, қоғам және т.б. Сондықтан, тәрбие мазмұны құндылық қарым-қатынас жүйесімен: өзіне, өзінің отбасына, мектепке, қоршаған ортаға, Отанына, Жер әлеміне, сондай-ақ, әлеуметтік рөл жүйесімен де сәйкестенеді: адам, дос, ұл (қыз), құқық қорғаушы, аға (қарындас) патриот, немере (немере қыз), азамат, туыс, қорғаушы, оқушы, ұлттық мәдениетті қорғаушы және жасаушы, ұжым, топ мүшесі, көш басшы, еңбекші, иегер, әлем азаматы, қалалық (ауылдық), бейбітшілік орнықтырушы, көрші, эколог, бірлестіктің, топтың, этнос мүшесі.

Тәрбиенің қазіргі жағдайы: аналитикалық шолу. Білім беру ұйымдарындағы тәрбиелік іс әрекетке осы заманғы көзқарастың ерекшелігі тәрбие үрдісіндегі жүйелілік және сол жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін факторлар мен шарттардың біртұтас жиынтығы болып табылады. Нормативті-құқықтық базаға жасалған талдау «жеке тұлғаның еркін дамуы», «адам құқы», «жеке тұлғаның мүддесі» және т.б. ұғымдардың жан-жақты қолданылатындығын көрсетті. Осылайша тұжырымдап айту алдымен білім беру ұйымдарының бастапқы деңгейін демократияландыруға мүмкіндік береді. Басым құндылықтар ретінде дербес даму, өзін-өзі табысты көрсету және өзін-өзі анықтау ерекшеленеді. Білім берудің жаңа үлгісінде іскерлік сипат байқалып, өз бетінше үздіксіз білім алуға ұмтылуды қалыптастыруға және шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған. Соның негізінде балаларды және жастарды мектеп жасына дейінгі, орта білім беретін, орта кәсіби, жоғары кәсіби білім, қосымша білім берудің түрлі деңгейлерін қамтитын тәрбие жүйесі құрылуда. Тәрбие үдерісі ғылыми-әдістемелермен қамтамасыз етіліп, Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №521 бұйрығымен бекітілген, сондай-ақ, білім беру ұйымдарының аймақтық деңгейінде тәрбие беру бағдарламасы жасалып, енгізілді; авторлық бағдарламалар дайындалуда; тәрбие үдерісінің тиімділігін бағалу мен жеке тұлғаның тәрбиелік деңгейінің өлшемдері жасалды. Тәрбие үдерісін кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жүргізіліп келеді. Мектептердің, кәсіптік мектептер пен колледждің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, жоғары оқу орындарының тәрбие ісі жөніндегі проректорлары, сынып жетекшілері, педагогтар-ұйымдастырушылар, аға вожатыйлар, әлеуметтік педагогтар, педагог-психологтар, еңбек ақылы сынып тәрбиешілері, қосымша білім беру педагогтары мен әдіскерлер штат бірліктеріне енгізілді. Қазақстан Республикасының бірқатар білім беру ұйымдарында нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды ескеретін педагогтар мен ата-аналардың, оқушылардың сұрыныстарына бағытталған тәрбие беру жүйесі құрылды және ол табысты қызмет көрсетіп келеді. Соның нәтижесінде жеке тұлғаға тәрбиелік ықпал жасаудың диапозоны кеңейді. Алайда, Республика аймақтарында тәрбие беру ісінде шешімі табылмаған көптеген проблемалар бар, оларға мыналар кіреді:

- ✓ тұлғаға қоғамдағы әлеуметтік жағдайлардан жаңа талаптар жүйесі туындауы;
- ✓ тәрбиенің мақсатын және басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік беретін нақты идеологиялық бағдардың жеткіліксіздігі.
- ✓ қоғамның әлеуметтік жіктелуі, қоғамның кірістер бойынша күрт қарама-қайшылануы; халықтың кейбір бөлігінің еңбек етпей табылған молшылықты дәріптеуі зияндық, әлеуметтік әділеттікке сенбеушілік сезімдерін тудыруы;
- ✓ оқыту рөлінің жоғары бағаланып және қазақстандық жаңа ұрпақтың қалыптасуындағы тәрбие рөлінің толық бағаланбауы;
- ✓ педагогтардың жалпы адамзаттық және жалпы мемлекеттік құндылықтарға жауапкершілікпен қарауды қалыпқа келтіру әрекеттері үнемі тиімді бола бермеуі;
- ✓ әлеуметтік институт ретінде отбасының тәрбиелік рөлінің әлсіреуі;
- ✓ адам өмірін аса маңызды құндылық ретінде бағаламау, салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларының толық қалыптаспауы;
- ✓ бұқаралық ақпараттар құралдарының жеке тұлғаны қалыптастырудағы кері ықпал етуі;
- ✓ тәрбиенің жаңа парадигмасын ғылыми-әдістемелік жағынан жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;
- ✓ педагогтардың осы заманғы тәрбие технологияларын жеткіліксіз меңгеруі;
- ✓ балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарының тәрбиелік потенциалы тиімділігінің төмендігі;
- ✓ еңбек тәрбиесі мен кәсіби бағдар беру жүйесінің жоғалуы;
- ✓ балалар мен жастар қызығушылықтары бірлестіктер жүйесінің шектеулілігі (клубтар, үйірмелер, секциялар т.б.) және олардың іс-әрекеттерінің жеткіліксіздігі.

Жоғарыда көрсетілген проблемаларға сүйеніп, жас ұрпақтың тәрбиесі осы заманғы қоғамды дамытудың және еліміз қауіпсіздігінің негізін мен мемлекеттік саясатын құрай-тын басты стратегиялық міндеттер ретінде қаралуы тиіс. Бүгінгі күні үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие мәселесінің жағдайына сай келетін білім алушыларды тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамасын жасау қажеттілігі туып отыр.

Тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері.

Көзқарас – ол білім беретін мекемелер ұстазының немесе басшысының педагогикалық қызметтеріндегі белгілі бір өзара байланысты түсіну, идеялар мен тәсілдер жиынтығын қолдануға

ниеттенген іс-әрекеттерін жүзеге асыруда алатын бағыты. Антропологиялық көзқарас тәрбиеленушілерді бірегей және тұтас жеке тұлға ретінде қарап, адам туралы білім кешенінде кең көлемді есеп жүргізуге бағыттайды.

Тұлғаға бағытталған көзқарасы – тәрбиеленушінің өзара байланыстағы түсініктер, идеялар және іс-әрекет тәсілдерін қамтамасыз ету мен өзін-өзі тану, дербестігін құру және өзін-өзі табысты көрсету үдерістер жүйесін қолдау, оның қайталанбас жеке тұлғалық дамыту арқылы педагогикалық қызметтегі әдіснамалық байланыс. Тәрбиедегі әрекетшіл көзқарас – жеке тұлғаның бірлігі оның әрекетшілдігінде екендігі туралы көріністен туындайды. Бұл бірліктің көп үлгілі формадағы қызметі жеке тұлғаның құрылымына тікелей және жанама түрде өзгеріс жасаудан байқалады; жеке тұлға өз кезегінде бір мезгілде тікелей және жанама түрде дербес даму сұранысын өтейтін барабар қызметтің түрлері мен формаларын жүзеге асырады.

Кешенді көзқарас – тәрбиеге кешенді көзқарастың мәні бірлікті, әртүрлі кешендердің тұтастығын қамтамасыз етуді құрайды, соңғы нәтижеге себепші болатын -жеке тұлғаның жан-жақты даму үндестігі дәрежесіне ие болады.

Аксиологиялық көзқарас – санадан «беретін» және адамның әлемге, адамдарға, өзіне қатысты әмбебап жалпы адамзаттық құндылықты қамтиды; табиғатпен, әлеуметпен, мәдениетпен барлық өтіп жатқан қарым-қатынасындағы жеке тұлғалық мәндерді тәрбиелеуде білім алушы өз білімінің, өмірінің мәніне ие болуына бағытталған.

Амбивалентті көзқараста алғашқыда екі жақтың бір-біріне қайшылықтарын жоятын, оларды есепке алу негізінде педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді қарастыру көзделеді.

Жүйелі көзқарас объектіні күрделі, оны құрайтын бөліктерді жинақтауға болмайтын және иерархиялық құрылым ретінде қарастыруды көздейді және жүйе жасаушы факторларды анықтауды, сыртқы байланысты талдауды мөлшерлейді.

Синергетикалық көзқарас тәрбиені тура себеп-салдарлық тәуелділікке негіздемей, тек, біркелкі емес түрде өтетін үдеріс ретінде қарастырады; маңызды дәрежеде өзін-өзі ұйымдастыратын, көптеген ішкі және сыртқы ықпалдарға себепші болатын: заңдылық пен кездейсоқ, болжамдық пен стихиялық, реттелген және ұйқы-тұйқы үдеріс. Орта көзқарасы тәрбиешілерді жеке тұлғаны дамыту үдерісін

жағдайға және ортаның сипаттамасына тәуелді қарастыруға бағыттайды.

Тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қағидалары: Тәрбие қағидасы – тәрбиешілер міндетті түрде сақтайтын, тәрбиені ұйымдастырудың аса маңызды ережелері, бастапқы ережесі.

Табиғишылық қағидасы тәрбие табиғи және әлеуметтік-мәдени үдерістердің өзара байланысының ғылыми түсінігіне және балаларды тәрбиелеуде олардың жеке тұлғалық және жас ерекшеліктерін ескерудің қажеттігіне негізделеді.

Мәдени сәйкестілік қағидасы тәрбие жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделетіндігін, жалпы адамзаттық құндылықтарға сай дәстүрлер мен ұлттық мәдени нормаларға және аймақтық ерекшеліктерге сәйкес құрылады.

Мақсаттылық қағидасы мақсатты талаптың айқындығын, ұжымдық сұранысқа нақты есеп жасауды, тәрбие қызметінің басты түрлерін дұрыс таңдауды қарастырады.

Гуманистік бағыт қағидасы әрбір жеке тұлғаға құрметпен қарайтын, оның бостандығын және әлеуметтік құқықын мойындайтын гуманистік идеяны және бағытты бірінші орынға қояды; педагогтың білім алушыларға және тәрбиешілерге өздерін-өздері дамытуға жауапкершілікті субъекті ретінде қарауын, сондай-ақ, субъектінің-субъектіге көңіл бөледі.

Этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім және үйлесімдікке, қоғамдық қатынаста табысқа жетуді қарастырады.

Бірлік талабы мен сабақтастықты қамтамасыз ету қағидасы – мұғалімдердің мектеппен, мектептен тыс мекемелермен, отбасымен достастығын құру, тұлға дамуының барлық сатыларында тәрбие сапасын көтеру.

Тәрбиенің үздіксіздік қағидасы жеке тұлға ғұмырының барлық кезеңдерінде оның жан-жақты дамуын болжайды: оның шығармашылық әлеуетінің үдемелі баюын және күш-қуаты мен қабілетін толық пайдаланып, кәсіби шеберлігі мен мәдени өсуін мөлшерлейді.

Әлеуметтік өзара іс-әрекеттер тиімділігі қағидасы түрлі ұжымдардағы білім беру жүйесінде тәрбие жүргізуді болжайды және білім алушылардың қарым-қатынас сферасын кеңейтуге, әлеуметтік-мәдени конструкциялық үдерістерді дербес анықтауға, барабар

коммуникация жасауға жағдай туғызып, жалпы әлеуметтік бейімделуін, өзін-өзі көрсете білуін қалыптастырады.

Әлеуметтік барабар қағидасы ұйымдастырылатын тәрбие үдерісінің әлеуметтік ортаға тәрбие мазмұны мен тәсілдерінің сәйкестігін талап етеді. Тәрбиенің міндеттері нақты әлеуметтік-экономкалық жағдайларға бағытталады және балалардың әртүрлі әлеуметтік міндеттерді жүзеге асыруға болжамдық дайындығын қалыптастыруды мөлшерлейді.

Демократияландыру қағидасы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара іс-әрекеттеріне, педагогикалық бірлестікте, ынтымақтастыққа және бірлескен авторлыққа негізделген жүйені шамалайды. Ол сондай-ақ, педагогикалық басшылық, өзін-өзі басқару, бірлесіп басқару және жеке реттеу жүйесінің құрылымына кіретін өзара байланысты, өзара келісуді болжайды. Бұл қағида оқушыларды еркіндік, жеке адамгершілік рухында тәрбиелеуді қарастырады.

Вариативтілік қағидасы білім беру мекемелерінде жүзеге асырылатын кең таралымды, көп үлгідегі тәрбие бағдарламаларын мөлшерлейді, білім алушының жеке тұлғалық дамуының дербес траекториясын анықтауды көздейді.

Тәрбие құндылықтары. *Құндылық* – көпшілік адамдар мақұлдайтын және ортақтасатын жақсылық, әділеттілік, патриотизм деп бағалайтын жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық, әлеуметтік объектілер. Ол барлық адамдарға эталон, идеал болып қызмет етеді, оларды құруға педагогикалық үдеріс бағытталған.

Адам – абсолютті құндылық, жоғары субстанция, «барлық танымның өлшемі». Біздің мемлекетіміздің ең жоғары құндылығы – адам, оның өмірі, құқығы және бостандығы. Қазргі жағдайда адам дамуы зерттеу объектісі ретінде ғана емес, алдымен, аса маңызды мәдени үлгілер жасаушы және өзінің ынтасымен шығармашылыққа ұмтылушы, шығармашылық және таным субъектісі ретінде ұсынылады.

Отбасы – болашақ жеке тұлғаның негізі қаланатын қоғамның бастауыш құрылым бірлігі, баланың алғашқы ұжымы, оның табиғи даму ортасы.

Отан, туған өлке – тағдыр берген, ата-бабасынан қалған, өз халқының мәдени, рухани мұрасымен, оның өткен тарихымен байланыстыратын әр адамның теңдесіз, бірегей туған жері.

Денсаулық, салауатты өмір салты – бақытты, үбірлі өмірдің міндетті шарты; өзінің денсаулығына жауапкершілікпен қарау адамның ішкі табиғи қажеттілігі болуы тиіс.

Еңбек – адам болмысының негізі, «адам өмірінің мәңгілік табиғи шарты». Рухтанған, саналы, шығармашылық еңбек – адамның табиғи қасиетінің анағұрлым табиғи көрінісі.

Білім – әрбір жеке тұлғаның және әлеуметтік прогрестің дамуына қажетті шарт. Оқудың нәтижесі – білім. Білімнің тәрбиелік мәні жеке бастың қамында емес, мақсатқа жетудің құралы.

Мәдени мұра – барлық адамзаттың және әр халықтың рухани және материалдық өмір саласындағы орасан зор байлығы. Нағыз мәдениет өзіне мәңгі бақи шындықты, мейрімділікті және әсемдікті біріктіреді.

Тіл – адамдардың негізгі қарым-қатынас құралы, аса маңызды әлеуметтік-мәдени құндылықтардың бірі.

Достық – өзара сыйластық қарым-қатынастағы дербес, еркін таңдау. Достық адалдық және өзара көмек беруді ғана емес, сонымен қатар, ішкі үйлесімділікті, ашық-жарқындықты, сенімді және махаббатты айғақтайды. Біз досымызды alter ego (басқаша Мен) деп атауымыздың мәні бекер емес.

Тәрбие бағыттары. Тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының мынадай бағыттары айқындалады:

Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық және полимәдениетті, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыруы тиіс. Қазіргі жағдайда тәрбиеленушілердің құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру аса маңызды мәселе. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық, құқықтық мәдениетінің әлеуметтік мәртебесін көтеру әрі азаматтық патриоттық, құқықтық тәрбие бойынша ғылыми негізделген саясат жүргізу; білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру;

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани адамгершілік құндылықтар мен білім жүйесін дамытып қалыптастыру; Кәсіптік және адамгершілік әдептерге байланысты білімдерді оқу, өндірістік және қоғамдық іс әрекеттерде іске асыру;

Отбасы тәрбиесі адамдар арасындағы оңтайлы және эмоцияналды көңіл-күй қарым-қатынасы арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруде әлеуметтік-тарихи тәжірибені таратудың анықтаушы құрамдас бөлігі болып саналады. Қазақстандық қоғамның жалпы сұранысы және халық дәстүрлері, әлемдік және ұлттық мәдениет негізінде құрылған балалар мен жастарды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлау бірінші қатарға қойылады. Тәрбиеленушілердің санасында дәстүрлі ұлттық және моралдық құндылықтар жандандыру отбасы негізінде қалыптастыруды ұялату.

Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру. Өзін-өзі тану жастарға қоршаған ортаны түсінуге, оған өзінің қатыстылығын саналы сезінуге, қоршаған ортаға өзінің көзқарасын жалпы адамзаттық құндылық ұстанымында жүйелеу, өзінің өмірлік ұстанымын анықтауға көмек беру үшін қажет. Өз өзін-өзі тану өзін дамытудың, жеке тұлғаның дербес белсенділік көрсетуінің, өзінің қабілеті мен әлеуеттік мүмкіндігін ашудың қажетті шарты болып табылады. Адам – адам, адам - қоғам, адам - техника, адам - табиғат жүйесіне терең білім қалыптастыру; Өзін-өзі тану нәтижесінде адам өзінің дербес өсу және өзін-өзі жетілу қабілетіне ие болады. Сөйтіп, адам толысуын, өмір рахаты мен оның мәнін жете түсінеді.

Әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру тұлғалық қасиет (әлеуметтік бейімділік, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік тұрақтылық) әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде өзіне тән тәртіп стилі, шығармашылық пен дербестікті дамытуға, қоғамдағы өзгерістерден дереу және тең әсер алу, белсенді өмір ұстанымында болуға ықпал жасайды.

Коммуникативті мәдениетті қалыптастыру тәртіп қағидасын анықтайды, құндылықтар жүйесін, идеалдарды, нормаларды айшықтайды және шығармашылық қызметте өзінің дербестігін көрсетуде қарым-қатынасты ұйымдастыруға, байланысты орнатуға,

оларды дамытуға, келісуге, тәртіпке келтіруге және түзетуге көмек береді.

Экологиялық тәрбие адамның бойына табиғатқа әдепті көзқарастың және оған қарым-қатынастың қалыптасуы мен дамуын, табиғи ресурстардың жағдайына жеке жауапкершілік сезімін және адамдардың олармен парасатты іс-әрекеттерін болжайды. Экологиялық тәрбиенің негізі алдымен, қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғауды, елімізде экологиялық жағдай туралы халықты ақпаратпен қамтамасыз етуді көздейді.

Эстетикалық тәрбие рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік арқылы, көркем мәдениет арқылы, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары арқылы, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы анағұрлым жоғары сана-сезім, тұжырымдамалы ойлауға қабілет, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің дербес шығармашылық қызметімен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынаста қалыптастыру.

Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру жастардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дарыту мен жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру мақсатын қояды. Оны іске асыруға алдын алушылық білімі кіреді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау, адамның физикалық, психикалық және рухани саулығының өзара байланысы, сондай-ақ, тәрбиелену-шілерді саналуан спорт түрлеріне тікелей қатыстыру жолымен ағартушылық және ақпараттық түсіндіруші жұмыс барысында жүзеге асырылады.

Еңбек және экономикалық тәрбие балалардың, жас өспірімдердің, және жастардың өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын, еңбек қызметінің саналуан түрлеріне адалдықпен, шығармашылық және жауапкершілікпен қарап, ұжымда, топта жұмыс істей білу икемдігін қалыптастырады; адамның жеке шеберлік, белсенді және болмысымен беріліп іс-әрекет жасау, қажетті ресурстарды жұмылдырып, істің мәнісін дұрыс бағалап, өз іс-әрекетінің қажетсіз қалмауына мән беріп, олардың түпкілікті

тиімділігін тиянақтап жаңа өндіріс және қоғам жасауды көздейді. Жастардың бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық ретінде қалыптастыру.

Кәсіби-шығармашылық тәрбие кәсіби және жеке құзыреттілік көзінің мәнін қалыптастыруды (арнайы, профилды, коммуникативті, әлеуметтік, интеллектуалды, ақпараттық, дербес) және т.б. қосымшаларын білуін, білім алушылардың дәстүрді және кәсіби қауымдастық құндылықтарын игеруін, ұжымдық мәдениет пен кәсіби әдеп нормаларын сақтауын болжайды.

Интеллектуальді мәдениетті дамыту білім алушылардың белсенді ойлау қызметінің дамуын, негізгі құндылықтарды және осы заманғы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру; олардың сана-сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығыуын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын дамыту (*Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №521 бұйрығымен бекітілген*).

ЖОО оқыту процесінде тәрбиелік әсер етудің барлық бағыттары жүзеге асырылады. Мамандықтар бойынша берілген оқу жоспарларындағы пәндер негізінде:

- ✓ Адамгершілік, эстетикалық, дене, құқықтық, адамзаттық, экономикалық тәрбиесі (гуманитарлық блок);
- ✓ Ақыл-ой, экологиялық тәрбие (ғылыми-жаратылыстану пәндері блогы);
- ✓ Еңбек тәрбиесі – өндірістік практика мен өздік жұмысты орындау барысында жүзеге асырылады.

Студенттердің адамгершілік тәрбиесі туралы мәселені қарастыруда, ең алдымен жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері деген не, олар қалай сипатталады және жалпы адами адамгершілік қасиеттерінен оқытушының кәсіби іс-әрекетінде маңызы бар дегеннің қандайын бөліп қарастыруға болатынын анықтап алу керек.

Жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері - оның басқа адамдарға, Отанға, еңбекке, өз-өзіне деген көзқарасынан көрінетін санасы мен мінез-құлқының тұрақты белгісі, олар жеке тұлғаның рухани қасиеттерінің ішінде маңызды орын алады. Жеке тұлғаның моральдық белгісі оның идеялық және интеллектуалдық қасиеттермен өзара әрекеттестікте және араластықта болады.

Бүгінгі маманның жеке тұлғасы үшін аса маңызды адамгершілік қасиеттеріне мыналар жатады: идеялық бағыттылық, сенімділік, патриотизм, интернационализм, мақсаттылық, принципшілдік, жауапкершіліктік, ұстамдылық, объективтілік, еңбексүйгіштік, еңбекке көзқарас, адалдық, кәсіби шыншылдық, мейірімділік, ілтипаттылық, адамға құрмет, сезімталдық, әділеттілік, т.б.

Адамгершілік тәрбиесі қазіргі қоғам жасаған моральдық талаптарды, нормалар мен идеяларды адамның тұлғалық сеніміне, сезіміне, бейіміне айналдырады, онда тұрақты, жағымды мінез-құлықты қалыптастырады, олардың жетілуіне ықпал жасайды.

Адамгершілік тәрбиесінің мәні түсінігінен болашақ оқытушылар тәрбиелеуге байланысты *негізгі міндеттер* туындайды. Олар мыналар: студенттерде мақсаттылықты, ішкі сұраныспен өмір сүру, оқу және жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; барлық жағдайда моральдық кодекс принциптері мен жоғары адамгершілік идеалдарды басшылыққа ала отырып, оларды өмірде жүзеге асыруда белсенділік көрсетуге, сондай-ақ, тұлғаның адамгершілік тазалыққа, адалдық, принципшілдік, жауапкершілік, шыншылдық, гумандық қасиеттерге, қоғам мен ұжым көзқарасын түсіне білу дағдысына, халықтың қол жеткен жетістіктеріне аялы көзқарасқа, терең адамгершілік мәдениетке тәрбиелеу; әр студентте патриоттық және интернационалдық сезімді дамыту, болашақ оқытушыда халық алдындағы өзінің парызын сезінуін, жаңа адамды оқыту және тәрбиелеуде жауапкершілігін қалыптастыру.

Болашақ маманда моральдық сананы дамыту күрделі процесс, ол кездескен қарама-қайшылықты жоюмен, аға ұрпақтардың адамгершілік тәжірибесін меңгеріп, ой елегінен өткізумен, ұнамды адамгершілік дәстүрін меңгерумен сипатталады.

Студент жеке тұлғасының қалыптасуына жоғары оқу орны ұжымында орныққан адамгершілік көзқарас жүйесі айтарлықтай ықпал жасайды. Олар студенттерде моральдық норма бағдарының бекуіне мүмкіндігінше жағдайлар туғызады.

Студенттерде адамгершіліктің қалыптасуы әртүрлі практикалық іс-әрекеттер мен адамгершілік ағарту істерін ұйымдастыру жолдары арқылы жүзеге асады.

Білімнің ішінде, әсіресе этика білімі танымдық, эмоционалдық және еріктілік жағдайлардың тоғысуын көрсететін адамгершілікті сенімнің пайда болуының негізгі элементі болып саналады.

Студенттерді адамгершілікке тәрбиелеу – ұйымдасқан, басқаруға болатын процесс. Жоғары оқу орны студенттерінің адамгершілігін дамыту процесін басқару тәрбие мазмұнын, формаларын, әдіс-тәсілдерін сұрыптауға және пайдалануға негізделеді. Олар студенттердің адамгершілік тәрбиелілігі деңгейінің айтарлықтай жоғарылауына көмектеседі. Ал бұл болса болашақ маманның кәсіби-педагогикалық даярлығы мен студенттер тәрбиесіне бүгінгі қоғамның қоятын мақсат, міндеттерін ескере отырып, нақты адамгершілік бейнесін жасауға мүмкіндік береді.

Адамгершілік тәрбиесі әлеуметтік басқарудың объектісі ретінде белгілі жүйені көрсетеді. Жүйе дегеніміз – жеке тұлға мен оның адамгершілігінің дамуына қажетті педагогикалық ықпалды қамтамасыз ететін мазмұнды, ұйымдастырылған формалар мен әдістерді білдіретін компоненттердің құрылымдық бірлігі.

Адамгершілік тәрбие жүйесінің негізгі компонентіне мыналар жатады: оның міндеттері, осы міндеттерді шешетін іс-әрекеттердің белгілі мазмұны мен түрлері, әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың ықпалы арқылы жеке тұлғаның даму деңгейімен айқындалатын тәрбиенің ұйымдасқан формалары мен әдістері. Болашақ оқытушылардың жеке тұлғалық адамгершілік қасиеттерінің жобасы практика жүзінде нақты тәрбие міндеттері түрінде белгіленеді. Адамгершілік тәрбиесі жүйесінде олар өзара байланыста және бірлікте шешімін табады. Адамгершілік тәрбиесі міндеттерінің күрделі жүйесі күрделі іс-әрекеттер түрлерін сұрыптауды талап етеді.

Студенттердің адамгершілік тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру әртүрлі тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыруға көмектеседі, соңғысы адамгершілік тәрбиесінің мақсаттары мен мазмұнына сай болуы керек, нақтырақ айтқанда, адамгершілік сенімділік пен жетілген азаматтылықты, гумандық көзқарасты қалыптастыруы, студенттердің жоғары адамгершілік қасиеттерін дамытуы, іс-әрекеттерде белсенділігін қамтамасыздандыруы қажет.

ЖОО білім алушыларды тәрбиелеуде қолданылатын тәрбие әдістерінің

3 негізгі тобы:

- ✓ Студенттердің дүниеге көзқарастары мен құндылық бағдарын қалыптастырушы әдістер;
- ✓ Мотивацияны ынталандырушы әдістер;
- ✓ Шығармашылық потенциалын ашуға және оның сапалық жетілуіне әсер етуші әдістер.

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №521 бұйрығымен бекітілген.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. Алматы, 1992.
2. Шалғынбаева Қ.Қ. Халықтық педагогикадағы еңбек тәрбиесінің теориясы. Монография. Астана, 2012, - 287 беттер.
3. Сламбекова Т.С. Қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлері. Монография. Семей, 2009.

Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ

Жоспары

1. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру
2. Әлеуметтендіру факторлары
3. Жеке тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі бағыттары
4. Әлеуметтендіру институттары

Жеке тұлғаны әлеуметтендіру. Гуманитарлық ғылымға «әлеуметтену» (лат – socialis – қоғамдық) ұғымы саяси экономикадан келген. Оның алғашқы мазмұны жерді, өндіріс құралдарын қоғамдастыру, ортақтастыру сынды.

«Әлеуметтену» ұғымының авторы американдық социолог Ф.Г. Гиддингс. Ол өзінің 1887 жылы жазылған «Әлеуметтену теориясы» атты кітабында аталған ұғымды әлеуметтік табиғаттың немесе индивид мінез-құлқының дамуы, адамзаттың әлеуметтік тіршілікке даярлығы деп түсіндірген.

Әлеуметтендіру теориясы жарық көргенге дейін бұл ұғым дербес ғылыми зерттеу аймағында дәстүрлі адамтану мәселелеріне енді (тәрбие міндеттер, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы, ұрпақ аралық мәдениеттің тасымалдануы т.б.)

Дүниежүзілік ғылыми әдебиеттерде «әлеуметтендіру» ұғымының мазмұны туралы ортақ пікір жоқ болғанымен төмендегідей көптеген түсініктер бар: «Әлеуметтендіру - әлеуметтік өмірді оқытып-үйрету» (необихеовиоризм өкілдері); «Әлеуметтендіру - әлеуметтік қарым-қатынас нәтижесі» (символдық интеракционизм мектебінің мүшелері); «Әлеуметтендіру» терминінің мазмұнын «Мен» ұғымының баламасы ретінде пайымдап, оны болашаққа қатысты көзқарастың өзіндік маңызды мәселелері құрайды деп есептейді. Олар австриялық психолог З.Фрейдтің психоанализ теориясына сүйенген (антропологиялық мәдениет пен гуманистік психология ағымдарының өкілдері); «Әлеуметтену» - әлеуметтік, бейімделу – субъект пен әлеуметтік ортаның үрдісі мен іс-тәжірибе нәтижесі». Бейімделу - адамның әлеуметтік орта ережелері мен нормаларына сәйкестенуі. Ортаға бейімделу адамның қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, тарихи қалыптасқан жағдайларымен байланысты (Ж. Пиаже, Р. Мертон).

Батыс Европа оқымыстыларынан өзгеше орыс ғалымдары «әлеуметтендіру» терминінің мазмұнын әлеуметтік тәжірибені меңгерту арқылы жеке тұлғаның өмірлік позициясын қалыптастыру мәселелерінің құрайтындығына ерекше мән береді.

Американ социологтары Т.Парсонс, Р.Мертон жеке тұлғаның белгілі ортаға бейімделіп, әлеуметтік ортада толық сабақтасып кету үдерісін әлеуметтену деп атайды. Адамның белгілі ортада әлеуметтенуі оның сол ортаға бейімделу деңгейімен анықталады.

Гуманистік психологияның өкілдері Г.Олпорт, А.Маслоу, К.Роджерс «жеке тұлғаның әлеуметтенуі дегеніміз оның өзіндік өзектелуінен, яғни «Мен» тұжырымдамасының процесінен, қандай ортада болмасын белгілі мағынаға ие болуынан көрінеді» - дейді. Жеке тұлға әлеуметтену барысында өзін-өзі тәрбиелеуге, істеген ісіне жауап беруге, яғни өзіндік сана-сезімінің қалыптасуына өзі ықпал ете алады. Адамның әлеуметтенуі - өмір бойы үздіксіз болып отыратын процесс. Әлеуметтену процесінің мазмұны жалпықоғамдық, ұжымдық, халықтық және ұлттық мазмұнға ие болады. Тәрбие және оқыту жеке тұлғаның әлеуметтену негізі бола алады.

Ю.П.Истратов, И.С.Кон, А.В.Мудрик, Б.Д.Парыгин еңбектерінде «әлеуметтендіру» терминінің шығуы, оның механизмі, факторлары, құралдары және нәтижесі берілген. Балаларды әлеуметтендіру теорияларының авторлары: Ч.Г. Кули, У.И. Томас, Дж.Г. Мид, А.В. Мудрик, С.А. Козлов, Н.Ф. Виноградов және т.б.).

Қысқаша социологиялық сөздікте: «Әлеуметтендіру дегеніміз жеке тұлғаның қалыптасуы, оның белгілі бір қоғамда, әлеуметтік ортада, топта қабылданған мінез-құлық үлгілерін, құндылықтарды, нормаларды, нұсқауларды меңгеруі» деп берілген.

XX ғ. ортасында әлеуметтену мәселелері жеке дара пәндердің зерттеу аймақтарына айналды. Бүгінде осы мәселені әр түрлі аспектіде педагогика, философия, этнография, социология, психология, криминология және т.б. ғылым салалары айналысуда. Ол педагогика ғалымдары үшін ең басты мәселе болып табылады. Оқушы жастардың әлеуметтенуі проблемаларын зерттеу барысында методологиялық принциптерді негізге алу керек. Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамиды, қалыптасады. Сондықтан жеке тұлғаның «дамуы» және «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу педагогика ғылымы үшін өте маңызды мәселе. Жеке тұлғаның дамуы, яғни оның әлеуметтік қасиеттерінің қалыптасуы қоғамның қолдауы мен әлеуметтік қажеттілікке байланысты іске асырылады.

Қазіргі үлкен педагогикалық энциклопедияда «тұлғаның әлеуметтенуі жеке адамның әлеуметтік ортаға бейімделу процесі, оның практикалық және теориялық білімдері мен дағдыларының қалыптасуы» болса, педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: «Әлеуметтану» (лат. *Socialis* - қоғамдық), адамның барлық өмір жолында дамуы, өзінің қоршаған ортасына, қоғамға бейімделуі» деп түсіндірілген. Ғылыми басылымдарда: «Әлеуметтену – адамның даму кезеңі, оның қоршаған әлеммен, тұлға болып қалыптасуына тікелей ықпал ететін ортамен тығыз байланысы» ретінде қарастырылады.

Әлеуметтендіру - өзі өмір сүріп отырған қоғамға пара-пар өмір сүру үшін индивидтің белгілі бір білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін меңгеру процесі. Әлеуметтендіру адамның әлеуметтік тәжірибені меңгеруіне қарай қоғамдық қатынастар мен қарым-қатынас формаларының, қызмет түрлерінің ендірілуі арқылы жүреді. *Тұлғаның әлеуметтенуі* өмірлік қарым-қатынаста адамның өзінің белсенді араласуы, әлеуметтік нормаларды қалыптастыруы, дағды мен мүмкіндікті дамытуы.

Социология әлеуметтену процесін қоғамның макрожүйесінде, яки әлеуметтік құрылыммен, өндірістік материалдық игілік құралдарымен, қоғамдық қатынас жүйесімен, саяси құрылыммен өзара байланысында әлеуметтенудің қоғамдық және мемлекеттік институттарын қарастырады.

Этнология есею мен әлеуметтену процестерін әр түрлі қоғам мен мәдениеттің дамуын да қарастырады, адамның этникалық вариациядағы индивидуалдық және жеке тұлғалық дамуын, олардың әлеуметтік-мәдени факторлармен, қоғамның тарихымен, әлеуметтендіру институттарының эволюциясымен, әлеуметтену стилі және құралымен байланысын анықтайды.

Әлеуметтік психология адамды әлеуметтендіру факторларын анықтайды: әр түрлі қауымдастықтың ерекшеліктері және олардың субмәдениеті, біркелкі және әртүрлі жас балаларымен, жынысы әртүрлі құрбылардың тұлға аралық қарым-қатынасы; әр түрлі ұрпақ өкілдері мен этникалық топ өкілдерінің, қарым-қатынас топ ішілік және топ аралық өзара қарым-қатынас.

Жалпы, әлеуметтену түсінігі 40-50 жылдары А.Бандура, Дал.Кольман және т.б. еңбектері арқылы әлеуметтік психологияға енген. Психология әлеуметтенуге қатысты мынадай мәлімет береді: білімді меңгеру, қабылдау, эмоционалдық реакция, коммуникативтік

сапа, қорғану механизмдері, психосексуалдық даму және адамның әртүрлі өмірлік цикліндегі даму кезеңдері.

Әлеуметтік педагогика әлеуметтенуді екі аспектіде қарастырады. Біріншіден, әлеуметтенудің бақылайтын бөлігі – тәрбие болғандықтан, оның тенденциялары мен перспективаларының мәнін зерттейді, тәрбие принциптерін, мазмұнын, формасы мен әдістерін анықтайды. Екіншіден, социологияның көмегімен ол қоғамды әлеуметтендіруші орта ретінде зерттейді, оның адамға жағымды әсерін күшейту тәсілдері мен жолдарын және жағымсыз әсерлерін жою мен түзету мүмкіндіктерін анықтайды.

Адамды әлеуметтендірудің пәнаралық сипаты, осы мәселені зерттеу барлық маман иелері үшін тиісті және қажет екендігін байқатады, өйткені бұл адамзатқа қажетті әлеуметтік процестер мен адамзаттың қалыптасу процестері туралы мағлұмат бермек.

Әлеуметтену жөнінде көптеген концепцияларды жүйелеудің өзі осы процестегі адамның рөлін қарастыру бір-біріне қарама-қарсы екі бағыттың бар екендігіне алып келеді. Бірінші бағыт *субъект-объектілі бағыт* деп аталады, мұнда қоғам-әсер ету субъектісі де, адам оның объектісі ретінде қарастырылады, яки адам пассивті орында. Осы бағытты қолдаушылардың көш басында француз ғалымы Эмиль Дюркгейм мен американдық ғалым Талкот Парсонстар тұр. Екінші бағытты ұстанушылардың көзқарастары бойынша, адам белсенді түрде әлеуметтену процесіне қатысады және ол қоғамға бейімделіп қана қоймай, өзінің тіршілік жағдайына әсер етеді. Осы бағыт *субъект-субъект* бағыты аталған. Бағыттың негізін салушылар американдық ғалымдар Чарльз Куш және Джордж Герберт Мид, У.Х.Кули, У.И.Томас, Ф.Знанецкий адамның әлеуметтену субъектісі болып табылатынын негізге алып, концепция шығарған.

Кеңес дәуіріндегі ғылымда әлеуметтену проблемасымен айналысушы ретінде И.С.Конның есімін атауға болады. Ғалым еңбектерінде осы мәселені философиялық, социологиялық, әлеуметтік психологиялық, этнографиялық және педагогикалық тұрғыда қарастырған.

И.С.Кон пікірінше, «әлеуметтену» тәрбие ұғымына қарағанда көлемі кең ұғым. Ол тәрбиені, ең алдымен индивид бойына қажетті белгі мен қасиеттерді арнайы енгізуге бағытталған жүйе ретінде қарастырса, әлеуметтенуді – индивидке қоршаған ортаның алдын ала ойластырылмаған, кездейсоқ әсер етуі және осының салдарынан жеке

тұлғаның мәдениетке жақындауы, тіршілік етіп отырған қоғамның толыққанды мүшелігіне айналуы – деп қарастырады. Ал, И.С.Кон әлеуметтенуді индивидтің әлеуметтік тәжірибелерді меңгере отырып, нақты тұлға болып қалыптасуы деп көрсетеді. Себебі, адам әлеуметтену барысында өзінің әдеттерінің қалыптасуын, мінез-жүйелерін, әлеуметтік эталондарды, ролдік жүріс-тұрыс ерекшеліктерін меңгеретіндігін айтады.

Академик И.С.Кон өзінің «Бала және қоғам» атты еңбегінде «әлеуметтендіру» ұғымына берілген анықтамаға Я.Шепаньскийдің «Социологияның қарапайым ұғымдары» атты кітабына сілтеме жасаған болса, ол профессор Г.М.Андреева «Әлеуметтік психология» деген оқулығында философиялық, социологиялық, педагогикалық және психологиялық ғылыми әдебиетте «әлеуметтендіру» ұғымы туралы бір-біріне кереғар анықтамалардың беріліп жүргендігін айта келіп, олардың бірнешеуін мысалға келтірген. «Әлеуметтендіру дегеніміз индивидтің әлеуметтік ортаға ендірілуі»,... «оның әлеуметтік ықпалға бой ұсынуы»,... «оны әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне қосу»,....

Қысқа-қысқа қайтарылған мұндай анықтамалардың «әлеуметтендіру» ұғымының мәнін толық ашып көрсете алмайтындығын тілге тиек ете отырып, Г.М.Андреева әлеуметтендіру дегеніміз екі жақты процесс, ол өзінің мазмұнына, бір жағына, индивидтің белгілі бір ортаға еніп, онда жинақталған әлеуметтік тәжірибені меңгеруін, екінші жағынан, индивид өзінің белсенді іс-әрекетінің ықпалымен әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесінің ұдайы толықтырылып отырылуын қамтамасыз ете алуы, әлеуметтік ортаға белсенді түрде қосылуы, - деп түсіндіреді.

Егер, - дейді өз ойын одан әрі жалғастырған Г.М. Андреева, - әлеуметтендіру процесінің бірінші жағы - әлеуметтік тәжірибені меңгеру – бұл ортаның адамға тигізетін ықпалын сипаттаса, онда екінші жағы әлеуметтенген адамның өзінің саналы іс-әрекетімен өзін қоршаған ортаны өзгертуге бағытталған белсенділігін танытады. Адам тек әлеуметтік тәжірибені меңгеріп қана қоймайды, оны өзінің саналы өмірінде жаңа мазмұнмен толықтырады, қажетіне жаратады.

Кеңестік психологияда әлеуметтенуді адамды адамзат тегі ретінде жеке тұлға болып қалыптасу процесі деп қарастырады.

Кең таралған әдебиеттерде әлеуметтену қоғамның толыққанды мүшесі санатына лайық адамзат индивидінің белгілі білім жүйесін, норма мен құндылықтарды меңгеру процесі.

С.Я.Иконнова, В.С.Марков жеке тұлғаның әлеуметтік толысуын әлеуметтенудің саналы сипаты дей келе, сондай-ақ жеке тұлғаның дамуы осы межеге жеткенде әлеуметтену процесі аяқталады деген пікірді айтады.

Орыс ғалымы А.В.Мудрик «әлеуметтену» түсінігін анықтау барысында адамның бейімделуі тікелей қоғамдағы жағдайларға байланыстылығын жазады. Теориялық сараптама «әлеуметтену» ұғымының ғылымдар аймағында кең таралғанына қарамастан психология ғылымындағы әр түрлі өкілдер арасында бұл ұғымның нақты бір мағынаға ие емес екендігін айғақтайды. Әйтсе де, психология ғылымында «әлеуметтену» ұғымымен синоним ретінде екі ұғымды қатар қарастыру ұсынылады: «жеке тұлғаның дамуы», «тәрбие».

Әлеуметтену процесі барлық әлеуметтік процестердің бірлігін білдіреді және осылардың әсерінен индивид қоғам мүшелігі қызметін атқаруға лайықты белгілі норма мен құндылықтар жүйесін меңгереді. Әлеуметтену – жеке тұлғаның қоршаған ортамен қатынасы процесі. *Әлеуметтену процесінде индивид мәдениеттілік элементтерін, әлеуметтік нормаларды, әлеуметтік құндылықтарды меңгереді де осы бағытта оның адами күші, руханилығы, мәдениеттілігі молаяды.*

Әлеуметтену – биологиялық, психологиялық, әлеуметтік деңгейлерде өтетін, әр түрлі жас кезеңдерін қамтитын, жеке тұлғаның қажеттілігін қоғам қажеттілігіне бағыттайтын күрделі, үздіксіз, көп қызметті процесс. Және де осы бейімделу пассивті емес, активті сипатта, өйткені индивид өз еркімен, шығармашыл түрде қоғамдағы өзінің ролін қалыптастырса, екінші жағынан, әлеуметтену қоғамда педагогикалық мақсаттағы қарым-қатынас формаларын, отбасы мүшелері арасындағы, мектептегі, демалыс мекемелеріндегі және кез келген қоршаған ортадағы адамдар арасындағы қарым-қатынаста мораль мен мінез-құлық нормаларын қалыптастырады.

20-шы жылдардың көрнекті педагогтары әлеуметтенудің педагогикалық табиғатына, оның тәрбиемен өзара байланысына ерекше ден қойды. Олар осы құбылысты белгілеу үшін «орта педагогикасы», «баланың қоғамдық ортасы», «қоршаған ортамен қатынас» түсініктерін қолданды.

Қазақстандық ғалымдар А.Н.Тесленко, М.С.Керимбаева, А.Жақыповалардың зерттеулері бойынша «әлеуметтену» дегеніміз тұлғаның қоғамдық қарым-қатынасқа араласуы және жеке тұлғаның

қарым-қатынасты өзі жасай білуі. Зерттеушілер әлеуметтену процесінде жеке тұлғаның қарым-қатынасты өзі жасай білуі. Зерттеушілер әлеуметтену процесінде жеке тұлғаның әлеуметтік және тәрбиелік потенциалын назарға алу керектігін айтады. Егер тәрбиелік потенциалы жағымды жағынан көрінсе, әлеуметтік потенциалы – жағымсыз болуы мүмкін. Осындай айырмашылық адамға өзіндік таңдау еркіндігін береді. Шешім қабылдау алдында тұрған адам өзінің даму процесінде қалыптасқан мүмкіншіліктерін пайдаланды.

Осыдан кейін әлеуметтену үрдісі тәрбие үрдісімен тығыз байланысты деген шешім шығады.

Тәрбие қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени жағдайынан тыс қалатын емес. Адамның өмір сүру, бейімделу, даму ортасы қандай? Оның этникалық ерекшелігі қандай? Қандай әлеуметтік ортада өсіп-өнеді? Бұл сұратардың бәріне «әлеуметтену», «тәрбие» түсініктерін бірдей қарастыра отырып жауап беруе болады. «Әлеуметтік» - адамның мәдениетінен, тәрбиелілігінен, білімінен құралады» - деп жазған «Педагогика» оқулығының авторлары. «Өмір қилы-қилы жолдарға толы, адамның жан дүниесі күрделі болумен қатар қарама-қайшылықтарға толы. Кейде қолайсыз, жағымсыз ортада тәрбиеленген адамның тәрбиесіз, жағымсыз қылықтар көрсетуі кездеседі. Зұлымдықты болдырмауы немесе жеңуі үшін адамға күш-жігер, үлкен сенімділік қажет».

И.А.Зимняя, Т.Ф.Яркина және т.б. әлеуметтенуді әлеуметтік психология аумағында толықтай әлеуметтік психологиялық мәні бар мәселе ретінде қарастырған. Онда адамның әлеуметтік тәжірибені жай ғана меңгеріп қана қоймай, оны жаңадан өндіріп, өзінің құндылығына, бағыт бағдарына айналдыратындығы тілге тиек етіледі. Әлеуметтік тәжірибені меңгерудің нәтижесі оны өңдеу, жаңадан өндіру, демек жаңа деңгейге көтеру.

Адам мен қоғамның қарым-қатынасы адамның субъекті ретінде дамуы ғана емес, қоғамның да дамуы. Олай болса әлеуметтену процесінің бірінші жағы адамның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі – ол адамға ортаның қалай және қандай деңгейде әсер ететіндігін сипаттайды; екінші жағы іс-әрекет көмегімен адамның ортаға әсер етуі жағдайын сипаттайды.

Сонымен теориялық интерпретация бізге «әлеуметтену» ұғымын былай деп нақтылауымызға көмектеседі: әлеуметтік маңызды іс-әрекетке белсене араласу нәтижесінде қоршаған ортаның түрленуі,

жеке адамның даму процесі, сондай-ақ, оның білімді, әлеуметтік тәжірибені меңгеруі.

Педагогика ғылымы контекстінде қарастырылған әлеуметтену, жеке тұлғаны дамыту үшін кем дегенде 3 параметрді бөліп көрсетуді міндеттейді.

Біріншіден, ол мақсатты анықтау параметрі. Тәрбие мақсатының жаңа тұрғыда қалыптасуы адамның өзін-өзі анықтауына деген кең көлемдегі көзқарасты мектеп пен ата-аналар ғана емес, әлеуметтік-мәдени, рухани орта, яғни индивидке нақты әсер ететін орныққан қатынастың тәрбиелейтінін сезіну арқылы адамның өзінің күшін, қабілетін қоғам талабына сәйкес өзіндік реттеуін болжайды. Сондай-ақ осы мақсатқа әркім өз жолымен жететіндігін түйсіндіру де маңызды. Осы мазмұндағы тәрбие мақсатының берілуі әлеуметтену мен арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процестің өзара байланысын тұрақтандыруға тура бағытталған.

Екінші параметр, әлеуметтенудің педагогикалық құбылыс ретінде жеке тұлғаны жаңа мазмұнда дамыту аймағындағы бүгінгі ізденістермен байланыстылығы.

Үшінші параметр, әлеуметтенудің педагогикалық мәнінің индивидтің әлеуметтік тәжірибені игерудің нәтижелі тәсілдерін іздестірумен анықталуы.

Жалпы, психологияда қолданылатын тезиске иек артсақ, адам жеке тұлға болып дүниеге келмейді, жеке тұлға болып қалыптасады. Олай болса әлеуметтену мазмұны бойынша адам өмірінің алғашқы сәтінен басталып ары қарай жалғасын табатын жеке тұлғаның қалыптасу процесі. Жеке тұлғаның қалыптасуы ең алдымен 3 сферада жүзеге асады: іс-әрекет, қарым-қатынас, өзіндік сана. Осы 3 сфераның мәні индивидтің әлеуметтік байланысының сыртқы әлеммен байланысын кеңейту.

Іс-әрекет әлеуметтену процесі бойында индивид іс-әрекетінің кеңейтілген «каталогымен» байланысады, демек іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгереді. Осылайша, 3 ерекше маңызды процесс жүзеге асады. Олар, біріншіден, әр түрлі іс-әрекет туралы арасындағы байланыс жүйесіндегі бағыт-бағдар. Бұл процестің нәтижесі – жеке тұлғаның іс-әрекет түрін тандап алуы. Осының салдарынан екінші процесс пайда болады – басты іс-әрекеттің орталықтануы (шоғырлануы), оған басқа іс-әрекет түрлерінің бағынуы. Үшінші процесс – іс-әрекетті меңгеру барысында жеке тұлғаның жаңа рольдерді меңгеруі мен олардың мәнін, маңызын сезінуі.

Екінші сфера – қарым-қатынас - әлеуметтендіру контексінде оны тереңдету мен кеңейту жағынан қарастырылады, өйткені қарым-қатынас іс-әрекетпен тікелей байланыста. Қарым-қатынастың кеңеюін – адамның басқа адамдармен байланысын көбейту, қарым-қатынастың тереңдеуі, монологтық қарым-қатынастың диалогтық қатынасқа децентрация деп түсінеміз.

Әлеуметтенудің үшінші сферасы – жеке тұлғаның өзіндік санасының дамуы. Жалпылай алғанда, әлеуметтену процесі адамда «Мен» бейнесінің қалыптасуын береді. Көптеген эксперименттік, соның ішінде лонгитюдті зерттеулерде «Мен» бейнесі адамда тез арада пайда болмайды, оның көптеген әлеуметтік әсерлердің әсерінен тіршілік барысында пайда болатындығы дәлелденген. «Мен » құрылымын түсіндіруге әр түрлі бағыттар бар. Кең таралған схема «Мен» 3 компоненттің енуі; танымдық (өзін тануы), эмоционалдық(өзін бағалау), мінез-құлықтық (өзіне қатынас).

Сонымен, *жеке тұлғаны әлеуметтендіру* (лат.- socialis - қоғамдық)

әлеуметтік құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды меңгеру негізінде жеке тұлғаның қоғамдағы әрекетке қабілеттілігін қалыптастыру.

Әлеуметтендіру - әлеуметтік ақиқатты жеке тұлғаның меңгеруі. Әлеуметтендіру процесінде адам әлеуметтік нормаларды меңгереді, әлеуметтік ролдерді орындау тәсілдері мен қоғамдық мінез-құлық дағдыларын игереді. *Әлеуметтендіру* жеке тұлғаға қоғамда тең құқылы мүше санатында болуына мүмкіндік береді. *Әлеуметтендіру* жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу процесінде белгілі бір тәртіпке келтіріп, жинақталған қажетті ғылыми білімдерді, дағды-іскерліктерді, біліктілікті, рухани байлықтарды, мүдделер мен салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен жол-жоралғыларды, адамгершілік пен мінез-құлық нормаларын меңгеру арқылы оларды біртіндеп өздері өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік экономикалық құрылысына сәйкес әлеуметтік рөлдер жүйесіне қосу.

Жеке тұлғаның әлеуметтенуіне әсер етуші факторлар (А.В.Мудрик бойынша) *Мегафакторлар* (мега – өте үлкен, жалпы). Космос, планета, ғылыми-техникалық прогресс деңгейі, демографиялық жағдай. *Макрофакторлар* (макро – үлкен). Мемлекет: әлеуметтік-экономикалық жүйе, қоғамдық психология, қоғамдық сана (идеология, саясат, саяси және құқықтық мәдениет, мораль, дін, өнер,

ғылым). *Мезофакторлар* (мезо – орта, аралық). Табиғи-географиялық жағдайлар, ұлттық – мәдени және діни нормалар, дәстүрлер, мекенжайы (аймақ, қала, село), әлеуметтік топ, мәдени – білім беруші сфера, БАҚ. *Микрофакторлар* отбасы, еңбек, оқу және т.б. ұжым мен топтар, құрбылар, көршілер, діни ұйымдар, микросоциум.

Жеке тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі бағыттары.

Тәрбие және тәуелсіз (еркін) тұлғаны әлеуметтендіру. Өзіндік сананың жоғарғы деңгейі. Адамзаттық. Патриотизм өзінің адамгершілігін сезу, өзін-өзі құрметтеу. Өзіндік тәртіп, адалдық. Тіршіліктегі рухани құндылыққа бағдар. Шешім қабылдаудағы өзбеттілік және оған жауапкершілік, іс-әрекет мазмұнын таңдаудағы еркіндік. Қылықты таңдаудағы, мінез-құлықты өзіндік реттеу тәсілдеріндегі қақтығыстарды реттеудегі еркіндік. Болашақ ұрпақ алдында бейбітшілікті, адамзат цивилизациясын, жерді, экологияны, мәдениетті сақтаудағы жауапкершілік. Өз мемлекетінің ізгілігі (сәттілігі) үшін қамқорлық.

Саяси және құқықтық әлеуметтену. Саяси жағдайды білу және бағыт ала алу. Өз көзқарасын қорғай алу іскерлігі. Адам, бала құқығын білу және қолдана алу. Өз құқығын қорғай алу іскерлігі. Бостандық, құқық, ар-ұят, адамгершілікті мойындау және құрметтеу.

Рухани-адамгершілік әлеуметтену және жеке тұлғаны тәрбиелеу. Радикалды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жағдайында өмір мәнін анықтау мен түсіну. Өз қабілет-қасиеттерін жүзеге асыруға деген қажеттілік. Тану, өзін-өзі тану, өзіндік «Мен» концепциясын қалыптастыруға деген қажеттілік. Сұлулыққа деген қажеттілік. Рефлексия. Қарым-қатынасқа деген қажеттілік. Өмір мәнін іздеу. Ішкі әлемінің автономиялылығы, тұтастық. Табиғатпен үндестік.

Экологиялық-экономикалық әлеуметтену және тәрбие. Адам мен әлемнің бірлігін түсіну. Қоршаған табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу. Антропокосмизм, глобальды білім беру: әлемді тұтастай қабылдау қабілетін қалыптастыру және ондағы өз орнын анықтау: «Мен – Жер планетасының адамымын». «Мен – Қазақстанның азаматымын», «Мен – жалпы адамзат жанұясының бөлігімін», «Мен – әлемді құруға белсене араласуға қабілетті жеке тұлғамын»; планеталық сана және глобальды ойлауды қалыптастыру, планетадағы болып жатқандарға үлес қосу; адамның өзімен, басқа адамдармен, тұтастай қоғаммен, яғни микро- және макрокосмоспен гармониялы қарым-қатынас орнату; адамның эмоционалды, интеллектуалды, адамгершілік-еріктік сфералардың іс-әрекеттегі бірлігін құру; жерді, табиғатты,

адамзатты, олардың қарым-қатынасын сақтауды қамтамасыз ететін экологиялық мінез-құлықты қалыптастыру.

Этнопедагогикалық әлеуметтену. Жалпы адами және ұлттық құндылықтарды саналы меңгеру. Мемлекеттік, өз тілін және әлем халықтарының тілін меңгеру. Халықтың әдет-ғұрыптары мен діни әдет-ғұрыптары туралы білім. Салауатты өмір салты. Эстетикалық талғам, жақсы жүріс – тұрыстар (манералар).

Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу. Жалпы адами құндылықты меңгеруде шығармашыл іскерлік пен дағдыны меңгеру. Қабілетті дамыту. Іс-әрекетке деген қажеттілік. Білім, іскерлік, дағды, дамыған интеллект. Интуиция. Шығармашылық бейімділік.

Политехникалық және еңбектік әлеуметтену. Экономиканың негізі туралы білім. Күрделі өмірлік проблемаларды шешудегі экономикалық ойлаудың дамуы. Әр түрлі мамандықты игеруге бейімділік. Карьераны дамытудың өзіндік моделін құру іскерлігі және оның өзгермелі жағдайдағы ролін түсіну. Әлеуметтік мақсатты бағыттылық, іскерлік, іскерлік қатыстағы жауапкершілік, зорлық-зомбылыққа шыдамсыздық және әділдік, жаңаға қатынастағы ашықтық; ойлаудың сыншылдығы, өткендегілерден сабақ алу іскерлігі, жалпыадами құндылық контекстінде өз тәжірибесін рефлексивті ойлау. Еңбек сүйгіштік, шаруақорлық. Бәсекеге қабілеттілік. Компьютерлік білімділік. Үйді жабдықтау, отбасына жағдай жасау.

Әлеуметтік-мәдени әлеуметтену. Азаматтық және әлеуметтік белсенділік. Адамзаттың жинақтаған тәжірибесін көбейту және сақтау. Әр түрлі ұжымдық, топтық, дербес әрекетте азаматтық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру. Өзімшілдігін басу іскерлігі. Ұжымда жұмыс істей алу, бірлесу. Үнемі өзгермелі әлемде өмір сүре білу іскерлігі. Өз қылықтары үшін жауапкершілікті өзіне алуға даярлық. Адамзаттың алдыға қарай жылжуы тек дербес қажырлық пен барлық адамдардың белсенді бірігуі (ымыраласуы) нәтижесінде ғана екендігін сезіну.

Сонымен, *әлеуметтену нәтижесі*, жеке тұлғаның әлеуметтік толысуы (мамандықты игеруі, өз беттілік; адами толысу); интеллектуалдық толысу (әлеуметтік рөлдерді орындауға қабілетті ақыл-ойдың дамуы); құқықтық толысу (құқығы мен міндеттері туралы білім); саяси толысу (азаматтық борыш сезімі, әлеуметтік-саяси белсенділік).

Әлеуметтендіру институттары – жеке тұлғаны норма мен құндылықтар жүйесін меңгеруге икемдейтін, әлеуметтік тәжірибені тасымалдаушы нақты топтар:

- ✓ отбасы;
- ✓ мектеп;
- ✓ еңбек ұжымы;
- ✓ жоғары оқу орындары;
- ✓ Бұқаралық ақпарат құралдары;
- ✓ микроорта;
- ✓ әлеуметтік топтар;
- ✓ қоғамдық ұйымдар.

Негізгі әдебиеттер:

1. Еникеев М.И. Общая психология. С. 113
2. Слостенин В.А., Каширин В.П. Психология и педагогика. С. 174-175
3. Кон И.С. Ребенок и общество. М., 1988, С. 133.
4. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику. М., 1997, С. 22.
5. Нұсқабаев Мектеп - әлеуметтендіру институты ретінде. А., 2004

«Педагогика» пәні бойынша сұрақтар

1. Жоғары мектеп педагогикасы дербес педагогикалық ғылым саласы ретінде.
2. Жоғары мектеп педагогикасының пәні мен объектісі.
3. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық негіздері. Жоғары мектеп педагогикасының теориялық негіздерін айқындаудағы тұлға теориясы мен іс-әрекет теориясы.
4. Жоғары мектеп педагогикасының ғылыми-зерттеу әдістері және олардың жоғары мектеп педагогикасының теориясы мен практикасын дамытудағы мәні.
5. Педагогикалық ғылымдар жүйесі.
6. Жоғары мектеп педагогикасының ұғымдық-категориялық аппараты.
7. Жоғары мектеп педагогикасының басқа ғылымдармен байланысы.
8. Қазақстандағы жоғары мектеп педагогикасының қалыптасу кезеңдері.
9. Қазіргі кезеңдегі жоғары мектеп педагогикасының даму тенденциялары.
10. Жоғары мектеп дидактикасы. Жоғары мектеп дидактикасының негізгі проблемалары.
11. Жоғары мектеп дидактикасының қағидалары, олардың ерекшеліктері, сипаттамасы.
12. Гуманизация - педагогикалық қарым-қатынас негізі.
13. Жоғары мектептегі оқыту үдерісін ұйымдастыру үдерісі, мәні мен құрылымы.
14. Жоғары мектепте оқытудың мәні, құрылымы мен қозғаушы күштері.
15. Лекция - жоғары оқу орындарындағы оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы.
16. Жоғары оқу орындарындағы лекцияға қойылатын талаптар.
17. Лекция түрлері: кіріспе лекция, шолу-қайталау лекциясы.
18. Жоғары мектепте білім берудегі гуманизация мен гуманитаризация.
19. Қазіргі қоғамдағы жоғары білім рөлі мен орны.
20. Оқытушының коммуникативтік мәдениет негіздері.
21. Эдвайзер, тьютор мен офис регистратордың қызметі.
22. Студенттік ортадағы салауатты өмір салты.

23. Жоғары мектепте оқытудың инновациялық технологиялары.
24. Жоғары мектептегі оқытудың әдістері.
25. Жоғары мектептегі оқытудың формалары.
26. Семинар, олардың типтеріне сәйкес атқаратын міндеттері.
27. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі.
28. Жоғары оқу орындарындағы өзіндік жұмыс түрлері.
29. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша өз бетімен жұмысты ұйымдастыру әдістемесі.
30. Жоғары мектеп оқытушысының педагогикалық қарым-қатынас стилі.
31. Жоғары мектептегі оқыту технологиялары.
32. Педагогикалық жүйені басқарудағы демократияландыру және ізгілендіру.
33. Курстық және дипломдық жұмыс: мақсаты мен мазмұнына қойылатын талаптар.
34. Кейс-стади – оқытудың жаңа технологиясы.
35. Қазақстандағы жаңа университеттер және олардың ерекшеліктері.
36. Жоғары оқу орындарындағы тәрбие қағидалары.
37. Болондық үдеріс және оның ерекшеліктері.
38. Жоғары мектептегі бағалау және баға.
39. Жеке адамның дамуындағы тәрбие факторы.
40. Қазақстандық педагог-ғалымдардың жоғары мектеп педагогикасына қосқан үлестері.
41. Пән мазмұнын модельдік құру және рейтингтік бақылау.
42. Жоғары мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері.
43. Білім берудегі қазіргі парадигма.
44. Жоғары мектеп педагогикасының басқа ғылымдармен байланысы.
45. Білім берудегі гуманизациялау және гуманитарландыру мәселелері құзіреттілік, гуманистік, толеранттық ұғымдары.
46. Жеке адамның дамуы мен қалыптасуы жөніндегі теориялар.
47. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру.
48. Оқу процесінде оқу-әдістемелік материалдарды құрастыру технологиясы.
49. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық менеджмент.
50. Жоғары білім берудің мазмұны.
51. Маман дайындаудағы акмеологиялық ұстаным.

52. Қазақстанда және шетелдерде білім алудың жағдайы, даму тенденциялары.
53. Педагогикалық ғылымдар жүйесі.
54. Жоғары оқу орындарында семинар, практикалық және лабораториялық сабақтарды ұйымдастыру.
55. Білім берудегі қазіргі заманғы құндылық парадигмасы.
56. Студенттерді оқу ортасына бейімдеу.
57. Педагогикалық процесті басқарудағы әлеуметтік институттардың өзара әрекеттестігі.
58. Білім беру жүйесін ақпараттандыру.
59. Ұлттық мәдениетті дамытудағы маманның кәсіби деңгейі.
60. Студент жастардың мәдени-адамгершілік тәрбиесі.
61. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық менеджмент жүйесі.
62. Пікірсайыс, дөңгелек үстел сабақтарының ерекшеліктері.
63. Студент жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесі.
64. Тәрбие, өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыру.
65. Студенттердің оқу-зерттеу іс-әрекетіне сипаттама.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1 бөлім. Жоғары мектеп педагогикасының жалпы -теориялық-әдіснамалық негіздері

1. Грек тілінен аударғанда «баланы жетектеу» («paída gogos», «paída» - бала, «gogos»- жетектеу) түсінігін береді:

- А) Педагогика
- В) Психология
- С) Философия
- Д) Этика
- Е) Әлеуметтану

2. Тәрбие жөніндегі ғылымның әсер ету ауқымын ең дәл анықтайтын термин

- А) Антрогогика (грек сөзі «андрос»- ер адам және «аго»- жетелеу)
- В) Педагогика (грек сөзі «пайдос»- бала және «аго»- жетелеу)
- С) Антропология (грек сөзі «антрпос»- адам және «логос»- ғылым)
- Д) Антропедогика (грек сөзі «антрпос»- адам және «логос»- ғылым)
- Е) Педология (грек сөзі «пайдос»- бала және «логос»- ғылым)

1. Педагогиканың негізгі түсініктеріне жатады:

- А) Тәрбие, оқыту, іс-әрекет
- В) Тәрбие, тұлға, іс-әрекет
- С) Тұлға, іс-әрекет, оқыту
- Д) Тәрбие, білім беру, оқыту
- Е) Тәрбие, оқыту, дамыту

2. Жоғары мектеп педагогикасының негізгі категориялары:

- А) Тәрбие, оқыту, іс-әрекет
- В) Тәрбие, тұлға, іс-әрекет
- С) Тұлға, іс-әрекет, оқыту
- Д) Тәрбие, білім беру, оқыту
- Е) Тәрбие, білім беру, оқыту, студент, оқытушы, педагогикалық іс-әрекет

5. Педагогика ғылымдарының мақсаттары:

- А) Жас ұрпақтарды оқыту, тәрбиелеу

- В) Тәрбиенің заңдарын тану, практик педагогтарды оқу тәрбие процесінің теориялық білімдерімен қаруландыру
- С) Тәрбиені адамдардың рухани дамуының факторы ретінде зерттеу
- Д) Қазіргі әлемде адамдарға білім беру және оқыту мәселелерін зерттеу
- Е) Адам табиғатын зерттеу

3. Педагогика ғылымының пайда болған жері:

- А) Австралия
- В) Греция
- С) Франция
- Д) Египет
- Е) Италия

4. Педагогиканың *объектісі* –...

- А) Тәрбие
- В) Оқыту
- С) Даму
- Д) Әлеуметтендіру
- Е) Педагогикалық іс-әрекет

7. Педагогика пәні көбінекей ... категориясының көмегімен анықталады

- А) Тәрбие
- В) Оқыту
- С) Оқу
- Д) Әлеуметтендіру
- Е) Педагогикалық іс-әрекет

8. Педагогиканың білім беру және оқыту мәселелерімен айналысатын бөлімі:

- А) Дидактика
- В) Педагогиканың жалпы негіздері
- С) Мектептану
- Д) Тәрбие теориясы
- Е) Акмеология

9. Педагогиканың тәрбие мәселелерімен айналысатын бөлімі:

- А) Дидактика

- В) Педагогиканың жалпы негіздері
- С) Мектептану
- Д) Тәрбие теориясы
- Е) Акмеология

10. Білім беру мекемесін басқару ісінің мазмұнын және әдісін, тәсілін зерттейтін, мектеп жұмысын ұйымдастыру жүйесінің ерекшеліктерін анықтап, саралайтын педагогика бөлімі:

- А) Дидактика
- В) Педагогиканың жалпы негіздері
- С) Мектептану
- Д) Тәрбие теориясы
- Е) Барлығы дұрыс

11. Педагогика пәні – индивидтің өткен ұрпақтардың әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оқу және оқудан тыс уақыт бірлігіндегі ... болып табылады

- А) Тәрбие
- В) Оқыту
- С) Оқу
- Д) Әлеуметтендіру
- Е) Біртұтас педагогикалық процесс

12. Тәрбие мақсатын, міндеттерін, құралдарын, мазмұнын және практикаға оны енгізу жолдарын қарастырады:

- А) Философия
- В) Әлеуметтану
- С) Педагогика
- Д) Психология
- Е) Тарих

12. Жалпы педагогиканың құрылымы (артығын алып таста):

- А) Педагогиканың жалпы негіздері
- В) Тәрбие теориясы
- С) Дидактика
- Д) Мектептану
- Е) Ұстаз психологиясы

13. Ғылыми потенциал факторымен түсіндіріледі. Болашақ мамандарды жоғары біліктілігі бар мамандар даярлап шығарады:
- А) Мектеп педагогикасы
 - В) Мектепке дейінгі педагогика
 - С) Кәсіби педагогика
 - Д) Өндірістік педагогика
 - Е) Жоғары мектеп педагогикасы
14. Жұмысшыларды оқыту заңдылықтарын; өнеркәсіптің жаңа құрал-жабдықтарына қайта бейімдеу; жұмысшылардың біліктілігін көтеру; жаңа мамандыққа қайта бейімдеуді қарастырады:
- А) Мектеп педагогикасы
 - В) Мектепке дейінгі педагогика
 - С) Кәсіби педагогика
 - Д) Өндірістік педагогика
 - Е) Жоғары мектеп педагогикасы
15. Жеке тұлғаға кәсіп пен кәсіби біліктілік қалыптастыратын заңдылықтарды зерттейтін, әлеуметтік сұранысты қанағаттандыратын педагогика ғылымының негізгі саласының бірі:
- А) Мектеп педагогикасы
 - В) Мектепке дейінгі педагогика
 - С) Кәсіби педагогика
 - Д) Өндірістік педагогика
 - Е) Жоғары мектеп педагогикасы
16. Кез келген ғылымда қолданылатын зерттеу тәсілдерінің жүйесі, дүниені ғылыми тану мен түрлендіру әдістері жөніндегі ілім:
- А) Метод
 - В) Методика
 - С) Методология
 - Д) Принцип
 - Е) Заңдылық
17. Жалпыадамзаттық, мәңгілік категориялар құрамына енген, материалдық емес, рухани мәнге ие:
- А) Тәрбие
 - В) Оқыту
 - С) Оқу

- Д) Әлеуметтендіру
- Е) Педагогикалық іс-әрекет

18. Латын тілінде - жаңару, жаңалық, өзгеріс деген түсінікті береді:

- А) Инновация
- В) Акмеология
- С) Парадигма
- Д) Оқыту технологиясы
- Е) Тәрбие технологиясы

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерді талдау, индукция, дедукция, жіктеу, аналогия, салыстыру:

- А) Педагогикалық зерттеулердің теориялық әдістері
- В) Педагогикалық зерттеулердің эмпирикалық әдістері
- С) Субъективті әдістер
- Д) Объективті әдістер
- Е) Негізгі әдістер

Алғашқы мектептердің пайда болған жері:

- А) Вавилон, Ассирия, Египет, Үндістан, Қытай және т.б. елдерде
- В) Америкада
- С) Англияда
- Д) Жапонияда
- Е) Германияда

Алғашы университеттер ... пайда болды:

- А) IX-X ғ.
- В) XI-X ғ.
- С) XI-XIIғ.
- Д) XII-XIII ғасырларда
- Е) XV-XVI

Педагогикалық процеске ең алғаш анықтама берген

- А) Хмель Н.Д.
- В) Лемберг Р.Г.
- С) Иванова Н.Д.
- Д) Каптерев П.Ф.
- Е) Уманов Г.А.

Мақсат, міндет, мазмұн, форма, құрал, әдіс-тәсілдер, тапсырма:

- А) Біртұтас педагогикалық процесс компоненттері
- В) Біртұтас педагогикалық процесс ерекшеліктер
- С) Біртұтас педагогикалық процесс принциптері
- Д) Біртұтас педагогикалық процесс белгілері
- Е) Біртұтас педагогикалық процесс ережелері

«Ұлы дидактика», «Әлемді суреттеп бейнелеу», «Жалпыға кеңес», «Ана мектебі», «Жақсы ұйымдастырылған мектеп заңдары», «Жастарға арналған мінез-құлық ережелері» және т.б. еңбектерінің авторы:

- А) Каменский Я.А.
- В) Ратке (Ратихия)
- С) Харламов И.
- Д) Қоянбаев Ж.
- Е) Подласый И.

Баланы «таза тақтаға» теңеді; бала – не жазғың келсе соны жазуға болатын «ақ тақта» сияқты тап-таза:

- А) Каменский Я.А.
- В) Ратке (Ратихия)
- С) Джон Локк
- Д) Жан Жак Руссо
- Е) Песталоцци

«Ұстаздық дастан», «Мұнара үстіндегі тулар», «Ата-аналар кітабы», «Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялар», «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі», «Кеңестік мектеп тәрбиесінің мәселелері» және т.б. еңбектерінің авторы:

- А) Каменский Я.А.
- В) Ушинский К.Д.
- С) Джон Локк
- Д) Жан Жак Руссо
- Е) Макаренко А.С.

«Еркін тәрбие» идеясын ұсынған:

- А) Каменский Я.А.
- В) Ратке (Ратихия)
- С) Джон Локк

Д) Жан Жак Руссо

Е) Песталоцци

«Балаға жүрек жылуы», «Павлыш орта мектебі», «Ұжымның күдіретті күші»

«Мектептің жас директорымен сырласу», «Ұлыма хат» және т.б. еңбектерінің авторы:

А) Каменский Я.А.

В) Ушинский К.Д.

С) Сухомлинский В.А.

Д) Жан Жак Руссо

Е) Макаренко А.С.

«Педагогикалық әдебиеттің пайдасы туралы», «Қоғамдық тәрбиенің халықтық негізі туралы», «Мектепті құрайтын үш нәрсе», «Ана тілі», «Балалар әлемі», «Педагогикалық антропология» және т.б. еңбектерінің авторы:

А) Каменский Я.А.

В) Ушинский К.Д.

С) Джон Локк

Д) Жан Жак Руссо

Е) Песталоцци

Қазақ әдебиетін, тарихын, мәдениетін, ағартушылық тәлімді теріс түсіндіруді көздегендерге батыл наразылық білдірген. Қазақтың халық поэзиясына алғаш теориялық талдау жасаған:

А) Құнанбаев А.

В) Уәлиханов Ш.

С) Алтынсарин Ы.

Д) Құдайбердиев Ш.

Е) Байтұрсынов А.

Қазақ даласында қазақ балаларына арналған еуропалық-ресейлік үлгідегі тұңғыш бастауыш мектеп ашқан (1864ж), қазақ мектептеріне арналған тұңғыш оқу құралдарын жазған:

А) Құнанбаев А.

В) Уәлиханов Ш.

С) Алтынсарин Ы.

- Д) Құдайбердиев Ш.
- Е) Байтұрсынов А.

«Қазақтарды орыс тіліне оқытудың бастарқы жетекшісі», «Қазақ хрестоматиясы» (1879ж); «Мәктубат» (1896ж); «Шариятул-ислам» және т.б. еңбектерінің авторы:

- А) Құнанбаев А.
- В) Уәлиханов Ш.
- С) Алтынсарин Ы.
- Д) Құдайбердиев Ш.
- Е) Байтұрсынов А.

«Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адамның мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деген:

- А) Құнанбаев А.
- В) Уәлиханов Ш.
- С) Алтынсарин Ы.
- Д) Құдайбердиев Ш.
- Е) Байтұрсынов А.

«Үш анық», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» (1911ж), «Қалқаман- Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары және т.б. еңбектердің авторы:

- А) Құнанбаев А.
- В) Уәлиханов Ш.
- С) Алтынсарин Ы.
- Д) Құдайбердиев Ш.
- Е) Байтұрсынов А.

«Әліпби» (1910ж.), «Оқу кітаптары» (1912-1914ж), «Оқу құралы», «Әліппе астары» (1924ж); «Баулу мектеп» (1925ж.); «Сауат ашқыш» (1926ж.); «Жалқылау (айырыңқы әдіс)» (1927ж.); «Ана тілінің әдісі» (1927ж.) және т.б. еңбектердің авторы:

- А) Құнанбаев А.
- В) Уәлиханов Ш.
- С) Алтынсарин Ы.
- Д) Құдайбердиев Ш.
- Е) Байтұрсынов А.

«Педагогикалық процеске» ең алғаш анықтама берген:

- А) Крупская Н.К.
- В) Каптерев П.Ф.
- С) Выготский Л.С
- Д) Занков Л.В.
- Е) Леонтьев А.Н.

Мемлекеттегі білім беру мен экономиканың жағдайы туралы кең түрдегі мәлімет негізінде анықталатын, өкіметтік құжаттарда белгіленген, кез келген педагог жұмысының негізгі бағыты:

- А) Қоғамдық мақсаттар
- В) Инициативалық мақсаттар
- С) Мемлекеттік педагогикалық мақсаттар
- Д) Уақытша мақсаттар
- Е) Теориялық мақсаттар

Әр түрлі топтардағы адамдардың қажеттілігі, қызығушылығы, қоғамдық көзқарасы түрінде қалыптасады

- А) Қоғамдық мақсаттар
- В) Инициативалық мақсаттар
- С) Мемлекеттік педагогикалық мақсаттар
- Д) Уақытша мақсаттар
- Е) Теориялық мақсаттар

Адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдарының және т.б. жиынтығы:

- А) Білім
- В) Ой қорытындысы
- С) Гипотеза
- Д) Ұғым
- Е) Дәлелдеу

Білім алу құқығы қандай құжатта айтылған:

- А) ҚР Конституциясы
- В) Мемлекеттік стандартта
- С) Оқу жоспарында
- Д) Оқу бағдарламасында
- Е) Мектеп ережелерінде

Білім беру мекемелерінің барлық түріне міндетті болып саналатын және білім беру ісінің әрбір деңгейінің мазмұнына қойылатын талаптарды, оқыту жүктемелерінің көлемін, білім бағдарламаларының орындалғанын дәлелдейтін құжаттарды анықтайды. ҚР Білім беру заңы негізінде жасалады

- А) Мемлекеттік стандарт
- В) Оқулық
- С) Оқу-әдістемелік құрал
- Д) Оқу-әдістемелік нұсқау
- Е) Оқу құралы

Білім беру мекемесінде оқытылатын оқу пәндерінің құрамы, оларды жылдарға бөлу, апталық, жылдық сағат саны мен оқу жылының құрылымы анықталады және оның негізінде оқу бағдарламасы жасалады

- А) Мемлекеттік стандарт
- В) Оқу жоспары
- С) Типтік оқу жоспары
- Д) Оқу бағдарламасы
- Е) Жұмыс бағдарламасы

Білім және ғылым министрлігі тарапынан бекітіледі және ұсыныстық сипатта беріледі. Оның негізінде оқу жоспары бір оқу жылына жасалады

- А) Мемлекеттік стандарт
- В) Оқу жоспары
- С) Типтік оқу жоспары
- Д) Оқу бағдарламасы
- Е) Жұмыс бағдарламасы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; бастауыш білім беруді; негізгі орта білім беру; орта білім беруді (жалпы орта білім беруді, техникалық және кәсіптік білім беру); орта білімнен кейінгі білім беру; жоғары білім беру; жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

- А) Білім беру сатылары
- В) Білім беру заңдылықтары
- С) Білім беру принциптері
- Д) Білім беру ерекшеліктері
- Е) Білім беру әдістері

Педагогикалық іс- әрекеттің нәтижелері:

- А) Жақсы психологиялық ахуалы
- В) Үздік бағалар
- С) Жеке тұлғаның жан- жақты дамуы, білімділігі, тәрбиелігі
- Д) Жақсы денсаулығы
- Е) Дене бітімінің дамуы

Оқушы мен мұғалімнің кәсіби сауатты қарым-қатынас стилі:

- А) Либералдық
- В) Авторитарлық
- С) Демократиялық
- Д) Бейжайлық
- Е) Либералдық-демократиялық

2-БӨЛІМ: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ (ДИДАКТИКА)

Оқытудың ең негізгі және ұтымды түрі сыныптық-сабақтық жүйе деп белгілеген ғалым:

- А) Крупская Н.К.
- В) Каптерев П.Ф.
- С) Выготский Л.С
- Д) Занков Л.В.
- Е) Коменский Я.А.

Саналы түрде қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру және осының негізінде жекелей тәжірибені қалыптастыру – бұл:

- А) Оқу
- В) Оқыту
- С) Үйрену
- Д) Меңгеру
- Е) Даму

Адамның оқу іс-әрекетінде жаңа психологиялық қасиеттер мен сапаларды меңгеруі немесе жинақтауы:

- А) Оқу
- В) Оқыту
- С) Үйрену
- Д) Меңгеру
- Е) Даму

Арнайы ұйымдастырылған, мақсат көздеген және басқарылатын, педагоғ пен балалар арасындағы білім, іскерлік, дағдыны меңгеруге, дүниеге көзқарасты қалыптастыруға бағытталған өзара әрекеттесу процесі:

- А) Оқу
- В) Оқыту
- С) Үйрену
- Д) Меңгеру
- Е) Даму

Алған білім негізіндегі балалардың практикалық іс-әрекеті:

- A) Іскерлік
- B) Оқыту
- C) Ұйрену
- D) Меңгеру
- E) Даму

Білім беру ұғымын педагогикаға енгізген:

- A) Каменский Я.А.
- B) Ушинский К.Д.
- C) Джон Локк
- D) Жан Жак Руссо
- E) Песталоцци И

Қарым-қатынас, сөз, оқу, еңбек, табиғат, өнер, т.б.

- A) Педагогикалық процесс міндеті
- B) Педагогикалық процесс мазмұны
- C) Педагогикалық процесс құралдары
- D) Педагогикалық процесс әдіс-тәсілдері
- E) Педагогикалық процесс формалары

Қоғамдық-тарихи тәжірибеде тексеруден өткізілген ақиқатты тану процесінің нәтижесі:

- A) Білім
- B) Ой қорытындысы
- C) Гипотеза
- D) Ұғым
- E) Дәлелдеу

Білім алушылардың іс-әрекетін және мінез-құлқын ынталандыру әдістері:

- A) Жарыс, мадақтау, жазалау
- B) Әңгіме, диспут, дәріс, өнеге
- C) Анкета
- D) Тест
- E) Сұқбат

«Дидактика» термині қолданылмайды:

- A) Англо-американдық педагогикада
- B) Ресейлік педагогикада

- С) Франция педагогикасында
- Д) Австрия педагогикасында
- Е) Жапония педагогикасында

«Дидактикалық очерктер» еңбегінің авторы:

- А) Хмель Н.Д.
- В) Лемберг Р.Г.
- С) Иванова Н.Д.
- Д) Байдельдинова Г.
- Е) Уманов Г.А.

«Түсіндермелі - иллюстративті» оқытудың негізін қалаған:

- А) Дьюи Д.
- В) Каптерев П.
- С) Бруннер Д.
- Д) Хмель Н.
- Е) Гербарт

XVIII-ғ. аяғында Индияда, XIX ғ. басында - Англияда пайда болған оқушылардың бір-бірін оқыту жүйесі, демек ересек оқушылар немесе үлгерімі жақсы оқушылар (мониторлар) мұғалімнің басшылығымен сабақ өткізеді

- А) Мангейімдік жүйе
- В) Белл-Ланкастрлық жүйе
- С) Дальтон - жоспар
- Д) Дьюи жүйесі
- Е) Гербарт жүйесі

Германияның халық мектептерінде XX ғ. басында пайда болған дифференциалды оқыту жүйесі. Онда сыныптың 4 түрі қарастырылады: қабілеті орта, қабілеті төмен, ақыл-есі кем және қабілетті оқуын жалғастыруға ынталы балалар

- А) Мангейімдік жүйе
- В) Белл-Ланкастрлық жүйе
- С) Дальтон - жоспар
- Д) Дьюи жүйесі
- Е) Гербарт жүйесі

XXғ. басында АҚШ-та пайда болған индивидуалды оқыту формасының бірі. Оқушылар тапсырманы жаппай емес, әрқайсысы өзіне оқу жоспарын, жеке пәндерді меңгеру ретін, жұмыс уақытын, қолдану тәртібін өздерінің меңгеруі

- А) Мангейімдік жүйе
- В) Белл-Ланкастрлық жүйе
- С) Дальтон - жоспар
- Д) Дьюи жүйесі
- Е) Гербарт жүйесі

Ян - Амос Каменский «Ұлы дидактика» атты еңбегін жазған:

- А) 1650ж.
- В) 1657 ж.
- С) 1687ж.
- Д) 1690ж.
- Е) 1692 ж.

«Жақын арадағы даму аймағы» терминінің авторы:

- А) Коменский Я.
- В) Дистервег А.
- С) Выготский Л .
- Д) Руссо Ж.
- Е) Рубинштейн С.

Қазақтық дидактикасының негізін қалаған педагог:

- А) Құнанбаев А
- В) Құдайбердиев Ш.
- С) Алтынсарин Ы.
- Д) Байтұрсынов А.
- Е) Жұмабаев М.

Оқытудың негізгі формасы:

- А) Театр
- В) Сабақ
- С) Экскурсия
- Д) Фильм
- Е) Кітапхана

Жас шамасы мен дайындық мөлшері бір, құрамы өзгермейтін оқушылар саны:

- А) Оқытуды жоспарлау
- В) Сынып
- С) Форма
- Д) Оқушылар
- Е) Оқушы

Кәсіптік немесе өзге әрекеттердегі жағдайларға құрылған ойын:

- А) Танымдық ойын
- В) Сюжеттік ойын
- С) Ойын-жаттығулар
- Д) Манипуляциялық ойын
- Е) Іскерлік ойын

Дамыта отырып оқыту әдістемесінің негізін салушылар

- А) Эльконин Д.Б., В.В. Давыдов
- В) Лысенкова С.Н.
- С) Амонашвили Ш.А.
- Д) Агеев В.В.
- Е) Шаталов В.Ф.

Түсіндірмелі-иллюстративті, проблемалық, бағдарламалық, модульдік және т.б. оқыту:

- А) Оқыту әдістері
- В) Оқыту заңдылықтары
- С) Оқыту функциялары
- Д) Оқыту түрлері
- Е) Оқыту формалары

Түсіндірмелі-иллюстративті оқытудың негізін қалаған:

- А) Эльконин Д.Б., В.В. Давыдов
- В) Лысенкова С.Н.
- С) Амонашвили Ш.А.
- Д) Гербарт И.
- Е) Шаталов В.Ф.

Білім «дайын» күйінде беріледі, күрделі материалдарды меңгерулеріне көмектеседі, түсіндіру көрнекілікпен біріктірілген

- А) Проблемалық оқыту
- В) Модульдік оқыту
- С) Компьютерлік оқыту
- Д) Түсіндірмелі-иллюстративті оқыту
- Е) Саралап оқыту

Проблемалық оқытудың негізін қалаған:

- А) Эльконин Д.Б., В.В. Давыдов
- В) Дьюи Д.
- С) Амонашвили Ш.А.
- Д) Гербарт И.
- Е) Шаталов В.Ф.

Әр түрлі оқу проблемаларын шешеді, оқушы білімді өз бетімен меңгереді, шығармашылық ойлау мен танымдық белсенділік дамиды, жобадағы мақсатқа жету барысына уақыт көп бөлінеді

- А) Проблемалық оқыту
- В) Модульдік оқыту
- С) Компьютерлік оқыту
- Д) Түсіндірмелі-иллюстративті оқыту
- Е) Саралап оқыту

Аты электрондық-есептеу сөздігіндегі «программа» терминінен шыққан, оқу материалын жеке порцияларға немесе бөліктерге бөлетін, әр жолы бақылаумен аяқталады

- А) Проблемалық оқыту
- В) Модульдік оқыту
- С) Компьютерлік оқыту
- Д) Түсіндірмелі-иллюстративті оқыту
- Е) Бағдарламалап оқыту

Білім алушылар санына, оқыту орнына, сабаққа берілетін уақытқа байланысты бөлінеді:

- А) Оқыту әдістері
- В) Оқыту заңдылықтары
- С) Оқыту функциялары
- Д) Оқыту түрлері
- Е) Оқыту формалары

Дәстүрлі емес құрылымы бар сабақ типі. Мысалы, «іскерлік ойындар сабағы», «аукцион - сабақ», «сайыс сабағы»

- А) Аралас сабақ
- В) Білімді бекіту сабағы
- С) Іскерлік пен дағдыны жетілдіру сабағы
- Д) Жинақтау сабағы
- Е) Дәстүрлі емес сабақ

Сабақтарды құрылысы жағынан топтастыру, түрге бөлу ... деп аталады

- А) Сабақ формасы
- В) Сабақ мақсаты
- С) Сабақтың әдіс-тәсілдері
- Д) Сабақ классификациясы
- Е) Сабақ мазмұны

Оқытудың теориялық формалары (артығын алып таста):

- А) Лекция
- В) Семинар
- С) Лабораториялық сабақ
- Д) Саяхат сабағы
- Е) Практиканың барлық түрлері

«Әдіс» сөзінің грек тілінен аударғандағы мағынасы

- А) Білім беру мен оқыту теориясы
- В) «Сыртқы бейне», «түр»
- С) «Оқу»
- Д) «Танымдық және тәрбиелік қызметтің жолы, тәсілі»
- Е) «Қалыптасу мен даму»

Мектептердегі білім беру жүйесі ... арқылы іске асады:

- А) Оқу жоспары, оқу бағдарламасы, оқулықтар
- В) Үздіксіз білім беру, модельдеу, тәрбиелеу
- С) Іскерлік, дағды, оқу
- Д) Қарым-қатынас
- Е) Сабақты меңгеру, пысықтау, қайталау

Оқытуды ынталандыру және мотивациялау әдістері:

- А) Танымдық ойындар, дискуссиялар, түрлі жағдайлар құру

- В) Есеп беру, бағдарланған сұрақ
- С) Емтихан
- Д) Техникалық құралдар
- Е) Көркемдік материалдар

«Оқыту процесінде дифференциалды 5 балдық бағалау жүйесін қолдану туралы» қаулы қабылданды:

- А) 1939 ж. 14қазан
- В) 1938 ж. 25 қараша
- С) 1937 ж. 7 наурыз
- Д) 1935 ж. 3 қыркүйек
- Е) 1936ж. 5ақпан

Оқытудағы бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері:

- А) Жеке және фронтальды сұрау, есеп беру, емтихан
- В) Дискуссиялар семинарлар дәрістер
- С) Кесте, графика, схема, көрнекті суреттер
- Д) Баспа әдістемелік құралдар
- Е) Өзін-өзі тәрбиелеу мен қалыптастыру әдістері

Кеңес, қосымша сабақтар, сабақтан және сыныптан тыс жұмыстар, факультатив сабақтар, практикумдар және оқу практикасы, клубтағы жұмыстар, аудиториядан тыс оқулар, орындалатын өздік жұмыстар, оқу экскурсиялары, жарыстар және т.б.

- А) Оқытудың теориялық формалары
- В) Оқытудың практикалық формалары
- С) Оқытудың қосымша формалары
- Д) Өздік жұмыс түрлері
- Е) Үй жұмысын орындау түрлері

«Оқыту дамудың соңында қалмайды, керісінше, дамуды жетектейді» деген қазіргі оқытудың концептуалды принципін енгізген

- А) Выготский Л.С.
- В) Скиннер Б.
- С) Менчинская Н.А.
- Д) Эльконин Д.Б.
- Е) Гальперин П.Я.

Ақыл-ой әрекетінің кезеңдеп қалыптасу теориясының авторлары

- А) Выготский Л.С., Ж.Пиаже, П.Я.Гальперин
- В) Скиннер Б., Л.Ланда
- С) Менчинская Н.А., Д.Н. Богоявленский
- Д) Эльконин Д.Б., В.В. Давыдов
- Е) Гальперин П.Я., Н.Ф.Талызина

Алғаш рет ... 20 - жылдары педология және рефлексология туралы еңбектерде ... түсінігі кездесті (И.П. Павлов, В.М. Бехтеров, А.А. Ухтомский, С.Г. Шацкий)

- А) Қарым-қатынас технологиясы
- В) Тәрбие технологиясы
- С) Педагогикалық технология
- Д) Технология
- Е) Іс-әрекет технологиясы

Грек тілінен алғанда «техне» - өнер, кәсіп, ғылым логос-ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді. Яғни, өндірістік процестерді жүргізудің тәсілдер мен құралдары жайындағы білімдердің жиынтығы

- А) Инновация
- В) Акмеология
- С) Парадигма
- Д) Технология
- Е) Рефлексия

Білім берудің формальдық теориясын жақтаушылар

- А) Локк Д., И.Герbart
- В) Спенсер
- С) Кашин М.
- Д) Бабанский Ю.К.
- Е) Каменский Я.А.

Оқудың, оқу іс-әрекетінің нәтижесі:

- А) Іс-әрекет
- В) Үйренуге жарамдылық
- С) Іскерлік
- Д) Менгеру
- Е) Дағды

Оқытушының әрекетін жаңартатын технологиялық құрылым және соңғы жоспарланған нәтиженің кепілдік беруі (Қараев Ж.А.)

- А) Оқыту технологиясы
- В) Тәрбие технологиясы
- С) Педагогикалық технология
- Д) Технология
- Е) Білім беру технологиясы

Педагогикалық технологиялардың жауап беретін шарттары:

- А) Оқытудағы бей-берекетсіздік пен дайындықсыздықты, тосыннан жасалған әрекетті жою
- В) Оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие процесінің жобасына негізделу
- С) Оқу мақсатын диагностикалық зерттеу жолымен анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалау
- Д) Практикада оқу процесінің толықтығын қамтамасыз ету
- Е) Барлығы дұрыс

Оқытудың мақсаты; білім берудің мазмұны; педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы; ұйымдастыру; оқушы; оқытушы; әрекеттің нәтижесі

- А) Педагогикалық технологиясына тән белгілер
- В) Педагогикалық технологиялардың білім беру мекемелеріндегі жауап беретін шарттары
- С) Педагогикалық технология түрлері
- Д) Оқыту технологиясын ұйымдастыру
- Е) Оқыту технологиясының құрылымы

Педагогикалық технологияға тән белгілер:

- А) Мақсат-міндеттерге сәйкес нақты күтілетін нәтижеге қол жеткізудегі педагогикалық ой-пікірлер
- В) Қатаң түрде қойылған мақсатқа сәйкес оқушыларға мемлекеттік білім беру стандарты деңгейін берік меңгертуге кепілдік бере алатындай педагогикалық әрекеттің технологиялық тізбегін құру
- С) Әрбір оқушының жеке дара ерекшеліктеріне сәйкес оның білім беру қажеттілігін қамтамасыздандыруда оқытушы мен оқушының өзара байланысты әрекеттерін алдын ала білу
- Д) Оқытушылардың педагогикалық технология элементтерін кезеңдеп және жүйелі түрде меңгеруі; өлшем мен көрсеткіштерден

тұратын диагностикалық процедуралар, іс-әрекет нәтижесін өлшеу жолдары

Е) Барлығы дұрыс

Қазіргі педагогикалық технологиялардың негізгі идеясы:

- А) Қарым-қатынас орнату
- В) Тұлғалық бағдарлы білім беру
- С) Оқушының алған білімін түрлендіру
- Д) Оқушының тапсырманы орындауы
- Е) Ой-өрісін дамыту

Хабарламалық дамытушы әдістер:

- А) Оқу материалын проблемалы баяндау, эвристикалық әңгіме, пікірталас, зерттеу жұмысы, кіші топтарда студенттердің ұжымдық ойлау іс-әрекеті
- В) Оқу материалын мазмұндау, үлгіге байланысты тапсырмаларды орындау
- С) Студенттердің өзбеттік жұмыс формалары
- Д) Конспект, аннотация
- Е) Лекция, әңгіме, түсіндіру, оқу фильмдерін демонстрациялау, педагогикалық әдебиеттермен өз беттік жұмыс, білім беру бағдарламаларымен өз бетімен жұмыс

Иллюстрациялар, демонстрациялар, оқушылардың бақылауы

- А) Практикалық әдістер
- В) Көрнекілік әдістері
- С) Сөздік әдістер
- Д) Кітаппен жұмыс
- Е) Видеоәдіс

Тәжірибелер, жаттығулар, оқу-танымдық еңбек, дидактикалық ойындар

- А) Практикалық әдістер
- В) Көрнекілік әдістері
- С) Сөздік әдістер
- Д) Кітаппен жұмыс
- Е) Видеоәдіс

Түсіндіру, әңгімелесу, әңгіме, нұсқау беру

- A) Практикалық әдістер
- B) Көрнекілік әдістері
- C) Сөздік әдістер
- D) Кітаппен жұмыс
- E) Видеоәдіс

Қарап шығу, білім алу, «электрондық мұғалім» бақылауымен жұмыс, жаттығу орындау, бақылау

- A) Практикалық әдістер
- B) Көрнекілік әдістері
- C) Сөздік әдістер
- D) Кітаппен жұмыс
- E) Видеоәдіс

Білім (мәлімет) көзіне байланысты оқыту әдістерін жүйелеген

- A) Верзилин Н.М., Е.Я.Голант, Е.И.Петровский
- B) Данилов М.Д., Б.П.Есипов
- C) Лернер И.Я., М.Н.Скаткин
- D) Голант Е.Я.
- E) Бабанский Ю.К.

Дидактикалық (оқыту) мақсатқа байланысты оқыту әдістерін жүйелеген

- A) Верзилин Н.М., Е.Я.Голант, Е.И.Петровский
- B) Данилов М.Д., Б.П.Есипов
- C) Лернер И.Я., М.Н.Скаткин
- D) Голант Е.Я.
- E) Бабанский Ю.К.

ІІІ БӨЛІМ. ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Тәрбиені төртке бөлген. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен кұлық тәрбиесі

- А) Құнанбаев А.
- В) Уәлиханов Ш.
- С) Аймауытов Ж
- Д) Жұмабаев М.
- Е) Байтұрсынов А.

Білім алушының санасын қалыптастыру әдістері:

- А) Жарыс, мадақтау, жазалау
- В) Әңгіме, диспут, дәріс, өнеге
- С) Анкета
- Д) Тест
- Е) Сұқбат

Халықтық тәрбие принципін жасаған:

- А) К.Маркс, Ф.Энгельс
- В) Макаренко А.С.
- С) Ушинский К.Д.
- Д) Выготский Л.С.
- Е) Толстой Л.Н.

Көп факторлық, үзіліссіздік, екі жақтылық, белсенділік нәтижелерінің белгісіздігі тән:

- А) Тәрбие процесінің ерекшеліктеріне
- В) Мақсатына
- С) Тәрбие заңдылығына
- Д) Тәрбие технологиясына
- Е) Тәрбие формасына

Жеке адамның дамуына әсер ететін негізгі факторлар:

- А) Қоғамдық және әлеуметтік- экономикалық жағдайлар
- В) Тұқым қуалаушылық, орта, тәрбие
- С) Жеке адамды дамытудың қозғаушы күштері
- Д) Орта
- Е) Тұқым қуалаушылық

Ұжым туралы теорияны жазған:

- А) Горький М.
- В) Коменский Я.А.
- С) Левин К.
- Д) Сухомлинский В.А.
- Е) Макаренко А.С.

Зиянды дағдылар мен әрекеттерді түзету, балалардың жасөспірімдер мен жастардың мінез құлықтарындағы кемшіліктерді жою:

- А) Тәрбие, оқыту
- В) Тәрбиелеу
- С) Білім беру
- Д) Өзін-өзі тәрбиелеу
- Е) Қайта тәрбиелеу

Тәрбие мақсатына жету жолы:

- А) Тәрбие құралы
- В) Тәрбие формалары
- С) Тәрбие әдістері
- Д) Тәрбие мақсаты
- Е) Тәрбие міндеттері

Бұл студенттердің пікір айтуын, баға беруін, сенімін қалыптастыру әдісі:

- А) Жазалау
- В) Диспут
- С) Үйрету
- Д) Жаттықтыру
- Е) Қоғамдық пікір

Ұжым дегеніміз:

- А) Арнайы мақсатқа бағытталған, іс әрекет негізінде ұйымдасқан адамдар бірлестігінің формасы
- В) Жеке адамның ұжымда жан-жақты үйлесімді болуын талап етеді
- С) Ұйымдасқан адамдар тобы
- Д) Қызығушылықпен біріккен адамдар тобы
- Е) Мақсат, міндетінің бірлігі

Адамгершілік тәрбиесі:

- А) Жеке бастың ерікті-моральдық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған
- В) Ар-ұжданмен тәртіптілікті тәрбиелеуге қойылатын талаптарды толық анықтайды
- С) Жеке бастың әлеуметтік сезімін қалыптастыруға бағытталған
- Д) Адамгершілік сана сезімді, адамгершілік көзқарасты, сезімді, ойды, адамгершілік тәртіппен мотивті қалыптастырудан тұрады
- Е) Құрметтеу, жауапкершілік сезімін қалыптастырады

Гумандық педагогикаға қай тұрғыдан қарау тән:

- А) Аксиологиялық
- В) Жүйелік
- С) Тұлғалық
- Д) Іс-әрекеттік
- Е) Комплекстік

Тәрбие процесінің қозғаушы күші:

- А) Алға қозғалудың екпінді күші
- В) Адамда болатын ішкі қажеттілікпен сыртқы қанағат арасындағы келіспеушілік
- С) Қозғаушы күш, сыртқы құбылыс пен түсінік арасындағы келіспеушілік
- Д) Тәрбие процесінде кездесетін қарама-қайшылықтар
- Е) Ішкі қайшылықтар

Жеке тұлғаның объективтік қоғамдық қатынастарға бейімделуі

- А) Әдет
- В) Дағды
- С) Даму
- Д) Әлеуметтену
- Е) Білім алу

Эстетикалық тәрбиенің құралдары:

- А) Жаттығу
- В) Әңгіме
- С) Табиғат, әдебиет, өнер
- Д) Мадақтау
- Е) Жазалау

Білім алушыларға мемлекет пен құқылық білімді меңгерту:

- А) Дене тәрбиесі
- В) Экологиялық тәрбие
- С) Ақыл-ой тәрбиесі
- Д) Құқықтық тәрбие
- Е) Эстетикалық тәрбие

Табиғатқа әдепті көзқарастың және оған қарым-қатынастың қалыптасуы мен дамуы:

- А) Адамгершілік тәрбие
- В) Эстетикалық тәрбие
- С) Ақыл-ой тәрбиесі
- Д) Экологиялық тәрбие
- Е) Коммуникативті мәдениетті қалыптастыру

Дүниеге көзқарастың жүйесі

- А) Ғылым
- В) Дін
- С) Дүниеге көзқарас
- Д) Менталитет
- Е) Дүниетаным

Туысқандық қарым-қатынастар мен тұрмыс жайттарының балаға үздіксіз ықпал тәрбиелік күші:

- А) Тұтас педагогикалық процесс
- В) Оқытушы мен оқушы қарым-қатынасы
- С) Отбасылық тәрбие
- Д) Мектептегі тәрбие
- Е) Мектептен тыс тәрбие

Эстетикалық тәрбиенің мәні:

- А) Мінез-құлық нормаларын қалыптастыру
- В) Дене және спорттық қоғамдық маңызы және мәні туралы білімдер жүйесімен оқушыларды байыту
- С) Мектеп оқушыларын көркем өнер шығармашылығына тарту
- Д) Табиғатқа ұқыпты қарым-қатынас қалыптастыру, табиғатты қорғау іс-әрекетін ұйымдастыру
- Е) Оқушылардың ақыл-ойын қалыптастыру

Өзіне-өзі қызмет көрсету, техникалық еңбек, жер учаскесіндегі еңбек, шаруашылық еңбек, тұрмыстық еңбек:

- А) Еңбек түрлері
- В) Еңбек формалары
- С) Еңбек құралдары
- Д) Еңбек мазмұны
- Е) Еңбек мақсаты

Тұлғаны әлеуметтендіру институтына жататындар:

- А) Форма, әдіс-тәсіл
- В) Балабақша, отбасы, шағын орта, мектеп, ЖОО
- С) Диспут, тәрбие сағаты
- Д) Педагогикалық кеңес
- Е) Әдістемелік бірлестік, ата-аналар жиналысы

Оқушыларды қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, адамгершілік тәжірибесін қалыптастыру:

- А) Адамгершілік тәрбие
- В) Эстетикалық тәрбие
- С) Ақыл-ой тәрбиесі
- Д) Құқықтық тәрбие
- Е) Экологиялық тәрбие

Дене үйлесімділігі, жан тазалығы, ақыл-ойдың айқындылығы:

- А) Интеллектуалды мәдениетті дамыту
- В) Эстетикалық тәрбие
- С) Ақыл-ой тәрбиесі
- Д) Еңбек және экономикалық тәрбие
- Е) Салауатты өмір салты

Білім алушылардың белсенді ойлау қызметінің дамуын, негізгі құндылықтарды және осы заманғы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру; олардың сана-сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығуын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын дамыту:

- А) Интеллектуалды мәдениетті дамыту
- В) Эстетикалық тәрбие
- С) Ақыл-ой тәрбиесі
- Д) Еңбек және экономикалық тәрбие
- Е) Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Туған жерін құрмет тұту, соның азаматы болу; ана тілін, мәдениетін, ұлттық қадір-қасиетін сақтау; елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрмет тұту; Қазақстанды қорғау, оның дамуына өз үлесін қосу; ұлттық рух; ұлттық патриотизм:

- А) Патриотизм принциптері
- В) Патриотизм элементтері
- С) Патриотизм құралдары
- Д) Патриотизм әдістері
- Е) Патриотизм бағыттары

Парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық т.б.

- А) Патриоттық жоғарғы сезімдер
- В) Патриоттық төменгі сезімдер
- С) Ұлттық мақтаныш
- Д) Ұлттық парыз
- Е) Ұлттық борыш

Опасыздық, ұждансыздық, үрей, қорқыныш т.б.

- А) Патриоттық жоғарғы сезімдер
- В) Патриоттық төменгі сезімдер
- С) Ұлттық мақтаныш
- Д) Ұлттық парыз
- Е) Ұлттық борыш

ГЛОССАРИЙ

Академиялық оралымдылық - оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге: семестрге немесе оқу жылына өзінің жоғары оқу орнында немесе оқуды жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орнында кредиттер түрінде меңгерген білім беретін оқу бағдарламаларынан міндетті түрде қайта сынақ тапсыра отырып, басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелге) білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді ауыстыру;

Атаулы стипендия - тиісті білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын, оқу орнының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене қатысатын неғұрлым қабілетті білім алушыларды көтермелеу үшін жеке немесе заңды тұлғалар тағайындайтын стипендия;

«Әдіснама» әдістер туралы ілім, оларды зерттеушінің ойлау сипаты, оның

танымдық процесінің дамуының жолын анықтаушы ретінде қарастыру қажет. Таным процесіндегі әдіске антикалық философияда-ақ үлкен мән берген, онда алғаш рет зерттеу нәтижесі мен ғылыми таным әдісі арасындағы өзара қатынас айқындалған болатын. Қазіргі уақытта таным әдістері, олардың қалыптасуы мен даму процесі зерттеу объектісін тану мен өлшеудің анық ғылыми нәтиже бере алатын нақты әдістерін талап ететін деңгейге жақындап келеді. Сондықтан ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің дамуы мен жетілдіру процесі тұтас педагогикалық ғылымның дамуының ең басты құрамды бөлігі болып табылады.

«Әдіснама» түсінігі ең көп мағыналы ең бір анықталмаған және тіптен педагогикалық талас тудыратын түсінік. Әдетте ғылымның әдіснамасы деп – қоғамдық және табиғи құбылыстарды зерттеудің негізінде жатқан және осы құбылыстардың теориялық түсінігінде көрінс беретін философиялық идеялардың бастапқы жиынтығы деп түсініледі.

Әдіснама - әдістер туралы ілім, оларды зерттеушінің ойлау сипатын, оның танымдық процесінің даму жолын анықтаушы ретінде қарастыру қажет. Оқыту, тәрбиелеу мен дамыту теориялары педагогика ғылымы әдістерінің негізгі мазмұнын құрайды.

Әлеуметтендіру – мәдени элементтерді түсіндіру, әлеуметтік мұраттар мен құндылықты игеру негізінде жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру - әлеуметтендіру жүйесінің мазмұны қоғам талабымен айқындалады.

Әлеуметтік бейімделу – қоршаған ортаның өзгеруіне индивидтің белсенді үйрену процесі.

Әлеуметтік тәрбие - мақсатқа бағытталған тұлғаның дамуы мен әлеуметтік қалыптасуын басқаратын үдеріс.

Бакалавр - көптеген елдерде студенттердің базалық жоғары білімнің бағдарламаларын меңгергеннен кейін (ЖОО-да 3-5 жыл оқыған) алатын алғашқы ғылыми дәрежесі. Орта ғасырларда Батыс Еуропа елдеріндегі университеттерде білімнің алғашқы сатысын аяқтаған студенттерге берілетін дәреже. Францияда бакалавр толық орта мектептің түлектеріне беріледі және жоғары оқу орындарына түсуге құқы бар. Бакалавр дәрежесі АҚШ, Ұлыбритания сынды елдерде университетті және басқа жоғары оқу орындарын бітіргендерге, арнайы емтихандар тапсырғаннан кейін, кейде шағын көлімді рефераттық диссертация қорғағандарға беріледі. Бакалавр дипломы мемлекеттік емтихандар тапсырғаннан кейін төрт жылдық оқу мерзімін бітірушілер алатын дипломына баламаланады.

Білім – адам санасында түйсік, пайымдау, теория түрінде шындықтың бара-бар бейнесін тану процесінің нәтижесі.

Білім беру - білім беру ісі шеберлікке, дағдыға баулудан белгілі бір кәсіпке, мамандыққа үйретумен тиянақталады. Жалпы білім беруге: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы бастауыш білім беру, жалпы негізгі білім беру, жалпы орта білім беру, жалпы қосымша білім беру енеді.

Білім базасы – 1 студенттердің, оқушылардың меңгерген білім қоры; 2 оқу орындарындағы білім алушылардың білім деңгейі, қоры, оқу құрал-жабдықтары, техникалық - құрал жабдықтары және т.б.

Білім беру бірегейлігі – авторлық бағдарлама бойынша жұмыс істейтін, өз тәлімдік тұжырымдамасы бар әралуан оқу мекемелерін қалыптастыру.

Білім беру гранты - кәсіптік білім алуға төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шарттармен білім алушыға берілетін ақшаның нысаналы сомасы.

Білім беру кредиті – білім алушыларға кәсіптік білім алуға төлеу үшін берілетін нысаналы кредит.

Білім беру қызметкерлерінің біліктілік категориясы – қызметкердің кәсіптік міндетті орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін нормативті өлшеміне сәйкес тәлімдік және өнімділік мөлшерін көрсететін біліктілік деңгейі.

Білім беру философиясы – білімді аксиология, онтология, гнесология, антропология тұрғысында әлеуметтік-мәдени

гуманитарлық практиканың ерекше бір саласы деп қарастыратын жалпы теория.

Білім берудегі өктемдік - франц. білім алушы мен білім беруші арасындағы қарым-қатынас түрі; білім беру ісінде құрғақ беделге салу, әкімшілік жолмен өктемдік көрсету.

Білім берудің тиімділігі – қойылған мақсатқа сәйкес өлшем бойынша білім беру қызметінің нәтижесін сипаттайтын бағалау санаты. Педагогикалық және әлеуметтік мақсаттардың мазмұнына қарай, сондай-ақ қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесіндегі әлеуметтік институт ретіндегі білім беру жүйесінің өзіндік міндеттеріне сәйкес бірнеше түрге бөлінеді.

Білім берудің ізгі сипаты – халықтың әралуан топтарының қалаған деңгейде білім алу құқықтарына ешбір нұқсан келтірмейтін және кез келген білімдік сұранысты қанағаттандыра алатын оқу-тәрбие мекемесі жүйесі мен білімдік бағдарламалар құру.

Білім сапасы – мына қасиеттермен сипатталады: білімнің толықтылығы мен ғылымилығы – белгілі бір оқу пәнінің мектеп бағдарламасына сәйкес ізегі болатын негізгі мағлұматтар, түсініктер мен ұғымдар, ережелер, заңдар, теориялар; білімдерді меңгері саналылығы – оқушылардың ғылыми зағдардың негізінде фактілерді, құбылыстарды, материалды әлем заттарын түсіндіре алуы; білім жүйелілігі – жаңа түсініктер мен ұғымдардың оқушы санасындағы бұдан бұрын игерген біліммен тығыз байланысы; беріктік – жинақталған білім саны мен іс-әрекет әдіс-тәсілдерінің оқушы есінде сақталуы.

Білік – қажетті мінез-құлық стандарттарын көрсететін қабілеттілік.

Біліктілік – (латын тілінде *competentia*, *competere* – бірге қол жеткіземіз, жетемін, лайықпын) ұғымы сөздіктерде «не туралы болса да пайымдауға мүмкіндік беретін білімге ие болу», «жетік болу, құқты болу» деп түсіндіріледі.

Бірыңғай педагогикалық талаптар – оқушыларды тәрбиелеуде педагогикалық ұжымның сабақ процесінде, үзілісте, сабақтан тыс уақытта оқушылардың тәртібін, іс-әрекетін айқындауға бағытталған істері.

Білім беру әдістемесі - жекелеген білім процесінің тәлімдік әрекетіндегі нақты тәсіл, амалдардың сипатталуы. Білім беру әдістемесіне: байқау, жобалау, қателік, рейтинг, тест, т.б. әдістемелер жатады.

Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың бір оқу пәнін оны зерделеп бітіргеннен кейінгі бір бөлігінің немесе бүкіл

көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау - тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Білім беру қызметі - білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс.

Білім беру мониторингі - білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган - білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы.

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі - білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институционалдық құрылымдары, рәсімдері, нысандары мен әдістерінің жиынтығы.

Білім беру туралы құжаттарды нострификациялау – басқа мемлекеттерде, халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған адамдарға берілген құжаттардың баламалылығын айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Білім беру ұйымдарын аккредиттеу - білім беру қызметтерінің сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны жетілдірудің тиімді тетіктерінің бар екенін растау мақсатында аккредиттеу органының олардың белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тану рәсімі.

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау - білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатымен жүргізілетін рәсім.

Білім беру қызметінің рыногы – үздіксіз білім беру үрдісінің ақылы білім беру жағын қамтамасыз ететін, білім беру қызметінің сұраныс және ұсыным сәйкестігін белгілейтін маңызды (бірден-бір емес) механизмі. Неғұрлым кеі мағынада Білім беру қызметінің рыногы бәсекеге қабілетті және таңдап алу үрдісінің негізінде жүзеге асатын білім беру қызметін қамтиды. Ұғым білімнің формалды емес

түрлерінің бірсыпырасына, өз бетінше білім алуға және т.б. қолданылмайды.

Болондық процесс – қалыптасқан жалпы бірізді жүйе негізіндегі нәтиже болатын, жоғары білім алуға шоғырланған Еуропа мемлекетінің бағытталған еңбегі. Болондық процесс негізгі талаптары – жоғары өлшеммен салыстырғандай академиялық дәрежесін, жүйесін құру, бакалавриат және магистратура екі дәрежелі білім беру жүйесіне өту, сынақ балл (кредит) жүйесін енгізу бойынша, Еуропалық қайта сынақ балл тапсыру жүйесімен халықаралық студенттерді ынталандыру. Болондық процесс ұстанымдарының және ұсынысының тәжірибелік, халықаралық жүзеге асуы халықаралық бәсекеге қабылетті еуропалық жоғарғы білім беру жүйесінің өсуіне жәрдемші болуы керек, тек қана Еуропа елдеріне ғана емес, жоғары білімді, пікір ойы бар елдерге таралуына, Еуропа мемлекетінің білім беру жүйесін бір-бірімен бірізді жақындатуы, еркімен жалпы әлеуметтік ереже-институтта, мемлекет қысым көрсетпейтін, ұлттылыққа сай келетіндей етіп жасау. Болондық процесс бастауын Сорбондық декларация жасады деп санауға болады. Болондық процесс ауқымды үдерістердің білім берудегі шоғырлануы да болып келеді.

Гумандылық – (лат. – адамдық, адамгершілік) – тұлға ретіндегі адамның, оның еркін дамуы және өз қабілеттерін жүзеге асыру құндылығын мойындау, адам игіліктерін қоғамдық қатынастарды бағалаудың өлшемі ретінде қабылдау. Тірі мағынасында – ортағасырдағы діни схоластикаға қарсы Қайта Өрлеу дәуіріндегі зайырлы еркін ой. Бұл өзіндік құндылықтардың түбірі адам екендігін мойындаудан бастау алған.

Гимназия – жалпы білім беретін оқу орны, көбінесе гуманитарлық-филологиялық бағытта болады. Бұл термин Ежелгі Грециядағы «гимнасий» - негізінен гуманитарлық білім беретін және оқушыларды ең алдымен университетке түсуге даярлайтын орта оқу орны сөзінен алынған. Еуропалық жаңа дәуір кезеңіндегі гимназия XV-XVI ғасырлардағы латын мектептерінің пайда болуымен байланысты. Қазіргі кезеңдегі гимназия білім берудің баламалығын іске асыратын, оқушылардың нақты таңдау бағытына лайық пәндерді тереңдетіп оқытатын, жалпы білім беретін мектеп.

Глоссарий – глосс жинау – түсініксіз сөздер мен лебіздерді түсіндіру (түсіндірме глоссарий) немесе басқа тілге аудару (аударма глоссарий). Глоссарий кез-келген тілдегі сөздің мәніне

грамматикалық және стилистикалық сипаттама жасап оны қолдану мысалдары беріледі. Кейбір шығармаларға арнайы глоссарий беріледі, мәселен, Веда іліміне, б.з.д. I мыңжылдығы, б.з.д, Y ғ. Бастап Гомер шығармаларына.

Ғаламдық білім – оқушыларда дүние жүзін біртұтастық деп ұғынушылық пен гуманистік көзқарас тұрғысын қалыптастыру. Ғаламдық білім тұжырымдамасы оқушыларда Жер шары планетаның барлық тұрғындары үшін ортақ мекен, барша адамдар бір отбасы және әрбір адам дүниежүзілік құрылымға белсене қатысуға қабілетті деп ұғынуды қалыптастыруға бағытталған. Қатынас, түсіністік, эмпатия, ұнатушылық, ынтымақтастық, әрекеттестік және т.б. ғаламдық білімнің негізгі ұғымдары болып табылады.

Дағды – қайталау нәтижесінде қалыптасатын санасыз іс-әрекет түрі. Соның нәтижесінде ол автоматталған әрекетке айналып, оңай шапшаң, әрі дәл орындалып отырады. Дағдының физиологиялық негізі – динамикалық стереотип.

Деонтология – 1) борыш пен борышкер проблемасын қарастыратын әдептану бөлімі. Бұл терминді И.Бентам адамгершілік теориясын тұтас белгілеу үшін еңгізді; 2) медицина қызметкерлерінің негізінен науқастарға қатысты мінез-қылықтарының ержелері мен заңды, кәсіптік және моральдық міндеттері туралы ілім.

Дербестік – жеке адамның өзіне ғана тән ерекшелігі.

Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық нормаға тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынас қалыптастырудағы негізгі өлшем. Дүниетаным - адамның дүниені ақиқатпен теориялық және практикалық жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани-практикалық тәсілі. Дүниетанымда тұтас адамзат әлемі моделі сияқты мәдениет категорияларының жүйесі көрініс табады.

Дүниетаным- дүниеге деген нақты тарихи маңызы бар көзқарастың, табиғат пен қоғамдамуының заңдылықтарына, өмірдің әлеуметтік-экономикалық құрлысына, адамның белсенді өмір көзқарастарын айқындайтын, қоғамдық-саяси қатынастаржүйесіне қатысты ғылыми негізделген сенімдердің органикалық бірлігі, тұтастығы.

Докторантура - жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны.

Доцент, профессор - тиісті жоғары оқу орны беретін академиялық атақтар, жоғары оқу орнының немесе ғылыми ұйымының өтініші бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган беретін ғылыми атақтар.

Дидактика (грек тілінен аударғанда **Didaktikas** - зерттеу бойынша, **didasko** - зерттеуші) - балалар мен ересектерді оқыту міндеттері мен оның мазмұнын ашатын, білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеру процесін суреттейтін, оқытуды ұйымдастыру ұстанымдарын, әдістерін, формаларын сипаттайтын, оқыту мен білім беру мәселелерін қарастыратын педагогиканың құрамдас бөлігі.

Жаһандану – бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы.

Ересектерге арналған университеттер – ересек адамдарға қосымша білім берудің бір түрі. Ересектерге арналған университеттер бүкіл жер жүзінде ересектердің көбеюіне және олардың қоғамда белсенді қызмет етумен байланысты туындаған. Университеттердің бұл түрі ересектерге қосымша мамандық беруді олардың қызметке орналастыруды көздемейді. Ол ересектердің жалпы зияткерлік және ғылыми білімін толықтырумен бірге, олардың ақпараттық және психологиялық кедергілерді жеңуіне мүмкіндік туғызады. Ересектерге арналған университеттер үздіксіз білім берудің бір түрі.

Инновациялық - білім беру консорциумы - жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар мен өндіріс саласында жұмыс істейтін басқа да заңды тұлғалар іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновациялар негізінде жоғары білікті мамандар даярлау үшін зияткерлік, қаржылық және өзге де ресурстарды біріктіретін, бірлескен қызмет туралы шарт негізіндегі ерікті тең құқықты бірлестік.

Инновациялық университет - инновациялық қызметтің толық циклін, іргелі және іздестіру зерттеулерін, қолданбалы зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді жүргізуді және өндіріске ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізуді іске асыруға қабілетті ғылыми-білім беру кешені.

Интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламалары - білім беру деңгейі мен мазмұнының үздіксіздігін және сабақтастығын ескере отырып әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары.

Интеллект (лат. *intellectus* - түсіну, ұғыну) - әр жеке адамның ақыл ой болмысының тұрақты көрінісін бейнелейтін, яғни сол жеке адамның

ми қызметінің үнемі жоғары дәрежеде болып, не нәрсені шешуде ақылдылық асқан шеберлікпен үстемдік етуі.

Интернет-білім – жалпы, қосымша, өзіндік білімнің, жүйелі әрі дәстүрлі емес қарқынды даму түрі, білім алудың дерек көздерін, сондай-ақ алынатын білімнің көлемін, мазмұнын және жаңалық деңгейін кеңейтеді.

Интернет – білімдік кеңістік – көптеген мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың көмегімен қалыптасатын ұлттан, мемлекеттен тыс ашық білім кеңістігі. Интернет – білімдік кеңістік өмір бойы оқу үшін және қосымша білім алу үшін жаңа, әр түрлі үлкен мүмкіндіктер туғызады. Алайда, интернет – білімдік кеңістік білім көзі ретінде ақпараттарды жүйелеу үшін оны пайдаланушыдан жеткілікті білім мен дағдыны қажет етеді. Осы себептерге байланысты интернет – білімдік кеңістік жақын уақытта университеттерге және басқа жоғарғы оқу орындарына жетілген білім көзі ретінде бәсекелес бола алмайды, бірақ үздіксіз білім беру жүйесінде қосымша білім институты ретінде дамиды.

Институт - мамандықтардың бір-екі топтары бойынша жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми және педагогтік қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын оқу орны.

Институционалдық аккредиттеу - білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларын мәлімделген мәртебесіне сәйкес сапалы ұсынуы жөніндегі қызметін бағалау.

Жоғары мектеп оқытушысы - арнайы даярлығы бар және педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын кәсіби адам.

Жоғары білім - үздіксіз кәсіби білім жүйесінің бір баспалдағы, кәсіби білім алуға мүмкіндік беретін және көлемді білімге, бакалаврға арналған стандартты білім.

Кәсіптік бағдар - білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру.

Кәсіби біліктілік - жұмысшы дайындығының нақты қызық түріндегі күнделіліктің және еңбек қызметін орындаудың белгіленген деңгейінің кәсіби дәрежесі. Кәсіби біліктілік көрсеткіші,

жұмысшының берілген мамандығы мінездемесінің нормативтері мен мамандану ұғымының сәйкес келуі.

Квалификация (біліктілік) термині екі мағынаны білдіреді. 1. Квалификация қызмет етушінің, жұмыстың белгілі бір түрін атқаруына рұқсат ететін, құжат арқылы куәландырылған білім деңгейі мен кәсіби даярлығын көрсетеді. 2. Қызметкердің кәсіби қызмет аясын анықтайтын құжатпен бекітілген және үздіксіз білім беру жүйесінде көп өзгермейтін мамандығы.

Кешенді тестілеу - ақпараттық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны.

Коллоквиум – латын тілінің - «collocium» сөзінен шыққан сөйлеу, әңгіме жүргізу деген мағынаны береді. Бұл білім деңгейін айқындау үшін педагог пен студент арасында әңгіме жүзінде өтетін оқытудың бір түрі. Коллоквиумның қызметі - бақылай отырып оқыту.

Кредиттік оқыту технологиясы - білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту.

Қашықтықтан білім беру технологиясы - білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Қосымша білім беру - білім алушылардың білім алу қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі.

Құзыреттілік - 1) білім мен дағдысы арқылы мәселені өз бетінше шеше алуға мүмкіндігі бар жеке тұлға; 2) теориялық, танымдық және тәжірибелі іскерлігін меңгеру дәрежесін анықтайтын тұлғаның білімділік деңгейі.

Креатив – әдеттен тыс идеяларды тудыру қабілеттілігі, мәселелік жағдайларды тез, нәтижелі шешу.

Құндылық – танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңыздылығын айқындайды.

Магистр - 1) Көне Римдегі, кейінірек Еуропада кейбір зайырлы және діни мекемелердегі қызмет адамы; 2) бірқатар елдердегі жоғары оқу орындарында берілетін, бакалавр мен ғылым докторы аралығындағы ғылыми дәреже. Университет немесе университет дәрежесіндегі оқу орнын бітірген, 1-2 жыл қосымша оқу курсынан өтіп, арнайы

емтихандар тапсырған және магистрлік диссертация қорғағандарға беріледі. Революцияға дейінгі ХІХ-ХХ ғғ. Ресейдегі төмен ғылыми дәреже болып табылады. Көптеген мемлекеттерде бұл дәреже университетті бітіріп, магистрлік диссертациядан кейін беріледі. Қазақстанда мұндай дәреже ХХ ғасырдың 90 жылдарында пайда бола бастады.

Мамандық - сәйкес маманданған теориялық және тәжірибелік даярлық негізінде іске асырылатын еңбек әрекетінің түрі. Кәсіби қызмет базасымен салыстырғанда, кәсіптік әрекет неғұрлым тар сипатта және оның шегінде аз орнықты.

Мамандандырылған аккредиттеу - білім беру ұйымы іске асыратын жекелеген білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау.

Мемлекеттік аралық бақылау - оқыту сапасын білім беру ұйымдарына тәуелсіз бақылаудың бір түрі.

Мемлекеттік атаулы стипендия - Қазақстан Республикасының Президенті және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын стипендия.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөнінде, экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету, білікті жұмыс күші мен қоғамның зияткерлік әлеуетін молықтыру үшін білікті қызметкерлер мен мамандарды даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөнінде, сондай-ақ білім беру жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жөнінде мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсетулер көлемі.

Мәдениет философиясы - Мәдениет философиясының пәні мәдениет формаларын, олардың мағынасын философиялық талдау болып табылады. Басқаша айтқанда, мәдениет философиясы мәдениеттің идеясын, мақсаттарын, принциптері мен алғышарттарын зерттейтін, әмбебапты және барлығын қамтитын феномен ретінде мәдениетті философиялық пайымдауға бағытталған философиялық пән болып табылады.

Мемлекеттік білім стандарты - 1) оқушылардың білім алу түріне қарамастан, алуға тиіс білім деңгейін айқындайтын негізгі құжат; 2) оқу пәні бойынша білімнің соңғы нәтижесі айқындалған негізгі құжат. Мемлекеттік білім стандарты пәндік білімнің мақсаты мен міндеттерін, оқушылардың түсініктері мен дағдыларын, білім нәтижелерін тексеру технологиясын белгілейді. Сонымен қатар негізгі білімдік бағдарлама мазмұнын, оқушылардың оқу

жүктемесінің көлемін, бітірушілерді әзірлеу деңгейінің талаптарын анықтайды.

Менталитет – мәдениеттің мазмұны, адамның, топтың немесе социумның дүниені қабылдауы, көзқарасы және мінез-құлқы. «Шет тілдер сөздігінде» менталитет – ақыл-ойдың өзіндік ерекшелігі, дүниені сезуі, психологиясы деп қарастырылған (М., 1993). Мәдениеттану және философиялық әдебиеттерде менталитет белгілі бір кезеңдегі, географиялық аумақтағы және әлеуметтік ортадағы адамдар қауымы көзқарасының, сезімінің өзара белгісі ретінде түсіндіріледі, тарихи және әлеуметтік үрдістерге ықпал ететін қоғамдық, өзіндік психологиялық ерекшелігі.

Ойлау мәдениеті – адамның ақыл-ой қызметінің әдіс-амалдарын, нормалары мен ережелерін меңгеру дәрежесі; міндеттерді проблемаларды дәлме-дәл тұжырымдап, оларды орындаудың оңтайлы жолдарын таба білуінен, негізгі қорытындылар шығарып, оларды іс-әрекетте дұрыс қолдана алудан көрінеді. Кез келген іс-әрекеттің мақсаткерлігін, ұйымшылдығын, нәтижелілігін арттырады.

Оқыту - білім, білік, әрекет дағдыларын үйрету мен меңгерту процесі, өмір мен еңбекке бейімді етіп даярлаудың негізгі құралы. Оқыту процесінде білім мен тәрбие мақсаттары жүзеге асады. Оқыту екіжақты процесс: оқытушы - білім беруші, студент - білім алушы.

Оқыту принциптері - жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу мақсатына сай, оқыту сипаттарын белгілейтін (негізгі ережелер. Негізгі оқыту ұстанымдары: теория мен практиканың байланысы, тәрбиелілік, ғылымилық, көрнекілік, түсініктілік.

Оқыту тұжырымдамасы (лат. conception – ұғыну, қабылдау, жүйе) – оқыту мекемелерінің белгілі тұрпатындағы базалық оқу пәндерінің оқыту мазмұны мен ұзақтығына деген көзқарастар жүйесі, білім беру бағдарламаларының мақсаттары, міндеттері, ұйымдастырылуының белгілі бір тәсілі.

Оқу бағдарламасы - әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберлік пен дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Оқу жоспары - білім берудің тиісті деңгейіндегі оқу пәндерінің (предметтерінің) тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

Өзіндік жұмыс - тек жекелеген пәндерді меңгеруге ғана емес, сонымен бірге, оқу, ғылыми, кәсіби іскерлік, өзіндегі жауапкершілікті сезіне білу, дербес жұмыс істеуге үйрену.

Парадигма (гр. Paradigm - жіктелу, үлгі) - берілген теориялық әдістемелік білімдер саласындағы белгілі бір тарихи кезеңдегі ғылымдардың зерттеу тәжірибесі, соларға қарап ұйымдастырылатын негізгі ғылыми жетістіктер жүйесі.

Педагог - оқу орындарында, мектепке дейінгі және басқа мекемелерде сабақ немесе тәрбие жұмысын жүргізетін тұлға, ақылшы ұстаз, баланы тәрбиелейтін, оқытатын маман.

Педагогикалық мораль – мұғалім тәртібіне, мінез құлқына, өзін-өзі ұстау, қарым-қатынас жасау мәдениетіне қойылатын белгілі бір талап-тілектердің, қағида мен ережелердің, қалыптық, мазмұндық ойтұжырымдардың жүйесі, жиынтығы.

Педагогикалық стиль - мұғалімнің жұмыс тәжірибесінде қалыптасқан педагогикалық шеберлікке тән сипаты.

Педагогикалық шеберлік - балаларды сүйетін, жүрек қалауымен әрбір педагогтың қол жетерлік тәрбие мен оқытуда тұрақты жетілдіріп отыратын өнер.

Педагогикалық әдеп - мұғалімнің кәсіптік сапасы мен кәсіптік белгісі.

Мұғалім кәсібіннің ерекшелігі, ең алдымен оның педагогтік әдебінде.

Педагогикалық такт (лат.tactus - жанасу) - педагогикалық әрекеттесу құралдарын таңдаудағы сезім өлшемі, әр нақты жағдайда шектен шықпай, тиімді тәрбиелік ықпалды пайдалана білу. Педагогикалық такт баланың жеке басын құрметтей отырып, оған шамасы келетін белгілі талап қоюды білдіреді.

Педагогикалық техника - жеке балаға, сондай-ақ тұтас ұжымға тәрбиелік әсер етуге таңдаған әдістемелерді жүзеге асыратын білім, шеберлік, дағдылардың жиынтығы.

Стандарт (ағ.standard - норма, үлгі, өлшем) - кең мағынада өзіне ұқсас басқа объектілермен салыстыру үшін қолданылатын бастапқы үлгі, эталон. Стандарт орындалуға тиісті шарттардан тұратын құжаттың, не шаралардың (мысалы, ампер, кельвин) бірлігі мен физикалық константалар, не онымен басқа объектілер салыстырылатын нәрсе түрінде болады. Стандарт білім беру саласында өзінің азаматтары алдындағы мемлекеттің міндетін және азаматтың мемлекет алдындағы міндеттерін көрсетеді.

Стипендия - білім алушыларға олардың тамағына, күнелтуіне және оқу әдебиетін сатыға алуына жұмсалатын шығындарды ішінара жабу үшін берілетін ақша сомасы.

Студент - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында оқитын адам;

Теориялық әдіс - талдау, жинақтау, тұжырымдау, салыстыру, жіктеу, модельдеуден құрылады.

Тәрбие - әлеуметтік институт ретінде қалыптасуын әлеуметтендіру, мәдениет және әлеуметтік ереже, әлеуметтік тәрбие мақсатында жүргізу, сол арқылы қоғам мүшелерінің әлеуметтік қажеттілігін өтеуге жағдай жасау.

Тәрбие әдістемесі - ересектер мен балалар арасындағы қоғамдық қарым-қатынастардан туындайтын тәрбиелік, әрекеттестік тәсілдерінің жиынтығы. Тәрбие әдістемесінде тәрбиешінің тұлғалық ерекшелігі, кәсіптік құзыр деңгейі айқындалады. Тәрбие әдістеріне бақылау, үлгі-өнеге, жаттығулары, әрекеттерді ұйымдастыру т.б. жатады.

Тьютор - оқу пәндерін жүргізетін және нақты пәнді меңгеру бойынша студенттің академиялық кеңесшісі ролінде танылатын кафедра оқытушысы.

Технология – объектінің сапалы өзгерісі және өндеудің әдісі мен құралына негізделген білімдер жүйесі, сонымен қоса оны практикада қолданудың тиімді әдісі.

Тұлға - әлеуметтік индивид ретіндегі адам, қоғам мүшесі. Әрбір адам жеке тұлға.

Университет - мамандықтың үш және одан да асатын тобы бойынша (медициналық университет - екі және одан да көп) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми және педагогтік қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын және өз қызметі саласында жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын оқу орны.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор - тиісті мамандықтар бойынша докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін жоғары академиялық дәрежелер.

Эксперименттік алаң - жаңа педагогтік технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын мақұлдаудан өткізуге арналған эксперимент режимінде білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

Элиталық білім - дарынды адамдарға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарында іске асырылатын арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша алынатын білім.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдулина О. А. Личность студента в процессе профессиональной подготовки // Высшее образование в России. 1993. № 3.
2. Архангельский С.И. Лекции по теории обучения в высшей школе. - М., 1974.
3. Архангельский СИ. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. - М.: Высшая школа, 1980.
4. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (магистратура үшін). А., Қазак университеті, 2006.
5. Баширова Ж.Р. Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы. Монография. А., АГУ им. Абая, 2003, - 160с.
6. Безрукова В. С. Педагогика. - Екатеринбург, 1994.
7. Беркімбаева Ш.К., Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. - М.: Высшая школа, 1991.
9. Введенская Л.А., Павлова Л.Г. Культура и искусство речи. - Ростов н/Д: Феникс, 1996.
10. Гамаюнов К.К. Самостоятельная работа студентов. Методические рекомендации преподавателям. - Л., 1988.
11. Гапонов П.М. Лекция в высшей школе. - Воронеж: Издательство Воронежского университета, 1977.
12. Игенбаева Р.Т. Жоғары мектеп педагогикасы. А., 2011.
13. Исаева З.А. Подготовка студентов университета к научно-исследовательской работе по педагогике: Метод. реком. КазГУ им. Аль-Фараби, 1996.
14. История социальной педагогики самопознания. /Под общ. ред Т.С.Дорохова, Г.М.Кертаева, К.К.Шалгынбаева. Учебное пособие. Астана, 2014. – 155с.
15. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. - М., 1987.
16. Кертаева Г.М. Основы педагогической деонтологии: Учебное пособие/Павлодар; Кереку, 2011, -286с.
17. Козаржевский А. Ч. Мастерство устной речи лектора. М.: МГУ, 1983.
18. Краевский В.В. Методология педагогического исследования: Пособие для педагога-исследователя. - Самара, 1994
19. Қожаева С.Қ., Бірліхан Ерзат. Студенттерді ұлттық ойындардың негізінде адамгершілікке тәрбиелеу. Алматы, 2014, -196 б.

20. Загвязинский В.И. Дидактика высшей школы: текст лекций. Челябинск, 1990.
21. Құсайнов А.Қ. Педагогика: Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік. -Алматы, RONDQA.- 2007.-248б.
22. Садыков Т.С., Абылкасымова А.Е. Жоғары мектепте оқытудың дидактикалық негіздері. А., 2000.
23. Таубаева Ш.Т., Б.Т.Барсай. Зерттеуші педагогтің инновациялық күзіреттілігі // Қазақ тілі: әдістеме. - 2013. - №10. - С. 21-32 б. - (Білім)
24. Таубаева Ш.Т., Логико-структурные схемы как средство методологической подготовки магистров педагогики //Образование.- 2004.- N4(18).-С.56-59
25. Тілеуова С. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. Шымкент, 2004.
26. Этика и профессиональная этика: словарь/ А.Г.Маслеев. – Екатеринбург, 2007, - 196с.
27. Хазова Л.В. Мировой опыт и тенденции развития высшего образования (гуманитарный аспект). Красноярск, 1994.
28. Хмель Н.Д. Педагогика высшей школы. Семипалатинск, СГПИ, 2007.

Электронды ресурстар

1. www.psychology.net.ru
2. www.webstyle.kz
3. www.webidea.kz
4. www.abgbox.kz
5. bilim.astana/kz/nu/home
6. www.bilim.astana.kz
7. www.ksu.kz/files/vestnik_ksu/
8. www.izden.kz/referattar/pedaqoqika/203
9. <http://kzdocs.docdat.com>
10. <http://www.wiki.iteach.kz>

ОҚЫТУШЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Оқытушы:

- оқытушы студенттердің білімділігі мен мәдениеттілігіне қамқор болады, өз Отанының шынайы патриоты болуға тәрбиелейді;
- оқытушы педагогикалық шеберлігі мен өзінің теориялық білімін үнемі жетілдіріп отыратын кәсіби маман болуы тиіс, білім жолындағы ізденісі негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізіп, нәтижелерді хабарлауда дәлелдемелермен қамтып, пікір алысу барысында шыншылдық танытады;
- оқытушы – ұқыптылық пен парасаттылықтың, имандылық пен өнегеліліктің белгісі, Қазақстан мемлекеттілігінің белсенді насихаттаушысы, жемқорлықтың, жауапкершіліксіздік пен тәртіпсіздіктің ұстамды қарсыласы.
- оқытушы өз іс-әрекетімен студенттерге еңбек және оқу тәртібінің ережесін сақтаудың қажеттілігін, әріптестермен сыйласымды қарым-қатынас орнатуды дәлелдейді, өзіне, өзінің сөзі мен іс-әрекетіне талап қояды, өз қателіктерін ашық мойындайды және оны түзетеді.
- оқытушы білімгерлер мен өз әріптестерін кәсіби бағалауда шыншылдық танытады, ол жинақы, оның сөзі ісіне сәйкес келеді, қызмет барысында өзінің бағытын ашық көрсетеді және өз көзқарасын дәлелдей біледі.

Оқытушы өзінің кәсіби қызметінде міндетті:

- адам мен азаматтың абыройы мен намысын оның шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дін қатынасына, сеніміне, тұратын жеріне не басқа да жағдайларға тәуелсіз құрметтеуге;
- жалпықабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік және басқа тілдерді, Қазақстан ұлттарының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге;
- сыпайы және әдепті болуға;
- ЖОО мүлкіне ұқыпты қарауға;
- ЖОО аймағын көгалдандыруға көмектесуге;
- қызметтік немесе оқу міндеттерін орындау кезінде киім киюде іскерлік стильді ұстануға, сыртқы келбеті көрнекі болуына;
- кемшіліктерді жою және өз кәсіби қызметін жақсарту үшін конструктивтік сынды қолдануға;

- ЖОО миссиясын және білім беру саясатын ұстануға;
- ЖОО Жарғысы мен Ішкі еңбек ережелерін сақтауға;
- қызметтік міндеттеріне жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарауға, жұмыста оң нәтижелерге жетуге;
- кәсіби шеберлік, ғылыми және кәсіби білімдарлық, сендіру қабілеттерінің болуына және үлгі-өнеге көрсетуге;
- оқытушы кәсіпқойлығын және ЖОО беделін арттыратын білім беру, мәдени және спорттық сипаттағы іс-шараларға белсенді қатысуға;
- өздігінен білім алумен айналысу, біліктілігін арттыруға;
- жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;
- қызметтік ақпаратты пайдақорлық пен басқа да жеке мақсаттарға қолданылуына жол бермеуге;
- іске деген өз қатынасымен және жеке мінез-құлқымен ұжымда тұрақты және моральдық-психологиялық жағдай жасауға әсер етуге;
- кадрларды жерлестік және тамыр-таныстық белгілері бойынша іріктеу жағдайларына жол бермеуге;
- әріптестер тарапынан қызметтік тәртіп қағидаларын бұзу жағдайларына жол бермеуге;
- іскерлік және жалпы мәдениетті сақтау, адамгершілік-этикалық қасиеттердің жоғары деңгейін: сыпайылық, әдептілік, төзімділік, биязылық пен құрмет, адалдық, табандылық, әділеттілік, ибадаттылық, коммуникабельдік, сабырлық, мейірімділік, қатынасу дарындылығын көрсетуге;
- басшылыққа оқу және қоғамдық қызмет мәселелері, сонымен қатар, егер жалпы тәртіп қағидаларына қарама-қайшы болмаса, жеке сипаттағы мәселелер жөнінде белгіленген тәртіпте жүгінуге;
- міндеттерді және бағынушы қызметкерлер өкілеттіліктерінің көлемін олардың лауазымдарына сәйкес нақты анықтау, бағынушы қызметкерлерге орындай алмайтын бұйрық бермеу және олардың қызметтік міндеттер шеңберінен тыс тапсырмаларды атқаруларын талап етпеуге;
- бағынушы қызметкерлерге не болмаса студенттерге қатысты негізсіз айыптарды, дөрекілікті, адами абыройын кемсітуді, жөнсіздікті болдырмауға;
- бағынушы қызметкерлерді не болмаса студенттерді жалпы қабылданған моральдық-этикалық қағидаларға үйлеспейтін құқыққа қайшы теріс қылықтарды немесе әрекеттерді жасатуға итермелемеуге міндетті.

2. СТУДЕНТТИҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Студент:

өз бойындағы жеке шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзі таңдаған мамандығының кәсіби шебері болуға, Қазақстан Республикасына лайықты азамат болуға ұмтылады.

- үлкендерге құрметпен қарайды, өз ортасына қарым-қатынас кезінде дөрекілік танытпайды және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жанашырлық көрсетіп, мүмкіндігінше қамқор болады.
- парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі, әдепсіздікке және жыныстық, ұлттық, діни бөлулермен шектеулерге жол бермейді.
- салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден аулақ болады.
- жоғарғы оқу орнының дәстүрлерін құрметтейді, оның мүліктерін қорғап, студенттер Үйінің тәртібі мен тазалығын қадағалайды.
- жоғарғы оқу орнының атағы мен мәдениетін көтеруде шығармашылық белсенділіктерін дамытуға бағытталған (ғылыми, спорттық, көркемөнер т.с.с.) барлық қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді мойындайды.
- жоғарғы оқу орнының қабырғасынан тыс уақытта, өзінің жоғарғы мектептің өкілі екенін есте ұстап, оның намысы мен жетістіктерін түсірмеуге барлық күшін жұмсайды
- академиялық ықылассыз іс-әрекет түрлерімен күресуді өзінің парызы деп санайды, олардың қатарында: білімді бақылау кезінде басқа адамдардан көшіру және көмек сұрау; көлеміне қарамастан барлық дайын оқу материалдары: мәнжазбалар, курстық жұмыстар, бақылаулар, дипломдық және басқа да жұмыстарды, сонымен қатар, өзінің жеке еңбегінің нәтижесі ретінде Интернет-ресурстарын дайындау; жоғары баға алу үшін өзінің туыстық немесе қызметтік байланыстарын қолдану; сабақ кезінде серуендеу, сабақтан кешігу және себепсіз оқу сағаттарын босату т.б. әрекеттерге жол бермейді.
- болашақта Қазақстанның экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайық сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуда, жоғарыда айтылған барлық академиялық ықылассыз іс-әрекеттер үйлесімділік танытпайды деп санайды.

Студент міндетті:

- ЖОО атынан жүргізіліп жатқан іс-шараларда немесе университет аумағында жүргізілетін жұмыстарда саяси мәдениеттілікті сақтауға;

- оқытушыларды адал жолдан тайдырмауға, алдаумен байланысты жасалған кез келген іс-әрекетке араласпауға және оларға қатысты өздерін дөрекі және мәдениетсіз ұстамауға;
- емтихан тапсыру кезінде, тапсырма орындауда немесе жазбаша жұмыс қорғауда және басқа да білімді аралық бақылау кезеңінде көмек пайдаланбауға;
- емтиханды жазбаша тапсыру, реферат, бақылау жұмысын орындауда өз жеке еңбегі нәтижесі ретінде басқа біреудің жұмысын көрсетпеуге (интернет және басқа электронды, web-көздері);
- себепсіз сабақтан кешікпеуге немесе қалмауға;
- сабақ уақытында ұялы телефонды пайдаланбауға, арнайы техника қолдану арқылы ойын ойнап, музыка тыңдамауға;
- басқа студенттердің қарым-қатынас жасауда іскерлік ережені және студенттік этика қағидаларын сақтауға;
- жүріс-тұрысында, киім киюде ұқыпты болуға;
- жатақханада тұрғанда әкімшілік және басқа тұрғындармен келіспеушіліктен аулақ болуға және олармен жақсы қарым-қатынаста болуға;
- ЖОО әкімшілігімен, қызметкерлерімен және оқытушыларымен сыпайы қарым-қатынаста болуға және дөрекілікке жол бермеуге;
- жеке тұлғаның намысына тиетін лексика және нормаға сай емес сөздер қолданбауға;
- ЖОО бірлестігінде өзара сыйластық пен сенім кеңістігін, жоғары академиялық мәдениетті құптауды қамтамасыз етуге, пайда болған араздықты бейбіт жолмен шешуге тырысуға, басқа студенттерге қатысты жасалған қорлыққа жол бермеуге;
- ЖОО аумағында және оқудан тыс уақытта алкагольдік ішімдіктер, наша заттарын қолданбауға;
- ЖОО мүлкінің бүтіндігін сақтауға;
- ЖОО имиджінің жақсаруы, бірлестік мәдениетін көтеру, студенттік белсенділікті дамыту (ғылыми-оқу, спорттық, шығармашылық, азаматтық) студенттік өзін-өзі басқару жүйесін нығайтуға бағытталған қажетті және пайдалы барлық іс-әрекетті қолдауға;
- осы Кодекс ережелерінің бұзылуына қатысты жағдайды шешуге қатысуға, оқу үрдісіне және жалпы ұйымдастыру сұрақтарына байланысты өз пікірін айтуға құқылы.
- факультеттегі студенттердің өз-өзін басқару органдары өз қалауы бойынша берілген кодекс ережелерін бұзушыларға: көпшілік

талқысына салуға, студенттік өз-өзін басқару ісіне қатысу құқығынан уақытша айыруға құқылы. Әр факультет мұндай талқыға салу сұрақтарын студенттік өзін-өзі басқару ұйымында өздері шеше алады.

3. КОДЕКС ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

3.1 ЖОО қызметкерлері мен білім алушылары Ар-намыс кодексін білуі міндетті, қызметі мен мінез-құлқы үшін университет қауымдастығы алдында жауапты.

2. Ар-намыс кодексі оқытушылар мен білім алатын студенттердің бәріне бірдей, тең дәрежеде ортақ іс.
3. ЖОО әрбір оқытушысы мен студенті осы кодекстің орындалуы үшін моральдық жауапты.
4. Кодекс ережелерінің бұзылуы университет қызметкері мен студентінің мәртебесіне лайықсыз әрекет ретінде қарастырылады.
5. Ар-намыс кодексінің орындалуын бақылау университет студенттік өзін-өзі басқару ұйымына және факультет кеңестеріне жүктеледі.
6. Ар-намыс кодексі нормаларын бұзғаны үшін білім алушылар мен оқытушыларға келесідей шаралар қолданылуы мүмкін:
 - бұқара алдында кешірім сұрауға кепілдеме;
 - факультеттің немесе ЖОО Ғылыми кеңесі мәжілісінде талқылау;
 - тәртіпті болуға ықпал ету.

«Біз көбінекей ғылым бойынша емес, проблемалар төңірегінде маманданамыз. Бұл бізге, бір жағынан зерттеу мәселесіне тереңірек үңілуге, келесі жағынан - өз көзқарасының аймағын кеңейтуге мүмкіндік береді»

(XX ғ. ірі ғалымы В.И.Вернадский)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП

Ғылыми мектептердің феномені негізінен ғылымтанудың, ғылым тарихының, әлеуметтік-психологияның зерттеу пәні болып келді. Педагогикада «ғылыми мектеп» түсінігі әдетте сол мектеп жасаған теорияны қарастыруға байланысты туындады. Ғылыми мектептің өзі педагогикалық зерттеулердің объектісі ретінде мойындалған емес. Қазіргі уақытта ғылымдағы жеке шығармашылық туралы түсінік өзгерді. Жеке ғалым «ұйымның адамына» айналды. Әдебиетте талдау бірлігі ретінде ғылымда тұжырымдамалық деңгейде біріккен және жаңа білім алуға ұмтылыстағы ғылыми ұжым алынатын болды. Соңғы жылдары кандидаттық және докторлық диссертациялардың сапасы мәселесінің өзектілігіне орай ғылыми-зерттеу жүргізуге және ғалымдар даярлауға көптеген еңбектер арналуда.

Ғылыми білім беру негізінен ғылыми мектептерде жүзеге асады. Ғалым В.С.Леднев ғылыми білім беруді негізгі саланың бірі ретінде қарастыра отырып, ғылыми жетекшілерді арнайы педагогикалық даярлаудың қажеттілігін негіздейді. Ол диссертациялық зерттеулерге жетекшілік ету педагогикалық іс-әрекеттің ең күрделі түрі деп есептейді. Зерттеуші әрекетінің сипаты одан арнайы эксперименттік және теориялық, математикалық, логикалық, философиялық-әдіснамалық, этикалық-адамгершілік даярлықты қажет етеді. Сондықтан да ізденуші зерттеу әдістемесін ұзақ және түрлі қиындықтарды жеңу арқылы игереді. Демек, зерттеушінің қалыптасуына ғылыми жетекшінің, ғылыми мектептің ықпалы зор деуге болады.

«Ғылыми мектептер» - ғылыми әрекеттің субъективті және объективті бөліктерінің сабақтастығымен, «оқытушылар» қарым-қатынасымен сипатталатын бейресми ғылыми қауымдастық. Әдетте

ғылыми әрекеттің субъективті бөлігіне мектептің негізін салушының тұлғасының ерекшеліктерін, оның сенімін және қызығушылығын, ғылымға, өзінің зерттеуіне, әрекеттеріне қатынасын зерттеуінің стилі таным нәтижесін жазып көрсетуді жатқызады. Ал объективтік бөліктерге ғылыми-зерттеушілік бағдарлама, идея, зерттеудің пәні, теориялық көзқарастары, ғылыми-зерттеуді ұйымдастырудың әдістері мен ғылыми құралдары, ғылыми дәстүрлер енеді.

Ғылыми мектептің пайда болу, қалыптасу, даму жолдарын зерттеушілер ғылыми мектептің ғылыми іс-әрекетпен басқарудың жинақы әрі бағдарлы негізін басшылыққа алып, бес типін, ғалымдардың төрт тобын (ойлаудың жаңа тәсілін жасаушылар, ғылымдағы ірі ғалымдар, іргелі ғылымдағы өз үлесі барлар, ғылымның қолданбалы саласының мамандары) атап өтеді. Ғылыми мектептің құрылуы тек зерттеуші өнеріне үйретумен шектелмейді. Сондай-ақ, жалпы мәселені немесе бағдарлама бойынша жұмыс жасауға күштерін біріктіру үшін ұйымдасады.

Сонымен, ғылым – бұл, біріншіден, қазіргі әлемге керек ойлау, ғылыми әдістен туындайтын адами құндылықтар. Осыдан тәлімгерлік идеясының өзі де түсінікті. Егер, лекция оқитын профессордың міндеті алдымен білімдер эталонын қалыптастыру болса, ал тәлімгердің (ғылыми жетекшінің) рөлі – ғылыми құндылық бағдарларын көрсету, білім беру барысында студенттің ойлауының ғылыми стилін қалыптастыру. Тәлімгер өз оқушысымен бірге жұмыс істей отырып, мынадай бағыттарды іске асырады:

1) Ғылыми қауымдастықтың құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыру;

2) Білім берудің қазіргі бағыттарына ықпал ету;

3) Тәлімгердің өзін-өзі жүзеге асыруы мен түрлі ұрпақтар өкілдерінің өзара бірін-бірі оқытудың қалыптасуы. Сондай-ақ, тәлімгерлік идеясының дамуы ғылымның қазіргі өмірдегі рөлін терең сезінуге жағдай жасайды. Осы тұрғыдан қарағанда педагогикада П.Я.Гальпериннің, Л.В.Занковты, В.В.Краевскийдің, В.А.Сластениннің ғылыми мектептері теориялық деңгейде жинақтауды қажет етеді.

Қазақстанда Р.П.Лемберг, Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, А.П.Сейтешев, Б.К.Момынбаев, К.Құнантаева, Г.К.Нұрғалиева, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, М.А.Құдайқұлов, Т.С.Сабыров, Р.М.Қоянбаев, А.А.Бейсембаева, Л.К.Керимов,

Ш.Таубаева, К.Ж.Қожахметова, Г.М.Кертаева, Қ.Қ.Шалғынбаева, Р.К.Төлеубекова және т.б.

Ғылыми мектептер білім ордаларында қалыптасады, мәселен, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі ғылыми педагогикалық мектептің даму жолы төмендегідей:

Білім беру аймағындағы зерттеулерге өзінің маңызды үлесін қосқан университеттің педагогика және психология кафедрасы қаланғанынан бастап дәстүрлерінің бастауын 40-жылдардың басынан алатын ҚазМУ-дің ғылыми педагогикалық мектептері болды.

Алғашқы ғылыми мектептер Қазақстандағы педагогикалық ойлардың даму тарихын зерттеген. Бұл бағытта зерттегендердің бірі Т.Т.Тәжібаев болған деуге болады. Ол ХІХ ІІ жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуының зерттеген және А.Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастарының зерттеуіне көп көңіл бөлді.

Ағартушылық саласындағы орыс-қазақ байланыстарының пайда болу тарихы мен даму зерттеулеріне п.ғ.д. Қ.Б.Бержановтың еңбектері арналған. Қ.Б.Бержановтың жетекшілігімен 35 жуық кандидаттық диссертациялар қорғалған. Қазақ, қазақ-ұйғұр, орыс-қазақ мектептерінің қалыптасу тарихымен және Н.К.Крупская, К.Д.Ушинскийдің педагогикалық мұраларын зерттеумен 15 ғылым кандидаттарын педагогика саласы бойынша даярлаған А.И.Сембаев айналысқан.

1976-1990 жж. профессор Х.К.Аргыновтың жетекшілігімен қазақ тілін оқыту әдістемелері әзірленеді, қазақ бөлімдері мен ана тілінде білім алатын студенттер саны топтары көбейе бастайды және де педагогикалық шеберлікті жоғарлату институты жұмысын бастайды. Ол 12 педагогика ғылымдарының кандидаттарын даярлайды. Белсенді ғылыми іс-әрекетті кафедраның доценттері атқарды: п.ғ.д. А.Д.Омаров, ф.ғ.к. З.У. Жантекеева, Б.Ж. Садыков, п.ғ.к., В.И.Копылов, п.ғ.к. Т.М.Мешитбаев, п.ғ.д.Ж.Р. Баширова, п.ғ.д. Ә.Т. Табылдиев, п.ғ.к. Е.Б. Дайрабаев, п.ғ.к. Л.К. Туркпенова және т.б.

1990-шы жылдары – Қазақстанның ұлттық тәуелсіздігінің қалыптасу және білім беру жүйесінің қарқынды реформалау кезеңі кафедрада жаңа ғылыми мектептерінің дамуына септігін тигізді З.А.Исаеваның, Г.К. Ахметованың, Ж.Р. Башированың, Ә.Т. Табылдиевтың және т.б.

Қазіргі таңда кафедра ХХ ғасырдың ортасында қалыптасқан ғылыми мектептердің дәстүрлерін жалғастыруда. Кафедрада жоғары мектеп педагогикасы бағыттары әзірленуде (Исаева З.А., Ахметова Г.К., Баширова Ж.Р., Асанов Н.А., Мынбаева А.К.), педагогика тарихы және этнопедагогика (Табылдиев Ә.Т., Айтбаева А.Б., Иманбекова Б.И.), мектеп педагогикасы (Копылов В.И., Жолтаева К.Ж.), педагогикалық шығармашылық және тұлға дамуы (Шахгулари В.В., Касен Г.А., Төлешова Ұ.Б.), музыкалық-педагогикалық білім беру (Мукашева А.Б.), педагогикалық менеджмент (Исаева З.А., Садвакасова З.М., Әлқожаева Н.С.) және т.б.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде бірқатар ғалымдар өзіндік ғылыми-педагогикалық мектеп қалыптастырып келеді. Белгілі ғалым-дидакт Раиса Григорьевна Лембергтің мектебінің шәкірті Н.Д.Хмель тұтас педагогикалық процесс бағытында өз алдына ғылыми мектеп құра білді. Профессор Н.Д.Хмельдің жетекшілігімен қорғалған кандидаттық, докторлық диссертацияларда теорияға сүйеніп құрылған оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің нәтижелі болатындығы айқындалды (Л.В.Левашова, Н.В.Дружина, А.К.Рысбаева, В.К.Омарова, О.В.Корягина, Г.К.Байдельдинова, Н.Н.Тригубова, Л.В.Руднева, Г.М.Храмова, Н.Ильясова, М.И.Есенова, Г.Е.Алимухамбетова, А.Н.Сулейменова, А.А.Калюжный, А.А.Сотникова, К.АЖукенова, С.Т.Каргин, Г.З.Адилъгазинов, М.О.Абдикаримов, А.Н.Тесленко, А.С.Мағауова, Н.Н.Хан, М.Н.Сарыбеков, А.А.Молдажанова, С.С.Жумашева, С.Б.Бегалиева, Ш.Ж.Кулумбаева, Л.А.Ивахнова, С.С.Смаилов, Н.А.Шамельханова, А.А.Загинайко және т.б.). Бүгінде Н.Д.Хмель дайындаған ғалымдар республикамыздың кез келген жоғары оқу орнындарында өз шәкірттерінің магистрлік, докторлық диссертацияларының зерттеу тақырыптарына арқау етуде.

Қазақстанда қайта құру кезеңінде ғылыми мектептің қалыптасуына үлес қосқан танымал ғалым С.А.Ұзақбаеваның ғылыми мектебінің қалыптасуын мысалға келтірейік (Қосымша А).

Қолданылған әдебиеттер:

1. Таубаева Ш.Т. Профессор Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызының ғылыми мектебіндегі ұлттық тәрбие мазмұнын жасау тәжірибесі. // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. № 4, 2009, 32-34 беттер.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
I БӨЛІМ. ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	5
Тақырыбы: Жоғары мектеп педагогикасының пәні, міндеттері мен әдістері	5
Тақырыбы: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ	10
Тақырыбы: ҚАЗАҚСТАНДА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	27
Тақырыбы: ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ МЕН ОНЫҢ АДАМ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ	41
Тақырыбы: ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘДІСНАМАСЫ	54
Тақырыбы: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ	69
Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІЛІКТІЛІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ҚАЗІРГІ ТАЛАПТАР	76
Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТІЛІГІ	85
II-БӨЛІМ: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ (ДИДАКТИКА).....	98
Тақырыбы: КӘСІБИ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНІҢ МӘНІ	98
Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ	111
Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ	126
Тақырыбы: ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ	141
Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР	153
Тақырыбы: КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	173
III БӨЛІМ. ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	183
Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ	183
Тақырыбы: ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ	197
«Педагогика» пәні бойынша сұрақтар	209
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ	212
1 Бөлім. Жоғары мектеп педагогикасының жалпы -теориялық-әдіснамалық негіздері	212
2-Бөлім: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ (ДИДАКТИКА)	223
III БӨЛІМ. ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	235
ГЛОССАРИЙ	241
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР	254
Қосымша А	
ОҚЫТУШЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ	256
2. СТУДЕНТТІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ	258
3. КОДЕКС ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК	260
Қосымша Ә	261

**Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П.,
Сламбекова Т.С.**

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

Оқу құралы

Пішімі 60x100 1/16
Тығыздығы 80 гр./м². Қағаздың ақтығы 95%.
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.
Көлемі 272 бет. Шартты баспа табағы 14



«ССК» баспасында басылымға
дайындалды және басып шығарылды
ҚР, Алматы, Жетысу-2 ш. ауд, 5 үй, 58 пәт.
тел.: 8 (727) 233-83-61, 233-90-95
e-mail: ipcck2016@mail.ru
